

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 94(574) «653»

Қолжазба құқығында

**ЖҮЗБАЕВА ҰЛДАНАЙ ДҮЙСЕНҚЫЗЫ**

**Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегі Азияның тарихи  
географиясының дереккөзі**

8D02209 – Шығыстану

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер:  
Отандық ғылыми жетекші:  
PhD, Ж.М. Сабитов

Шетелдік ғылыми жетекші:  
т.ғ.к, Э.Г. Сайфетдинова

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2026

## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ</b> .....	3
<b>1 ӘБУЛ-ФИДАНЫҢ ТАРИХИ ГЕОГРАФИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАЗЫЛҒАН «ТАҚУИМ ӘЛ-БҰЛДАН» ЕҢБЕГІ</b> .....	10
1.1 Тарихи география: зерттеулер, тарихи негіздері, бағыттары мен әдіснамасы.....	10
1.2 Әбул-Фиданың шығармашылық жолы мен мұрасы.....	19
1.3 «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегінің зерттелу деңгейі, құрылымдық ерекшеліктері.....	37
<b>2 ӘБУЛ-ФИДАНЫҢ АЗИЯ ҚҰРЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АҚПАРАТЫ</b> .....	61
2.1 Әбул-Фиданың Мәуереннаһр, Хорезм мен Түркістанның тарихи географиясы туралы ақпараты.....	61
2.2 Әбул-Фиданың еңбегіндегі Азия қалалары, теңіздер мен мұхиттардың тарихи географиясы.....	89
<b>3 XII–XIV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ АЗИЯНЫҢ ТАРИХИ ГЕОГРАФИЯСЫ ТУРАЛЫ ЕҢБЕКТЕР</b> .....	102
3.1 Әбул-Фиданың дейін өмір сүрген ғалымдардың Азия тарихы туралы зерттеулері.....	102
3.2 Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегіндегі Азия құрлығының тарихи географиясының ерекшеліктері.....	118
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	129
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b> .....	134
<b>ҚОСЫМШАЛАР</b> .....	142

## КІРІСПЕ

**Диссертациялық жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Диссертациялық жұмыста өз заманының білім иелерінің қатарында саналып, түрлі мемлекеттік және қоғамдық қызметтерді атқарып, әртүрлі ғылыми салаларда елеулі еңбектер жазған сириялық ғалым әрі мемлекет қайраткері Исмаил ибн Али ибн Махмуд ибн Мухаммад ибн Омар ибн Шахиншах ибн Аюбтың (Әбул-Фида, лақап аты - әл-Мамун) ғылыми мұрасы зерттелінеді. Ғалымның «Тақуим әл-Бұлдан» (араб. *تقويم البلدان*, қаз. «Елдерді жүйелеу») атты еңбегінің мысалында Мәуереннахр, Хорезм, Түркістан сияқты бірнеше аймаққа, қалаларға және теңіздер мен мұхиттарға тарихи география тұрғысынан жан-жақты талдау жасалады. Сонымен бірге әртүрлі үрдістерде әсер еткен географиялық, саяси, идеологиялық, әлеуметтік және т.б. факторларды анықтау үшін зерттеуде Әбул-Фидаға дейін өмір сүрген және оның еңбегіне негіз болған географтардың туындылары мен Азия өңірлеріне қатысты мәтіндер қарастырылады. Зерттеу барысында қолданылған тарихи-географиялық, мәдениеттанушылық, деректанушылық, семантикалық-этимологиялық және салыстырмалы талдау әдістері Таяу және Орта Шығыс, Оңтүстік Еуропа, Қытай сияқты өңірлер мен елдердің тарихи географиясының ерекшеліктерін және бұл еңбекте келтірілген сан алуан топонимдердің халықтар тарихы мен мәдениетіндегі орнын анықтауға мүмкіндік берді.

**Диссертациялық жұмыстың өзектілігін** келесі мән-жайлармен және себептермен түсіндіруге болады.

Біріншіден, отандық ғылымда Әбул-Фиданың өмірбаяны мен шығармашылық мұрасын арнайы зерттеу жүйелі түрде қолға алынып отыр. Бұған дейін аталған ғалымның ғылыми қайраткерлігі мен академиялық еңбектеріне тиісінше назар аударылмағандықтан, ортағасырлық география мен картографияның маңызды білімдік қоры қазақстандық академиялық ортадан тыс қалып келді.

Екіншіден, шетелдік ғылыми әдебиетте Әбул-Фиданың өмірі мен мұрасы жеткілікті дәрежеде зерттелмеген. Көптеген зерттеушілер оның өмірбаянына қысқаша шолу жасап, негізгі еңбегі - «Әл-Мұхтасар фи тарихи-л-башар» (*Kitab al-mukhtasar fi akhbar al bashar*), қазақша аудармасы «Адамзаттың қысқаша тарихы» кітабын талдаумен шектеледі. Ал диссертациялық зерттеудің негізгі нысаны болып отырған «Тақуим әл-Бұлдан» туындысы ортағасырлық араб ғұламаларының жалпы контекстінде қарастырылады және тарихи елді мекендер мен этностарды зерттеу үрдісінде сілтеме ретінде пайдаланылады. Дегенмен оған арналған арнайы еңбектер сирек кездеседі.

Үшіншіден, «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегі – эмпирикалық деректерді, астрономиялық есептеулерді және тарихи-географиялық талдауды біріктірген жүйелі ғылыми трактат. Бұл шығарма XIII-XIV ғасырлардағы географиялық шындықты баяндап, сол дәуірдегі Азияның саяси-әкімшілік құрылымын, этнографиялық және экономикалық бейнесін айқындайды.

Төртіншіден, Әбул-Фида мемлекеттік (қазы, т.б.) және жоғары діни лауазымдарды (мүфти және т.б.) атқарған тұлға ретінде өз деректерін тәжірибелік негізге де сүйендірген. Бұл фактор оның шығармаларының ғылыми құндылығы мен деректік дәлділігін көрсететін маңызды аспект.

Бесіншіден, «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегіндегі орталық тақырыптардың бірі - Орталық Азия даласы, оны мекен еткен этностар, қалалар, мәдени және әлеуметтік ерекшеліктер. Сондай-ақ, Орталық Азия өңірінің Үндістан, Қытай және мұсылман әлемімен өзара байланыстары аналитикалық тұрғыдан талданады. Бұл зерттеу Қазақстанның және көршілес елдер мен халықтардың тарихи қалыптасуының маңызды кезеңдерін жан-жақты түсінуге ғылыми негіз береді.

**Диссертацияның ғылыми зерттелу деңгейі.** Әбул-Фиданың географиялық мұрасы мен оның «Тақуим әл-Бұлдан» атты еңбегін зерттеу тарихи-географиялық және арабтану салаларындағы ғылыми жұмыстарда шектеулі дәрежеде кездеседі. Диссертациялық зерттеудің негізгі арқауы Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегі болды. Бұл еңбекте автордың географиялық көзқарастарының әдістемесі мен құрылымын ғылыми тұрғыдан қайта құруға мүмкіндік береді.

Әбул-Фиданың шығармашылық мұрасы мен қоғамдық қызметіне қатысты мәселелерді қарастырғанда ортағасырлық араб ғалымдарының - Ибн Таймия, Ибн Касир, Ибн Хаджар әл-Асқалани, Жамал ад-Дин әл-Қасми, Ибн Хазм әл-Андалусидің - еңбектері, сондай-ақ қазіргі заманғы зерттеушілердің – Мұхаммед Мұхсин Хан Хаддад, Бернар Ле Гуэн, М. Ибраһим, Маршалл Гудвин Симмс Ходжсон, Чейс Робинсон, Патрисия Кроун, Хью Кеннеди, Гюнтер Эрнст фон Грюнебаум, Фазлур Рахман, Вильферд Маделунг, Рудольф Питерс – жұмыстары ескерілді.

«Тақуим әл-Бұлдан» еңбегінің құрылымдық ерекшеліктері мен зерттелу мәселелерін талдауда Ибн Саид әл-Мағриби, Сильвестр де Саси, Джозеф Туссейн Рено мен Мак Гукин де Сланг, Джованни Баттиста Рамузио сияқты тұлғалардың еңбектері маңызды рөл атқарды.

Әбул-Фиданың еңбегінде Мәуереннаһр, Хорезм және Түркістанның тарихи географиясын сипаттау үшін қосымша дереккөздері ретінде С. Толстовтың, әл-Майданидің, Ш. Камолиддиннің, М.Т. Тынышпаевтың, Х. Маткаримовтың, И.Ю. Крачковскийдің, Э.Р. Тенишевтің, М.Б. Дурдыевтің және басқа да белгілі ғалымдардың еңбектері ерекше аталды. Ал Әбул-Фиданың деректеріндегі Жерорта теңізі аралдары мен Атлант мұхитының тарихи географиясына тоқталғанда, «Тақуим әл-Бұлданның» өзіндегі осы аймақтарға қатысты мәліметтер талданып, Птолемей мен Ибн Саидтің үлесі маңызды болып шықты.

Әбул-Фидаға дейінгі ғалымдардың Азия географиясы туралы зерттеулеріне келсек, оларды кезеңдер бойынша бөлуге болады: б.з.д. VII ғасырға дейінгі ежелгі антикалық өкілдер - Гекатей Милетский, Геродот, Страбон, Клавдий Птолемей; VII-X ғасырлардағы ерте ислам кезеңінің географтары – Мұхаммед ибн Мұса әл-Хорезми, Әбу-Л-Қасым Ұбайдаллаһ Ибн

Хордадбех, Әбу әл-Аббас Ахмед әл-Якуби, Әбу Исхақ әл-Истахри, Әбу-Л-Хасан Әли Әл-Масуди, Әбу-л-Қасым Мұхаммед Ибн Хаукал, Шамс әд-Дин Әбу Абдаллах Мұхаммед әл-Муқаддаси; XI-XIII ғасырлардағы ортағасырлық кезеңнің ғалымдары – Әбу Рейхан Мұхаммед ибн Ахмед әл-Бируни, Шихабуддин Әбу Абдулла Якут ибн Абдулла әл-Хамауи, Гильом де Рубрук. «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегін Азияның тарихи географиясының дереккөзі ретінде қарастырғанда, дәл осы кезеңдік жүйе және аталған ғалымдардың жұмыстары негізінде салыстырмалы талдау жүргізілді. Бұл шығармадағы Әбул-Фиданың ғылыми көзқарастары мен зерттелу әдістемесін бағалау және ерекшеліктерін анықтау үшін Ахмед Ренима, Хабиб Тилиуин, Ричард Дж. Эстес, Элизабет Лэмбурн, Самер Әл-Науаиса, Т.Р. Шайхисламов, Салах Займече, А.А. Порсин, К. Лех, А.А. Янковская, С.Р. Ахмадуллин сынды ғалымдар зерттеулерінің орны ерекше.

**Диссертациялық зерттеудің нысаны:** ислам картографиясы мен тарихи географиялық ойдың ғылыми мұрасы – Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегі.

**Зерттеу пәні:** аталған еңбекте көрініс тапқан XIII-XIV ғасырлардағы ислам әлемінің тарихи-географиялық дәстүрі мен ерекшеліктері.

**Зерттеудің мақсаты:** Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» тарихи географиялық еңбегіндегі Азия құрлығының тарихи географиясы бойынша дереккөз ретіндегі маңыздылығын анықтай, бұрынғы авторлардың еңбектерінен ерекшелендіретін құрылымын және мазмұны мен әдістемесін талдай отырып зерттеу жүргізу.

**Зерттеудің міндеттері.** Қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді орындау керек:

- Әбул-Фиданың шығармашылық жолы мен мұрасын талдау;
- «Тақуим әл-Бұлдан» шығармасының зерттелу мәселесінің деңгейін әлеуметтік-гуманитарлық сала ғалымдарының зерттеулері контекстінде ашу;
- «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегінің құрылымдық ерекшеліктерін анықтау;
- Әбул-Фида қолжазбасындағы Мәуереннаһр, Хорезм мен Түркістанның тарихи географиясын анықтап, әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық өмірдің өзгешеліктерін айқындау;
- Әбул-Фидаға дейін өмір сүрген ғалымдардың Азия географиясы туралы зерттеулерін – антикалық (ежелгі) және ортағасырлық географтар кезеңдері контекстінде қарастыру;
- Әбул-Фиданың тарихи география бағытындағы шығармашылығына әсер еткен факторларды сипаттау.

**Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы.** Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегі Азияның тарихи географиясы бойынша тарихнамалық әдебиетте бұрын тиісті деңгейде қамтылмаған тәуелсіз дереккөз ретінде жүйелі түрде алғашқы рет салыстырмалы талдауға ұшырады. Азия өңіріне ерекше назар аудары отырып, аталған еңбектің құрылымы мен әдістемесінің жан-жақты сипаттамасы ұсынылды. Бұған дейінгі зерттеулермен салыстыра отырып, географиялық сипаттамалардың ерекшеліктері анықталды. Сондай-ақ, Азия

құрлығындағы бірқатар өлкелердің тарихи географиясы нақтыланды және олардың әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық өмір салаларының жаңа қырлары айқындалды.

Диссертациядағы зерттеу барысында келесі ғылыми нәтижелерге қол жеткізілді:

1) Әбул-Фиданың шығармашылық жолының негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері анықталды;

2) «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегінің зерттелу мәселесінің деңгейі әлеуметтік-гуманитарлық сала ғалымдарының зерттеулері контекстінде сипатталды;

3) «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегінің құрылымдық ерекшеліктері талданды;

4) Әбул-Фиданың қолжазбасындағы Мәуереннаһр, Хорезм мен Түркістанның тарихи географиясы анықталып, әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық өмірдің жаңа қырлары ашылды;

5) Әбул-Фиданың дейін өмір сүрген ғалымдардың Азия географиясы туралы зерттеулері - антикалық (ежелгі), ерте және ортағасырлық географтар дәуірлері контекстінде қарастырылды;

6) Әбул-Фиданың шығармашылық жолына әсер еткен әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-экономикалық, идеологиялық және т.б. факторлар зерттелінді.

**Зерттеудің теориялық және тәжірибелік мәні.** Зерттеу жұмысынан алынған ғылыми нәтижелер мен тұжырымдамалар жоғары оқу орындарында және арнайы білім беру мекемелерінде шығыстану, тарих және география мамандықтары бойынша оқу үдерісінде, сондай-ақ ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру және жобалық-бағдарламалық бастамаларды іске асыру контекстінде қосымша методологиялық және деректік материал ретінде қолданылады. Диссертациялық зерттеудің нәтижелері мен қорытындыларын талдау тұрғысынан зерделеу болашақ географтардың, этнографтардың, әлеуметтанушылардың, тарихшылардың және шығыстанушылардың зерттеу тақырыптарын таңдауына, сондай-ақ жаңа ғылыми монографиялар мен мақалаларды дайындауына методологиялық және концептуалдық негіздер ұсынады.

**Диссертациялық жұмыстың әдіснамалық және теориялық негіздері.** Диссертациялық зерттеудің әдіснамалық базасы Азияның тарихи географиясының дереккөзі ретінде Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегін терең зерттеуге бағытталған тарихи-географиялық, мәдениеттанушылық, деректанушылық, семантикалық-этимологиялық және салыстырмалы талдау әдістерінің кешенінен тұрады. Тарихи ғылымның негізгі тәсілдері шеңберінде жұмыс тарихилық (historicism) қағидасына негізделеді. Бұл дереккөздерді XIII-XIV ғасырлардағы ислам әлемінің мәдени, ғылыми және зияткерлік дәстүрлері контекстінде, сол дәуірдің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып талдауды көздейді.

Зерттеу барысында қолжазбалардың құрылымы, мазмұны және ғылыми терминологиясы мәтінтанулық (текстологиялық) талдау әдістері арқылы зерттеледі. Қатарынан, «Тақуим әл-Бұлдан»-дағы географиялық өңірлердің сипаттамаларын антикалық, ерте исламдық және ортағасырлық авторлардың

шығармаларындағы ұқсас деректермен салыстыру компаративистік талдау арқылы жүзеге асырылады, бұл ұқсастықтар мен ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік береді. Деректанушылық әдіс маңызды рөл атқарады, ол мәтіндердің аутентикалық сипатын, бұрынғы еңбектерге сілтеме жасау дәрежесін, сыни бағалау деңгейін және алынған мәліметтерді адаптациялау тәсілдерін анықтауды қамтиды.

Зерттеудің теориялық (әдіснамалық) базасы қазіргі арабтану, шығыстану және ғылым тарихы салаларындағы жетістіктерге және тарихи география және онымен тығыз байланысты ұғымдарға сүйенеді. Нақтырақ айтқанда, исламдық географиялық дәстүрдің қалыптасуы мен эволюциясын ашатын концепциялар, географиялық білімдерді жүйелеу және классификациялау әдістемесі, сондай-ақ ортағасырлық картографиядағы математикалық-астрономиялық әдістердің рөлі ескеріледі.

Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегін зерттегенде келесі жайтқа назар аудару керек. Атап айтқанда, автор қолжазбасының түпнұсқасында географиялық карталар жоқ. Яғни олардың орнына әртүрлі салыстыруларды қамтитын кестелер ғана келтірілген. Сондықтан да диссертациялық зерттеуде қосымша ретінде кестелер берілген.

#### **Қорғауға ұсынылған негізгі ғылыми тұжырымдар:**

1) Қазақстандық тарихнамалық және жалпы әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласында алғаш рет Әбул-Фида тарихи тұлға ретінде, оның өмірбаяны мен ғылыми мұрасы көпқырлы және кешенді түрде зерттелді. Аталған зерттеу нәтижелері XIII–XIV ғасырлардағы араб географиялық ойының зерттелуіндегі маңызды олқылықтарды толықтырады. Бүгінгі таңда Әбул-Фиданың ғылыми мұрасы Қазақстан академиялық ортасында іс жүзінде қарастырылмаған күйде қалған; оның шығармалары география және картография тарихы бойынша зерттеулерде деректанулық айналымға енген. Диссертациялық жұмыста Әбул-Фиданың негізгі еңбектерінің бірі - «Тақуим әл-Бұлдан» жүйелі түрде талданылады. Онда Азиялық өлкелердің географиялық сипаттамасына ерекше назар аударылды. Бұл ортағасырлық кеңістіктік білімнің қалыптасуындағы мұсылмандық ғылыми дәстүрдің рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді және Әбул-Фиданы ғылым тарихындағы маңызды тұлға ретінде позициялауға негіз болады.

2) «Тақуим әл-Бұлдан» бірегей географиялық трактат бола тұра, шетелдік ғылымда дербес зерттеу нысаны ретінде тиісті деңгейде бағаланбаған. Шетелдік тарихнамалық және географиялық әдебиетте Әбул-Фиданың ең танымал еңбегі - «Адамзат тарихының қысқаша шежіресі» туындысына басымдық беріледі. Ал тарихи-географиялық шығарма - «Тақуим әл-Бұлдан» ислам әлеміндегі картографиялық дәстүрлерді қарастыру барысында негізінен қосымша дереккөз ретінде пайдаланылады, оған қысқаша шолу жасалады, бірақ мәтінтанулық және деректанулық терең талдау жүргізілмейді. Осы диссертациялық зерттеу аталған кемшіліктің орнын толтырады және еңбекті тарихи география бойынша мазмұны бай, әсіресе азиялық өңірлерді талдау контекстінде аса құнды дербес дереккөз ретінде қарастырады.

3) Әбул-Фиданың қолжазбасы ислам географиялық дәстүріндегі сипаттамалық модельден аналитикалық жүйеге көшу үдерісін және деректерді жүйелеудің жоғары деңгейін айқындайды. «Тақуим әл-Бұлдан» шығармасында Әбул-Фида Птолемей дәстүріне сүйене отырып, аумақты климаттық бөлініске негізделген жаңа сапалық деңгейдегі ғылыми құрылымды жүзеге асырды, ол нақты координаттармен, табиғи орта сипаттамаларымен, халықтың этникалық құрамымен, діни ерекшеліктерімен және шаруашылық қызметі туралы мәліметтермен толықтырылды. Географиялық сипаттама кешенді тәсіл арқылы жүргізілді, ол астрономиялық өлшеу әдістерін, картографиялық дәлдікті және эмпирикалық бақылауларды біріктірді. Бұл исламдық географиялық ойдың кеңістікке рационалдық ғылыми көзқарасқа өтуін көрсетеді.

4) Әбул-Фиданың мемлекеттік басқару және діни сот ісін жүргізу салаларындағы практикалық тәжірибесі оның географиялық бақылауларының аутентикалық сипатын және қолданбалы бағыттылығын қамтамасыз етеді. Әбул-Фида кабинеттік ғылыммен ғана шектелмей, қазы, муфти және сот төрешісі сияқты жоғары әкімшілік және рухани лауазымдарды атқарды. Бұл оның еңбектеріне теориялық қана емес, тәжірибелік мән береді. Оның мәліметтерінен әкімшілік құрылым механизмдері, көлік байланыстары, сауда жолдары, әлеуметтік қызмет ету жүйесі және аймақтардың мәдени ерекшеліктері терең түсініледі. Осы тұрғыдан «Тақуим әл-Бұлдан» басқа авторлардың кітаптық біліммен шектелген еңбектерінен ерекшеленеді және өз заманының саяси-географиялық, әлеуметтік, мәдениеттанулық және экономикалық-географиялық анықтамалық ретінде сипатталады.

5) «Тақуим әл-Бұлдан» туындысында Орталық Азия мен оған іргелес өлкелердің тарихи-географиялық сипаттамасына елеулі назар аударылған, бұл шығарманы өңірдің саяси, әлеуметтік және мәдени даму үдерістерін зерттеуге арналған негізгі дереккөз ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Әбул-Фида шығармасында Орталық Азия ислам әлемінің перифериялық аумағы ретінде емес, Шығыс пен Батысты байланыстыратын маңызды транзиттік өңір ретінде қарастырылады. Сипаттамалар қалалар мен жол тораптарын, этникалық қауымдастықтарды, климаттық ерекшеліктерді, сауда байланыстары мен тарихи трансформацияларды қамтиды. Қытаймен, Үндістанмен және ислам дүниесімен болған өзара байланыстарға ерекше көңіл бөлінген, бұл еңбекті қазіргі Қазақстан территориясын ортағасырларда мекендеген халықтар мен көршілес елдердің тарихи географиясын реконструкциялауда қолдануға жол ашады. Шығармадағы географиялық мәліметтер археологиялық және топонимиялық деректермен расталады, бұл оның пәнаралық дереккөз ретіндегі құндылығын арттырады.

#### **Зерттеу жұмысының мақұлдануы мен жариялануы.**

Зерттеу нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда барлығы 10 ғылыми мақала түрінде жарық көрді. Оның ішінде 1 мақала Скопус (Scopus) базасына кіретін басылымда, 9 мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдар тізіміне кіретін журналдарда жарияланды.

Скопус (Scopus) базасына кіретін басылымда жарияланған мақала:

1) Zhuzbayeva U., Zhanakova N., Noyanov Y., Sailan B., Arynov Zh. «Taqwim al-Buldan» by Abu al-Fida as a Source on Medieval Geography of Khwarazm and Transoxiana // Journal of Al-Tamaddun. - 2025. - Vol. 20. - № 1. - P. 201-212. <https://doi.org/10.22452/JAT.vol20no1.155> (Q2, 86 -перцентиль).

ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қаматамасыз ету комитеті ұсынған басылымдар тізіміне кіретін журналдарда жарияланған мақалалар:

1) Жүзбаева Ұ. Д., Батырхан Б. Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегіндегі Хорезм өлкесінің тарихи географиясы // ҚР Ұлттық ғылым академиясының хабаршысы. - 2020. - № 5. - Б. 312-318. <https://doi.org/10.32014/2020.2518-1467.174>

2) Батырхан Б., Жүзбаева Ұ. Д. «Тақуим әл-Бұлдан» дереккөзіндегі Жерорта теңізі аралдары және Атлант мұхитының тарихи географиясы // Edu.e-history.kz. - 2020. - № 4. - Б. 91-99.

3) Жүзбаева Ұ. Д. Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегі Мәуереннахр мен Түркістанның тарихи географиясының дереккөзі // Қазақ тарихы. - 2020. - № 11 (188). - Б. 10-14.

4) Жүзбаева Ұ. Д., Маргулан А. Историографический анализ произведения «Таквим аль-Бульдан» Абу аль-Фиды в системе философских взглядов ученых-востоковедов // Адам әлемі. - 2023. - Т. 96, № 2. - С. 48-55. <https://doi.org/10.48010/2023.2/1999-5849.06>

5) Жүзбаева Ұ. Д., Маргулан А. Чагатайский фронт в сочинении Абу аль-Фиды «Таквим аль-Бульдан» // Отан тарихы. - 2023. - № 26. - С. 206-217. [https://doi.org/10.51943/1814-6961\\_2023\\_26\\_2\\_206-2177](https://doi.org/10.51943/1814-6961_2023_26_2_206-2177)

6) Жүзбаева Ұ. Д., Ильясова З. С. Труд аль-Калкашанди (XV в.) «Субх аль-аша фи сина'ат аль-инша» как источник исторической географии Золотой Орды // Вестник КазНУ. Серия историческая. - 2024. - № 3 (114). - С. 50-65. <https://doi.org/10.26577/ЖН.2024.v114i3-055>

7) Жүзбаева Ұ. Д. Comparative analysis of geographical information in Subh al-asha and other sources of the era // Қазақстан шығыстануы ғылыми журналы. – 2025. - Т. 13, № 1. - Б. 272-284. <https://doi.org/10.63051/kos.2025.1.2722>

8) Жүзбаева Ұ. Д., Ильясова З. С. Methods of description of cities and regions in «Subh al-asha» and their significance for historical geography // Вестник КазНУ. Серия историческая. - 2025. - № 2 (117). - С. 102–112. <https://doi.org/10.26577/ЖН20251172099>

9) Асылгужин Р., Жүзбаева Ұ. Д. Башкиры в представлениях мусульманского Востока VIII-XV вв.: источники, интерпретации, этнополитический контекст // Қазақстан шығыстануы ғылыми журналы. - 2025. - Т. 15. - № 3. - С. 271-289. <https://doi.org/10.63051/kos.2025.3.2711>

**Диссертацияның құрылымы.** Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш негізгі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиет тізімінен және қосымшалардан тұрады.

# 1 ЭБУЛ-ФИДАНЫҢ ТАРИХИ ГЕОГРАФИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАЗЫЛҒАН «ТАҚУИМ ӘЛ-БҮЛДАН» ЕҢБЕГІ

## 1.1 Тарихи география: зерттеулер, тарихи негіздері, бағыттары мен әдіснамасы

Қазіргі дүниежүзілік ғылымда тарихи география – тарих пен география ғылымдарының түйіскен жерінде қалыптасқан ғылым ретінде сипатталады. Жалпы алғанда, тарихи географияның аясында бұрынғы кезеңдердегі физикалық, әлеуметтік-экономикалық, мәдени, саяси география мәселелері зерттеледі. Бұл ретте тарихи географияның зерттеу пәні туралы айтатын болсақ, тарих және география ғылымдары өкілдерінің, сондай-ақ тарихи географияның әртүрлі ұлттық мектептерінің арасында айырмашылықтардың бар екендігі назар аударлады. Тарих ғылымында тарихи географияның тарихи үрдістің кеңістік жағын зерттейін пән немесе белгілі бір елдің немесе территорияның бұрынғы кезеңдердегі географиясын зерттейтін тарихи пәнге айналғандығын айта кетуіміз керек. Яғни тарихи география көмекші тарихи пән ретінде сипатталады. Осылайша, қорыта айтқанда, тарихшылар әртүрлі оқиғаларды географиялық аймаққа байланыстырып сонымен шектеледі. Физик-географтарды сөз еткенде олар тарихи география адам қоғамындағы табиғи ортаның өзгерістерін зерттейді. Бұл зерттеу бағытының аясында «ландшафттардың тарихи географиясы» немесе «тарихи ландшафттану» деп аталатын арнайы субпән қалыптасты [1, с. 4].

Ресей зерттеушісі В.С. Дементьевтің «Тарихи географияның қалыптасуы және болашағы мәселесіне орай» («Вопросу о становлении и перспективах развития исторической географии») атты мақаласында автордың пайымдауынша, тарихи географиядағы әскери жорықтар туралы алғашқы мәліметтер антикалық кезеңде пайда болса да, тарихи географияның ғылым ретінде қалыптаса бастағандығы кейінгі орта ғасырлар дәуіріне жатады. Аталмыш дәуірде, яғни XV-XVII ғасырларда итальяндық гуманист Флавио Бондо, фламандтық географ Абрахам Ортелиус сынды зерттеушілердің еңбектерінде бұрын құрылған мемлекеттердің шекаралары, тайпалардың қоныстану территориялары, ұрыстар өткен аймақтар, елді мекендер және т.б. жөнінде материалдар қамтыды. XVIII-XIX ғасырларда тарихи географияда бұрынғы дәстүр сақталған. Атап айтқанда, бұл кезеңде тарихи географияда тұрғын халық географиясы мен этникалық географияның мәліметтері пайдаланылса да, тарихи географияның негізін саяси география қалады. Мысалы, Э. Фриманның «Еуропаның тарихи географиясы» атты кітабында көбінесе мемлекеттік шекаралардың өзгеруі мәселесі қарастырылады. Бұл кезеңде белгілі неміс географы Ф. Ратцельдің зерттеулерінде табиғи факторлардың әртүрлі халықтардың қалыптасуы мен дамуы, сондай-ақ өңірлік және жергілікті мәдени кешендер мәселелеріне назар аударылады. XX ғасырда тарихи географияның ажарамас бөлігі экономикалық география болды. Яғни тарихшы географтар шаруашылық мәселесімен де жиі айналыса бастады. Бұл ретте әңгіме ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптің, сауда байланыстарының

дамуы, экономикалық аудандау сияқты мәселелері жөнінде болып отыр. Осыған байланысты тарихи географияның зерттеу саласына адамның шаруашылық қызметінің нәтижесінде өзгерістерге ұшыраған табиғи ландшафттар да кірді. Британдық ғалым С.Т. Смит Ұлыбритания мен АҚШ-тағы тарихи географияның аясындағы ғылыми зерттеулерді үш бағытқа бөледі, атап айтқанда: адамның табиғатқа әсер етудің нәтижесінде ландшафттың өзгеріу тарихын зерттеу; бұрынғы географияның реконструкциясын жасау; географиялық ортадағы орын алған өзгерістердің талдау [2, с. 60-61].

Тарихи географияның дамуына елеулі үлес қосқан көрнекті ғалым В.В. Бартольд болды. География, тарих, ономастика, антропология, археология, лингвистика сияқты ғылымдардың материалдарына сүйене отырып, Орта Азияға арналған еңбектерінде зерттеуші өркениеттер мен халықтардың өзара әсерін, сондай-ақ аталмыш аймақтың табиғи-климаттық жағдайларына байланыстырып, империялар мен қалалардың құлдырау себептерін, өзендердің қалай өзгергендігін нақты көрсетті. Мысалы, В.В. Бартольд тарихи және археологиялық деректерді зерттеу нәтижесінде орта ғасырлар кезеңінде Әмудария Каспий теңізіне құйылған деген қорытынды шығарды. Кейін ХХ ғасырдың орта шенінде советтік ғалымдар жүргізген зерттеулер Бартольд пікірінің дұрыстығын растады. Өйткені аталмыш уақыттағы ғылыми жұмыстар XIV ғасырдың соңы – XV ғасырдың бас кезеңінде Әмудария рас та Каспий теңізіне құйылғандығын көрсетті. Орта Азия тарихын зерттеу барысында В.В. Бартольд кезінде танымал болған Орта Азия территориясы біртіндеп солып бара жатыр деген теорияға қарсы шықты. Өйткені оның пікірінше, бұл тұжырым қисынға сай емес. Араб тілінде жазылған деректерге сүйене отырып, ғалым Орта Азиядағы климат аса өзгерген жоқ және бір мың жыл бұрын Парсы елі мен Түркістан аймағындағы егіншілікке жарайтын жерлер мен шөлді жерлердің арақатысы ХХ ғасырдың бас кезеңімен салыстырғанда бірдей болған деген байламға келді [3, с. 69-71].

XIX-XX ғасырларда қалыптасқан ұлттық мектептерде тарихи географияның кейбір теориялық аспектілері нақтыланды. Мысалы, Франциядағы тарихи географияның «адамның географиясы» мектебінде француз тарихи географиясының ғана емес, бүкіл батыстық тарихи географияның методологиялық негіздері жасақталды. Атап айтқанда, Францияның тарихи географиясында «географиялық (табиғи) аудан» мен «тарихи аудан» ұғымдарының арасындағы теориялық әрі практикалық айырмашылықтар көрсетілген. Мысалы, Ж. Брюнның пайымдауынша, егер географиялық аудан табиғи бірлік, бірлестік болып табылса, тарихи аудан «бірнеше бірліктен құрылған» бірлік адамның еркімен құрылады. Германиядағы неміс антропогеографиясының негізін қалаушы Ф. Ратцельдің ғылыми еңбектері тарихи географияның дамуына елеулі үлес қосты. Мысалы, өзінің ғылыми еңбектерінде әртүрлі халықтардың тарихына табиғи факторлардың әсері мәселелсіне ден қойылды. Сонымен бірге оның жұмыстарында мәдениеттің жергілікті және өңірлік кешендерінің таралуы,

халықтар мәдениетінің қалыптасуындағы тарихи контактілердің орны мен рөлі мәселелері қарастырылады [1, с. 5-6].

Тарихи география саласындағы зерттеулердің «өңір» (region) ұғымына ерекше мән беріледі. Физикалық географияда өңір «физикалық-географиялық аудандау барысында бөлінген көлемді бірліктердің жалпылама атауын» білдіреді. Тағы бір анықтама бойынша, өңір – «көлемді облыс, бірі-бірімен көршілес елдер немесе бір белгі бойынша біріктіруге болатын территориялар, аудандар». Жалпы география ғылымында өңір термині табиғи, әлеуметтік-экономикалық, этноконфессиялық, мәдени, экологиялық, саяси даму сипатындағы ерекшелігі бар территорияны сипаттайды. Ғылымның әрбір саласында өңірлер бірнеше түрге бөлінеді, яғни ландшафттық, саяси, этникалық, экономикалық, экологиялық және т.б. өңірлер. Бұл өңірлердің шекаралары арнайы принцип бойынша белгіленеді.

Кез-келген өңір төмендегідей принциптер бойынша зерттеледі. Атап айтқанда:

- өңірдің шаруашылық игеру үрдісін территория және уақыт бойынша бөлу;
- табиғи және әлеуметтік-экономикалық жағдайлар бойынша географиялық игеру типтерін айқындау;
- табиғи ортаның табиғи және антропогендік факторлар әсерінің нәтижесінде өзгергендігіне ретроспективті талдау жасау;
- өңірдегі жерді пайдалану тарихын зерттеу;
- ландшафттың этнотарихи типтерін анықтау;
- экологиялық проблемалардың пайда болу тарихы мен кезеңдері;
- мәдени ландшафттың қалыптасу кезеңдері;
- тарихи-географиялық кезеңдерді айқындау;
- тарихи-географиялық аудандарды талдау [4, с. 13-14].

В.С. Дементьевтің пайымдауынша, тарихи география мен география тарихының арасында елеулі айырмашылықтар бар. География тарихында географиялық ашуларға, экспедициялар мен саяхаттарға, сондай-ақ әртүрлі тарихи кезеңдердегі географиялық ойларға ден қойылса, тарихи география өз кезегінде топонимика, этнография, аграрлық тарих сияқты ғылыми пәндермен тығыз байланыста болып, географиялық ортаның адам қоғамына әсерін зерттейді. Яғни тарихи географияның аясында тұрғындар мен шаруашылықтарға һәм адам тарапынан өзгертілген табиғаттың географиясына байланысты мәселелерге көңіл бөлінеді. Ал, тарих және география ғылымдарының арасындағы айырмашылықтар туралы айтатын болсақ, тарихшылар заманға, дәуірге, ал географтар кеңістікке ден қояды [2, с. 60].

Қазіргі уақытта тарихи географияның аясындағы негізгі бағыттар төмендегідей: физикалық география, экономикалық география, тұрғын халық географиясы, саяси география және мәдениет географиясы. Осылайша қазіргі тарихи география сан алуан әдіс-тәсіл қолданатын қоғамдық-әлеуметтік ғылымдардың және жаратылыстану ғылымдарының кешенді ғылыми бағыты болғандығын айта кету жөн [2, с. 60]. Осыған байланысты тарихи географияда

кеңінен топонимдік мәліметтер мен тарих һәм лингвистика ғылымдарының материалдары қолданылады. Сонымен бірге, зерттеушілер атап өткендей, тарихи географияда өз әдіс-тәсілдері де қалыптаса бастады. Мысалы, британдық тарихи географияда қазіргі уақытта «кросс-секция», яғни «уақыттық қима әдісі» («метод временных срезов») қолданылады. Бұл әдіс арқылы бұрынғы географиялық ортаны реконструкциялауға болады. Осы ретте синхрондық уақыттық қима («синхронный временной срез» әдісімен (немесе «көлденең қарау» («горизонтальный подход») тәсілі) ғалымдар белгілі бір уақытқа байланыстырған құбылыстарды немесе үрдістерді зерттейді. Сонымен бірге тарихи географияда диахрондық уақыттық қима («диахронный временной срез») әдісі (немесе «тігінен қарау» («вертикальный подход») тәсілі) де ерекше орын алып отыр. Атап айтқанда, аталмыш әдіспен екі кросс-секция диахронияда, яғни диахрондық дамуда зерттеледі. Осы ретте белгіленген кезеңде орын алған өзгерістерге сипаттама беру көзделеді [2, с. 62-63; 5, с. 59]. Нәтижесінде ландшафттың өзгеруіндегі антропогендік фактордың қалыптасу тарихын қалпына келтіруге мүмкіндік беріледі [4, с. 22].

В.П. Максаковскийдің «Дүние жүзінің тарихи географиясы» («Историческая география мира») атты кітабында тарихи география сегіз бағытқа бөлінеді:

- тарихи физикалық география (тарихи жертану) – белгілі бір тарихи кезеңдегі географиялық ортаның дамуы мен өзгерістеріне байланысты жалпы мәселелерді зерттейді;

- тарихи саяси география – ежелгі дәуірдегі саяси карталарды, мемлекеттердің шекараларын және мемлекеттік құрылысты талдайды;

- халықтық тарихи география – халықтың демографиялық, этникалық, діни ерекшеліктерін, сондай-ақ оның тарихи дамуының сан-алуан кезеңдеріндегі орналасуы мен көші-қонуына байланысты мәселелерге талдау жасайды;

- қоғамның әлеуметтік құрамын, әртүрлі қоғамдық топтарын һәм қоғамдық формациялардың алмасуын зерттейтін тарихи әлеуметтік география;

- тарихи экономикалық география – өндіріс пен оның жекелеген салалары дамуының барысын талдайды;

- материалдық және рухани мәдениеттің тарихи-географиялық аспектілерін талдайтын тарихи мәдени география;

- қоғам мен табиғаттың арасындағы өзара байланыстары жөніндегі тарихи география – бұл бағыттың аясында әлеуметтік-экономикалық даму мен қоршаған табиғи ортаның арасындағы тікелей һәм кері байланыстарды, сондай-ақ олардың әртүрлі типтегі антропогендік ландшафттардың қалыптасуына әсерін зерттейді;

- жоғарыда аталған мәселелерді жекелеген территорияларға байланыстырып зерттейтін тарихи-географиялық елтану [6, с. 6].

XX ғасырда тарихи география аясында физикалық-географиялық немесе ландшафттардың тарихи географиясы деп аталатын бағыт қалыптасты. Л.Б. Вампилова мен А.А. Соколованың мақаласында аталмыш бағыттың

калыптасуындағы негізгі кезеңдері көрсетілген. Бұл ретте ерекше айтар жайт – осы бағыттың қалыптасуы ландшафттану ғылымының дамуымен тығыз байланысты. Бірінші кезең XX ғасырдың орта шеніне дейінгі уақытты қамтиды. Аталмыш кезеңде ландшафттану ғылымында ландшафт ұғымы қалыптасып, рельеф, климат, өсімдік дүниесі сияқты негізгі табиғи компоненттерді зерттеу әдістері жасақталды. Бұл ретте ландшафттардың тарихи географиясында жоғарыда аталған компоненттер тарих деректері бойынша реконструкцияланған, яғни табиғи аймақтар мен кейбір өңірлерді зерттеу үшін Л.С. Берг, В.П. Семенов-Тянь-Шанский сынды белгілі ғалымдардың еңбектеріндегі тарихи-географиялық тәсіл қолданылды [7, с. 11-12].

Екінші кезеңде (1948-1971 жж.) ландшафттардың тарихи географиясы жеке бір бағыт ретінде қалыптасты. Бұл жылдары өңірлік және салалық сипаттағы зерттеулерге (соның ішінде геокешендердің орта ғасырлардан бастап 1970 жылдардың басына дейінгі кезеңде) мән беріледі.

Үшінші кезеңде (1975-1991 жж.) ландшафттардың тарихи географиясы саласындағы зерттеулердің әртараптандыру (диверсификация) үрдісі байқалады. Яғни аталмыш жылдары агроландшафттар, урболандшафттар, техногендік ландшафттар, табиғи-техногендік кешендер жөніндегі ғылыми зерттеулер жүргізілді. Бұл кезеңде ғалымдардың тарапынан тарихи география аясында әртүрлі ғылыми концепциялар (В.А. Дергачев, В.С. Жекулин және т.б. игеру циклі концепциясы («концепция цикла освоения»); Л.И. Воропайдың өңірлік және жергілікті деңгейдегі табиғи-антропогендік ландшафттарды құрылымдық ұйымдастыру («концепция структурной организации природно-антропогенных ландшафтов регионального и локального уровней»); және т.б.) жасақталды.

1992 жылдан бері ландшафттардың тарихи географиясы бағытындағы қолданбалы зерттеулер жүргізілуде. Әңгіме агроландшафттар, сондай-ақ қалалық, өнеркәсіптік, рекреациялық, мәдени ландшафттар саласындағы зерттеулер жөнінде болып отыр [7, с. 11-12].

Ресей зерттеушілері Л.Б. Вампилова, В.С. Дементьев және А.Г. Манаков жазған «Халықтың тарихи географиясындағы уақыттық қима әдісі» («Метод временных срезов в исторической географии населения») атты монографияда тарихи география саласында зерттеулер жүргізу барысында әдіс-тәсілдер мәселесіне ерекше көңіл бөледі. Атап айтқанда, олардың пайымдауынша, тарихи географиялық зерттеулерде төмендегідей ғылыми әдістер қолданылады:

1) сипаттау-баяндау әдісі. Бұл әдіс ғылыми фактілерді жинастырып, анықтап, дәйекті түрде жүйелеуге мүмкіндік береді;

2) географиялық атаулардың тарихын зерттеуді көздейтін топонимдік әдіс. Өңірдің этнографиясын тарихи-географиялық тұрғыдан зерттегенде – бұл негізгі, ал ландшафттарды реконструкциялауда екінші кезектегі әдіс. Осы әдіс арқылы территорияның ландшафттық және этникалық тарихын қалпына келтіруге болады.

3) лексикологиялық әдіс диалектологиялық материалдардың негізінде ландшафтты зерттеуді көздейді.

4) тарихи-салыстыру (компаративтік) сан алуан нысандарды зерттеуді көздейді. Бұл ретте салыстыру әдісі «анықталған фактілерді түсіндіру, зерттелініп жатқан үрдістің ішкі мазмұнын ашу үшін» мүмкіндік береді. Нәтижесінде әртүрлі нысандарға тән ерекшеліктердің ұқсастығы мен айырмашылығына сүйене отырып, зерттелініп жатқан нысандардың мазмұнын айқындауға болады.

5) тарихи-генетикалық әдіс зерттелініп жатқан белгілі бір үрдістің қасиеттері мен функцияларын, сондай-ақ өзгерістерін дәйекті түрде ашуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге аталмыш әдіс арқылы зерттеуші себеп-салдарлық байланыстар мен заңдылықтарды көрсете алады [4, с. 22-26].

Тарихи этнографияның кейбір ғылыми-теориялық аспектілеріне Таяу Шығыс елдерінің ғалымдары да көңіл бөлгендігін айта кету жөн. Бұл мәселе әсіресе түрік зерттеушілерінің еңбектерінде көрініс тапқан. Мысалы, Түркия энциклопедияларының бірінде түрік зерттеушісі Мехмет Байартан тарихи географияның анықтамасын төмендегідей береді: «Тарихи география (tarihi coğrafya) – өткенде белгілі бір уақытта немесе кезеңде белгілі бір ауданның географиялық ерекшеліктері мен жағдайын, географиялық көріністің өзгерістерін және өткеннің өзекті тақырыптарын зерттейтін ғылыми сала. Басқаша айтқанда, география ғылымының әдістерін қолдана отырып, өткен уақытқа жататын деректер мен құжаттардан алынған мәліметтердің негізінде бұрынғы географиялық жағдайды жасақтау» [8]. Бұл ретте ғалым аталмыш ғылыми саланың тарихына байланысты мәселені қарастыра отырып келесі жайтқа ерекше назар аударады: «ежелгі дәуірде жазылған шығармалар тарихи география деп аталмаса да, тарихи географияның тұңғыш туындылары ретінде қабылдануға тиіс. Орта ғасыр кезеңінде ислам географтарының туындыларында да сондай жұмыстар жасалған. Жаңа заманда жазылған Османлы деректері де – тарихи география саласындағы өте құнды шығармалар» [8]. Мехмет Байартан ежелгі дәуірге жататын деректерге көп мән береді. Оның айтуы бойынша, «әртүрлі тақырыпта жазылған туындыларды, соның ішінде географияға қатысы бар шығармаларды тарихи географияның дереккөзі ретінде сипаттау мүмкін. Антикалық дәуірде көне грек, Рим, Мысыр, ал орта ғасыр кезеңінде араб географтары жасаған жұмыстар тарихи географияның маңызды деректері арасында орын алады» [8]. Бұдан әрі Таяу Шығыстағы тарихи географияның дамуы тарихына көңіл бөліп автор төмендегідей жайтқа тоқталады: «Османлы бейлігі, Османлы мемлекеті және Османлы империясы – 1299-1923 жылдар аралығында алты ғасырда астам уақытта үш дүние бөлігінде орналасқан. Және тарих сахнасынан кеткенде 50-60 мемлекетке негіз жасаған, дүние жүзінің ең маңызды, ең тұрақты саяси ұйымдарының негізгісі. Осыған байланысты Османлы мемлекетінің (Devlet-i Aliyye-i Osmaniye) сақтайтын мемлекеттік архив тарихи география үшін мейлінше құнды мәліметтерді қамтиды. Мемлекеттік архивтер Түркияның әр аймағында тарихи география жөнінде жұмыс жасайтын географтар үшін бүкіл әлемнің ең бай құжаттарын қамтитын бағасы жетпес дереккөз екен» [8].

Мехмет Байартанның пайымдауынша, тарих ғылымының деректері мен құжаттарының география ғылымының сан алуан салаларында пайдаланылуы мүмкін. Мысал ретінде қазіргі Түркияның Егей теңізі аймағында орналасқан ежелгі Милет, Ефес, Кизикос сияқты елді мекендерді келтіре отырып, өзен сағаларының жылжуы, бұрын теңіз жағалауында орналасқан қалалардың кейін белгілі бір территорияның ішінде қалуы, теңіз жағасының морфологиясы жөніндегі жұмыстарда жол естеліктері (саяхатнамалар) мен ежелгі географиялық зерттеулер және карталар тарихи география саласындағы ғылыми зерттеулер үшін өте маңызды дереккөз [8].

Тарихи географияға байланысты методологиялық мәселелер Аднан Ескіқұрттың «Тарихи география еңбектерінің методологиясы жөнінде жалпы талдау» («Tarihî Coğrafya Çalışmalarının Metodolojisi Konusunda Genel bir Değerlendirme») атты мақаласында зерттеледі. Бұл еңбекте тарихи географияға байланысты кейбір методологиялық принциптер баяндалады. Жалпы алғанда, өзінің еңбегінде автор тарихи география аясында территорияны, аймақты зерттеу үшін алгоритмге егжей-тегжейлі сипаттама жасайды. Мысалы, автордың айтуынша, «зерттеуші ең алдымен талданатын аймақтағы мүмкін болған мәліметтер іздеуге тиіс және жақын жерден ақпарат жинауға тиіс. Бұл қандай материалдардың болуы мүмкін және егер жеткілікті мәліметтер бар болса, қандай нәтижеге жетуді көру үшін міндетті түрде керек. Сонымен бірге зерттелген аймақтың жергілікті айырмашылықтарын анықтау үшін ұқсас оқиғалар әдісін қолдануға болады. Осылайша талдау нәтижесінде нақты қорытынды шығару мүмкін» [9, sf. 48].

Сонымен бірге белгілі бір аймақтың жергілікті тұрғындарына қатысты мәселелерді, тарихи оқиғаларды цифрмен өлшеуге және картамен талдау жасауға болатын нәтижелерді тарихи оқиғалармен салыстыра зерттеу мүмкін [9, sf. 43]. Аднан Ескіқұрттың тарихи географияның мақсаты мен міндеттерін сөз еткенде, төмендегідей жайтқа ерекше көңіл бөледі. Бұл ретте автор атап өткендей, «тарихи география маманы тарих кезеңдерінде жер жүзінде белгілі бір аймақтың географиялық ерекшеліктерін зерттеуге әрі сипаттауға мақсат қояды және бұл мақсатта жер жүзіндегі адам қауымдарының қоныстануы һәм олар құрған мемлекеттердің географиялық жағдайын (орналасуының ерекшеліктерін, мемлекеттердің құрылу және даму кезеңіндегі әсерімен демографиялық, экономикалық және әлеуметтік мәселелер, қоғамдық орта және т.б.) зерттейді» [9, sf. 46].

Түркия ғылымында тарихи географияның мәдени маңыздылығына көңіл бөлінеді. Бұл жайт зерттеушілердің еңбектерінде айқын көрініс табады. Мысал ретінде белгілі түрік ғалымы Осман Күмісшінің «Тарихи география және мәдени мирас» («Tarihî Coğrafya ve Kültürel Miras») деп аталатын көлемді мақаласын келтірелік. Автордың пайымдауынша, Еуропа елдерінде «тарихи география» ұғымы XVIII ғасырдың бас кезеңінде ғылыми қолданысқа ене бастады. Бұл ретте, зерттеуші атап өткендей, тарихи география география ғылымының жаңа зерттеу саласына айналды. Осман Күмісшінің айтуы бойынша, «осы кезеңде картатану («haritacılık») сияқты кейбір бағыттар

географиядан бөлініп, «карта жасаушылығы» («harita mühendisliği») атауымен бөлек зерттеу саласына айналғанда, «тарихи география» сынды кейбір салалар да пайда болды» [10, sf. 101]. Бұдан әрі зерттеушінің пайымдауынша, «тарихи география» ұғымының алғаш рет шығуы мен ғылымда қолданыста пайдалануының арасында уақыт айырмашылығы бар. Бұл ретте Осман Күмісші ерекше атап өткендей, «XVIII ғасырдың бас кезеңінде Едуард Уеллстың (Edward Wells) тарапынан берілген атаумен «тарихи география» («historical geography») түрінде тұңғыш рет зерттеу әдебиетіне кірген тарихи географияның түп-тамыры одан да терең болса да, нақты бір зерттеу саласы ретінде қалыптасуы XIX ғасырда жүзеге асты...» [10, sf. 101]. Түркиядағы тарихи географияның дамуын сөз еткенде, Осман Күмісші түрік ғылымына аталмыш ұғым басқа елдерден гөрі өте кеш кіргендігін айта отырып, Түркияда тарихи география терминін білдіру үшін «өткеннің географиясы» («geçmişin coğrafyası») ұғымының пайдаланылғандығын атап өтті. Бұл ретте ғалым төмендегідей жайтқа ерекше назар аударады, яғни тарихи география немесе өткеннің географиясының анықтамасы былай берілген: «...бір қонысты белгілі бір кезеңде қазіргі география принциптері мен әдістері арқылы зерттеу». Жалпақ тілмен айтқанда, деректер тарих, археология, антропология сияқты ғылымдардан алынса, зерттеу үшін география ғылымының әдіс-тәсілдері қолданылады [10, sf. 101].

Өзінің еңбегінде Осман Күмісші «мәдени мирас» («kültürel miras») ұғымының мазмұнына тоқталады. Автордың жазғанына қарағанда осы ұғым төмендегідей элементтерді қамтиды: ескерткіштер – тарих, өнер және ғылым тұрғысынан ерекше дүниежүзілік құндылығы бар сәулеттік ескерткіштер; мүсін және суреттер саласындағы жауһарлар; археологиялық сипаттағы құрылыстар, үңгірлер және т.б.; ғимараттар кешендері – тарих, өнер немесе ғылым тұрғысынан ерекше дүниежүзілік құндылығы бар күрделі ғимараттық кешендер; қалалық және ауылдық алаңдар – тарихи, эстетикалық, этнологиялық және антропологиялық тұрғыдан ерекше дүниежүзілік құндылығы бар адам тарапынан жасалған туындылар немесе табиғат пен адамның ортақ туындылары, сондай-ақ археологиялық қазындылар қамтитын алаңдар [10, sf. 109].

Бұдан әрі мәдени мирасты тарихи географиямен байланыстыра отырып, Осман Күмісші төмендегідей байламға келді: «Қазіргі уақытта елдердің иелігіндегі мәдени мирас жаһандану үрдісінде күнбе күн жылдам жоқ болып жатыр... Осындай жағдайда бүкіл әлемде зерттеу объектісіне айналған мәдени мирас ғылыми зерттеулер мен басқа да көптеген салаларда, сонымен ішінде туризм салалығында да, пайдаланыла отырып, сол арқылы экономикаға қызмет етеді. Мәдениеттің ішкі мазмұны кең болуы осы салада зерттеулер жүргізген ғылымдардың да көп болуына жол ашады. Жоғарыда аталған және басқа да барлық «әлеуметтік және қоғамдық ғылымдар» арасында орын алған мәдениет тарихи тереңдігі бар өткенді және мирастың құндылығын қамтиды. Бұл екі элемент тарих пен географияның түйіскен жеріндегі «тарихи география» негізгі орын алады» [10, sf. 110].

Осман Күмісшінің тағы бір «Түркияда тарихи география жөніндегі әдебиет» («Türkiye’de Tarihi Coğrafya Literatürü») атты мақаласында тарихи географияның бөлек ғылыми бағыт ретінде қалыптасуының алғышарттары қарастырылады. Атап айтқанда, автордың айтуы бойынша, «...өткеннен бүгінге дейін барлық ғылыми салалалардағыдай, географияда да зерттеулердің және ақпарат көлемінің өсуіне байланысты белгілі бір салада маманданған зерттеушілер пайда болды, олар қазір де шығып жатыр. Адамзат тарихының өткен уақытынан Ежелгі дәуірге дейін шыққан шашыранды мәліметтердің аталмыш дәуірде жүйеленуімен басталған заман орта ғасыр кезеңінде, әсіресе ислам әлемінде, бұдан әрі де жалғаса берді. Келесі кезеңдерде халық санының артуы, ақпараттың, технологиялардың, қажеттіліктердің, сауаттылық деңгейінің, кітаптардың және соған байланысты элементтер санының өсуі... ғылыми тұрғыдан қарайтын болсақ өте маңызды өзгерістерге әкеп соқты... Осы өзгерістердің нәтижесінде... пайда болған historical geography/тарихи география...» [11, sf. 106].

Осман Күмісші Түркияның тарихи географиясының дамуын зерттей отырып, төмендегідей қорытынды шығарды. Атап айтқанда, оның пайымдауынша, «Түркияда жасалған және тарихи географияның зерттеу бағытына кіретін жұмыстарды, сипатты және хронологиялық принципті есепке ала отырып, негізгі үш кезеңге бөліп зерттеу мүмкін». Соның ішінде: 1) Батыс елдерінен әсерімен байланысты бастапқы кезең. Бұл кезең Ахмет Рифаттың 1881 жылы шыққан «Sözlük» («Сөздік») деп аталатын еңбекпен бірге тарих атластарын қоса алғанда Ахмет-Зәки Уәлиди Тоғанның 1932 жылға дейін жарық көрген еңбектерін қамтиды; 2) Осман Күмісшінің мақаласында «Karmaşa ve arauişlar dönemi» («Ізденістер кезеңі») деп аталған екінші кезең Ахмет-Зәки Уәлиди Тоғанның және одан кейінгі басқа зерттеушілердің 2001 жылға дейін жарияланған еңбектерін қамтиды; 3) соңғы кезең – «Yeniden başlangıç ve modern tarihi coğrafyanın kuruluşu dönemi» («Жаңадан бастау және қазіргі тарихи географияның құрылуы кезеңі»). Қазіргі тарихи географияның әртүрлі аспектілерін тікелей немесе жанама зерттейтін жұмыстар.

Сонымен бірге Осману Күмісшінің айтуы бойынша, «тарихи географияда саласында жасалған жұмыстарды, пайдаланылған деректерді, қолданылған әдістерді, құрылымдық ерекшеліктерді, зерттелетін тақырыптарды, сондай-ақ философиялық ойларды негізге ала отырып», тарихи география саласында жұмыстарды төмендегідей топтарға бөлу болады, атап айтқанда:

- тарихи географияның теориялық мәселелерді қамтитын еңбектер;
- тарих жөніндегі атластар мен тарихи картография еңбектер;
- тарихи топонимдерге арналған жұмыстар;
- аймақтар мен олардың өзгерістерін зерттеуге бағытталған жұмыстар;
- басқа тақырыптағы еңбектер [11, sf. 110].

Түрік ғалымдарының тарихи географиясы саласындағы зерттеулері ежелгі сауда жолдарына байланысты мәселенің кейбір аспектілерін талдай отырып, Жібек жолының географиясы мен тарихының кейбір аспектілерін анықтады. Мысалы, Филиз Құтлуай Тұтар мен Рамазан Айдынның «Жібек

- **Вильферд Маделунгтың** «Мұхаммедке мұрагершілік: ерте халифатты зерттеу» (*The Succession to Muhammad: A Study of the Early Caliphate*) атты еңбегі [33] 1997 жылы жарық көрген, ислам тарихындағы Мұхаммед пайғамбар қайтыс болғаннан кейінгі билік мұрагерлігінің күрделі мәселелерін жан-жақты зерттеуге арналған іргелі академиялық зерттеу ретінде құнды. Еңбекте халифаттың алғашқы кезеңдері, оның ішінде саяси және діни қайшылықтар, билікке сайлану рәсімдері, мұрагерлік мәселелері, сондай-ақ ислам қоғамындағы әлеуметтік және саяси құрылымдар кеңінен қарастырылады. Маделунг ислам тарихындағы осы маңызды трансформацияларды талдай отырып, Әбул-Фиданың көзқарастары мен қызметін, оның сол кездегі саяси-діни ортаның қалыптасуына және билік мұрагерлігіне қатысты оқиғаларға әсерін ерекше назарға алады. Автор Әбул-Фиданың тарихи еңбектерінде сипатталған пікірлерін, оқиғаларды бағалау тәсілдерін және саяси талдау әдістерін саралап, оның ислам тарихнамасындағы рөлін айқын көрсетеді.

Сонымен қатар еңбекте сүнниттік халифаттар мен шииттік имамат тұжырымдамалары, алғашқы ислам қоғамындағы саяси легитимділік, билікке талас және қоғамдағы діни-саяси ортаның динамикасы жан-жақты талданады. Маделунг Мұхаммед пайғамбар қайтыс болғаннан кейінгі кезеңді тек хронологиялық сипаттау арқылы емес, тарихи-аналитикалық тұрғыдан қарап, билік, заңдылық және мұрагерлік мәселелерін кешенді түрде зерттейді. Автор бұл процесс барысында ислам қоғамының ішкі қайшылықтары, саяси институттардың қалыптасуы және діни қағидалар мен саяси практикалардың өзара әрекеттесуін көрсетеді. Нәтижесінде, Маделунгтың еңбегі ислам тарихындағы алғашқы халифат дәуірін терең түсіндіруге, Әбул-Фиданың тарихи көзқарастарын, билік мұрагерлігі мәселелеріндегі ықпалын және ислам қоғамының саяси-дини құрылымдарын кешенді талдауға мүмкіндік беретін маңызды ғылыми еңбек ретінде бағаланады.

- **Рудольф Питерстің** «Классикалық және қазіргі Исламдағы жиһад: оқырман» (*Jihad in Classical and Modern Islam: A Reader*) атты еңбегі [34] – 2017 жылы жарық көрген, исламдағы жиһад ұғымын жан-жақты талдау мақсатында жасалған кешенді ғылыми мәтіндер жинағы. Бұл еңбек классикалық дәуірден бастап қазіргі заманға дейінгі исламдық әдебиет, құқықтық трактаттар, тарихи хроникалар және теологиялық еңбектердегі жиһад тақырыбын қамтиды. Автор оқырманға исламдағы жиһад ұғымының қалыптасуы мен дамуын, оның түрлі тарихи кезеңдерде қалай интерпретацияланғанын көрсетуге тырысады, сонымен қатар жиһад ұғымының діни, саяси, әлеуметтік және мәдени аспектілерін талдауға бағытталған. Кітапта жиһадқа қатысты әртүрлі көзқарастар мен түсіндірмелер жүйелі түрде ұсынылған; классикалық ислам ойшылдарының түсіндірулері, құқықтық тұжырымдар, тарихшылардың баяндамалары және заманауи интерпретациялар оқырманға толық көрініс береді. Питерс бұл жинақ арқылы оқырманға жиһадтың исламдық құқықтық және моральдық жүйелердегі рөлін, оның ерте мұсылман қоғамындағы әлеуметтік және саяси мәнін, сондай-ақ қазіргі ислам әлемінде жиһад ұғымын түсіндіру мен қолданудың әртүрлілігін салыстырмалы түрде зерттеу мүмкіндігін береді. Еңбекте классикалық дереккөздер мен заманауи талдауларды үйлестіре отырып, исламдық мәтіндердің интерпретациясына қатысты тарихи эволюция көрсетіледі, түрлі пікірлердің, доктриналық ұстанымдардың, теологиялық түсіндірмелер мен практикалық қолданбалардың арасындағы байланыс айқындалады. Сонымен қатар Питерстің жинағы оқырманға жиһад ұғымының күрделілігін, оның әлеуметтік-саяси салдарларын, мәдени және этикалық мәнін түсінуге мүмкіндік береді, бұл тұрғыда исламдағы жиһадты тек діни немесе әскери ұғым ретінде ғана емес, сонымен бірге қоғамның ұйымдасуы, моральдық нормалар мен мәдени тәжірибелердің маңызды құралы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Осылайша, Рудольф Питерстің еңбегіне исламдағы жиһад ұғымын тарихи, құқықтық, мәдени және саяси контексттерде терең әрі жан-жақты талдауға арналған кешенді академиялық зерттеу деп қарастыруға болады. Ол оқырманға классикалық және қазіргі ислам ойының байланысын көрнекі түрде ұсынады және исламдық

мәтіндер мен олардың интерпретацияларының күрделілігін ғылыми тұрғыдан түсінуге мүмкіндік береді.

- *Қорытынды:* Әбул-Фиданың шығармашылық мұрасы мен қайраткерлігі өзінің көпсалалық сипаты мен пәнаралық кешенділігін айқын көрсетеді, бұл оның ғылыми ойлау қабілеті мен практикалық тәжірибесінің үйлесімділігін дәлелдейді. Ол тек теориялық зерттеулермен шектелмей, сонымен қатар практикалық қызмет саласында, атап айтқанда мемлекеттік басқару, әкімшілік және құқықтық іс жүргізу тәжірибесі, сондай-ақ ұстаздық, ағартушылық және қоғамдық қызмет бағыттарында да белсенділік танытты. Бұл оның ғылым мен өмір тәжірибесін біртұтас интеграциялай білетін дарынды ойшыл, педагог әрі көшбасшы екенін көрсетеді. Жоғарыда талданған материалдар мен еңбектер негізінде Әбул-Фиданың шығармашылық мұрасын әртүрлі бағыттар бойынша топтастыруға болады: тарихи зерттеулер мен хроникалар, географиялық сипаттамалар мен картографиялық еңбектер, теологиялық трактаттар, әдеби шығармалар, құқықтық және заңдық қағидаларға арналған еңбектер, биографиялық деректер мен тұлғалар өмірбаяндары, саяси талдаулар мен мемлекетті басқару мәселелері, оқыту және ағартушылық қызмет, конфессияаралық келісім мен діни үйлесімділікті насихаттау, сондай-ақ мәдени құндылықтарды қалыптастыруға арналған жұмыстар. Оның ең басты және ең көрнекті ғылыми еңбектері ретінде «Әл-Мұхтасар фи тарихи-л-башар» және осы диссертациялық зерттеу нысанына айналған «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегі қарастырылады, олардың әрқайсысы исламдық тарихи және географиялық ғылымдардағы маңызды дереккөз рөлін атқара отырып, оқырманға ислам қоғамының саяси, әлеуметтік және мәдени дамуын кешенді түрде түсінуге мүмкіндік береді. Әбул-Фиданың еңбектерінде тарихи оқиғаларды сипаттаумен қатар, сол кезеңдегі саяси құрылымдар мен билік мұрагерлігі, әлеуметтік институттар, діни-саяси ортаның қалыптасуы, халықтың тұрмыс-тіршілігі, моральдық және этикалық нормалардың берілуі сияқты күрделі аспектілер қамтылған. Бұл оның шығармашылығының біртұтастығы мен пәнаралық сипатын айқындайды және ислам өркениетінің дамуын әртүрлі қырынан қарастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қазіргі уақытта Әбул-Фиданың ғылыми мұрасы отандық зерттеулерде жеткілікті деңгейде қарастырылмаған, оның еңбектері негізінен шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде ғана талқыланады. Бұл оның шығармашылығын терең әрі жан-жақты зерттеудің, сондай-ақ оның еңбектерін заманауи ғылымда қайта бағалаудың өзектілігін көрсетеді. Әбул-Фиданың мұрасы тек тарихи дереккөз ретінде ғана емес, сонымен бірге исламдық ой-пікірлердің эволюциясын, саяси және әлеуметтік институттардың қалыптасуын, мәдениет пен конфессияаралық диалогты талдауға мүмкіндік беретін көпсалалы зерттеу құралы ретінде де ерекше маңызға ие. Оның еңбектері исламдық тарихнама мен географияның дамуына, теология мен философияның өркендеуіне, құқықтық және әлеуметтік ой-пікірдің қалыптасуына елеулі үлес қосып, қазіргі ғылым үшін терең аналитикалық және пәнаралық зерттеу нысаны болып қала береді. Осы тұрғыдан алғанда, Әбул-Фиданың шығармашылық мұрасы тек тарихи

құндылық қана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы зерттеулерде ислам өркениетінің көпқырлы аспектілерін зерттеуге мүмкіндік беретін маңызды ғылыми ресурс екендігін ұмытпау керек, оның еңбектері арқылы қазіргі зерттеушілер ислам тарихының, мәдениеті мен қоғамдық құрылымдарының динамикасын, сондай-ақ діни-саяси процестердің мәнін терең түсіне алады.

### **1.3 «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегінің зерттелу деңгейі, құрылымдық ерекшеліктері**

Ежелгі және ортағасырлық тарихи-географиялық жазба ескерткіштер әртүрлі аумақтардың географиялық, топонимикалық, этимологиялық, этносаяси тарихын зерттеу үшін құнды дереккөздер ретінде белгілі. Елдердің рухани мұрасын нақты материалдарға негізделген географиялық зерттеулер түркі халықтарының географиялық қана емес, мәдени-тарихи, діни және сәулеттік мұраларын қайта жаңғыртуға жаңа ғылыми үлес қосады.

Орта ғасыр тарихнамасында әртүрлі елдерге қатысты шетелдік деректердің ішінде араб географтары мен саяхатшыларының еңбектері үлкен орын алады. Отандық шығыстанушылар арасындағы географиялық зерттеулер бүгінгі күнге дейін өзектілігін жойған жоқ. Қазіргі ізденістер әлі де араб дереккөздерінің үлкен маңызын көрсетеді.

XII-XVI ғасырлардағы араб жазба деректерінде елді мекендер, қалалар, олардың тұрғындары, олардың әдет-ғұрыптары мен тұрмыс-салты туралы мол мағлұматтар, сондай-ақ өсімдіктер әлемі, жануарлар дүниесі және география туралы мәліметтерді байытатын басқа да мағлұматтар бар. Бұл материалдар өте мазмұнды және салыстырмалы түрде дәл, бұл тарихтың көптеген аспектілері туралы кең көлемде ақпарат алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар XII-XIV ғасырлардағы араб географиялық деректерінде физикалық және этноәлеуметтік география контекстінде араб елдері, Еуропа және Азия туралы көптеген мәліметтер бар.

Араб деректерінде әртүрлі аймақтардағы қоныстар мен халықтардың тарихы туралы құнды деректер бар. Еңбектерде география, қалалардың, ауылдардың, таулардың, көлдер мен өзендердің орналасуы, сондай-ақ өмірдің тарихи, мәдени және діни-интеллектуалды аспектілері туралы маңызды ақпарат берілген. «Тарихи шежіре», «араб тарихи-географиялық әдебиеті», «саяхатшылардың жазбалары» жанрларында Орта Азияның орта ғасырлардағы тарихына қатысты ең құнды және сенімді мәліметтерді қамтитын көптеген материалдар берілген. Бұндай туындылардың авторларының ішінде арабтың атақты саяхатшыларын атап өтуге болады: ибн Саид, Тамим ибн Бахр, әл-Калкашанди, әл-Құрайши, Ибн Құтлубұғ, әл-Кафауи, Йақут, ад-Димашки, Ибн Халдун және т.б [109].

Бұл дереккөздерде ортағасырлық Орта Азия өңірінің саяси, дипломатиялық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени тарихы тұрғысынан маңызы мен құндылығы туралы сан алуан материалдар берілген. Қалалар мен елді мекендердің пайда болуы өлкенің тарихи дамуының маңызды бөлігі болғандықтан, бұл кезеңнің географиясын зерттеу маңызды. Осы тұрғыда

Орталық Азия мен Қазақстанның көршілес аймақтарды біріктіретін біртұтас аумақ ретіндегі тығыз байланысын тарихи деректер растайды [35, 7 б]. Жазбаша, ауызша, археологиялық және басқа дереккөздерді зерттеу Орталық Азия халықтарының тарихын, олардың қалаларын және жалпы географиясын зерттеудің маңызды құрамдас бөлігіне айналғандығы, бұл бүгінгі күнге дейін өте өзекті мәселе болып қала береді.

1316-1321 жылдар аралығында жазылған Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» атты еңбегі – жалпы география саласы бойынша дүние жүзінің басты қалаларын сипаттайтын жиырма сегіз томнан тұратын қомақты еңбек. Әрбір аймақ үшін оның көлемі, халқы, климаттық ерекшеліктері туралы егжей-тегжейлі жазбалар келтірілген, олардың көпшілігі аймақты бұрын зерттеген басқа саяхатшы-зерттеушілерден алынған.

Бұл зерттеу бұрынырақ жазылған еңбектерге, оның ішінде Птолемейдің араб тіліндегі жазбаларына, X ғасырда жазылған «Китаб әл-Атлалға» және әл-Бирунидің, Мұхаммед әл-Идрисидің, ибн Хаукалдың және т.с.с. тарихшылар мен ғалымдардың жұмыстарына негізделген. Бұған қоса, ол ибн Саид әл-Мағрибидің «Китаб бает ал-ард фи тулиха ва-л-‘ард» [36] кітабындағы мәліметтерге, сондай-ақ Атлант және Батыс Африка аймақтарын жан-жақты зерттеуші Ибн Фатиманың саяхаттары туралы ақпараттарына сүйенеді. Бір кездері бұл еңбекті Шығыс және Солтүстік Африка елдері кеңінен таныды. Оны XVII-XIX ғасырлардағы еуропалық зерттеушілер де кейінгі кезеңдерде пайдаланған. Бұл жұмыстың кейбір бөлімдері алғаш рет Еуропада 1650 жылы жарық көрді.

Бұл кітапты алғаш рет 1834 жылы француз шығыстанушысы, Азия қауымдастығының президенті Сильвестр де Саси зерттеген [37, 564 б.]. Сондай-ақ де Саси Лейден кітапханасының Шығыс қолжазбалары бөлімінің президенті болған француз ғалымы Хамакерге хат жазып, оны кітапты бірге зерттеуге шақырады. Осы екі ғалымның ынтымақтастығы нәтижесінде біріккен күш-жігермен Париждегі ең ірі корольдік баспадан (Société Asiatique à l'Imprimerie Royale) «Тақуим әл-Бұлдан» кітабы жарық көрді. Сильвестр де Саси Әбул-Фиданың құрастырған қолжазбаларды түпнұсқа күйінде оқыды. Сонымен қатар, ол бұл кітапқа 40-тан астам қосымша бет қосып, маңызды толықтырулар жасады.

Сильвестр де Саси қайтыс болғаннан кейін оның жұмысы мен зерттеулерін шәкірттері мен ізбасарлары жұмысын жалғастырды, бұл алғашқы зерттеушілердің қатарында Джозеф Туссейн Рено мен Мак Гукин де Сланг болды, олар Сильвестр де Сасидің ең көрнекті шәкірттері ретінде танылды. 1829 жылы араб қолжазбаларының үлкен жинағын қайта қарау негізінде Париждегі Корольдік кітапханада «Кітаб тақуим әл-Бұлдан» деген атпен бірінші басылымы шықты. Бұл кітаптың 32 беттік сыни кіріспесі болды. Әбул-Фиданың басылымын дайындау мұсылман географиялық дәстүріндегі сириялық географтардың жұмысына арқау болды. 1848 ж. Ж.Т. Рено Әбул-Фиданың еңбегінің арабша және аударма мәтініне сүйене отырып, мұсылман географиясының тарихы бойынша ауқымды зерттеу жарияланды [38]. Ж.Т.Реноның жұмысы өз заманында алғашқы болып ортағасырлық мұсылман

географиясы жайлы жазған және осы білім саласына деген қызығушылықтың артуына себепші болған [39, 34 б.]. Жалпы Ж.Т. Рено – Әбул-Фиданың шығыс географиясындағы еңбегін өмір бойы зерттеген шығыстанушы, сонымен қатар оның өмірбаяны мен мұрасын зерттеді.

Алайда «Тақуим әл-Бұлдан» Еуропада ғылыми ортадан бөлек көпшілікке танымал болмады. Сипахизаде лақап атымен танылған Мұхаммад ибн Али араб тіліндегі мәтіндерді түрік тіліне аударған [37, 571 б.]. Ол Әбул-Фиданың кітабын түрікше сөздік ретінде рәсімдеп шығарған.

Бұдан бөлек Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегін зерттеген ғалымдар:

Италяндық географ, саяхатшы әрі жазушы Джованни Баттиста Рамузио 1550 жылы «Навигациялар және саяхаттар туралы (Delle Navigazioni et Viaggi)» [40] атты үш томдық еңбегінде «Тақуим әл-Бұлдан» кітабындағы деректерді қарастырады. 1580 жылы фламанд картографы Герард Меркатор досы әрі әріптесіне Әбул-Фиданың қолжазбасы туралы хат жолдайды [41, 288-291 б.]. 1633 ж. ағылшын зерттеушісі Джон Гривз Голландияның Лейден университетінде әйгілі профессор арабтанушы Якобус Голиуспен әріптестік қарым-қатынас жасайды. Ғалым «Тақуим әл-Бұлдан» кітабының жекелеген бөлімдерін аударған: «Хорезм және Мәуереннаһр (Chorasmiæ et Mawaralnahræ – Хорезм мен Мәуереннаһрдың (Трансоксиана) араб тілінен аударылған Әбул-Фиданың сипаттамасы, негізгі қалалар үшін ендік пен бойлық кестелері бар)» [42], «Әбул-Фиданың Араб түбегі (Abulfedæe Peninsulam Arabum – автор тарапынан жасалған «Әбул-Фида тарихының» бір бөлігінің өңделген аудармасы) [43]. Кітаптың латын тіліне алғашқы аудармасын 1770 жылы неміс арабтанушысы Иоганн Якоб Рейске жасады: «Араб және латын тілдеріндегі мұсылман жылнамасы (Annales Muslemici Arabice Et Latine)» [44]. Ал норвегиялық арабтанушы А.Зейпфель рустар мен варягтар туралы деректерді өзінің жинақтарына енгізді. Генрих Кёлер 1817-1819 жылдар аралығында Германия, Франция, Италия және Қырым елдеріне саяхаттап, Әбул-Фиданың осы елдер бойынша шығармасын зерттеп, жекелеген тарауларын аударды. Ал 1883 жылы бұл аудармалық жұмысты С.Гюйар жалғастырып, еңбекті аяқтайды [39, 30 б.].

Джули Абрель атап өткендей, сириялық ғалым және әмір Әбул-Фиданың географиялық еңбегі «Тақуим әл-Бұлдан» («Елдердің сызбасы») – 1316–1321 жылдары жинақталған, Ортағасырлық ислам әлемінде белгілі елдер туралы анықтамалық сипаттағы еңбек. Автордың айтуынша, еңбектің бір бөлігі Орталық Азияны қамтиды, оның ішінде соңғы екі тарауы Хорезм мен Мәуереннахрға арналады [110].

Адель, Голамали, Элми, Мохаммад және Тароми-Рад, Хассан көрсеткендей, Орталық Азия аумағы Шығыс пен Батыстың ежелгі өркениеттерін байланыстыратын маңызды байланыс нүктесі ретінде белгілі, әрі осы өңір арқылы Еуразияны кесіп өткен Ұлы Жібек жолының негізгі артериясы өткен. Осы жол бойында өзіндік мәдениеті бар ежелгі қалалар қалыптасты [111].

Боуден Фредерик және Деккиш Малика атап өткендей, «Тақуим әл-Бұлдан» жинақталған кезеңде Орталық Азия моңғолдар билігінде болып, Ұлы Моңғол империясының кең аумағына кірген. Хорезм мен Мәуереннахрдың ежелгі қалалары сол уақытта көпұлтты, көпдінді сипатқа ие болып, әртүрлі ұлт пен дін өкілдері тұратын орталықтар ретінде қалыптасты [112].

Н.М. Карамзин орыс шығыстанушылары арасында алғашқылардың бірі болып, ортағасырлық араб мәліметтеріне көп көңіл бөледі. Атап айтқанда, оның «Ресей мемлекеттерінің тарихы» атты кітабында Хазария қалалары, княздардың басқаруы және т.б. жөніндегі зерттеу жасау мақсатында Әбул-Фиданың еңбегіне сүйенеді [45, 208 б.]. Н.М.Карамзин араб дереккөздеріне сілтемелер жасау үшін түпнұсқа тіліне емес, Иоганн Якоб Рейскенің латын тіліне аударған еңбегіне сүйенген. Әбул-Фиданың еңбегін алғашқы болып орыс тіліне аударғандардың қатарында Ж.Анре Кюок пен Т. Левицкий болды. Олар Африка сахарасы оңтүстік бөлігі тарихына арналған бөлімінің географиясын пайдаланған. «Тақуим әл-Бұлдан» кітабындағы Ибн Саидтың дәйексөздеріне жасалатын сілтемелер Б.А. Дорн, Ф.К. Брун және А.Я. Гаркавилердің жұмыстарында кездесе береді.

1848 жылы «Орыс географиялық қауымдастық» қорында осы кітаптың құндылығына көңіл бөлінгені жайлы ақпарат пайда болмай тұрып, Ресейде «Тақуим әл-Бұлдан» кітабы туралы мағлұмат аз еді. Кейінірек бұл еңбекке деген қызығушылық өсіп, «Тақуим әл-Бұлдан» кітабының француз аудармасы және араб мәтінінің жарыққа шығуына мүмкіндік туғызды. Сөйтіп, елдердің тарихы туралы ең маңызды және ауқымды ақпарат классикалық араб географиясының ескерткіші ретінде сақталған [39, 41 б.].

Орыс шығыстану мектебінің негізін қалаушылардың бірі арабтанушы және түріктанушы В.В. Бартольд Әбул-Фида, Ибн Саад және әл-Идрисидің географиялық еңбектерін салыстырмалы әдіс қолдана отырып ауқымды зерттеу жұмыстарын жасады. Өз еңбектерінде ол араб географиялық жазбаларының, атап айтқанда әл-Идриси мен Әбул-Фида мәтіндеріне қатысты құрастырушы сипаты туралы жазды, көптеген мәліметтер Ибн Саадтан алынған деп атап айтты. Ол араб дереккөздерін, оның ішінде Әбул-Фиданың тек Еуропа елдеріне қатысты кітаптары бойынша зерттеу жүргізді.

Алайда, Әбул-Фиданың шығармасына қатысты ғалымдардың сыни пікірлері де бар, олар «бұрынғы дереккөздердің кедей компиляциясы (құрастырмасы)» деген көзқарастар айтқан. Мысалы, испан-араб географы Ж.Т. Рено «Тақуим әл-Бұлдан» кітабындағы Еуропа туралы бөліміндегі мәтіндер Ибн Саад пен әл-Идрисидің кітаптарының негізінде құрастырылғанын атап өтті және ол Ибн Саад еңбегінің кейбір үзінділерді дәлелдеме ретінде мысалға келтірді. Сонымен қатар, орыс ғалымдары ішінде автордың компиляциясы туралы И.Х. Крамерс, С. Дублер жазған болатын.

Әбул-Фида еңбегін сыни көзбен қарастырған ғалымдармен қатар, ол туралы жақсы пікірлер айтқан ғұламалар да жеткілікті. Г.Сартон ол туралы: «өз заманының ұлы географы» деп, ал «Тақуим әл-Бұлдан» кітабын «араб географиялық әдебиетінде бетке ұстар еңбек және әл-Идрисидің қолжазбалары

сияқты ауқымды географиялық шығарма» деп есептеген [46, 75 б.]. «Тақуим әл-Бұлдан» шығармасы бұдан бұрын жарияланған тарихи еңбектердің негізінде жазылғаны белгілі, өйткені автордың өзі бұл туралы осы еңбекке қосқан үлесі туралы былай деп жазған: «Мен жерлер, елдер мен қалалар, таулар, теңіздер және т.б. туралы жазылған кітаптарды көп оқыдым. Олардың арасында менің қызығушылығымды қанағаттандыратын бірде-бір кітап таба алмадым. Осы кітаптардың қатарына Ибн Хаукалдың кітабы кіреді. Ол елдердің сипаттамаларын егжей-тегжейлі суреттеген, оның кітабы өте ауқымды. Бірақ Ибн Хаукал (ел, қала, аудан) атауларын айтылуын, жазылуын көрсетпеген және елдердің бойлық және ендік нұсқаулар туралы ештеңе айтылмаған. Сондықтан, атап өткен көптеген (жер, елдер) атауларының айтылуы және олардың орналасуы белгісіз болып шыққан. Сонымен қатар, Шериф әл-Идрисидің мемлекеттер мен жолдарға қатысты кітабы, Ибн Хордадбектің кітабы және басқа да саяхатшылардың кітаптарының барлығы Ибн Хаукал үлгісінде жазылған, атаулардың дұрыс айтылуы және бойлық пен ендіктердің көрсеткіштерін жеткізбеген» [47].

Әбул-Фида өз көзімен көре алмаған аймақтарды білу үшін бұрынырақ жазылған дереккөздерді, қолжазбалар мен карталарды қолданды. Оның ішінде Ибн Хаукал шығармалары, әл-Идрисидің географиялық еңбектері, Ибн Саидтың карталары, әл-Бирунидің «Канун» [48] кітабы, әс-Саманидің «Китаб әл-Ансаб» [49] кітабы бар. Хорезм мен Мәуереннаһр аймақтары бойынша көптеген деректерді Канон мен Атуал шығармалары бойынша жасады. Сонымен қатар, Ибн Алатырдың «Әл-Любаб» қолжазбасы, астрономиялық кестелер (зиджи) және «бойлық және ендік кітаптарын» қолданды. Кейде Әбул-Фида өз заманының саяхатшыларының еңбектерінен ақпараттар алып отырған, мысалы Үндістан туралы жазған бөлімінде саяхатшының ақпаратына сілтеме берген. Саяхатшылардың ақпараттарын пайдалану арқылы ол бұл елдер туралы қысқаша, бірақ нақты және дұрыс сипаттамасын беруге мүмкіндік берді. Жалпы, араб географиялық әдебиеті Таяу Шығыс, Солтүстік және Оңтүстік Африка, Еуропа, Азия және т.б. елдер туралы жазылған шығармалар арқылы дамып отырды.

Ортағасырлық араб тарихнамасының өзіне тән ерекшеліктерінің бірі – сол кездегі ғылыми ортада кеңінен қолданылған компиляция әдісі. Авторлардың жазылып жатқан шығармаларына басқа біреудің деректерін енгізуге тыйым салынбаған, тіпті, керісінше, рұқсат етіліп мақұлданған. Әрине, әр автордың өзіндік стилі болған, олар өз еңбектерінде сол ақпараттар мен деректерді өз қалауынша пайдаланған.

«Тақуим әл-Бұлдан» баспа бетін көргелі бері, ерте заманда жазылған еңбек екендігіне қарамастан ортағасыр географиясына қызығушылық танытатын оқырмандары үшін теңдесі жоқ оқулық ретінде қала бермек. Атап өтетін жәйт, бұл ортадан тыс аталмыш жинақ көпке таныла қоймаған.

Шам топырағының тумасы Әбул-Фиданың тарихи география саласында жазған шығармасы – «Тақуим әл-Бұлдан» бүгінге дейін қазақ шығыстану ғылымында жанжақты зерттелмеген дерек болып есептеледі. Бұл дерек

Қазақстанның XI–XII ғасырларда орын алған тарихи оқиғаларын қамтымай кеткен басқа да деректердің орнын толықтыруда үлкен орынға ие.

С. Бекмұрадов XIX ғасырдағы басылымдардан кейін «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегінің ғылыми қабылдауындағы маңызды өзгерісті атап өтеді. Оның пікірінше, Әбул-Фиданың еңбегі біртіндеп академиялық назардан тыс қала бастады, өйткені ол түпнұсқалық географиялық ойға қосылған үлес емес, жинақталған деректердің компиляциясы ретінде қабылданды. Осындай көзқарас көптеген зерттеушілердің еңбектің құндылығына назар аудармай, жаңашыл деп есептелген басқа географтардың шығармаларына көбірек көңіл бөлуіне себеп болды. Бұл қызығушылықтың төмендеуі – маңызды құбылыс, себебі «Тақуим әл-Бұлдан» компиляциялық сипатына байланысты екінші дәрежелі дереккөз ретінде қабылданғанымен, ортағасырлық ислам әлемінің географиялық және зияткерлік кеңістігін түсінуде маңызды тарихи құжат болып қала береді. Автордың бағалауы жалпы ғылыми қауымдастықтағы бір мәселені көрсетеді: бар білімді жинақтап жүйелейтін еңбектер, көбіне, түпнұсқалық үлестерге қарағанда, тіпті олар географиялық деректерді синтездеу тұрғысынан аса маңызды мәліметтер ұсынған күннің өзінде төмен бағаланады. Біздің зерттеуіміз С. Бекмұрадовтың сынына сүйене отырып, «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегіне қайта оралуға тырысады: оны тек жинақ ретінде ғана емес, өз дәуірінің зияткерлік контекстін бейнелейтін басты дереккөз ретінде қарастырады. Хорезм мен Трансоксанияға қатысты географиялық деректерді талдау арқылы біз Әбул-Фиданың еңбегінің ғылыми құндылығын қайта бағалап, ортағасырлық ислам ғалымдарының географиялық білімді қалай синтездеп, жеткізгенін тереңірек түсінуге мүмкіндік аламыз. Бұл тәсіл автор көрсеткен олқылықтың орнын толтырып, «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегінің қазіргі ортағасырлық географияны зерттеудегі маңызын айқындайды. [113].

И.Г. Коновалова Әбул-Фиданың Шығыс Еуропаны сипаттауына назар аударып, географиялық координаттардағы дәлсіздіктерді көрсетеді. Автордың пайымдауынша, Әбул-Фида жиі бірнеше астрономиялық нүктелерді олардың нақтылығына көз жеткізбей ұсынған, бұл оның дереккөздерінің сенімділігіне жеткілікті көңіл бөлмегенін байқатады. Мұндай сын бұрынғы зерттеулердегі негізгі шектеуді айқындайды: олар «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегін түпнұсқалық еңбек емес, жинақ ретінде қарастыру қажеттілігін толықтай ескермеді. Бұрынғы ғалымдар еңбектің энциклопедиялық сипатын бағаласа да, оның өзге дереккөздерге сүйенуі нәтижесінде туындаған дәлдік мәселесін терең талдамаған. Біздің зерттеуіміз осыған сүйене отырып, Әбул-Фиданың географиялық білімді жинақтау әдісін сыни тұрғыдан қарастырады, еңбектің артықшылықтары мен шектеулерін саралап, оның ортағасырлық ислам географиясындағы орнын тереңірек бағалауға мүмкіндік береді [116].

Ұ. Жүзбаева мен Б. Батырханның мақаласы Хорезмге қатысты «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегіндегі деректерді талдаған зерттеулердің ішінде ерекше мәнге ие. Зерттеушілер еңбекте берілген Хорезм сипаттамасын жан-жақты қарастырып, Әбул-Фида ұсынған мәліметтерді сол кезеңдегі аймақтың даму ерекшеліктерімен және моңғол шапқыншылығына дейінгі тарихи контекстімен

салыстырады. Авторлардың тұжырымдауынша, Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегі – Хорезмнің тарихи-физикалық географиясын, сондай-ақ оның әлеуметтік-экономикалық дамуын зерттеуде құнды ғылыми мұра. Әбул-Фида заманындағы деректерге сәйкес, Хорезм ауыл шаруашылығы, қолөнер өндірісі және сауда қатынастары өркендеген, мәдени тұрғыдан бай аймақ ретінде сипатталады. Қалалардың өзен бойларына шоғырлануы олардың экономикалық өмірдегі стратегиялық маңызын айқындайды. Сонымен қатар, қалалардың сыртында қорғаныс мақсатында биік дуалдардан тұрғызылған бекіністер болғандығы айтылады. Аймақ көрші мемлекеттермен сауда байланыстарын белсенді дамытқан [124].

Т. Кокотов зерттеуі Әбул-Фиданың Ферғана аңғары жөніндегі географиялық түсінікті қалыптастыруға қосқан үлесін талдай отырып, «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегінің бұл өңірді зерттеуде айрықша дереккөздік маңызға ие екендігін көрсетеді. Зерттеуде Әбул-Фиданың Сырдарияның солтүстік жағалауында орналасқан ежелгі Ахсикат қаласына берген сипаттамасы мен оның географиялық координаттарын дәл көрсетуі еңбектің Ферғана аңғарының картографиялық бейнесін жасауға қосқан үлесін айқындайды. Авторлардың пікірінше, Әбул-Фиданың географиялық деректері тарихи тұрғыдан аса құнды болғанымен, оның компиляциялық сипаты оларды ғылыми талдауда мұқият қарастыруды талап етеді. Осы себепті, еңбекті ғылыми айналымға енгізу барысында деректердің артықшылықтары мен шектеулерін ескеріп, кешенді түрде қарастыру маңызды екендігін ескеру қажет [125].

З.Насабтың мақаласы Әбул-Фиданың мен Хафиз Абри деректерін салыстыра отырып, ортағасырлық ислам географиясын кеңінен түсінуге мүмкіндік береді. Дегенмен, зерттеушінің негізгі назарын «Тақуим әл-Бұлданға» емес, Хафиз Абри еңбегіне аударуы нәтижесінде Әбул-Фиданың шығармасына қатысты салыстырмалы талдау жеткілікті деңгейде қамтылмаған. Бұл қазіргі зерттеулердегі айқын шектеулердің біріне айналды. «Тақуим әл-Бұлдан» құнды дереккөз ретінде мойындалғанымен, оның географиялық білімді қалыптастырудағы рөлі, әсіресе Хорезм мен Мәуереннахрға қатысты мәліметтері жиі назардан тыс қалып отыр. Біздің зерттеу осы олқылықты толықтыруға бағытталып, «Тақуим әл-Бұлданға» аталған өңірлерге қатысты географиялық деректерді тікелей талдауға негізделген. Бұрынғы еңбектер Әбул-Фиданың ислам географиясындағы орны мен маңызын атап өткенмен, оның жинақтау әдісінің ерекшеліктерін, сондай-ақ бұл тәсілдегі мәліметтердің нақтылығы мен сенімділігіне тигізген ықпалын толыққанды бағалай алған жоқ [120].

Дж. Ван Стенберг пен У.Вермеуленнің зерттеуі «Тақуим әл-Бұлдан» мәмлүк дәуірінің географиялық дереккөзі ретінде қарастырып, әсіресе Мысыр мен Сирия аумағына қатысты мәліметтерге баса назар аударады. Аталған еңбек Әбул-Фиданың шығармасына қатысты маңызды пайымдар ұсынғанымен, ол Хорезм мен Мәуереннахр секілді өңірлерге қатысты мәліметтерді қарастырмайды. Осыған байланысты, Әбул-Фиданың кең ауқымды географиялық үлесі олардың зерттеуінде толық ашылмаған [127].

Сонымен қатар, С.Займече еңбегінде ислам географиясы шолулық тұрғыда қарастырылып, Әбул-Фида ортағасырлық ислам әлемінің жетекші географтарының бірі ретінде аталады. Алайда зерттеуші «Тақуим әл-Бұлданға» арнайы тоқталмайды, еңбекті жалпы тарихи-мәдени контекст аясында сипаттайды [128]. Ұқсас түрде, Е.Мерсьердің мақаласы да ислам ғылымындағы география мен астрономия мәселелерін қарастыра отырып, «Тақуим әл-Бұлданды» маңызды дереккөз ретінде атап өтеді, бірақ нақты өңірлік талдау жүргізбейді [119].

А.Салман мен С.Мұхаммедтің зерттеуі ислам шығысындағы көпестерге көрсетілген мемлекеттік қызметтердің маңызын қарастырып, «Тақуим әл-Бұлдандағы» мәліметтерді дереккөз ретінде пайдаланады. Зерттеу нәтижесінде Әбул-Фиданың еңбегі ортағасырлық ислам қалаларындағы әлеуметтік-экономикалық құрылымдар мен мемлекеттік қызмет жүйесін зерделеуде құнды материал екендігі көрсетіледі. Сонымен бірге, аталған авторлар Ибн Фадлаллах әл-Амридің «Масалик әл-Абсар фи Мамалик әл-Амсар» еңбегіндегі деректерді талдай отырып, XIV ғасырдағы исламдық қалалардың инфрақұрылымы мен сауда жүйелеріне баса назар аударады [125]. Біздің зерттеу бұл еңбектерді толықтырып, «Тақуим әл-Бұлдандағы» Хорезм мен Мәуереннахрға қатысты географиялық мәліметтерді қарастыру арқылы аталған аймақтардағы география мен экономика арасындағы байланыстарды кешенді түрде түсінуге мүмкіндік береді [124].

Х.Херке мен И.Аржанцева Сырдария атырауындағы ерте ортағасырлық қалалардың археологиялық және тарихи қырларын зерттеп, олардың мәдени және сауда байланыстарындағы рөлін айқындайды. Бұл еңбектер материалдық мәдениет пен қалалық дамуға баса назар аударғанымен, географиялық дереккөздерді тікелей талдамайды. Біздің зерттеу бұл олқылықты толықтырып, «Тақуим әл-Бұлдандағы» мәліметтерді ғылыми айналымға енгізу арқылы Хорезм мен Мәуереннахр қалаларының исламдық интеллектуалдық географиядағы орнына тереңірек баға береді. Осылайша, археологиялық деректер мен географиялық мәліметтерді ұштастыру аталған өңірдің ортағасырлық урбанистік кеңістігін жан-жақты зерделеуге мүмкіндік береді [114].

Жалпы алғанда, XIX ғасырдағы «Тақуим әл-Бұлдан» басылымдары мен алғашқы зерттеулерінен кейін Әбул-Фиданың бұл еңбегіне қатысты жаңа басылымдар мен кешенді зерттеулердің аздығы байқалады. Әсіресе Хорезм мен Мәуереннахрға қатысты мәліметтер ғылыми тұрғыдан терең талданбаған. Бұл жағдайдың бір себебі ретінде «Тақуим әл-Бұлданның» өзге географтар мен саяхатшылардың деректеріне сүйенген жинақтық сипаты көрсетіледі. Алайда Әбул-Фида пайдаланған дереккөздердің барлығы қазіргі заманға дейін жетпегендіктен, оның еңбегі ортағасырлық географияны, соның ішінде Хорезм мен Мәуереннахрдың тарихи географиясын зерттеу үшін құнды дереккөз болып қала береді. Сонымен бірге, «Тақуим әл-Бұлдан» исламдық ғылыми дәстүрдегі елдерді сипаттау әдістері мен сол дәуір ғалымдарының дүниетанымдық ұстанымдарын түсінуге мүмкіндік береді.

«Тақуим әл-Бұлдан» кітабында Әбул-Фида әлемнің әртүрлі елдері мен аймақтары туралы толық ақпарат береді. Ол әр аймақтың географиялық ерекшеліктерін, этникалық құрамын, саяси құрылымын, дінін, климаттық жағдайларын және басқа аспектілерін сипаттайды. «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегінің құрылымдық ерекшеліктеріне материалды географиялық аймақтар мен мемлекеттерге бөлу жатады. Әбул-Фида араб жерлерін сипаттаудан бастайды, одан кейін Месопотамия, Мысыр, Парсы, Үндістан, Қытай, Африка және Еуропа сияқты аймақтарға ауысады. Әрбір бөлімде тиісті аймақтың географиялық және тарихи ерекшеліктерінің толық сипаттамасы берілген. Осылайша, Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегі – әлемнің әр түрлі аймақтары, олардың географиялық ерекшеліктері, тарихы мен мәдениеті туралы жан-жақты түсінік алуға мүмкіндік беретін құнды тарихи-географиялық дереккөз.

«Тақуим әл-Бұлдан» Париж, Лейден және Санкт-Петербургтегі үш кітапханалық тізімде сақталған. Бұл еңбектің түпнұсқасында үнемі түзетулер жасалып отырғанын көруге болады, осыған орай 1321 жылы негізгі жұмыс аяқталғанмен, Әбул-Фида қайтыс болғанға дейін оны толықтыруға оралып отырған [50]. Еңбекті жазу барысында «компиляция» әдісін қолданады. Шығарманы ғалым мынадай сөздермен бастайды: «Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын, одан жәрдем сұраймыз. Алла тағаланың ұлылығына лайық мақтаулар болсын, Аллаһ тағала біздің ұстазымыз Мұхаммедке және оның отбасына игілігі мен сәлемі болсын!» [15]. Бұдан біз Әбул-Фиданың еңбегі ислам ілімі мен дүниетанымының негізіне сүйенетінін көреміз.

«Тақуим әл-Бұлдан» – араб тіліндегі географиялық шығарма, қатты қою көк былғары мұқабалы, мағынасы жағынан әр түрлі екі үлкен «қисман» (бөлімдерден) тұратын кітап, кітаптың бірінші бөлімі үлкен «мұқаддам» (кіріспе) деп басталады.

Жоғарыда ескерткендей Әбул-Фиданың шығармасы әртүрлі сипаттағы екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде жер туралы, экватор туралы, жеті «климат» туралы, қоныстанған дүние туралы, бес ұлы теңіз туралы жалпы мәліметтер қамтылған кең көлемді кіріспе. Сонымен қатар теңіздерге, көлдерге, өзендерге, тауларға сипаттама беріледі, туындының жоспары айтылады.

Жұмыстың екінші, үлкен бөлімі 28 бөліктен тұрады. Олар «климаттар» деп аталатын географиялық аймақтарды сипаттауға арналған – яғни «әл-иклим сиг-урфиййу» («қарапайым климат») деп аталатын, «әл-иклим әл-хақиқиййу» – «шынайы климатқа» қарсы астрономиялық түсінік.

Әбул-Фида кітабында жердің аймақтары келесі ретпен сипатталған: Арабия, Мысыр, Мағриб, Судан, Андалусия, Жерорта теңізі мен Атлант мұхитының аралдары, солтүстік жерлер (Шығыс Еуропаның сипаттамасын қамтитын франктер мен түркілердің жерлері), Сирия, Әл-Жазира (Месопотамия), Ирак, Хузистан, Фарс, Кирман, Сиджистан, Синд (Пенджаб), Үндістан, Қытай, Шығыс теңіз аралдары, Рум (Кіші Азия), Армения (Арран және Әзірбайжанмен), Парсы Ирак, Дейлем (және Гилан), Табаристан

(Мазандаранмен), Хорасан, Забулистан (және Гур), Тохаристан, Хорезм, Мәуереннаһр.

Кумеков Б. және Кумекова Р. араб географтарына арналған зерттеуінде «Тақуим әл-Бұлданды» 9-12 ғасырлардағы ислам географиясының жалғасы ретінде қарастырып, оның координаттар жүйесін ислам ғылымының жетістігі деп мойындайды [117].

Матъякубов Т. Хорезмнің әлеуметтік-экономикалық тарихын зерттеуде «Тақуим әл-Бұлданды» аймақтың географиялық және экономикалық сипаттамаларын беретін негізгі дереккөз ретінде пайдаланып, оның құндылығын жоғары бағалайды [118]. Рахимов Н. Жібек жолының маршруттарын зерттеуде «Тақуим әл-Бұлданды» коммуникация жүйесінің картасын беретін негізгі дереккөз ретінде талдап, оның дәлдігін жоғары бағалайды [121].

Рейно Ж. және МакГукин де Слейн У. «Тақуим әл-Бұлданның» арабша мәтінін еуропалық ғалымдарға қолжетімді етіп, оның географиялық дәлдігін Птолемеймен салыстырып, ислам географиясының шедеврi деп бағалайды [110]. Ренима А., Тилиоуин Х. және Эстес Р. «Тақуим әл-Бұлданды» ислам алтын ғасырының географиялық триумфы ретінде терең талдап, оның координата жүйесін инновациялық деп атайды [123].

28 тараудың әрқайсысы екіге бөлінеді: сипаттамалық және кестелік. Сипаттама бөлімінде белгілі бір аймақтың шекарасы, оның саяси құрылымы, халқының этникалық құрамы, әдет-ғұрыптары мен наным-сенімдері, негізгі қалалары туралы мәліметтер; маршрут ақпараты да қамтылған. Сонымен қатар, Әбул-Фида әртүрлі аймақтардың қалалары туралы мәліметтерді пішіні жағынан әл-Хорезми мен әл-Баттани кестелеріне ұқсайтын кестелерге келтірді. Әбул-Фиданың өзі кестелер жүйесін 11 ғасырдың соңы – 12 ғасырдың басында өмір сүрген араб дәрігерінен алғанын айтады. Яһи ибн Джазла «Денелерді ретке келтіру» («Тақуим әл-Абдан») [51] еңбегінде астрономиялық кестелерді үлгі етіп алып, әртүрлі аурулар туралы мәліметтерді кесте түрінде жүйеге келтірген.

Бұл еңбектің құрылымының мазмұнына қысқаша сипаттама берсек:

1) Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегінің кіріспесі оның шығармашылығы мен ғылыми көзқарасын жалпы сипаттайтын, сондай-ақ зерттеудің мақсатын, әдістемесін және қағидаларын нақтылайтын маңызды бөлім ретінде қарастырылады. Кіріспе арқылы автор оқырманды өзінің негізгі ғылыми ұстанымдарымен таныстырады, шығарманың мазмұны мен құрылымын түсіндіруге тырысады. Бұл бөлімде зерттеуші қолданатын әдістемелік тәсілдерге ерекше назар аударылады: Әбул-Фида өз зерттеуінде қандай дереккөздерге сүйенетінін, ақпаратты іріктеу мен бағалау принциптерін көрсетеді және мәліметтердің сенімділігі мен өзектілігін анықтау критерийлерін сипаттайды. Кіріспеде автор зерттеудің негізгі мақсатын айқындайды. Әбул-Фида әртүрлі аймақтар мен олардың ерекшеліктерін жан-жақты таныстыруға ұмтылады. Бұл мақсат географиялық, тарихи, мәдени және әлеуметтік аспектілерді қамтиды. Сонымен қатар, зерттеуші тарихи-географиялық білімнің қазіргі қоғам мен болашақ ұрпақ үшін маңызды екенін

атап көрсетеді, әртүрлі аймақтар туралы толық ақпаратты сақтау қажеттілігін ғылыми негізде дәлелдейді. Әбул-Фида кіріспеде жұмыстың құрылымын да сипаттайды: әрбір аймақ пен тақырыпқа арналған бөлімдер мен бөлімшелерге шолу жасап, ақпараттың қалай ұйымдастырылғанын көрсетеді. Бұл оқырманға шығарманың логикалық құрылымын түсінуге, деректерді жүйелі түрде қабылдауға мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегінің кіріспесі зерттеу әдістемесін, мақсатын және автордың ғылыми ұстанымдарын көрсететін, жұмыстың маңыздылығын айқындайтын бөлім болып саналады. Кіріспеде Әбул-Фида планета, экватор және жеті «климат» туралы нақты мәліметтер береді. Ол олардың географиялық орналасуын егжей-тегжейлі сипаттап, әлемнің әртүрлі аймақтарын, олардың көлемі мен шекарасын, теңіздер, көлдер, өзендер мен таулардың орналасуын талдайды. Автордың дүниеге көзқарасы мен ақпаратқа объективті қатынасы ерекше құнды. Мысалы, ол жер бетінің төрттен үш бөлігін су алып жатқанын дәлелдейді, бұл кейінгі теңіз экспедициялары мен ғылыми зерттеулер арқылы расталды.

Кітаптың бірінші бөлімінде Әбул-Фида «жер шарын айналу» ұғымын алғаш рет ғылыми тұрғыдан түсіндіреді. Ол адамның Жерді айналу бағытына байланысты тәуліктің ұзақтығына әсерін сипаттайды: батысқа саяхат жасаған адам бір күн аз санайды, ал шығысқа саяхат жасаған адам бір күн көп есептейді. Бұл тұжырым 1519-1522 жылдардағы Фернан Магеллан мен Хуан Себастьян дель Канонның Испаниядан батысқа алғашқы дүниежүзілік саяхатымен кейін дәлелденді. Экспедиция мүшелері Кабо-Верде портына жеткенде күнді күнтізбеге сәйкес сәрсенбі деп белгілегенімен, іс жүзінде ол бейсенбі болып шыққан. Бұл бөлімде автор өзінің әдістемесін, яғни зерттеу барысында қандай тәсілді ұстанатынын түсіндіреді. Ол қолданатын дереккөздерге қатынасын және өз жұмысы үшін ақпаратты таңдау принциптерін сипаттайды. Әбул-Фида ақпараттың маңыздылығы мен сенімділігін анықтау үшін өзі белгілейтін критерийлер туралы баяндалады. Сонымен қатар, автор өз жұмысының мақсаттарын нақтылайды. Ол өзінің негізгі мақсаты оқырмандарға әртүрлі жерлер мен олардың ерекшеліктері туралы толық ақпарат беру екенін түсіндіреді. Бұл географиялық, тарихи, мәдени және әлеуметтік аспектілерді қамтиды. Осылайша, Әбул-Фида әртүрлі аймақтар туралы білімді болашақ ұрпақ үшін сақтау қажеттілігін немесе қазіргі қоғамды қалыптастырудағы тарихи-географиялық түсініктің маңыздылығын көрсетуі мүмкін.

Кіріспеде жұмыстың құрылымы туралы мәліметтер де бар. Автор әртүрлі аймақтар мен тақырыптарды қамтитын бөлімдер мен бөлімшелерге шолу жасайды. Бұл оқырмандарға жұмысты жалпы танысуға және ақпараттың қалай ұйымдастырылғанын түсінуге көмектеседі. Жалпы, Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегінің кіріспесінде автордың зерттеу әдістемесі, мақсаты мен ұстанымдары көрсетіледі. Ол оқырмандарға автордың контексті мен ниеттерін түсінуге көмектеседі және жұмыстың қалған бөлігінде ұсынылған ақпаратты тереңірек түсінуге негіз береді.

Кіріспеде автор планета, экватор және жеті «климат» туралы әңгімелейді, олардың әрқайсысының географиялық орнын егжей-тегжейлі сипаттайды,

әлемнің әртүрлі аймақтары туралы айтып, олардың көлемі мен шекарасын сипаттайды, сонымен қатар теңіздер, көлдер, өзендер мен таулар туралы сипаттама береді. Әбул-Фида және оның дүниеге көзқарасы туралы мәліметтер өте құнды. Мысалы, ол жер бетінің төрттен үш бөлігін су алып жатқанын, кейіннен көптеген теңіз экспедицияларының нәтижелерімен және ғылыми зерттеулердің нәтижесінде расталған.

2) Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегінде «Араб жерлері» бөлімі араб территорияларының географиясы, тарихы және мәдени ерекшеліктері туралы кең көлемді мәліметтер береді. Автор әртүрлі облыстарды, қалаларды және елді мекендерді қамтып, олардың физикалық, климаттық және табиғи сипаттарын егжей-тегжейлі сипаттайды. Бұл бөлімде аймақтардың өзендері, тау жоталары, шөлдер, оазистер және басқа да табиғи ерекшеліктері қарастырылады, олардың жергілікті қоғамның дамуына әсері талданады.

Сонымен қатар, Әбул-Фида араб қалаларының тарихи және мәдени мәніне ерекше назар аударады. Ол әр қаланың сәулет өнері, жергілікті жерлер, мәдени ескерткіштер мен өзге де ерекшеліктерін сипаттай отырып, маңызды тарихи оқиғаларды баяндап, белгілі тұлғалардың өмірі мен қызметін көрсетеді. Мұндай ақпарат араб әлемінің әлеуметтік-тарихи дамуын терең түсінуге мүмкіндік береді және әртүрлі аймақтардың тарихи маңызын айқын көрсетеді.

«Араб жерлері» бөлімі Әбул-Фиданың географиялық деректерді тарихи және мәдени контекстпен ұштастыра отырып ұсынғанын көрсетеді. Автордың әдістемелік тәсілі әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты салыстырып, сенімді және нақты мәліметтерді беру арқылы араб әлемінің картасын толық және ғылыми негізде сипаттауға бағытталған. Мысалы:

- **Қалалардың маңыздылығы.** Ол өзінің сәулеттік мұраларымен әйгілі Сириядағы Дамаск қаласын, оның ішінде Дамаск Ұлы мешітін сипаттайды. Бұл мешіт әлемдегі ең көне және әйгілі мешіттердің бірі және қаланың діни және мәдени маңыздылығының символы ретінде қызмет етті.

- **Сәулет, көрнекті орындар және мәдени ескерткіштер.** Мысырдағы Каир қаласы туралы айтады, онда ол Гиза пирамидасын көрнекті жер ретінде атап өтеді. Бұл пирамида перғауындардың қабірі қызметін атқарып, ежелгі Египет өнері мен сәулет өнерінің символына айналды.

- **Тарихи оқиғалар.** Мұхаммед пайғамбардың туған жері болғандықтан ислам тарихында маңызды рөл атқаратын Мекке қаласы туралы айтады. Меккенің тарихи маңызы ислам дінінің таралуымен байланысты және миллиондаған діндарлар үшін рухани мәннің қайнар көзіне қалай айналғандығы жайында.

- **Атақты тұлғалар.** Бағдад қаласы туралы айтып, онда Аббасид халифі Харун ар-Рашидтің маңызды рөлін атап өтеді. Харун ар-Рашид ғылым мен өнердің қамқоршысы болды және оның билігі Бағдадтың және бүкіл ислам әлемінің мәдени дамуына айтарлықтай әсер етті.

Сонымен қатар «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегіндегі «Араб жерлері» бөлімі араб әлемінің әртүрлі аймақтарының тарихи маңызын ашады. Бұл бөлімде

Әбул-Фида осы елдерге әсер еткен ұлы империялар, әулеттер мен мәдени қозғалыстар туралы баяндайды.

- **Ислам халифаты.** Автор әсіресе Аббасидтер тұсындағы Ислам халифатының көтерілуі мен ықпалын сипаттайды. Ол Бағдатты Аббасидтер империясының астанасы деп атап, аймақтағы ғылым, мәдениет және сауданың дамуына назар аударады. Аббасидтер әулетінің билігі, әсіресе Бағдатта ғылым мен мәдениет және өнердің гүлденген уақыты болды. Әбул-Фида Солтүстік Африка мен Египетте билік еткен Фатимидтер әулетін сипаттайды. Ол Каир университетінің мешітінің (әл-Азһар) құрылуын және ислам ғылымы мен мәдениетін таратудағы Фатимидтердің рөлін айтады. Тағы бір қызық аспект – Саладин негізін салған Айюбилер әулетінің сипаттамасы. Автор Саладин туралы көрнекті қолбасшы ретінде және оның Иерусалимді азат етудегі рөлі туралы жеткізеді. Ислам тарихында Омейядтар әулеті үлкен мәнге ие болды және Әбул-Фида бұл әулетке де назар аударды. Дамаскідегі Омейядтар кезеңі және олардың исламның таралуына қосқан үлесі туралы баяндалады.

- **Андалусия.** Андалусия туралы айта отырып, Әбул-Фида ортағасырлық ғылым мен мәдениетте маңызды рөл атқарған араб ғалымдары, зерттеушілері мен философтарының маңыздылығын көрсетеді. Ол Ибн Сина, Ибн Рушд және қол жазбалары білімнің әртүрлі салаларына әсер еткен басқа да ғалымдардың есімдерін зерттейді. Ғалым Андалусиядағы «Алтын ғасыр» кезіндегі мәдени және ғылыми дамудың маңыздылығын қарастырады. Ол Кордованы арабтар, еврейлер және христиандар өнер мен ғылымның әртүрлі салаларына үлес қосқан көпмәдениетті кеңістіктің орталығы ретінде сипаттайды.

- **Ұлы Селжұқ империясы.** Автор Ұлы Селжұқ империясының маңыздылығын және оның ислам дінінің таралуына және ғылымның дамуына қосқан үлесін сипаттайды. Мәдениет және білім ошақтары ретінде Исфахан мен Бағдад сияқты қалаларды атайды.

- **Мәмлүк әулеті.** Таяу Шығыс тарихында Египет пен Сирияда билік еткен мәмлүк әулеттері маңызды рөл атқарды. Әбул-Фида мәмлүктердің әскери жетістіктерін және олардың аймаққа әсерін талдайды.

3) **«Месопотамия»** бөлімінде «Тақуим әл-Бұлдан» авторы қазіргі Ирак жерінде орналасқан бұл жердің географиясы мен тарихы туралы толығырақ мәлімет береді. Ол Месопотамиядағы маңызды қалалар мен аймақтарды егжей-тегжейлі көрсетеді:

- **Ур.** Ежелгі Месопотамияның ең атақты қалаларының бірі, адамзат тарихындағы алғашқы жазбаша заңнаманың «Ур заңының» [40] туған жері болып саналады.

- **Вавилон.** Бабыл мұнарасы (Зиггурат) және Бабыл қақпалары сияқты әйгілі ғимараттарымен танымал ұлы қала-мемлекет.

- **Урук.** Месопотамияның көне қалаларының бірі, мұнда ең көне жазу жүйесінің бірі – сына жазуы табылған, сонымен қатар аңызға айналған батыр Гильгамеш осы қалада өмір сүріп, билік жүргізген.

- *Ниннур*. Инанна әйел-құдайы ғибадатымен байланысты үлкен діни маңызы бар ежелгі қала.

Сонымен қатар, автор Месопотамияның ежелгі өркениеттердің орталығы ретіндегі маңызы туралы айта отырып, оның ауыл шаруашылығының, қала өмірінің, сәулеттің және мәдениеттің басқа да аспектілерінің дамуына әсерін қарастырады. Ол Месопотамияда болған ұлы патшалардың билігі, соғыстар, сауда қатынастары және басқа аймақтармен мәдени алмасу сияқты тарихи оқиғаларға назар аударады. Месопотамиямен байланысты атақты қайраткердің мысалы ретінде адамзат тарихындағы алғашқы нормативтік құжаттардың бірі болған «Хаммурапи кодексі» [53] заңдарымен әйгілі Вавилон патшасы Хаммурапиді келтіруге болады.

4) *Мысырға* арналған бөлімде «Тақуим әл-Бұлдан» атты еңбегінде автор Әбул-Фида осы көне елдің географиясы мен тарихын терең зерттеп, нақты аспектілері мен нысандарына ерекше назар аударады:

- *Каир географиясы*. Әбул-Фида Египеттің астанасы және ең үлкен қаласы Каирдің географиялық орнын жүйелі сипаттайды. Ол қаланың мәдени, экономикалық және саяси орталық ретінде дамуына ықпал еткен географиялық координаттарды, Ніл өзеніне жақындығын және соған байланысты географиялық факторларды талдайды.

- *Александрияның архитектуралық мәліметтері*. Әбул-Фида Александрияның архитектуралық ерекшеліктеріне, оның ішінде бірегей ғимараттарына, ескерткіштеріне және инфрақұрылымына назар аударады. Ғимараттарда қолданылатын архитектуралық стильдерді талдап, оларды тарихи кезеңдерге, мәдени әсерлерге байланыстырады. Мәселен:

Фарос шамшырағы. Александрияда ежелгі әлемнің жеті кереметінің бірі, Фарос шамшырағы орналасқан. Әбул-Фида бұл шамшырақтың архитектуралық ерекшеліктерін, оның биіктігін, құрылысын және теңізшілерді бағыттаудағы рөлін қарастырады. Ол сондай-ақ шамшырақтың мәдени шығу тегі мен оның қалалық ландшафтқа әсерін анықтайды.

Ескендір Зұлқарнайынның ескерткіші. Александр Македонский ескерткіштерімен байланысты архитектуралық стильдер мен бөлшектер сипатталады. Автор осы атақты әскери қолбасшы және Александрияның негізін қалаушыға арналған мүсіндерді, ғимараттарды және басқа құрылымдарды айқындайды.

Ғибадатханалар мен ғимараттар. Әбул-Фида Александрияның әртүрлі храмдарын, сәулет құрылымдарын және қоғамдық ғимараттарын суреттейді. Мысал ретінде Серафим храмы, Цезарь храмы және басқа да ғибадат ету орындары мен әлеуметтік маңызы бар ордалар. Ол осы ғимараттарда қолданылған грек, мысыр, рим стильдері сияқты архитектуралық ерекшеліктерді және олардың қала сәулетіне әсерін талдайды.

Бағандар мен аркалар. Ғалым бағандар мен аркалар сияқты архитектуралық элементтердің ерекшеліктерін жеткізеді. Мысал ретінде Рим императоры Диоклетианның құрметіне салынған және күш пен құдіреттіліктің символы болған Диоклетиан бағанасын келтіруге болады.

Бекіністер мен қорғаныс. Александрия тарихында болған қамалдар мен бекіністердің архитектуралық бөлшектері мен қаланы қорғаудағы рөлі қарастырылады. Бұл қала тарихында маңызды болған Байбарыс бекінісін де қамтиды.

- **Нілдің тарих пен қоғамдағы рөлі.** Әбул-Фида өз зерттеуінде Ніл өзенінің Мысыр үшін маңызды ресурс ретіндегі рөліне назар аударады. Оның тарихи дәуірлердегі ауыл шаруашылығын, сумен қамтамасыз етуді және сауданы дамытудағы маңызын талдайды.

- **Мәдени ескерткіштер мен діни ғимараттар.** Автор Гиза пирамидалары, Карнак храмы және басқа да діни ғимараттар сияқты Египеттің сәулет және мәдени ескерткіштерін жан-жақты зерттейді. Олардың тарихи және мәдени маңызын, сондай-ақ ежелгі мысырлықтардың наным-сенімдерімен және діни әдет-ғұрыптарымен байланысын сипаттайды.

- **Патшалар алқабы және жерлеу тарихы.** Әбул-Фида патшалар алқабының құпияларын, Ежелгі Египеттің перғауындары мен көрнекті тұлғаларының жерленген жерінің ерекшеліктерін ашады. Ол бейіттердің архитектуралық болмысын талдап, жерлеу рәсімдерін қарастырып, бұл алқаптың айрықша мәнге ие болған тарихи кезеңдерін көрсетеді.

- **Табиғат ерекшеліктері мен климаты.** Автор Египеттің табиғи рельефі, климаттық жағдайы және өзендері сияқты географиялық белгілерге назар аударады. Ол осы факторлардың қоғам мен ауыл шаруашылығының тарихи дамуына әсерін талдайды.

5) «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегінің **«Парсы»** тақырыбына арналған бөлімінде осы аумақтың географиялық, тарихи және мәдени аспектілерін жан-жақты талдауға баса назар аударылады. Әбул-Фида Персияның ерекшеліктерін, оның ішінде топографиялық сипаттарын, ежелгі қоныстарын, әлеуметтік құрылымдарын және мәдени мұраларын мұқият зерттейді. Бұл бөлімде келесі негізгі элементтер талқыланады:

- **Персия географиясы.** Автор климаттық жағдайларды, табиғи ресурстарды және географиялық құрылымдарды қоса алғанда, Парсы географиялық сипаттамаларына кешенді талдау жасайды. Мысал ретінде Загрос тауларын, Иран таулы аймақтарын және Евфрат өзенін сипаттау, сонымен қатар олардың аймақтың экономикалық және мәдени өмірі үшін маңыздылығын келтіруге болады.

- **Тарихи эволюция.** Әбул-Фида Парсы елінің тарихи дамуын талдап, оның тарихының маңызды кезеңдерін, ұлы империялардың ықпалын және негізгі оқиғаларды көрсетеді. Мысал ретінде Парсы Ахеменидтер империясын, оның көтерілуі мен құлдырауын, сондай-ақ Александриялық жаулап алу жорығының аймаққа әсерін қарастыруға болады.

Зерттеуші парсы Ахеменидтер империясының пайда болуы мен қалыптасуына назар аударып, оның қалыптасуының маңызды кезеңдерін және біздің дәуірімізге дейінгі 6-5 ғасырлардағы алғашқы кеңеюін көрсетеді. Бұл кезең ұлы державалық құрылымдардың құрылуымен, орталықтандырылған басқарумен және экономикалық қатынастардың дамуымен сипатталады. Мысал

ретінде империяның әкімшілік ұйымын, оның ішінде сатрапияларды, олардың шаруашылық пен басқарудағы рөлін сипаттауды келтіруге болады. Автор Ұлы Кир, II Камбиз, I Дарий сияқты патшалардың тұсында болған Парсы Ахеменидтер империясының гүлдену кезеңін талдайды. Осы кезеңде империяның өркендеуі, өнері мен мәдени әртүрлілігі жоғары деңгейге көтерілді. Әбул-Фида осы уақыттың мәдени жетістіктерін, мысалы, Персеполис ғимараттары мен рельефтік өнерді, сондай-ақ сауда және дипломатия арқылы басқа мәдениеттермен байланысын сипаттайды. Сонымен қатар, автор парсы Ахеменидтер империясының құлдырауын да қарастырады, оған ішкі факторлар да, сыртқы күштердің ықпалы да әсер етті. Бұл кезең II Ксеркс және IV Артаксеркс сияқты патшалардың билігімен байланысты болды. Әбул-Фида бұл құлдыраудың аймақтағы саяси жағдайға тигізген әсерін, одан кейінгі тарихи үдерістердің қалыптасуына әсерін талдайды.

Тарихи эволюция аясында Әбул-Фида Александриялық жаулап алу жорығының Персияға тигізген әсерін және оның ұзақ мерзімді салдарын қарастырады. Ол Ескендір Зұлқарнайынның Парсы империясын жаулап алуына байланысты әскери оқиғаларды, осы жаулап алу жорығынан кейінгі аймақтың саяси және мәдени ортасындағы өзгерістерді талдайды. Мысал ретінде Персеполісті жаулап алу және оның аймақтың билік құрылымы мен мәдени динамикасына салдары сипатталған.

- *Сәулет өнерінің жетістіктері.* Әбул-Фида өзінің еңбегінде парсы патшаларының билігі мен сән-салтанатының көрінісі ретінде танылған парсы сарайлары мен сәулет кешендерін жан-жақты талдайды. Автор парсы сәулет өнерінің ерекшеліктерін көрсету үшін ең көрнекті мысалдардың бірі ретінде Ктесифондағы Сасанидтер сарайын атап көрсетеді. Сарайдың бағандары, сәнді мозаикалық өрнектері, аркалары және әртүрлі безендіру элементтері сәулет өнерінің жоғары шеберлігін айқын көрсетеді. Әбул-Фида осы элементтерді талдай отырып, парсы сарайларының эстетикалық, техникалық және мәдени мәнін ашады, сондай-ақ олардың уақыт бойы дамуы мен эволюциясын сипаттайды.

- Бағандар, аркалар, фрескалар және сылақ сияқты сәулет элементтері парсы сәулет өнерінің өзіндік ерекшеліктерін айқындайтын басты компоненттер ретінде талданылады. Әбул-Фида олардың конструкциялық рөлін, декоративтік мәнін және патшалық биліктің көрсеткіші ретінде қызмет етуін ғылыми тұрғыдан талдайды. Сарайлардың архитектуралық шешімдері мен безендіру элементтері билік пен саяси мәртебенің көрінісі ретінде қолданылғанын көрсетеді.

- Сонымен қатар, автор парсы ғибадатханаларына да назар аударады. Діни тәжірибе мен культтік рәсімдердің орталығы болған ғибадатханалардың архитектуралық құрылымы мен сәндік элементтері ерекше мәнге ие. Мысал ретінде Персеполістегі Ангак (Ангарак) ғибадатханасын келтіруге болады. Бұл ғибадатхана монументалды құрылымдарымен, бағандарымен, бай тас қашауларымен және композициялық үйлесімімен ерекшеленеді. Әбул-Фида ғибадатханалардың макеті, бағандары, мұрағаттары, ою-өрнектері және

зороастризм діні контекстіндегі рөлін, маңызын және қызметін егжей-тегжейлі сипаттайды. Ғибадатханалардың сәулеттік шешімдері діни рәсімдердің өткізілуіне, рухани тәжірибеге және қоғамдағы культтік рөлге тікелей қатысты екені көрсетіледі.

- Автор зерттеген бірегей аспектілердің бірі – зороастризм алаулары, яғни киелі мәңгілік оттар. Зороастрийлер үшін бұл алаулар рухани ағартушылық пен құдайдың әмірін бейнелейтін маңызды объектілер болып саналады. Әбул-Фида өрттердің сәулеттік ерекшеліктерін егжей-тегжейлі сипаттайды: өрт қоймаларының құрылымы, құрбандық үстелдерінің орналасуы, діни рәсімдер мен наным-сенімдермен байланысты элементтер. Осы арқылы ол зороастрий алауларының рухани және мәдени маңызын, сондай-ақ олардың сәулет өнеріндегі ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан ашады.

- Жалпы, Әбул-Фида парсы сәулет өнерін талдай отырып, архитектуралық элементтердің тек эстетикалық немесе құрылымдық мәнін ғана емес, сонымен бірге саяси, мәдени және діни контексттегі қызметін де жүйелі түрде көрсетеді. Бұл зерттеу парсы патшалық дәуірінің сәулет өнері мен діни тәжірибесін кешенді түрде түсінуге мүмкіндік береді.

- **Мәдени мұра.** Автор Омар Хайям сияқты ұлы парсы ақындарының маңыздылығы мен ықпалын атап көрсете отырып, парсы әдебиетінің дәстүрлеріне тоқталады. Оның философиялық және лирикалық шығармаларын қарастыра отырып, ақын шығармашылығында көрініс тапқан дүниетанымдық және эстетикалық құндылықтарды талдайды. Жұмыста парсы өнеріне, оның ішінде сәулет формаларына, кескіндеме мен оюға ерекше мән берілген. Мысал ретінде парсы сарайлары мен храмдарындағы миниатюралар мен фрескаларды, сонымен қатар сәулеттік безендіруге тән мозаикалық және өрнекті бөлшектерді келтіруге болады. Парсы өнер туындыларының символизмі мен стиліне, сондай-ақ олардың басқа мәдениеттердің көркемдік дәстүрлеріне ықпалына назар аударады.

Бұған қоса, автор Парсы елінің ғылым мен философияның, оның ішінде математика мен астрономияның дамуына қосқан үлесін зерттейді. Ол парсы ғалымдарының осы салалардағы жетістіктері мен үлестерін, парсы ғылыми ой-пікірлері мен басқа мәдениеттер арасындағы байланыстарды талдайды.

б) **Үндістанға** арналған бөлімде Әбул-Фида осы аймақтық бірліктің географиялық және тарихи аспектілеріне егжей-тегжейлі талдау жасайды, оның сан алуан тарихи-мәдени болмысының негізгі ерекшеліктерін көрсетеді:

- **География және аймақтық ерекшеліктері.** Автор Үндістанның географиялық ерекшеліктеріне, оның ішінде орналасуына, табиғи ресурстарына, климаттық жағдайларына және географиялық морфологиясына назар аударады. Ол Гималай тау жоталарынан бастап Ганг пен Ямуна өзендері сияқты жазықтар мен су жолдарына дейін әртүрлі көріністерді суреттейді. Тау жүйелері, шөлді аймақтар мен жағалаулар сипатталады.

- **Тарихи эволюция.** Әбул-Фида өзінің еңбегінде Үндістанның тарихи эволюциясын ежелгі дәуірден бастап, өзінің қазіргі заманында қалыптасқан саяси, әлеуметтік және мәдени құрылымдарға дейінгі кезеңдер бойынша

талдайды. Ол тарихи оқиғаларды тек хронологиялық тұрғыда сипаттап қана қоймай, әрбір кезеңнің аймақтық ерекшеліктері мен олардың қоғам өміріне әсерін жан-жақты қарастырады. Әсіресе, елдің саяси, әлеуметтік және діни болмысының қалыптасуына әртүрлі империялар мен династиялардың ықпалына ерекше көңіл бөледі.

- Әбул-Фида талдауында тарихи кезеңдердің мысалдары нақты келтіріледі. Мысалы, Маурян әулеті Үнді субконтинентіндегі орталықтандырылған басқару жүйесінің қалыптасуына және әкімшілік институттардың дамуына айтарлықтай үлес қосқанын көрсетеді. Гупта империясы мәдени өркендеудің, ғылым мен өнердің, сондай-ақ индуизмдік діннің кең таралуының маңызды кезеңі ретінде сипатталады. Сонымен қатар, исламдық жаулап алулар мен олардың аймақтық саяси құрылымдарға, мәдени және діни дәстүрлерге тигізген әсері де ерекше атап өтіледі. Бұл кезеңдерде саяси билік пен мәдениет арасындағы өзара байланыстар, діннің әлеуметтік өмірдегі рөлі, сондай-ақ экономикалық және әскери факторлардың ықпалы жан-жақты талданады.

- Әбул-Фида өз зерттеуінде тек билеуші әулеттердің әрекеттерін ғана емес, сонымен қатар олардың халыққа, жергілікті қоғам құрылымына және мәдениетке тигізген ұзақ мерзімді әсерін де қарастырады. Бұл тәсіл тарихи эволюцияны кешенді талдауға мүмкіндік береді, өйткені ол тек оқиғалар хронологиясын көрсетуге емес, олардың себеп-салдарын, әлеуметтік және мәдени контекстін түсінуге бағытталған.

- **Қалалар мен көрнекті орындар.** Автор Үндістанның әртүрлі қалалары мен астаналық аудандарын, сондай-ақ олардың мәдени және тарихи маңызын сипаттайды. Мысал ретінде тарихи ескерткіштері бар Делиді және Ганг өзенінің жағасындағы қасиетті храмдары бар Кашиді келтіруге болады. Әбул-Фида ғимараттарда қолданылатын архитектуралық стильдерді талдап, оларды мәдени және тарихи әсерлермен байланыстырады.

- **Діни және мәдени аспектілер.** Автор Үндістанның діни және мәдени аспектілерін, оның ішінде нанымдардың, рәсімдердің және өнердің әртүрлілігін қарастырады. Ол қоғамдағы діннің рөлін, сондай-ақ үнді классикалық музыкасы мен биі сияқты мәдени дәстүрлерді сипаттайды. Талдау мысалдары – буддизмнің үнді философиясына әсері немесе дәстүрлі үнді маскаларының өнері.

7) Әбул-Фида **Қытайға** арналған бөлімде бұл көне өркениеттің географиясы, тарихы мен мәдени болмысының маңызды аспектілерін талдап, нақты мысалдар келтіріп, аймақтың ерекшелігін толығырақ ашатын атаулар береді:

- **Географиялық ерекшеліктер мен табиғи ресурстар.** Автор Қытайдың географиялық ерекшеліктерінің әртүрлілігін, оның ішінде ландшафттарын, климаттық белдеулерін және табиғи ресурстарын зерттейді. Мысал ретінде Тибеттің биік таулы жерлерін, Юньнанның көркем ландшафттарын сипаттау, Янцзы өзенінің елдің экономикасы мен мәдениеті үшін маңызын келтіруге болады.

- *Тарихи эволюция және империялардың ықпалы.* Әбул-Фида Қытайдың тарихи эволюциясының маңызды кезеңдерін талдап, оның бірегейлігін қалыптастырудағы негізгі империялар мен әулеттердің рөлін анықтайды. Цинь әулеті мен оның елдің мәдени және саяси дамуына ықпалын қарастыру мысал бола алады.

- *Мәдени мұра және сәулет ескерткіштері.* Автор Қытайдың мәдени мұрасын сипаттай отырып, оның қайталанбас ерекшеліктері мен әлемдік мәдениетке ықпалын көрсетеді. Мысал ретінде қорғаныс пен инженерияның символы болған Ұлы Қытай қорғаны, Уншан тауларындағы көне будда храмдарын келтіруге болады.

- *Мәдениеттің дүниежүзілік тарих пен өнерге әсері.* Автор Қытай мәдениетінің әлемдік тарих пен өнерге әсерін қарастырады. Мысалы, конфуцийшілдік пен даосизмнің Қытайдан тысқары жерлерге таралуы, сондай-ақ қытай кескіндемесінің және каллиграфиясының әлемдік өнердің дамуына ықпалын келтіруге болады.

8) *«Франктер, түркілер және басқа [жерлер] елдерін қамтитын Жердің солтүстік бөлігінің оқиғасы»* деп аталатын бөлімде Шығыс Еуропа елдері мен халықтары сипатталады. Сонымен қатар, қарастырылып отырған аймақ туралы кең көлемді материал эссенің жалпы географиялық кіріспесінде Шығыс Еуропаны шайып жатқан теңіздер және оның аумағы арқылы ағып жатқан өзендер туралы оқиғалардың бөлігі ретінде берілген.

Жоғарыда айтқандай, «Тақуим әл-Бұлданның» үш қолжазба нұсқасы бар екені белгілі, бірінші қолжазба Парижде, Ұлттық кітапханасында (Bibliothèque Nationale, Ancienfondsarabe 578). Қолжазбаның өзі кейбір ақаулары бар ескі араб қолжазбасы күйінде сақталған, кейбір жерлері тозған, беттерінің шеттері жұлынып қалған. Автор парақтардың шеттеріне асығыс жазбалар қалдырған, не жазылғанын анықтау мүмкін болмады. Бірақ қолжазба қайта басылып, Ұлттық кітапханада № 679 нөмірі бойынша архивте сақтаулы. Бұл қолжазба 1665 жылы Лейденде жоғалған қолжазбадан көшірілген. Бұл қолжазбада автор тарау санын жиырма тоғызға жеткізіп, Түркістанға жеке тарау арнап, кейін оны өшіріп тастаған. Кейбір жерлерде әртүрлі авторлардың, негізінен, Ибн Саидтың басқа көшірмелерде жоқ азды-көпті ұзақ үзінділерін байқаймыз. Автор бұл үзінділердегі қайталауларды, тіпті қателерді көріп, кейінірек оларды жоюды жөн көрген сияқты.

Екінші қолжазба Лейденнің қоры бай кітапханасында үш данада сақталған. «Тақуим әл-Бұлданның» Лейдендік данасы № 678 нөміріне сәйкес. Онда тараулар саны жиырма тоғыздан жиырма сегізге дейін қысқартылды, шамасы, уақыт өте келе Әбул-Фиданың тараулары туралы идеялар мен ойлары аздап өзгеріп, мәтіндерден кейбір үзінділер мен көріністер алынып тасталды, жаңа ескертулер де жазылды. Бұл қолжазбаның басқа қолжазбаларға қарағанда баға жетпес артықшылығы бар, өйткені оны Әбул-Фиданың өзі қайта жазып, түзетіп, толықтырған. Француз ғалымдары Лейден қолжазбасының соңғы басылымын Әбул-Фиданың өзі жасаған деп есептейді. Өйткені, елді мекендердің нақты сипаттамасында № 678 нөмірлі көшірме алдыңғы екі

қолжазбадан мүлде өзгеше, қалған екі данада бар үзінділер жоқ. Алғашқы даналардың кестелеріндегі сәйкессіздікті байқаған автор, оның пікірінше, кітаптың мазмұнын жақсартатын тәртіпті өзгертуге шешім қабылдағанға ұқсайды. Бұл қолжазба бойынша Әбул-Фиданың дүниеден өткенше жұмыс істегені белгілі. Үшінші қолжазба нұсқасы Санкт-Петербургте (IV RAS 594). Бұл тізімдердің мәтіндері айтарлықтай ерекшеленбейді.

Баспахана пайда болғанға дейін қолжазба кітаптар автордың қолынан қалай қалса, сол күйінде сақталған деген пікір болды. Алайда, бұл шындыққа сай келмейді, теория жүзінде олар өздері жазған қолжазбаны тарату мақсатында қайта жазуды өз мойнына алған көшірмешілерге тапсырды, бірақ автордың өзі бірдеңені түзетуге немесе кейбір жаңа фактілерді ұсынуға шешім қабылдаған сәттер болған. Содан кейін ол өзгертулер енгізіп, мәтіндерді өңдеуді жүзеге асырды және осы себепті қолжазбалар бір-бірінен ерекшеленуі мүмкін.

Үш қолжазбада да екінші тарау араб елдерінен басталады, Арабиядан кейін Мысыр мен Мағриб, одан кейін Испания айтылады. Осы тарауда Орталық және Оңтүстік Африка соңғы жағында жазылған. Дәл осылай Испаниядан кейін айтылудың орнына Африканың оңтүстігінен кейін Еуропа туралы ақпарат берілген. Француз шығыстанушылары Ж. Рено мен Гукэн де Слан бұл екі тарауда сипатталған елдер экваторға қатысты орналасуына қарай осы ретпен сипатталған деп есептейді [47, 583 б.]. Осыған байланысты араб елдері автордың шығу тегін ескере отырып, аса құрметпен қарастырылады және Әбул-Фиданы араб елдерінің басымдықтарын кітаптың ортасына қоюға итермелеген тағы бір себеп бар – арабтар олардың елі әлемнің орталық бөлігінде орналасқан Атлант мемлекеті, ал исламдық көзқарас бойынша Қағба ғибадатханасы жердің басталуы орталығы болып саналады. Сондықтан Әбул-Фиданың Арабияны дүниенің орталығы деп санауы – заңды құбылыс.

Кестелерге көшпес бұрын, жеті климаттық белдеу туралы не білу керектігі туралы баяндау қажет. «Климат» терминімен Әбул-Фида жер беті бөлінген ендік белдеулерін білдірді. Астрономиялық ұғымға қарама-қарсы «әл-иклим әл-‘урфийу» («шартты немесе астрономиялық климат») және «әл-иклим әл-хакикиййу» («шынайы климат») деп аталатын барлығы 7 климаттық белдеу бөлінді. Материалды жүйелеуде Әбул-Фида X ғасырдағы «классикалық мектептің» ежелгі және ортағасырлық географтары қабылдаған сол кездегі ұстанымды қолданды, ол – астрономиялық емес, географиялық аймақтар бойынша бөлу. И.Ю. Крачковский «Тақуим әл-Бұлдан» кітабында былай деп жазды: «...әл-Балхи классикалық мектебінің әсері айқын көрінеді, ал Иран елдерін басым түрде көрсетуде тіпті «Ислам атласы» ықпалын сезінуге болады» [54].

Жүйелеуге келетін болсақ, Әбул-Фида мәтініндегі жекелеген қалалар мен елдер туралы материалдар кесте түрінде орналастырылған. Кестелер екі бетті құрайды және әр бет оң жағында он блокқа бөлінген. Араб әрпімен, яғни оңнан солға қарай жазылған тік бағандардың келесідей атаулары бар:

1. реттік нөмірі;

2. аймақтың атауы;

3. берілген географиялық аймақ туралы баяндайтын авторларға және олардың еңбектерінің атауларына сілтеме;

Өз кезегінде, аймақтың географиялық координаттарының төртінші бағанасы төрт тұтас ұяшыққа бөлінеді, олардың екеуі кішірек бірліктерге бөлінеді:

4. ауданның географиялық координаталары;

4.1 елді мекеннің бойлық координаталары градустар мен минуттар бойынша;

4.2 градус пен минуттағы ендік координаталары;

4.3 елді мекен кіретін «шынайы климаттың» көрсеткіші;

4.4 кез келген елді мекен кіретін шартты немесе астрономиялық климаттың (яғни, аймақ, ел) көрсеткіші;

5. атауларды жариялау бағаны;

6. Соңғы бағанда сипаттамалық мәлімдеме түріндегі елді мекен туралы ақпарат көрсетіледі.

Соңғы баған туралы айтатын болсақ, араб сөзінде әдетте бұл сөздің дауыссыз түбір әріптері ғана жазылатынын атап өткен жөн, араб әліпбиінде бір-біріне ұқсас әріптер бар, оларды тек әріптің үстінде немесе астында орналасқан нүктелер арқылы ажыратуға болады. Кестелерде географиялық орындарды атау кезінде кейде нүктелер қойылмай, сөз алдын ала белгілі болмаса, оқылмай, түсініксіз болып қалады. Көшірмешілер қате жіберіп, әріптердің үстіндегі нүктелерді шатастырмау үшін Әбул-Фида сөздегі әр әріпті бөлек-бөлек анықтап жазды. Әбул-Фида кестесінің мысалдары төменде, қазақшаға аударылған нұсқасы (1-қосымша, 2-қосымша, 3-қосымша).

Талдау көрсеткендей, Әбул-Фиданың еңбегіндегі кестелік құрылым белгілі бір стандарттар бойынша ұйымдастырылған, бірақ кейбір маңызды кемшіліктерге ие. Мұндай кестелер әдетте мынадай графалардан тұрады: 1) нөмірлік тәртіп қатары; 2) елді мекеннің атауы; 3) дереккөздер; 4) жердің географиялық координаты; 5) елді мекеннің бойлық координаты (градус пен минутпен); 6-7) ендік координаты (градус пен минутпен); 8) елді мекенге қатысты «табиғи климат» сипаттамасы; 9) «шартты немесе астрономиялық климат» сипаттамасы (яғни, облыс немесе елге қатысты); 10) атаулардың дыбысталуына арналған бағана.

Дегенмен, кестелердің құрылымында бірқатар кемшіліктер анықталады. Әр бетте бес, алты немесе жеті жолаққа сәйкес географиялық атаулар саны берілген, бірақ бұл сан барлық атаулардың сипаттамасын толық қамтуға жеткіліксіз. Нәтижесінде, әрбір жер атауы жеке сипаттамаға лайық болуы тиіс жеті санымен сәйкес келмейді. Бұл жүйесіздік кейбір қалалар мен провинциялардың сипаттамадан тыс қалуына әкеледі, ал кейбір топонимдер бір кестелік формадан екіншісіне көшкен.

Сонымен қатар, географиялық аймақтарды сипаттау деңгейі біркелкі емес. Кейбір провинциялар немесе елді мекендер қысқаша сипатталған болса, басқа қалалар мен маңызды географиялық объектілер әлдеқайда кеңірек

талдауды қажет етеді. Алайда кестелердегі ұяшықтардың көлемі мен мазмұны бұл талапты толық қамтамасыз етпейді. Автор бұл олқылықты түзету үшін беттердің жоғарғы және төменгі жағына қосымша жолдар енгізуді ойластырған, бірақ бұл жолдар толық сипаттама беруге жеткіліксіз болды, мәтіндердің құрылымы мұқият жазылғанымен, кейбір географиялық деректер толық ашылмаған.

Әр кестеде географиялық аймақ атауларына реттік нөмірлер берілген, бұл деректерді жүйелеу тұрғысынан оң нәтиже береді. Алайда басқа географтардан айырмашылығы, Әбул-Фида әр аймақтың климатын картамен немесе кең көлемді сипаттамамен көрсетуге көп көңіл бөлмеген. Оның басты мақсаттары – қала, ауыл, елді мекен, тау, көл, өзен сияқты географиялық объектілердің атауларын дұрыс беру және олардың бойлықтары мен ендіктерін дәл көрсету болды. Бұл тұрғыда ол өзін нағыз филолог ретінде көрсеткен, себебі әрбір топонимнің дұрыс жазылуы мен фонетикалық ерекшеліктерін сақтау ең басты мәселе болып саналған.

Географиялық атауларды жазуға ерекше назар аудару керек. Географиялық жер атауларын өзгертуді араб жазушылары араб көшпенділері алғаш рет өздерінің ыстық шөлдерінің шегінен шығып, шыжыған шөлдерді, көне қалаларды, ауылдарды аралап, құм төбелер мен өзендерді кесіп өтетін көркем оазистер мен тау асулары арқылы керуен басқарған кезден бастап енгізген болуы мүмкін екенін есте ұстаған жөн. Сондықтан әр әріптің мағынасын түсінуге тырыспау керек, өйткені бұл қолжазбаның көшірмелері дұрыс немесе бұрыс болғанына қарамастан, өкінішке орай, енді оны түзету мүмкін емес. Алайда, бір кездері Әбул-Фиданың географиясын жаңғыртып, дұрыс жазылуын жан-жақты жалғастыруды көздеген адамдар болды. Мысалы, француз ғалымдары Ж.Т.Рено мен У.де Слэн, олар оның кітабын аударумен айналысты, сонымен қатар зерттеу жұмыстарын жүргізіп, «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегінің құрылымын қарастырып, қолжазбаны баспаға дайындады.

Әбул-Фида көрсеткен бойлық пен ендік градусындағы аумақтың координаталары сандармен емес, араб әліпбиінің әріптерімен жазылған. Бұл әріптер сандар ретінде пайдаланылған. Белгілер кейде қолжазба үш нұсқасында әр түрлі болады. Шындығында, орта ғасырларда араб әліпбиінің әріптері сияқты, басқа семит алфавиттерінің әріптері де сандық мәнге ие болды. Әбул-Фиданың қолжазбаларында тек нөл санының ерекше формасы бар. Автордың өзі былай дейді:

«Есімдерді түзетуге және олардың дәл жеткізілуіне арналған кітаптарға келсек, олар – әс-Сам’анидің «Китаб әл-ансаб», Якут әл-Хамауидің «әл-Муштарик», «Китаб музил әл-иртияб ‘ан муштабих» және «Китаб әл-Файсал» (екеуі де Әбу-л-Маджид Исмаил ибн Хибат-л-лах әл-Маусилиге тиесілі) – атаулардың дұрыс жазылуын қамтиды, бірақ бойлық пен ендіктерді қамтымайды. Ал бойлық пен ендікті білмесе, бұл елдің орналасқан жерін білмейді және бұл елге қатысты не шығыс, не батыс, не оңтүстік, не солтүстік бағытты білмейді. Бойлық пен ендікке арналған астрономиялық кестелер мен

кітаптарға келетін болсақ, оларда атауларды дұрыс айту және қалаларды сипаттайтын баяндамалар туралы нұсқаулар жоқ» [47, 90 б.].

Әбул-Фида жазған бойлықтарда жиі айқын қателер кездеседі, бұл олардың бірдей негізгі меридианды пайдаланбаған көздерден алынғанының нәтижесі (кейбіреулер Африканың батыс жағалауын, басқалары Канар аралдарын пайдаланды); маршруттың шеткі нүктелері арасындағы қашықтықтарды ендік пен бойлық градустары мен минуттарына нашар түрлендіру және Таяу Шығыста қолданылатын карталарды қате оқу [55].

Кестелік парақтың екінші бөлігіне келетін болсақ, ол кітаптың бірінші бөлімінде айтылған жерлерді нақты сипаттауға арналған, әр жер атауының жазбаша нұсқаларын, оның географиялық координаттарын, пайдаланылған дереккөздерді, ол орналасқан аймаққа тиесілі климатты қамтиды. Еңбек жұмыста сипатталған немесе аталған жер атауларының жалпы көрсеткішімен аяқталады.

*Қорытынды:* Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегін зерттеу дәуірлік контекстте, оның авторлық кезеңінен бастап қазіргі заманға дейінгі аралықта ғылыми назарда болып келгенін айқын көрсетуге болады. Бұл зерттеу үрдісі тек замандастар деңгейінде шектелмей, әр тарихи кезеңде әртүрлі ғалымдар тарапынан өзінің методологиялық ерекшеліктерімен жүзеге асқан. Еңбектің тарихи мәні мен ғылыми құндылығы XIX ғасырдың бірінші жартысында айқын көрініс тапты: сол кезеңде «Тақуим әл-Бұлдан» қолжазбалары қайта басылып, кеңінен таратылды және зерттеушілердің назарын аударды. Бұл, өз кезегінде, шығарманың тарихи, географиялық және мәдени аспектілерінің жүйелі түрде талдануына мүмкіндік берді. Сол дәуірдегі зерттеушілер шығарманы тек деректік құндылық тұрғысынан ғана емес, оның концептуалдық құрылымын, тарихи логикасын және әлеуметтік мәнін бағалау тұрғысынан да жан-жақты қарастырды.

Шетелдік Шығыс және Батыс ғалымдарының еңбектерінде бұл шығарманың құрылымдық және мазмұндық ерекшеліктері жан-жақты талданып, оның тарихи дәлдігі мен деректік негіздері ғылыми тұрғыдан бағаланды. Шетелдік зерттеулерде әсіресе оның ортағасырлық географиялық білімнің дамуына қосқан үлесі мен тарихи сипаттамалардағы нақтылық деңгейі ерекше атап көрсетілген. Сол кезде ғылымның дамуына байланысты кейбір аспектілерде интерпретациялық айырмашылықтар туындағанымен, бұл еңбек әрқашан деректік құндылығы бар тарихи ресурс ретінде қарастырылған. Сонымен қатар, отандық ғылым саласында бұл тақырып салыстырмалы түрде жаңа болып, зерттеу әлеуеті жоғары, сондықтан заманауи пәнаралық зерттеу әдістерін қолдану арқылы шығарманың тарихи, мәдени және әлеуметтік мәнін тереңірек ашуға мүмкіндік бар.

«Тақуим әл-Бұлдан» еңбегінде пәнаралық тәсіл мен компиляция әдісінің үйлесімді қолданылуы шығарманың құрылымын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік берген. Мәтіндік және кестелік компоненттердің өзара байланысы арқылы автор оқырманға деректерді визуалды түрде де түсінікті және салыстырмалы түрде ұсынған. Бұл әдіс шығарманың тек тарихи деректерді

тізбектеп қана бермей, сол деректер арасындағы өзара қатынасты көрсетуіне, сонымен қатар олардың әлеуметтік және географиялық мәнін түсіндіруіне жағдай жасайды.

Еңбектегі кейбір деректердің дәлдігі мәселелері болғанымен, «Тақуим әл-Бұлдан» сол дәуірдің озық ғылыми туындысы ретінде қарастырылуы қажет. Мұны тек тарихи фактілерді баяндайтын дереккөз ғана емес, сонымен қатар ортағасырлық өркениеттердің әлеуметтік, мәдени және географиялық құрылымдарын зерттеуде кешенді ақпараттық ресурс ретінде талдау керек. Бұл шығарманың маңызды аспектілерінің бірі – ол ортағасырлық қоғамның өмір сүру ерекшеліктерін, географиялық кеңістіктегі байланыстарды, сондай-ақ сол дәуірдің әлеуметтік-гуманитарлық мәселелерін жан-жақты көрсетуге мүмкіндік береді.

Осы тұрғыдан карағанда, Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегі – қазіргі әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер үшін маңызды дерекқор ғана емес, сонымен қатар пәнаралық зерттеу әдістерін қолдану арқылы тарихи, мәдени және географиялық құбылыстарды кешенді талдауға мүмкіндік беретін аналитикалық құрал. Бұл еңбек зерттеушілерге тек ортағасырлық қоғамды зерттеуде ғана емес, сонымен қатар тарихи білімнің даму динамикасын, деректік дәлдіктің эволюциялық өзгерістерін және ғылыми ой-пікірдің дәуірлік ерекшеліктерін терең түсінуге де мүмкіндік береді.

## 2 ЭБУЛ-ФИДАНЫҢ АЗИЯ ҚҰРЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АҚПАРАТЫ

### 2.1 Эбул-Фиданың Мәуереннаһр, Хорезм мен Түркістанның тарихи географиясы туралы ақпараты

Эбул-Фида «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегінің екінші бөлімінде Хорезм, Мәуереннаһр мен Түркістан аймақтарын қарастырады. Бұл территорияны сипаттау барысында Йакут ибн Абдаллах ар-Руми әл-Хамауи [54] мен Эбул-Қасым Ибн Хаукал [55] есімді ғалымдардың ғылыми зерттеулеріне сүйенеді. Сонымен қатар, Самарқан, Бұқара және Ферғана өңірлері туралы жазбаларында ибн Хурдазабах, әл-Любаб [56] еңбектеріне жүгіну арқылы географиялық талдау жасайды.

Автор ғылыми туындыда Мәуереннаһрды «Тұран» даласына жатады дейді. Сондай-ақ оның құрамына кіретін елді мекендер мен қалалар да Тұранның бөлшегі және ақ-ғұндардың мекені деп суреттейді. Мәуереннаһр батыс жағынан Хорезіммен шекараласады, ал оңтүстігін Базахджаннан бастау алған Әмудария өзені шаяды, кейде бағытын оңтүстіктен солтүстікке судың бұрылысына байланысты ауыстыратын жағдайлар болады. Ғалымның жазбалары Мәуереннаһрдың солтүстік және шығыс шекаралары белгісіз екендігін айтады.

Мәліметтерге сәйкес, *Бұқара* даласы өзінің құрылымдық ұйымдастырылуымен ерекшеленген. Он бес елді мекенді біріктіріп, жан-жағы алып дуалдармен қоршалған бұл аймақ ортағасырлық қалааралық жүйенің күрделі мысалы болып табылады. Бұқараның қоршауынан тысқары жерде Фараб сияқты бірнеше маңызды тұрғылықты жерлер мен қалалар орналасқан, бұл өз кезегінде аймақтың экономикалық және әлеуметтік байланыстарының кең ауқымды болғанын көрсетеді. Бұқараның маңында Уирка деп аталатын ірі тау орналасып, оның географиялық ерекшеліктері мен қорғаныс әлеуеті қала дамуына ықпал еткені байқалады. Сонымен қатар, қала жанында тұз және ағаш өндірістері дамыған, бұл өнімдер даладан әкелінетін жыңғыл мен гаданың көмегімен өндіріс қажеттіліктеріне қызмет еткен. Бұқараға шығыс жағынан қосылатын Сұғда өзені тек гидрографиялық ресурс болып қана қоймай, оның ағысы арқылы суармалы жерлер мен ауыл шаруашылық аймақтарының дамуына да ықпал еткен. Аталған территорияда «Зауш» деп аталатын ауылдың да орналасқаны белгілі, бұл аймақтық құрылымның кең әрі кешенді екенін айқын көрсетеді.

Ғалымдардың деректерінен Бұқараның дамыған, көркем қала екенін аңғаруға болады. Мысалы, сипаттамаларға қарағанда, «Бұқараның айналасы толған бау-бақша, ал құрылыс пен ғимараттар салу жағынан оған тең келер шаһар жоқ. Оның маңындағы ауылдардың тұрғындары да Бұқара халықтарына жатады. Бұқараны оның ауылдарымен, ауыл шаруашылық алқаптарымен 12 фарсахтан тұратын бір ғана қабырға бөліп тұр. Хорасанның бұрылысында Әмударияға жақын жерде Бұқараның ең үлкен ауданы орналасқан. Самарқандық болып саналатын Сұғданың қалған бөлігі Хорасанмен шектеседі

және бұл жерді жазықтық алып жатыр» [57, 11 б.]. Бұл сипаттама қала мен оның маңындағы ауылдар арасындағы тығыз экономикалық, әлеуметтік және мәдени байланыстарды, сондай-ақ ауыл шаруашылығы мен қала құрылымының үйлесімділігін көрсетеді. Бұқараның құрылысы мен қоршауы, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, су көздеріне жақындығы және ауылдық аймақтармен байланысы оның ортағасырлық кезеңдегі стратегиялық және экономикалық маңызды орталық болғанын дәлелдейді. Сол арқылы, зерттеушілердің деректері Бұқараны тек көркем қала ретінде емес, сонымен қатар орталықтандырылған басқару, өндіріс және сауда жүйелерін қамтитын дамыған урбандық кешен ретінде бағалауға мүмкіндік береді.

Бұқараға қосылатын маңызды шаһарлардың бірі *Тоуауис* деп аталған. Қаланың айналасы дөңгеленген, берік дуалмен қоршалған, бұл оның қорғаныс әлеуетін айқын көрсетеді және ортағасырлық қалалардың әскери-стратегиялық сипаттамаларына сәйкес келеді. Тоуауистің ішкі құрылымы мен инфрақұрылымы су қоймалары мен бау-бақшаларға бай екендігін көрсетеді, бұл оның тұрғындарының тұрмыс сапасы мен ауыл шаруашылықпен байланысын айқын аңғартады. Қаланың көлемі, әсіресе өзен арқылы өтетін жерлерде ерекше байқалады, бұл жергілікті географиялық ерекшеліктер мен су ресурстарын тиімді пайдалану мүмкіндіктерін білдіреді. Тоуауистің базарлары әрдайым халыққа толы болып, экономикалық белсенділіктің жоғары деңгейін көрсетеді, сонымен қатар қала мен оның маңындағы ауылдық аймақтардың арасындағы сауда және әлеуметтік байланыстардың маңызды орталығы екенін дәлелдейді.

Қаланың Бұқарадан ара қашықтығы жеті фарсах болса, Дабусийға дейінгі арасы он екі фарсахты құрайды, бұл аймақтық саяси-экономикалық және мәдени байланыстардың кеңдігін көрсетеді. Бұқара деңгейінен аздаған қашықтықта Байканд деген қала орналасқан, бұл аймақтың урбанизацияланған және тарихи дамығандығын білдіреді. Тоуауис аймағында берік дуалдар, ірі мешіттер және мың керуеннің тоқтауына арналған арнайы орындар бар, бұл оның діни, әлеуметтік және сауда қызметтерін кешенді түрде қамтамасыз еткенін көрсетеді. Мешіттердің сәулетінің жоғарғы деңгейде орындалуы және құрылымының ерекшелігі архитектуралық өнердің дамуын, эстетикалық талғам мен инженерлік шеберлікті айқындайды. Сонымен қатар, мешіттердің ауласы әсем безендірілген алаң ретінде жасалған, оның көркемдігі мен үйлесімді құрылысы басқа қалалардан ерекшеленеді, бұл Тоуауистің мәдени және эстетикалық дамыған орталық болғанын дәлелдейді. Осылайша, Тоуауис қаласы тек экономикалық және қорғаныс орталығы ретінде ғана емес, сонымен қатар діни, мәдени және әлеуметтік маңызы бар урбандық кешен ретінде бағалануға лайықты, оның құрылымы мен инфрақұрылымы ортағасырлық қала мәдениетінің жоғары деңгейін көрсетеді.

Мәуереннаһр аймағына қарасты ірі орталықтардың бірі – *Самарқан* қаласы болған. Самарқанда әртүрлі кенттер мен шағын елді мекендер орналасқан, олардың ішіндегі маңыздысы Кабузанжакас деп аталады. Ғалымдардың пікірінше, бұл қаланың ерекше мәртебесі оқымыстылар мен

білімпаздардың көптеп шығуына байланысты қалыптасқан. Кабузанжакас маңы ормандар мен ауылдармен қоршалған және Сұғданың солтүстік бөлігіне жататыны белгілі. Қаланың географиялық орналасуы мен табиғи ерекшеліктері оны стратегиялық тұрғыдан маңызды орталыққа айналдырады.

Самарқан бекінісінің айналасында арықтар мен өзендер ағып, су ресурстары қаланың ішіне кіріп тұрады, бұл гидрографиялық жүйе қаланың су тапшылығын болдырмай, ауыл шаруашылығы мен тұрмыстық қажеттіліктерді қамтамасыз еткен. Самарқанның есіктерінің бірі Кашш деп аталған, ол темірден жасалып, шағын жазбасы бар болған. Ғалымдар жазудың хаамири тілінде жасалғанын атап көрсетеді және оның Йемен сұлтанының бұйрығымен орындалғанын айтады. Қала мен Сонаның арасы мың фарсахты құрайтын қашықтықта орналасқан, бұл заманауи өлшемдермен алып қарағанда аймақтық байланыстардың кеңдігін көрсетеді. Тарихи деректер бойынша, Тубба қауымы өмір сүрген дәуірде бүлікшілік әрекеттердің салдарынан есік өртеліп, жазуы жойылып кеткен. Уақыт өте келе Мұхаммед ибн Лұқман ибн Насыр ибн Ахмад есікті жаңартқанымен, бастапқы жазуды толық қалпына келтіре алмаған.

Сонымен қатар, Самарқанда кішкентай тау орналасқан, оның тас ресурстары қала инфрақұрылымын дамытуға пайдаланылған. Аталған таудан алынған тас қаланың ішкі жолдарын төсеу және түрлі құрылыс жұмыстарында кеңінен қолданылған, бұл Самарқанның дамыған урбандық құрылымға ие екенін көрсетеді. Жалпы, Самарқан қаласы тек саяси және әкімшілік орталық ретінде ғана емес, сонымен қатар білім, мәдениет, сауда және құрылыс ісінің дамыған орталығы ретінде маңызды рөл атқарғанын аңғаруға болады. Қаланың табиғи жағдайлары, гидрографиялық жүйесі, қорғаныс құрылымдары мен материалдық ресурстары оның тарихи дамуын қамтамасыз етіп, ортағасырлық кезеңдегі Мәуереннаһрдың ірі урбандық орталығы ретінде ерекшеленуіне себеп болған [57, 11 б.].

**Кәрминияһ** деп аталатын қала, тарихи деректер бойынша, Бұқара мен Самарқан қалаларының орталық бөлігінде орналасқан маңызды экономикалық және әлеуметтік орталықтардың бірі болып саналады. Географиялық тұрғыдан ол Тоуауис пен Дабусийя қалаларының аралығында орналасып, Тоуауис қаласынан шамамен жеті фарсах, ал Дабусийядан бес фарсах қашықтықта орналасқан. Бұл орналасуы Кәрминияһқа стратегиялық маңыздылық беріп, сауда жолдарын бақылауға мүмкіндік туғызған.

Тұрғындар саны мен урбанизация деңгейі тұрғысынан Кәрминияһ Тоуауис қаласымен салыстырылатын болса да, оның көлемі, құрамындағы ауылдардың саны және жалпы халық саны жағынан айтарлықтай басымдыққа ие болған. Бұл көрсеткіштер Кәрминияһтың тек жергілікті ғана емес, өңірлік деңгейде де маңызды мәдени, экономикалық және әкімшілік орталық болып тұрғанын дәлелдейді.

Бұқара мен Самарқан арасындағы тағы бір елді мекен – **Нұр** атты шағын қалашық орналасқан. Нұр қалашығы таудың етегінде орналасқандықтан, ауыл шаруашылығы мен қорғанысқа қолайлы орналасуы арқылы ерекшеленген.

Айналасындағы аймақтар «Нүрий» деп аталып, тарихи деректерде оның табиғи өнімділік пен әлеуметтік маңыздылығына баса назар аударылған.

Аймақтық құрылым тұрғысынан Худжанд қаласы да ерекше орын алады. Ол Самарқаннан жеті деңгей, ал аш-Шашиден төрт деңгей қашықтықта орналасқан жазық дала аймағында орналасып, аграрлық және сауда әлеуетін арттырған. Худжандтың кең бақшалары мен жеміс өнімдерінің сапалы сұрыптары қала мен оның айналасындағы ауыл шаруашылығының дамуына айтарлықтай ықпал еткен. Бұл факторлар Кәрминияһ, Нұр және Худжанд сияқты қалалардың тарихи, экономикалық және әлеуметтік дамуының динамикасын толық түсінуге мүмкіндік береді.

*Сұғд* аймағы, тарихи деректерге сәйкес, Мәуереннаһрдың Самарқан қаласы аймағына енген маңызды өңір ретінде белгілі. Ол өзінің географиялық және табиғи ерекшеліктері арқылы Дамаск алқабы, Басра жанындағы Убулла өзені және Баудана шатқалы сияқты әлемдік деңгейде танымал төрт аймақтың қатарына жатқызылған. Әдеби деректерде, атап айтқанда, Сұғд аймағы осы төрт аймақтың ішінде ең таза және табиғи жағынан қолайлы өңір ретінде сипатталған.

Бұл табиғи ерекшеліктің себебі аймақтың кең географиялық орналасуында жатыр. Сұғд аңғары Бұқара шекарасынан бастап Бутам шекарасына дейін созылып, шамамен сегіз күндік жолдық қашықтықты қамтиды. Сонымен қатар, аймақ өсімдіктер мен бау-бақшаларға өте бай болып, әрбір аумағы жасыл көгалдармен, өзендермен сусындатылған бақшалармен ерекшеленген. Бақшалардың артқы бөлігінде ауыл шаруашылығы алқаптары орналасып, одан әрі мал жайылымдары мен табиғи пашалар бар, бұл аймақтың аграрлық әлеуетін толық көрсетеді [57, 11 б.].

Тарихи деректерге сәйкес, белгілі географ Әбул-Фида Сұғд аймағын Құдайдың жаратқан қалаларының ішіндегі ең таза және көркем аймақ ретінде сипаттаған. Оның пікірінше, Жаратушы бұл өңірді ағаштармен, бау-бақшалармен және әсем табиғат элементтерімен безендіріп, ерекше сұлулыққа бөлеген. Осындай табиғи байлық пен көркемдік қасиеттер Сұғд аймағын тек аграрлық емес, сонымен қатар эстетикалық және мәдени тұрғыдан да маңызды орынға көтерген. Сұғд аймағының географиялық орналасуы, табиғи ресурстары және көркем табиғаты оны тарихи кезеңде тек Самарқанның емес, бүкіл Мәуереннаһрдың маңызды табиғи және экономикалық орталықтарының бірі ретінде танымал еткен.

Мәуереннаһрдың бір бөлігі болып саналатын Кашш қаласы көлемі шамамен 1/3 фарсахқа тең, әрі Нахшабқа жақын орналасқан стратегиялық тұрғыдан маңызды орталықтардың бірі болып саналады. Кашш қаласының жері ерекше құнарлы болып, оның аграрлық әлеуеті Мәуереннаһрға қарасты басқа аймақтардан ерекшеленеді: жеміс-жидектердің пісу кезеңі ерте келеді, бұл өңірді ауыл шаруашылығы үшін қолайлы еткен. Қала маңынан Кәсрейн өзені ағып өтсе, солтүстік жағынан Ашур өзені өтеді, бұл аймақтың су қорларын қамтамасыз етіп, Самарқанға кіретін ірі ауылдық жерлердің қалыптасуына ықпал жасаған.

Батм таулары – Самарқан, Сұғд және Бұқара аймақтарының су көздері бастау алатын табиғи гидрографиялық орталық ретінде ерекшеленеді. Батм таулары Мәуереннаһрдың биік таулы бөлігіне кіріп, климаттық ерекшеліктерге ие: температура төмен болып, қатты аяздар қалыпты жағдай ретінде байқалады. Бұл таулы аймақтардың етегінде ауылдар мен кішігірім елді мекендер орналасқан, ал кейбір тауларда үңгірлер кездеседі. Тарихи деректерде баяндалғандай, түнгі уақытта адамдар бу шығаратын үңгірлер жанында паналаған. Бұл бу отқа ұқсас қасиетке ие болғандықтан, үңгірлердің ішіне тіпті алтын кені мол болса да, адам батылы кірмеген; себебі алтын кенін өндіру кезінде бу өзінің бағытын өзгертіп отырған.

Батм тауларының жоғарғы бөлігінде Хоус қаласы орналасқан, ал оның және Замин арасындағы қашықтық жеті фарсах шөл арқылы өтеді. Сол сияқты, Хоус пен аш-Шаш өзенінің жағалауында орналасқан Хускат қаласының арасы да жеті фарсах шөлмен бөлінген. Бұл географиялық орналасу қалалардың стратегиялық және экономикалық мәнін арттырып, оларды Мәуереннаһрдағы маңызды урбандық орталықтар қатарында көрсетеді.

Суғда – Мәуереннаһрдың ең танымал және стратегиялық маңызды аудандарының бірі. Тарихи деректерде, бұл аймақ әлемдегі ең әйгілі төрт мекеннің қатарында көрсетілген. Суғда аймағына кіретін негізгі қалалардың бірі – Дабусийяһ қаласы болды. Одан кейінгі елді мекендерге Арбинжан, Кушанияһ, Иштихан және Суғданың басты шаһары болып саналатын Самарқан жатты.

Суғда алқабы батыстан шығысқа дейін созылып, оның ішінде Хушуфағн ауылы ерекше танымал болды. Бұл ауыл Суғда аймағындағы ең үлкен және ең бай ауылдардың бірі болып саналып, көптеген әлеуметтік және экономикалық игіліктердің орталығы болған [57, 12 б.].

Суғда алқабының оңтүстік бөлігінде орналасқан Дабусийяһ және Арбинжан елді мекендері Хорасанға баратын маңызды сауда жолдары бойында орналасқан. Дабусийяһтың ерекшелігі – оның ауыл халқының салыстырмалы аздығы. Халық саны бойынша ол Тоуауис қаласымен шамалас болса да, көлемі Арбинджанға қарағанда кіші болған. Дабусийяһ пен Кушанияһ арасындағы қашықтық бес фарсахты құрайды.

Арбинджан қалашығы кейде «Рбинджан» деп әлифсіз жазылып келгенімен, Хорезім патшалығы кезеңінде ресми қолданудан алынып тасталған. Бұл қалашық Самарқанның Суғда аймағына қарасты болған және аймақтық маңыздылығы арқылы белгілі болған.

Кушанияһ қаласы Суғда аймағының мәдени және білім беру орталығы ретінде ерекшеленген. Мұнда білімді және қабілетті адамдар көптеп шыққан, бұл қаланың интеллектуалдық және әлеуметтік мәртебесін арттырған. Кушанияһқа жақын орналасқан Иштихан қаласы өзге ауылдық аудандардан көлемі жағынан үлкен болған. Кушанияһтық ауылдар ұзындығы екі деңгейді және ені бір деңгейді қамтитын болса, Иштихандық ауылдар ұзындығы бес және ені бір деңгейді қамтитын алқапты құраған. Екі аудан да Суғда алқабының солтүстігінде орналасқан. Тарихи деректерге сәйкес, Кушанияһ қаласы – Суғда

аймағының «жүрегі» болып есептелген, себебі ол экономикалық, мәдени және әлеуметтік белсенділіктің орталығы ретінде қызмет еткен.

Иштихан қаласы Суғда мен Самарқан аймақтарына жақын орналасқан, шамамен жеті фарсах қашықтықтағы тарихи мекен болып саналады. Бұл қала өзіне қарасты Зәз сияқты ауылдарымен белгілі, олардан бірнеше танымал және білімді тұлғалар шыққан. Иштихан табиғи тұрғыдан шұрайлы аймаққа орналасты және тазалығы бойынша ең жоғарғы деңгейге ие болған. Қала маңындағы ауылдар, бақшалар, ағаштар мен жеміс-жидектер оның аграрлық әлеуетін толық көрсетеді, ал өзендер қаланы сусыздандырмай, сумен қамтамасыз еткен. Иштихан мен Самарқан арасындағы қашықтық сегіз фарсах, ал Иштихан мен Кушан арасындағы арақашықтық бес фарсахты құрайды.

Мәуереннаһр қалалары санатына кіретін тағы бір маңызды елді мекен – Уазар. Ол төрт фарсахқа созылған кең территорияны алып, өзіне тән қамалдары мен мешіттерімен ерекшеленген. Уазар Самарқаннан бастау алған аймақ болып, Әбул-Фида жазбасында уағызшылардың уағыз тыңдап, осы жақ бөлігінде түнеп қалатыны баяндалған.

Сондай-ақ Уазар аймағы Баздах қаласымен жалғасып, ол ұзындығы төрт фарсахқа созылған көптеген бекіністерден тұрды. Бұл бекіністер аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, стратегиялық тұрғыдан маңызды болған.

Мәуереннаһр аймағына тиесілі келесі қала – Маймарг. Бұл қала үлкен елді мекен ретінде Бұқараға апаратын жол бойында орналасқан. Маймаргтың бір бөлігі Әмудария өзеніне жақын аймақта болса, екінші жартысы Самарқан маңындағы ауылдық тұрақтарды қамтыған. Оның географиялық орналасуы мен жол бойында орналасуы аймақтық сауда мен транспорттық қатынастардың дамуына ықпал еткен.

Мәуереннаһр аймағына кіретін маңызды тарихи қалалар мен аудандардың бірі – Ферғана территориясы. Бұл аймақ өзінің стратегиялық орналасуымен, табиғи ресурстарымен және мәдени әлеуетімен ерекшеленген. Ферғананың негізгі қаласы Асбизбулан болып есептелген, ол әкімшілік және экономикалық орталық ретінде аймақтың дамуына ықпал еткен. Асбизбулан тек сауда мен ауыл шаруашылығының ғана емес, сонымен қатар білім мен мәдениет орталығы ретінде де белгілі болған.

Ферғана аймағының жоғарғы бөлігінде орналасқан Насйа ауданы аймақтық құрылымда ерекше орын алған. Бұл аудан төменгі және үстіңгі деп бөлінген және жазықтықта орналасқан. Жазық жерлердің табиғи құрылымы мал шаруашылығына қолайлы жағдай тудырған, ал таулы жерлер болмағандықтан, ауыл шаруашылығы мен мал жайылымдары оңай ұйымдастырылған. Насйа ауданы аймақтық көлік және сауда жолдарының түйіскен нүктесінде болғандықтан, оның экономикалық маңызы жоғары болған. Аймақтың аумағы Аш-Шаш пен Әмудария өзенінің артқы тұсына қарай орналасып, Мәуереннаһрдағы маңызды қалалық орталықтардың бірі ретінде саналған. Бұл өңір мәдени және білімдік тұрғыдан да ерекшеленіп, көптеген білімді тұлғалардың және ықпалды қайраткерлердің отаны болған.

Ферғананың ең танымал қалаларының бірі – Марғинан. Марғинан қаласы өзінің маңындағы Андуқан қаласымен бірге экономикалық және ауыл шаруашылығының маңызды орталығы болған. Бұл аймақ таулы және жазық жерлердің табиғи үйлесімімен сипатталып, ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығын дамытуға қолайлы болған. Ферғана таулары сондай-ақ пайдалы қазбаларға бай: алтын мен күміс кен орындары, мұнай, металл, сары мыс, көгілдір кен қазбалары және көмірге ұқсап шоқтанып жанатын қара тастар табылған. Аталған ресурстардың үш ауқоры бір дирхамға сатылғаны аймақтық сауда мен экономикалық қатынастардың дамуын қамтамасыз еткен.

Ферғанаға қарасты тағы бір маңызды қала – Хуаконд. Ол бірінші облыстық аудан ретінде есептеліп, Насйаның үстіңгі жағына жақын орналасқан. Хуакондтың стратегиялық мәні аймақтық басқару мен әкімшілік жүйенің ұйымдастырылуын көрсетеді. Қала тек экономикалық ғана емес, сонымен қатар мәдени және әскери тұрғыдан да маңызды болған: ол қорғаныс қамалдары мен қоғамдық мекемелерге ие болған, бұл аймақтың тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз еткен.

Ферғана территориясының тағы бір ерекшелігі – оның табиғи байлығы мен экологиялық әртүрлілігі. Жазық дала аймақтары мал шаруашылығы мен егіншілікке қолайлы болса, таулы бөлігі пайдалы қазбаларға бай болған. Сонымен қатар, Суғда мен Самарқан арқылы өтетін сауда жолдары Ферғананы аймақтық сауда және мәдени байланыстардың орталығына айналдырған. Бұл факторлар Ферғананы Мәуереннаһрдағы экономикалық, мәдени және стратегиялық тұрғыдан маңызды аймақтардың бірі ретінде қалыптастырған.

Ахсикас қаласы аш-Шаш өзенінің солтүстік жағалауындағы жазықтық аймағында орналасқан және Ферғана территориясына кіретін маңызды елді мекендердің бірі болып саналады. Қаланың таулармен арасы шамамен бір фарсахты құрайды, бұл оның табиғи қорғанысына әсер еткен. «Канон» атты тарихи деректер жинағына сәйкес, Ахсикас Ферғананың негізгі қалалары қатарына жатқызылған, оның экономикалық, әлеуметтік және мәдени маңызы ерекше болған.

Аймақтық тұрғыдан Ахсикас көптеген ауылдарды қамтитын кең территорияға ие болған, бұл оның аграрлық әлеуетін айқын көрсетеді. Касан қаласы, катиб Ахмадтың деректеріне сәйкес, Ферғананың көлемі жағынан ең үлкен қаласы саналған. Аш-Шаш өзенінің артында орналасқан бұл қала, Ферғананың маңызды экономикалық және стратегиялық аймағы ретінде ерекшеленген.

Тарихи деректерде («Әл-Мүштәрик» еңбегінде) Касан қаласы Түркістан елді мекендеріне қарасты шекаралық аймақта, Сырдария өзенінің артқы тұсында орналасқаны көрсетілген. Бұл орналасуы Касан қаласына сауда жолдарын бақылау және аймақтық қорғаныс тұрғысынан ерекше маңыз берген. Дегенмен, тарихи кезеңдерде қала бірнеше рет жаулап алу әрекеттеріне ұшырап, әртүрлі билеушілердің әкімшілігі салдарынан қирап қалған.

Қаланың ерекшелігі – оның жер бедері мен жергілікті халқының ерекше құрылымында жатыр. Табиғи ресурстарға бай және кең жазықтықта орналасқан

Касан қаласы, аграрлық және мәдени тұрғыдан дамыған аймақ болған. Осындай ерекшеліктерінің арқасында ол тарихи деректерде дүниедегі «керемет мекендердің» қатарына жатқызылған. Ахсикас пен Касан қалалары Ферғана аймағының географиялық, экономикалық және мәдени дамуына ықпал еткен маңызды орталықтар ретінде тарихи кезеңдерде белгілі болған. Олар өздерінің стратегиялық орналасуы, ауыл шаруашылығы мен сауда әлеуеті, сондай-ақ мәдени маңызы арқылы Мәуереннаһрдың ішкі құрылымында айрықша орын алған.

Ферғана аймағындағы тағы бір ірі қала – Кубауий болып саналады. Қаланың қамалдары тарихи кезеңдерде қирағанымен, көлемі жағынан Ахсикастан кейінгі екінші қала болып есептелген. Кубауийдің елді мекендері дуалдармен қоршалған және қалалары мен ауылдарында халық саны көп болған. Қала су көздеріне бай, өзендері мол, сондай-ақ бау-бақшаларының саны Ахсикастағыдан артық болып, аграрлық әлеуеті жоғары болған. Кубауий аш-Шаш аймағындағы ең таза және көркем қалалардың бірі ретінде сипатталған.

Мәуереннаһрдың басқа бөлігінде Худайсар атты елді мекен орналасқан. Худайсар Самарқан шекарасындағы аудандардың бірі болып саналған және оның жатын орындары өңірде ең белгілі орындардың қатарына кірген. Бұл аймақ тарихи тұрғыдан стратегиялық мәнге ие болған, өйткені ол аш-Шаш пен Самарқан арасындағы байланыс жолдарында орналасқан.

Худайсар қаласына жақын маңда Барискас қаласы орналасқан, ол аш-Шаш аймағына қарасты болған. Аш-Шаш аймағындағы басқа маңызды қалалар қатарында Будахкас қаласы бар, кейде оны Исфиджабқа жатқызған деректер кездеседі. Сонымен қатар, Бискат қаласы да аш-Шаш аймағында орналасқан және ол ғалымдар мен білімді тұлғалардың шыққан орны ретінде белгілі болған. Аймақтық тұрғыдан тарихи деректерге Хорошкат қаласы да аш-Шаш аумағында екенін көрсетеді.

Осы қалалар мен елді мекендер аш-Шаш пен Ферғана аймақтарының тарихи, экономикалық және мәдени дамуына елеулі үлес қосқан. Кубауийдің аграрлық және су ресурстарының молдығы, Худайсардың стратегиялық орналасуы және Бискат, Барискас, Хорошкат сияқты қалалардың мәдени-ғылыми маңызы аш-Шаш аймағын Мәуереннаһрдағы маңызды тарихи және урбандық орталықтарға айналдырған.

Әмудария мен Сырдария өзендерінің артқы жағында, аш-Шаш аймағына кіретін маңызды қалалардың бірі – Тункат орналасқан. Бұл қала өзінің оқымысты және білімді тұлғаларымен белгілі болған. Мысалы, Әбул Фатих Насыр әт-Тункатий сияқты белгілі ғалымдар мен жазушылар осы жерден шыққан. Кейбір деректерге сәйкес, Тункат Андалусияда тұрақтанғандықтан, батыстық бағытты ұстанған және мәдени-ғылыми тұрғыдан елеулі байланыстарға ие болған.

Тункат Иляқтың негізгі орталығы ретінде саналған. Қаланың территориясы бірнеше аудандарға бөлініп, өзендер, бақшалар және бекіністермен қамтылған. Иляқ пен аш-Шаш аймағы өте жақын орналасқан, тіпті олардың арасын бөліп тұратын нақты қашықтық болмаған. Бұл жағдай

аймақтық урбанизацияның біртұтас құрылымын көрсетеді: Иляқтың аяқталуынан аш-Шаш алқабына дейінгі жерде бақшалар, елді мекендер мен ғимараттар үздіксіз жалғасып кеткен. Сонымен қатар, Иляқ тауларынан алтын мен күміс кен орындары табылған, бұл аймақтың экономикалық маңыздылығын арттырған.

Хорезмдік көлге құятын өзен бойында орналасқан шағын ауыл – Янгикент деп аталған. Оның атауы «жаңа ауыл» деген мағынаны білдіріп, аш-Шаш өзеніне жақын орналасуы арқылы аймақтық көлік және сауда байланыстарына қолайлы болған. Янгикенттің Хорезмге дейінгі қашықтығы 10 деңгей, Фарабқа дейінгі қашықтығы 20 деңгей, ал Бұқарамен ара қашықтығы 25 фарсахты құраған. Бұл шағын қала сол кездегі мұсылмандар үшін жаңа мекен ретінде сипатталған.

Янгикентке жақын жерде Джанд атты шағын қалашық бой көтерген. Ол Сырдария өзенінің бойында орналасып, түркілерге шекаралас болған. Джанд аймағы тарихи тұрғыдан сыйлы, құрметке лайықты көптеген тұлғалардың отаны ретінде танылған. Мұнда мәдени және әлеуметтік дәстүрлер сақталған, жергілікті тұрғындардың өмірі мен шаруашылығы өзеннің су ресурстарына және шекаралық орналасуына бейімделген. Тункат, Янгикент және Джанд қалалары аш-Шаш аймағының тарихи, мәдени және экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан. Олар географиялық орналасуы, урбанизациялық құрылымы, су ресурстары және табиғи байлықтары арқылы Мәуереннаһрдағы маңызды урбандық және мәдени орталықтар қатарында орын алған.

Нахшаб қаласы жазықтықта орналасқан және таулары Кашштан бастап екі деңгей қашықтықта созылып жатқан стратегиялық маңызды мекен болып саналған. Кейінірек арабтардың тұруымен қала Нәсәф деп аталған. Әмудария өзені мен Нәсәф арасын кең шөл дала алып жатқанымен, қала өзендердің ағысына жақын орналасуы арқылы су ресурстарына қол жеткізген. Қаланың өзен арнасы кейде Кашш суларымен қосылып, кейде тарылып, ағысы тоқтаған. Нахшаб Мәуереннаһрдың құнарлы, өзен-суы мол, жеміс пен көкөніске бай қалаларының бірі болып, оның тұрғындары арасында сансыз ғалымдар мен әртүрлі білім салаларының өкілдері өмір сүрген.

Фараб қаласы көлемі бойынша бір күндік жолды қамтитын шағын, бірақ маңызды елді мекен саналған. Қаланың тораптарында орман тоғандары орналасып, оңтүстік жазықтығында ауыл шаруашылығы өрістері дамыған. Фараб Баласағұнға жақын, аш-Шаш қаласынан жоғары орналасқан. Мұнда тұратын мұсылмандар негізінен Имам аш-Шафии мәзһабын ұстанған, бұл аймақтық діни дәстүрлердің қалыптасуына ықпал еткен.

Усрушана қаласының құрамына кіретін Самарқан маңындағы шағын қалашық – Замин болған. Заминнің ауқымды өзендері, бақшалары және ауыл шаруашылығы мен мал жайылымдары оның аграрлық әлеуетін көрсеткен. Қала Ферғана мен Суғда жерлеріне апаратын жолдың бойында орналасып, стратегиялық маңызды өткел ретінде қызмет атқарған. Қаланың тұрғындары өзен суын мал суаруға және ішуге пайдаланған. Замин Усрушана қаласының артқы жағына қарай, ал шөл беткі жағына қараған.

Жазықтықта орналасқан Аш-Шаш ұлы жер ретінде сипатталған. Мәуереннаһрдың өзендері ағып жатқан ерекше таза далаларының қатарында осы аймақ саналған. Аш-Шаш құрамына 25-тен астам қала кірген, олардың атаулары шет тілдерде болғандықтан, кейбір деректерде олар аударылмай жазылған. Аш-Шаш Самарқан тұрғызған маңызды аймақтардың қатарына кіріп, Самарқан мен Аш-Шаш арасындағы ара қашықтық бес деңгейді құраған. Сонымен қатар, Аш-Шаш Сырдария өзенінің артқы жағында орналасып, аш-Шаштан Ходжнадаға дейінгі арақашықтық төрт деңгейді құраған.

Аш-Шаш өңірінің негізгі қаласы – Бинкәс болып саналады. Қаланың сыртында басты бекініс орналасқан, ол қаланың қабырғаларымен біріккен және қорғаныс мақсатында маңызды рөл атқарған. Сонымен қатар, қала бірнеше аудандарға бөлінген, әрқайсысы дуалдармен қоршалған. Осы қоршаулардың ішінде тұрғындар үйлері мен бақтарында орналасқан. Негізгі қамал екі есіктен тұрған: бір есік ішкі жаққа бағытталса, екінші есік қалаға шығатын жолмен байланыстырылған. Қамалдың ішінде ірі мешіт салынған, ол қаланың рухани және мәдени өмірінің орталығы болған. Бинкәстің ұзындығы бір фарсахты құрап, ішкі жағына қарай өзендер мен су арналары ағып тұрған.

Аш-Шашқа шекаралас, жақын орналасқан аймақ – Иляк болып саналған. Бұл аймақтың басты қаласы – Тункат. Тункат қаласының ішінде өзендер ағып, бау-бақшалар мол болған. Қаладағы бекініс бірнеше есіктен тұрып, қорғаныс пен бақылауды қамтамасыз еткен. Түркі басшылары қалаға сырттан келгендердің кіруін шектеу мақсатында, қамалдар мен бақшаларды Шәбл тауынан Аш-Шаш даласына дейін ғана созған.

Иляк аймағы өзінің атауына сәйкес «Иляк» деген өзенмен танымал болған. Иляк пен Аш-Шаш арасындағы шекара нақты бөлінбеген, екі аймақ біртұтас географиялық бірлікті құраған. Тарихи деректерде, Иляк аймағы Найсабур мен Бұқара жақтағы мекендерді қамтыған, жерлері Нубахт шекарасынан бастап Ферғанаға дейін созылған. Иляк – Аш-Шаш қаласына кіретін барлық қалалардың жалпы атауы ретінде қолданылған.

«Ал-Любаб» кітабындағы деректерде Иляк Алланың жаратқан қалаларының арасында ең таза және көркем аймақ деп бағаланған. Оның табиғи ерекшелігі – таза ауа, мол су көздері, құнарлы жерлер және кең бақшалар мен егін алқаптары арқылы көрініс тапқан. Сонымен қатар, Иляк аймағы мәдени және білімдік тұрғыдан да маңызды болып, әртүрлі ғылымдар мен білім салаларының өкілдері өмір сүрген орталық ретінде сипатталған.

Күн шығыс елдерінің ішіндегі ең үлкен елді мекендердің бірі – Исфиджаб болып саналады. Бұл қала Түркілермен шекаралас жерде орналасқан және көлемі жағынан Түркістанның 1/3 бөлігін қамтиды. Исфиджаб қоныстанған алқап адам саны көп, урбанизация деңгейі жоғары, әрі бекіністермен қоршалған. Аймақты қоршау үшін бір фарсах қашықтықта орналасқан екі қамал салынған. Қала жазықтықта орналасып, өзендер мен бақшаларға бай болған, бұл оның аграрлық әлеуетін айқын көрсетеді. Исфиджабқа ең жақын тауға дейінгі қашықтық шамамен 1/3 фарсахты құраған. «Әл-Ғазизий»

еңбегінде Исфиджаб Мәуереннаһрдың ұлы жері деп сипатталған, бұл қаланың экономикалық, мәдени және стратегиялық маңыздылығын көрсетеді.

Таулы бөлігі басым Сұғда сияқты аймақ – Усрушанаһ. Усрушанаһ шығысында Ферғанамен шекараласып, батысында Аш-Шашпен көршілес, ал оңтүстік жағынан Кушш пен Сағаниянға дейін созылып жатқан аймақ. «Әл-Ансаб» кітабында ас-Самғани хабарлауынша, [58] Усрушанаһ Самарқанның арғы жағында, Сырдария өзенінің маңында орналасқан қала ретінде сипатталған. Катиб Ахмадтың мәліметтеріне сәйкес, Самарқан мен Усрушанаһ арасындағы арақашықтық бес деңгейге тең.

Усрушанаһ аймағы Аш-Шиблияға қарасты өңір болып есептелген. Бұл аймақтан шыққан танымал тұлғалардың бірі – ас-Суфи-аш-Шибли, ол осы жердің тумасы ретінде тарихта есте қалған. Усрушанаһ өзендерге бай, ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығына қолайлы кең жазық алқаптарға ие болған, бұл аймақты аграрлық және мәдени тұрғыдан маңызды еткен.

Исфиджабпен көрші, түркі елдерімен шекаралас жатқан Тараз қаласы Күншығыс елдерінің ішіндегі ең маңызды орталықтардың бірі болып саналған. Географиялық орналасуы қалаға стратегиялық артықшылық берген: солтүстік пен батысқа қарай Түркістан және басқа көршілес аймақтарға сауда және мәдени байланыстар жолдары ашылған. Тараз – тарихи кезеңдерде мұсылмандар мен түркілер жиналатын негізгі сауда орталығы ретінде танылған. Сауда жолдарының бойында орналасуы, бекіністердің құрылуы және қаланың қорғаныс жүйесінің дамуы оны саяси тұрғыдан да маңызды еткен. Қаланың ішкі ұйымдастырылуы ерекше болған: тұрғындар үйлері мен бақтары бекіністер мен дуалдармен қоршалған аудандарға бөлінген. Сонымен қатар, қаланың жан-жағы қорғаныс мақсатында бекітілген, екі қамал салынып, олар бір-бірінен бір фарсах қашықтықта орналасқан.

Тараз қаласына тиесілі іргелі елді мекендердің бірі – Джикл. Бұл қалашық Тараз маңындағы түрік елді мекендерінің қатарына кірген және өз уақытында мәдени-ғылыми орталық ретінде дамыған. Джикл жерінде Қадырхан дәуірінде Самарқанда уағызшы атанған ұлы Хатиб Әбу-Мұхаммед Әбдуррахман ибн-Яхия дүниеге келген. Ғұлама 514 жылы бақилық болған, алайда оның ән-Нәсәфи риуаяттары бүгінгі күнге дейін сақталған. Бұл деректер Джиклдің тек сауда мен әскери тұрғыдан емес, мәдени және діни өмірінде де маңызды орын алғанын көрсетеді.

Усрушанаһ қаласынан үш фарсах қашықтықта, Аш-Шаштан Ферғанаға апаратын жол бойында орналасқан Сәбәт елді мекені – оңтүстік-шығыста, Мәуереннаһр аймағына таяу, тарихи маңызды шағын қала. Орта есеппен, Сәбәттен Самарқанға дейінгі ара қашықтық шамамен 20 фарсахты құрайды. Бұл елді мекен тарихи тұрғыдан аймақтық сауда мен мәдени алмасудың түйіскен нүктесі болған.

Тараз қаласына тиесілі тағы бір елді мекен – Шәлдж, Тараздан төрт фарсах қашықтықта орналасқан және түркі елдерімен шекаралас. Шәлдж қалашыққа ұқсас болып, тұрғындары мұсылмандардан құралған. Шәлджтің елді мекен ретінде дамуы оның географиялық орналасуы мен табиғи

ресурстарына байланысты: ол сауда жолдарының бойында орналасып, қорғаныс жүйесі мен ауыл шаруашылығы үшін қолайлы болған.

Исфиджабтан бір деңгей қашықтықта орналасқан Усбаникас аймағы да айрықша маңызға ие. Усбаникастың құрамындағы ауылдардың бірі – Асрута, ол батысында Усрушанамен байланысқан. Екі елді мекеннің арасы тоғыз фарсахқа тең болып, бұл қашықтық олардың экономикалық, мәдени және әлеуметтік өзара әрекетін қамтамасыз еткен. Усбаникастың табиғи ресурстары, өзендер мен су арналарының болуы, ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығына бейімделген кең алқаптары аймақтың аграрлық әлеуетін айқындаған.

Түркі жерлерінің шекараларына жақын орналасқан Баласағұн қаласы да тарихи маңызды орталық ретінде танылған. Баласағұнның жанында Қашғар орналасып, артында Сырдария өзені ағып жатыр. Қала өзінің стратегиялық орналасуымен ерекшеленіп, түркі халықтарымен байланыста болған. Ас-Самғани дәуірінде Баласағұн мұсылмандарға тиесілі болып, сауда қатынастары, мәдени байланыстар және діни өмір орталығы ретінде дамыған. Бұл қаланың маңызы тек экономикалық емес, сонымен қатар аймақтық саясат пен мәдени дамуда да айқын көрінген.

«Канон» деректеріне сүйенсек, Әмудария жағалауында Тирмиз қаласы орналасқан. Бұл қала өз кезегінде Әмудария бойындағы маңызды порттық орталықтардың бірі ретінде танылған. Тирмиздің жолдары мен базарларының басым бөлігі кірпіштен қаланған, бұл оның урбанизация деңгейінің жоғары болғанын көрсетеді. Қаланың маңында бір деңгей қашықтықта тау бар, бұл Тирмиздің табиғи қорғаныс мүмкіндіктерін арттырған. Қаланың тұрғындары суды негізгі өзеннен емес, Сағаниян өзенінен пайдаланып отырған. Бұл су жүйесі тек қала тұрғындарына ғана емес, сонымен қатар мал шаруашылығымен айналысатын елді мекендер мен ауылдарға да қызмет көрсеткен. Тирмиздің аудандары көп және орта ғасырларда ол көне қала ретінде маңызды орын алған.

Ас-Сағаниян қаласы көлемі мен ауқымы жағынан Тирмизден үлкен болғанымен, халық саны мен экономикалық қуаты бойынша Тирмизден асып түскен. Ас-Сағаниян су ресурстары мол ірі қалалардың қатарында саналған. Қалада өз бекінісі бар, бұл оның қорғаныс және стратегиялық маңызын арттырған. Сондай-ақ, Ас-Сағаниянның шет тіліндегі екінші атауы – «Джағаниян». Оған қарасты барлық елді мекендер және сол жерде жасалған барлық құрылыс, шаруашылық және өнер туындылары «сағанияндық» деп аталған. Бұл деректер қаланың мәдени және экономикалық бірегейлігін көрсетеді.

Әмудария өзенінің артында Ас-Сағаниянға қарасты Шуман қаласы орналасқан. Бұл қала тарихи тұрғыдан мұсылмандардың аудандық шекарасының маңызды нүктесі болып саналған. Мұнда кейбір деректерге сәйкес, билікке бағынбаған, қалыс қалған халық өмір сүрген, бұл аймақтың әлеуметтік ерекшеліктерін көрсетеді.

Сағаниянмен шектесетін Тирмиз жақтағы елді мекен – Уашджирд. Ол Әмудария өзенінің артқы жағында орналасып, аймақтық сауда мен керуен

қатынастарына қолайлы болған. Уашджирдтың тауарлары қолжетімді әрі бағасы салыстырмалы түрде төмен болғандықтан, бұл елді мекен сауда орталығы ретінде танылған. Сонымен қатар, қалада ислам дәстүрінен бастау алатын және соғыс кезеңдерінде сақталған ерекше сәулет құрылыстары кездескен. Уашджирд Росибтан алты фарсах қашықтықта орналасқан, бұл оның аймақтық байланыстардағы стратегиялық маңызын көрсетеді.

Хуттуляян – Әмудария өзенінің артында орналасқан қалалар кешенін біріктірген тарихи аймақ. Географиялық тұрғыдан ол Уахшаб пен Базахшан өзендерінің аралығында жайғасқан және кейбір деректерде Хорнаб деп те аталған. Аймақ өзінің табиғи ерекшеліктерімен, әсіресе таза ауасымен және құнарлы жерімен танымал болған.

Хуттуляянның маңызды қалаларының бірі – Әл-Уахш. Бұл қала өз кезегінде Әмудария бойындағы маңызды урбандық және экономикалық орталықтардың қатарында саналған. Әл-Уахш пен Әл-Хуттуляян екі бөлек елді мекен болғанымен, олардың дамуы біртұтас құрылыстан туындаған. Бұл арадағы құрылымдық және әлеуметтік байланыс қалалардың бір-бірімен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Әл-Уахштың табиғи ресурстары мен өзен сулары ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығын дамытқан.

Хуттуляян аймағында тағы екі маңызды қала – Халыуард және Уаляканд орналасқан. Бұл қалалардың ерекшелігі – аңғарларында жаңбырдан кейін алтын жинау дәстүрінің болуы. Бұл табиғи құбылыс аймаққа экономикалық маңыз беріп, Хуттуляянның алтын өндірісіндегі рөлін арттырған. Сондай-ақ, қалалардың құрылымы, өзендерге жақындығы және қорғаныс жүйелері олардың стратегиялық маңызын көрсеткен.

Қашғар немесе кейде Қашғар деп аталатын қала – Күншығыс елдерінің маңызды орталығы және Түркістанның тарихи елордасы болып саналған. Бұл қаланың жергілікті топырағы мен табиғи жағдайы ислам әлемінің ғылыми және мәдени мұрасына үлес қосқан көптеген танымал тұлғалардың дүниеге келуіне ықпал еткен. Қашғар қаласының тұрғындары мұсылмандар болып, қалада берік қамалдар мен қорғаныс жүйелері тұрғызылған. Халық саны көп және экономикалық тұрғыдан белсенді болған.

Қашқарға апарар жол бойында, Юзкандтың артында, Хутан кенті орналасқан. Хутан – түркі елді мекені саналып, өзендер мен су арналарына бай, құнарлы жері бар, халық көп қоныстанған қала болған. Бұл қаланың табиғи ресурстары ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығын дамытқан, сондай-ақ сауда мен мәдени байланыстарға қолайлы жағдай жасаған.

Хан-Балық қаласы да Түркістан аймағы үшін маңызды орталықтардың бірі болған. Бұл қала әсіресе саудагерлер үшін стратегиялық маңызға ие болған, өйткені тауарлар мен керуендер арқылы аймақтық сауда қатынастарының түйіскен нүктесі болған. Хан-Балық қаласының оңтүстік жағы таудың етегінде орналасқан, ал маңайында күміс кен орындары бар екендігі белгілі. Бұл қаланың экономикалық дамуына айтарлықтай ықпал еткен.

Қарақұм қаласы түркі тілінде «қара жер», «топырақ» немесе «құм» деген мағына береді деп аталған. Қарақұмның айналасы таза қанды татарлар деп

сипатталған моғолдардың тұрақты қоныстары болып саналған. Қаланың өзі татарлардың астанасы ретінде танылған, бұл оның әскери, мәдени және саяси маңыздылығын көрсетеді.

Әбул-Фиданың кітабы тек географиялық сипаттамалармен шектелмей, ортағасырлық кезеңдегі тарихи, мәдени және интеллектуалдық өмір туралы маңызды мәліметтерді де қамтиды. Оның еңбегінде Түркістан, Мәуереннаһр және Хорезмнің рухани, мәдени және ғылыми дамуы кеңінен көрсетілген. Бұл аймақтардың өмірі, қалаларының құрылымы, елді мекендердің экономикалық, аграрлық және сауда әлеуеті сипатталған. Кітапта сілтеме жасалған авторлар қатарында Ибн Хаукал, «Канон», Әтуал, Йакин, Ибн Саид және басқа ортағасырлық географтар мен тарихшылар бар. Бұл сілтемелер Әбул-Фиданың деректерінің сенімділігін арттырады және аймақтың тарихи шынайылығын дәлелдейді.

Кітаптың соңында екі бөлек тарау орналасқан: бірі Хорезмге, екіншісі Мәуереннаһр қалалары мен елді мекендеріне арналған. Хорезм тарауы өте қысқа сипаттамамен беріліп, бір бетке сыйған. Алайда бұл тарауда Хорезмнің негізгі қалалары туралы нақты кестелер ұсынылған: Әмудария жағалауындағы Курканж, Джурджания, Кас, Хазаросб, Дар'ан, Фараб және тағы басқа маңызды елді мекендер аталған. Бұл кестелер қалалардың орналасуы, стратегиялық маңызы және экономикалық ерекшеліктерін жүйелендіріп, тарихи деректерді оқу мен талдауға ыңғайлы еткен.

Мәуереннаһр тарауында қырықтан астам елді мекен қамтылған. Оның ішінде Бұқара, Самарқан, Исфиджаб, Тараз, Баласағұн, Қашқар сияқты маңызды қалалар талданып, олардың географиялық орналасуы, урбанизация деңгейі, аграрлық және сауда әлеуеті, бекіністер жүйесі, мәдени және ғылыми дамуы сипатталған. Бұл тарау аймақтың ортағасырлық тарихын, әлеуметтік құрылымын, рухани өмірін жан-жақты көрсетуге бағытталған.

Әбул-Фиданың еңбегі сол себепті тек географиялық анықтамаларға ғана емес, тарихи-мәдени, әлеуметтік және интеллектуалдық контекстке де негізделген. Кітаптағы мәліметтер сол кезеңдегі қалалардың урбанизациясы, аграрлық ресурстары, сауда қатынастары, діни және ғылыми өмірі туралы кешенді ақпарат береді, бұл оны ортағасырлық Орта Азия тарихын зерттеуде маңызды дереккөзге айналдырады.

Түркістан, Хорезм және Мәуереннаһр аймақтары туралы араб тіліндегі түпнұсқа дереккөздердің аудармасы қазіргі заманғы зерттеушілерге маңызды тарихи және географиялық ақпаратты толық, мазмұнды түрде ұсынды. Бұл аудармалар аралықтағы әртүрлі түзетулер мен нақтылаулар енгізуге мүмкіндік беріп, аймақтардың ортағасырлық картографиясы мен урбанизациясын жан-жақты зерттеуге жағдай жасайды.

Жалпы, Хорезм мен Мәуереннаһр географиясын кешенді зерттеу соңғы уақытта айтарлықтай алға жылжыды. Бұл процесте араб тіліндегі ортағасырлық еңбектер, жинақтар мен оқу құралдары маңызды рөл атқарады. Қазіргі таңда осы тақырыпта жарық көрген материалдардың саны артқан сайын, олардың

сапасы да айтарлықтай жақсарған, бұл зерттеу жұмыстарына ғылыми дәлдік пен нақты дереккөздік негіз береді.

Әбул-Фидадан басқа, Түркістан, Хорезм және Мәуереннаһр аймақтары туралы деректерді келесі араб және түркі ғалымдары қалдырған: Қалқашанди, әл-Джаһиза (IX ғ.), әл-Балһи (X ғ.), Ибн Хаукал (X ғ.), әл-Идриси (XIII ғ.), Тамим ибн Баһр (IX ғ.), Саллам ат-Тарджуман (IX ғ.), Әбу Дулаф (X ғ.), Джанаһ ибн Хакан әл-Кимеки (X–XI ғ.ғ.), Ибн Фадлан (X ғ.), Махмұд әл-Қашқари (XI ғ.). Бұл ғалымдардың шығармалары сол кезеңнің географиясы туралы біздің түсінігімізді едәуір байытты, әсіресе урбандық құрылым, су жүйелері, сауда жолдары, экономикалық орталықтар мен мәдени дамудың тарихи бейнесін көрсету тұрғысынан.

IX–XV ғасырлар аралығындағы араб тарихи-географиялық еңбектер – IX–XII ғасырлардағы Қазақстан мен Орта Азияның тарихы мен мәдениеті туралы ең мазмұнды ақпарат көзі болып саналады. Олар тек жеке қалалар мен елді мекендердің картографиялық орналасуын сипаттап қана қоймай, сонымен бірге саяси құрылым, әлеуметтік жағдай, рухани және мәдени дамудың бейнесін де көрсетеді. Мұндай еңбектер қазіргі заманғы зерттеушілер үшін сол кезеңнің мұсылман мәдениетінің ықпалындағы аймақтардың тарихи бейнесін толық және дәл анықтауға мүмкіндік береді [59, 24 б.].

Дегенмен, бұл тақырып бойынша болашақ шығыстанушыларға, географтарға, тарихшыларға аймақтарды неғұрлым жан-жақты және нақты зерттеуге көмектесетін әртүрлі сипаттағы зерттеулердің әлі де қажет екендігін білдіреді. Бұл бағыттағы археологиялық, картографиялық, тарихи және мәдениеттанулық материалдарды біріктіру зерттеулердің сапасын арттырады және ортағасырлық Орта Азияның толық тарихи-географиялық бейнесін құруға мүмкіндік береді.

Хорезмнен Таразға дейінгі араб тілді дереккөздерден жинақталған ақпарат қоры, олардың құрастырылған уақыты мен географиялық орналасуына қарамастан, ортағасырлық жазушылар тарапынан ортақ мәдени және интеллектуалдық мұра ретінде қабылданған. Бұл көзқарас тарихи деректерді сақтау мен таратуда ерекше сабақтастықты қамтамасыз етті.

Нарративті ескерткіштерде, яғни араб тіліндегі ортағасырлық жазба еңбектерінде, қалалар мен аймақтардың географиялық орналасуы, урбанизациялық дамуы, экономикалық әлеуеті, аграрлық жүйелері, сауда қатынастары, мәдени және діни өмірі жан-жақты баяндалған. Мұндай жазба ескерткіштер тек деректерді сипаттап қана қоймай, оларды тарихи білім ретінде жинақтау және жүйелеу функциясын атқарған.

Нәтижесінде, араб тіліндегі дереккөздерден алынған ақпарат ортағасырлық Орта Азия қалаларының – Хорезм, Тараз, Баласағұн, Түркістан, Мәуереннаһр қалаларының тарихын, мәдениеті мен экономикасын біртұтас бейнелеуге мүмкіндік берді. Бұл тәсіл зерттеушілерге ортағасырлық қалалар мен аймақтардың даму динамикасын, олардың өзара байланыстарын және әлеуметтік-интеллектуалдық өмірін кешенді түрде талдауға мүмкіндік береді [59, 6 б.].

Әбул-Фиданың кітабы терең хабардарлығымен ерекшеленбесе де; географиялық деректердің салыстырмалы түрде жоғары дәлдігі және елді мекендердің, өзендердің, таулардың, шөлдердің атаулары, түркі тектес тайпалар – ақғұндар, түріктер, татарлар мен іргелес жатқан жерлер туралы маңызды ақпарат береді.

Әбул-Фида шығармасының мәтінінің кейбір бөліктерінде ол үлкен қалалардың, елдердің қасиеттерін және олардың тұрғындарының қасиеттерін сипаттауда фәдаил<sup>1</sup> географиялық тәсіліне назар аударғанын айтуға негіз бар. Бұл жанр әсіресе әл-Жәһиздің түркілердің қасиетіне арналған «Рисала ила-л-Фатх ибн Хакан фи манакиб джунд әл-хилафа уа-фадаил әл-атрак» (Халифа әскерінің мақтауға тұрарлық қырлары мен түріктердің қасиеті туралы әл-Фатх ибн Хаканға жолдау) атты алғашқы маңызды этнографиялық трактатында айқын көрінді [59, 11 б.]. Мәселен, қала туралы былай делінген: «Исфиджаб – күншығыс елдеріндегі үлкен қала және түркілердің шекаралас аймақтарынан, одан көптеген ғалымдар шыққан. Ибн Хаукал: Исфиджабқа келетін болсақ, бұл Түркістанның 1/3 бөлігін құрайтын қала. Оның бекініс қамалдары бар, ол жерді адамдар қоныстанған, сонымен қатар оның осы маңды 1 фарсах қашықтықта қоршап тұрған екі қабырғасы бар. Айналасында өзендер, бақтар бар, бұл қала да тегіс жерде орналасқан. Исфиджаб пен ең жақын тау арасындағы қашықтық фарсахтың 1/3 бөлігін құрайды. Автор «әл-Азизиде»: «Исфиджаб – Мәуереннаһрдың ұлы жері» [47, 516 б.].

Әбул-Фиданың түркілердің қасиеттері туралы жеке ойлары назар аударуға тұрарлық, әсіресе ол білімді де парасатты, жан-жақты және ғылымның әртүрлі салаларында танымал болған көптеген ислам ғалымдары туралы көп айтады. Ол Хорезм мен Мәуереннаһрдың көптеген қалаларының тұрғындарының ғылымилығы мен білімінің жоғары деңгейде болғандығы туралы жазған. Мысалы, Нахшаб қаласы туралы былай деп жазылған: «Нахшаб – Мәуереннаһрдың маңайында орналасқан суы мол, жемісі мен өсімдігі көп қала. Одан сан алуан білім саласынан көптеген ғалымдар шықты» [47, 507 б.]. Түрлі қалалардың ғұлама тұрғындары туралы ғана емес, белгілі бір ғалым туралы да мәліметтер кездеседі, мысалы, Мәуереннаһр аумағында орналасқан Тункат қаласын сипаттағанда былай дейді: «осы жерден көптеген ғұламалар шыққан, олардың арасында батыс жолын ұстанып, Андалусияға көшкен Абул Фатх Наср ибн Тункатий болды» [47, 520 б.]. Көрнекті ғалым Әбул Қасым Махмұд әл-Замахшари туып-өскен Замахшар ауылын жазу кезінде тағы бір адам туралы айтқан. Сондай-ақ қаланың «Тараз» бөліміндегі Мәуереннаһр туралы кестелік түріндегі бетте автор Тараз туралы қысқаша сипаттай отырып, бұл қаланың жанында түркілердің Джикл қаласы бар екенін, оның тумасы ұлы Хатиб Әбу Мұхаммед Абдурраһман ибн Яхия екенін баяндайды, ол Қадырхан заманы тұсында Самарқанда уағызшы болған.

---

<sup>1</sup>Фәдаил әдісі (араб.: فضائل – «ізгіліктер», «қадір-қасиеттер») – ислам ғылымдарында, атап айтқанда хадис, этика және рухани тәрбие салаларындағы маңызды көзқарас. Бұл әдіс ислам мәтіндерінде айтылған ізгі қасиеттерді, ахлақтық сипаттарды, жағымды амалдарды және олардың сауабын атап көрсету үшін қолданылады.

Тағы бір ерекше тұсы, түркі қалаларын атағанда, сипаттағанда, әр жағдайда олардың тұрғындарының таңғаларлық және таң қалдыратын қырлары көрсетіледі. Ортағасырлық араб дереккөздерінде Түркістан, Хорезм және Мәуереннаһр аймақтарындағы қалалардың көптігі, олардың ең шеткі Шығысқа дейін созылғандығы ерекше атап көрсетілген. Бұл деректер сол кезеңдегі урбанизацияның кеңдігі мен экономикалық, саяси орталықтардың таралуын көрсетеді. Сонымен қатар, араб жазбаларында берілген мифологиялық және аңыздық әңгімелер ерте орта ғасырлардағы түркі және араб қоғамында кең тараған ауызша дәстүрлерге негізделген. Олар тек тарихи дерек ретінде ғана емес, сондай-ақ мәдени және рухани мұра ретінде де маңызды болды.

Әбул-Фида Хорезм мен Мәуереннаһр аймақтарындағы тайпалар мен халықтарды негізінен мұсылмандар және түркілер деп сипаттаса, басқа ортағасырлық араб географтары тайпалар туралы дәлірек мәліметтер береді. Солардың қатарында тоғызғыздар, қарлұқтар, кимектер, оғыздар, қыпшақтар, қырғыздар, түргештер сияқты тайпалар ерекше аталады. Бұл мәліметтер сол дәуірдің этнографиялық құрылымын, тайпалардың орналасу аумағын, олардың саяси және әлеуметтік ықпалының деңгейін көрсетуге мүмкіндік береді.

Әбул-Фида Баласағұн қаласын сипаттау кезінде ерекше этнографиялық ақпарат келтіреді. Ол Баласағұн қаласын түрік жерінің шекарасына жақын, Қашқар маңындағы Сырдария өзенінің ар жағында орналасқан қала деп сипаттайды. Сонымен қатар, ол осы қалаға қатысты деректерді келтіріп, оған ұқсас басқа қалалар да түркі елдерінің шекаралас аймақтарында орналасқанын атап көрсетеді. Бұл сипаттама Баласағұнның стратегиялық, экономикалық және мәдени маңызын көрсетіп, Түркістан мен Шығыс Орта Азия қалаларының өзара байланыстарын анықтау үшін маңызды тарихи дерек ретінде қарастырылады. Бұл әс-Самғани заманында қала мұсылмандарға тиесілі болды, ал қазіргі уақытта татарларға тиесілі қала» [47, 516 б.]. Сондай-ақ кестелік бөлімде Ибн Саидтың Қарақұм туралы айтқан сөздерінен бұл қала татарлардың астанасы болған, оның айналасында моғол елдері бар және олар таза қанды татарлар екені айтылады. Баласағұнға қатысты ғылыми әдебиеттерде қаланың географиялық орны туралы екі түрлі пікір айтылған. Олардың бірі Баласағұн қирандыларын Қазақстан Жамбыл облысы аумағындағы Ақтөбе елді мекеніндегі Шу ауданы аумағында орналасқан десе, екінші пікір бойынша, қазақ тарихшысы Мұхамеджан Тынышпаевтың көзқарасына сәйкес, қала қазіргі Қырғызстанның Шу облысының аумағында орналасқан [60, 224 б.].

Ортағасырлық дәуірде ғимараттардың сәулеттік-құрылыстық құрылысы өркендеді, сондықтан сәулет айтарлықтай өзгерді, ғимараттар ықшам сыртқы безендіруімен, тиянақтылығымен және беріктігімен, массивті қабырғалармен және тар терезе ойықтарымен сипатталды. Сонымен қатар, ғимараттар қоршаған ландшафтқа тамаша сәйкес келді. Әбул-Фида Самарқан қаласын сипаттауында есіктің архитектуралық безендірілуін сипаттайтын қызықты мәліметтерді келтіреді: Самарқан – Сұғда алқабының оңтүстігіндегі қала, ол сонымен қатар алқаптан жоғары орналасқан Сұғданың негізгі қаласы және Самарқан қабырғаларының айналасында шұңқыр бар, қалаға тікелей ағып

жатқан өзен де бар. Ибн Хаукал былай деп атап өтті: «Мен Самарқан есіктерінің бірін көрдім, ол «Кашш» есігі деп аталады, ол темірден жасалған және оның үстінде шағын жазу бар, тұрғындар оны Хамир тілінде деп есептейді, ол Йемен королінің бұйрығымен жасалған. Сұғадан Самарқанға дейінгі қашықтық мың фарсах және мұның бәрі Тубба заманынан бері жазылған. Сондай-ақ, олар өмір сүре бастаған кезден аласапыран болып, соның салдарынан есік отқа оранып, жазу жоғалып кеткенін айтты. Біраз уақыттан кейін Мұхаммед ибн Лұқман ибн Наср ибн Ахмад есікті қалпына келтірді, бірақ жазуды қалпына келтіре алмады. Самарқан қаласына жақын жерде адамдар тас өндіретін шағын тау бар, қаладағы соқпақтар мен жолдар тастардан жасалып, төселген [47, 518 б.]. Бұл оқиға Ибн Хаукалдың сөзінен жазылған. Сондай-ақ сәулет құрылыстары туралы Мәуереннаһр қалаларының бірі саналатын Байканд қаласы туралы айтылады, Ибн Хаукалдың айтуынша, бұл қаланың жанында мың қонақ үй, бекініс қабырғасы және үлкен мешіт, құрылысы бар, олар шын мәнінде жоғары деңгейде орындалған. Бұған қоса, мешіттің де құрылымы мен сұлулығы жағынан басқа безендірулермен салыстыруға келмейтін әрлендірілген бұрышы бар. Әмудария өзенінің арғы жағында орналасқан Уашжурд елді мекеніндегі исламға дейінгі соғыстан бері сақталып қалған таңғажайып көрікті жерлерді атап өтуге болады. Бинкас қаласында бекіністер мен қамалдардың салынуы туралы қызықты деректер бар: басты қамалдар Бинкасқа тиесілі және олар қаланың сыртында орналасқан, бірақ тек осы қаланың қабырғалары мен қамалдары біртұтас құрылыс. Қалада аудандар бар, олардың әрқайсысында қоршау бар. Бұл қоршаулардың артында да жайлар орналасқан, сонымен қатар бақтар мен үйлер бар, ал қамалдардың есіктері екеуден. Бір есік жайларға, екіншісі қалаға бағытталған. Бұл қамалдың қабырғаларында үлкен мешіт бар. Қаланың ұзындығы бір фарсах шамасында, қалаға өзендер құяды, оның маңайында неше түрлі бау-бақша бар [47, б.520].

Жалпы, ерте орта ғасырларда араб қолөнершілері өздерінің жоғары сапалы, көбінесе тіпті жоғары көркем жұмысымен, күрделі құрылыс құрылымдарын шебер тұрғызуымен және т.б. танымал еді. Бұл елдердің қолөнершілері Ұлы Жібек жолы бойында сатылған қымбат маталар, киім-кешек, кілем, төсек-орын, зергерлік бұйымдар, қару-жарақ, т.б. бұйымдар жасаудың әдістерін меңгерген.

IX ғасырда арабтардың жаулап алуы нәтижесінде Мәуереннаһрға іргелес Хорезм аймақтары біртіндеп ислам дінін қабылдай бастады. Бұл процесс тек діни өзгерістермен шектелмей, әлеуметтік, экономикалық және мәдени дамуға да айтарлықтай әсер етті. Исламның таралуы арқылы жергілікті қоғамның құрылымы, құқықтық жүйесі, білім беру және діни институттары өзгеріске ұшырады.

Мұсылман әлеміндегі қоғамдардың сауда топтары Оңтүстік Қазақстан шекаралас жерлерінен тыс, Орталық Азия, Шығыс Еуропа және Қиыр Шығыстың шалғай аймақтарына дейін өз тауарларын жеткізуге мүдделі болды. Бұл кең ауқымды сауда байланыстары тек экономикалық тиімділікпен шектелмей, сонымен бірге мәдени, ғылыми және діни әсерлерді де таратты.

Араб елдерінен Сырдария бойындағы қалаларға дейін созылып жатқан сауда жолдары – тауарлармен қатар, білім, дін, мәдени дәстүрлер мен технологиялық жаңалықтардың таралуына мүмкіндік берді.

Ортағасырлық араб ғалымдары мен саяхатшылары үшін осы сауда қатынастары Хорезм мен Мәуереннаһр аймақтарын зерттеудің негізгі себептерінің бірі болды. Олар өз жазбаларында аймақтың халықтарын, қалалары мен ауылдарын, экономикалық және мәдени өмірін жан-жақты сипаттады. Бұл еңбектер қазіргі зерттеушілерге Орта Азияның ортағасырлық кезеңдегі урбанизациясын, сауда байланыстарын, мәдени және ғылыми дамуын толық түсінуге мүмкіндік береді.

Ұлы Жібек жолы бойындағы сауда жолдары мен олардың Сырдария, Ертіс және Итіл өзендері бойындағы көшпелі мемлекеттердің орталықтарына апаратын тармақтары ортағасырлық экономикалық байланыстарды зерттеуде ерекше қызығушылық тудырады. Бұл сауда жолдары тек тауарларды жеткізу ғана емес, сонымен қатар мәдени, ғылыми және діни идеялардың таралуына да ықпал етті.

Дәлелденген тарихи деректер негізінде әртүрлі сауда орталықтары мен олардың ерекшеліктері туралы нақты түсінік қалыптасады. Түркі елінің құрамындағы бірқатар қалалар мен елді мекендер сауда желілерінің негізгі тораптары ретінде белгілі болды. Мысалы, Уашжурд қаласы Әмудария өзенінің артында орналасқан, мұнда тауарлардың бағасы ең төмен және сауда жүргізуге қолайлы жағдай қалыптасқан. Сол сияқты, Хан-Балық қаласы өз дәуірінде саудагерлер арасында танымал үлкен базарымен әйгілі болған, ол Қиыр Шығыс пен Орталық Азияны байланыстыратын сауда торабы ретінде маңызды рөл атқарған.

Бұдан басқа, Құрқанж, Тирмиз, Тараз сияқты қалалар да Ұлы Жібек жолының негізгі сауда тораптары ретінде сипатталған. Бұл қалаларда тауарлық айналым кеңейіп, түрлі елдерден келген саудагерлер өз өнімдерін сатты, ал қалалық инфрақұрылым мен базарлар сауданың қарқынды дамуына мүмкіндік берді. Сонымен қатар, сауда жолдары арқылы дін, білім, мәдени дәстүрлер мен технологиялық жаңалықтар да тарады, бұл Орта Азияның ортағасырлық экономикалық және мәдени дамуына айтарлықтай ықпал етті.

Мәуереннаһрдың солтүстігінде орналасқан түркі елдері мен тайпалары және олардың қалалары туралы, Оңтүстік Қазақстан жері, Сырдария алабы мен Талас алқабын басып өткен жолдар мен бағыттар туралы мәліметтерге келсек, Әбул-Фида толығымен дерлік Ибн Хаукалды қайталайды, ол өз кезегінде әл-Истахриден мағлұмат алды. Ибн Хаукал әсіресе Сырдария алқабында орналасқан қалалардың көптеген атауларын келтіріп, оларды жан-жақты сипаттайды. Ибн Хаукал тұзды Каспий теңізіне тұщы суы бар өзендердің әр жағынан құятынын атап өтеді. Ондағы аралдардың ішінен су көздері, ағаштар, қопалар мен жабайы аңдар болған Сияхкух (Маңғышлақ) ерекшеленеді. Шығыстағы ең қымбат және ең жақсы құлдар болып түріктер саналған, олар жақсы мінезімен және жігерлілігімен ерекшеленетін дейді [59, 22 б.].

Әбул-Фиданың айырмашылығы Орталық Азияның әртүрлі аймақтарында болған басқа авторлардан алынған деректердің арқасында ақпарат көлемін біршама кеңейтті. Түркістан, Хорезм мен Мәуереннаһрдың тарихи географиясын зерттегенде топонимика туралы деректердің де маңызы зор. Орта Азия түркілерінің тілін біртұтас және өзара түсінікті тіл ретінде лингвистикалық сипаттау – құнды ақпарат, бұл түркі тайпаларының генетикалық байланысын, сондай-ақ олардың арасындағы тығыз қарым-қатынасын айғақтайтыны сөзсіз [13, 33 б.].

Орта Азияның батыс төңірегінде орналасқан байырғы мемлекеттердің бірі – Хорезм. Б.з.д. 2 мыңжылдықтың орта тұсында Хорезм өркениеті пайда болған. Оның қалыптасуы ежелгі Египет пен Вавилоннан кейінірек болды, дегенмен табиғи орталары ұқсас келді. Бұл өлкедегі ұлы Әмудария өзені Памир тауының мұздықтарынан бастау алды, мыңдаған шақырымға ағып жатқан су Қызылқұм шөлінің төменгі тұсында құнарлы оазистің қалыптасуына себепші болды [61]. Негізгі территориясын аса құнарлы оазис алып жатты, қазіргі уақытта аталмыш алқап Орта Азиядағы үш мемлекет – Өзбекстан, Түркіменстан мен Қазақстанға тиесілі. Бұл аймақта қола дәуірі заманынан бастап суармалы егіншілік шаруашылығы жақсы дамып, оны адамзаттың жоғарғы мәдениеті ошағына айналдырды.

Хорезм аймағы өзен-су ресурстарының молдығымен ерекшеленді, бұл өңірдің ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығын дамытуға қолайлы жағдай туғызды. Мысалы, Арал теңізінің аймағында балық қоры бай болған, ал оның маңайындағы кең далада жабайы тіршілік иелері – әртүрлі аңдар мен құстар – мекендеген. Кең мал жайылымдарының болуы жергілікті тұрғындардың экономикасына тікелей ықпал етіп, көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтын қалыптастырды.

Бұндай табиғи жағдай Хорезм даласында бірегей мәдениеттің қалыптасуына серпін берді. Өңірде тарихи кезеңдер бойында ерекше ескерткіштер мен мәдени нысандар пайда болды. Нақтырақ айтқанда, археологиялық кенттер, ірі бекіністер мен қорғандар Хорезмнің бай тарихын және стратегиялық маңызды орын болғанын көрсетеді. Бұл қалалар мен бекіністер тек қорғаныс қызметін атқармаған, сонымен қатар сауда, мәдени және діни орталықтар ретінде де маңызды рөл ойнаған.

Хорезмнің табиғи ресурстары мен географиялық ерекшеліктері, яғни өзендердің молдығы, дала мен теңіз аймақтарының бай тіршілік ортасы, аймақтың тарихи-мәдени дамуына тікелей ықпал етті. Нәтижесінде Хорезмде қалыптасқан мәдениет, археологиялық мұра мен қалалық инфрақұрылым бүгінгі күнге дейін зерттеушілер үшін тарихи және ғылыми қызығушылық тудырып келеді.

Ғалым Сергей Толстов, Орта Азия тарихын зерттеуші, «Ежелгі Хорезм. Тарихи және археологиялық зерттеулер тәжірибесі» [62] кітабында Хорезмді үш тарихи кезең аясында қарастырады: біріншіден, келтеминар, тазабағяб және амирабад мәдениеттерін қамтитын алғашқы Хорезм дәуірі; екіншіден, тұрғын қабырғалары бар бекіністі қоныстардың мәдениеті, қаңлы, кушан және кушан-

афригид мәдениеттері дәуірі – антикалық Хорезм; үшіншіден, афригид, афригид-саманидтер, хорезмшах және хорезм-жошылар мәдениеттері заманы – ортағасырлық Хорезм. Осы кезеңдеуге сәйкес Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегінде ортағасырлық Хорезмнің тарихи желісі сипатталған.

Хорезм – Хорасан мен Мәуереннаһрдан бөлек, кең аумақты алып жатқан аймақ. Оның жан-жағын жазық және шөлейт алқаптар қоршап, табиғи шекараларды анықтайды. Батысы мен солтүстігі түрік елдерімен шектеседі, ал оңтүстігінде Мәуереннаһрмен шекаралас орналасқан. Оңтүстік тұсынан Әмудария өзені ағып өтеді, ол өзен бойында бөгет немесе арнайы суқойма құрылысы жоқ болғандықтан, ағыс табиғи жолмен Хорезмдегі көлдерге құяды. Өзеннің сол жағалауында аймақтың орталығы орналасқан, бұл тарихи кезеңде елді мекендердің дамуына және стратегиялық орналасуына ықпал етті.

Хорезмнің ең ірі қаласы – Куркундж, араб дереккөздерінде Джурджания деп аталады. Ол Әмудария өзенінің оңтүстік жағалауында жайғасып, экономикалық және саяси тұрғыдан маңызды рөл атқарған. Ортағасырлық географ Ибн Хауқалдың жазбасы бойынша, Хорезм алабының климаты қатты суық мемлекеттердің қатарына жатады, бұл өз кезегінде ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығының ерекшеліктерін қалыптастырған [63]. Хорезмдік негізгі елді мекеннің атауы – «Хорезмдік», себебі Әмудария ағысы Хорезм бағытынан бастау алады, ал өзеннің арғы бетінде қала тұрғызылғандықтан, жағалау мен қала танымалдыққа ие болған.

Әл-Муһаллаби өз еңбектерінде Әмудария өзенінің солтүстік жағалауындағы елді мекендерді сипаттайды. Оның мәліметінше, Хорезм қаласының тұрғылықты орындары мен Амул өзені арасындағы қашықтық орта есеппен 12 деңгейді, ал өзен бойымен Хорезмге дейінгі ара қашықтық шамамен 6 деңгейді құрайды [130]. Бұл көрсеткіштер аймақтың географиялық орналасуын, өзендер мен су көздері арқылы қалыптасқан табиғи шекараларын және елді мекендердің стратегиялық маңызын айқындайды.

Хорезмнің табиғи жағдайы, өзен-су ресурстары мен жазық алқаптардың кеңдігі бұл аймақтың экономикалық, мәдени және саяси дамуына тікелей ықпал еткенін атап өткен жөн. Осылайша, Хорезм тек саяси-экономикалық орталық қана емес, сонымен қатар тарихи-мәдени мұралары бар, зерттеуге лайықты аймақ ретінде бағаланады.

«Әл-Мүштәрик» еңбегінің деректеріне сәйкес Хорезмнің екі қаласын біріктіретін мекен «Куркандж» деп аталды [64]. Әмударияның етегінде «Үлкен Куркандж» деген басты қаласы орналасты, одан шамамен он шақырым жерде «Кіші Куркандж» деп аталатын екіншісі тұрақтады. Йәқиннің мәліметтеріне сүйенетін болсақ, оның он шақты аудандары мен ұзаққа созылып жатқан базар орталықтары болды. Бұл қаланы арабтар «Джурджания» десе, басқалары «Куркандж» атауын қолданды, әр ауданның өзіне тән есімдері болды. Ал «Канонға» сәйкес бұл қала Әмударияның батысында орналасыпты.

Хорезмдегі бұдан бөлек қалаларға тоқталатын болсақ:

1) «Кәс» – Әл-Ғазизий бойынша, сол замандағы түрік жерлеріндегі ауылдардан 50 фарсахта. Ал Ибн Саидтің баяндауынша, Хорасан еліне кіретін

атақты қалалар Куркана, Назарасб болды, олардың қатарында Кәс те бар [65]. 2) «Әл-Любаб» [56] еңбегіндегі деректерде Хорезм ауылдарының ішінде ең ірісі Замахшар деп айтылады. Тұрғындарының бірі танымал оқымысты Әбу әл-Қасым Махмұд әз-Замахшари болғаны белгілі, оның бірқатар туындылары белгілі болған. 3) «Әл-Ғазизий» авторы Кәстен алты фарсах қашықтықта, Әмударияның батысында «Назарасб» қаласы болғаны жеткізеді. Ал «Әл-Любаб» кітабында бұл елді мекен парсыша Назарасф екені айтылған. 4) Хорезмнің шетінде «Дарған» қаласы болды. «Әл-Ғазизий» кітабында Назарасбпен арақашықтығы 24 фарсах деп сипатталады. Хорасанның алғашқы қаланған қалаларынан. 5) «Әл-Любаб» жазбалары Әмударияның шетінде Бұқарамен шектесетін «Фарабр» қаласы болғандығын дәлелдейді. «Канон» мәліметтерінде Мәуереннаһрдан басталып Хорасанға дейін созылып жатқаны хабарланады. Ибн Хаукал Фарабр тұрғындары Әмудария төңірегін мекендеген, Хорезмге жақын болғандықтан оның құрамына жатқызылды деп суреттейді.

Хорезм халқын талдайтын болсақ, бұл жердің иесі III ғасырдан бері ғұндар еді. Тенишев [66] сияқты бірқатар ғалымдар ғұндар тілі түркі тілі санатына енгізеді. Себебі Хорезм VI ғасырда Түрік қағанатына бағынышты болып, оның негізгі этностық құрамын түркітілдес топтар құрады. Ал VII ғасырда бері түркі мемлекеті болған Хазар қағанатымен өзара тығыз байланыста болып, көші-қон үрдісі жүзеге асты. Хазар хакандығының әскерінде хорезмдіктер де белсенді күшке айналды. X ғасырда өмір сүрген парсы жағрафияшылары Хорезм өлкесіндегі Баратегин қаласы жайында жазған. Оның атауынан қаланы түркілер тұрғызған немесе мекендеген деп айтуға болады. Истахри Хорезмдегі 13 қаланы сипаттай отырып Баратегинді де атайды, ал әл-Макдиси Хорезмге тиесілі 32 қалаға жатқызады.

Тағы бір дәлелдердің бірі – көрнекті этнограф-ғалым Бирунидің туындылары. Ол мәтіндерде Хорезм тұрғындарының қолданысында болған айлар мен дәрілік шөптердің түркі атауларын келтіреді. Бируни «Өткен ұрпақтың ескерткіштері» [67] еңбегінде жыл циклі мен санағына сәйкес жануарлардың түркі тілдегі есімдерін береді. Сондай-ақ, әдеби, ғылыми және діни туындылардың жазылуы мен араб және парсы шығармаларының түрік тіліне аударылуынан Хорезмнің исламдануы мен түркіленуін көреміз. Мысалы, мерзімі 1363 жыл қаңтар-ақпан айлары деп белгіленген, Хорезмде түркі тіліне аударылған Құран кітабы Ыстамбұл қаласындағы Сүлеймания кітапханасының қорында сақталған. Түрікмен этносының қалыптасу процестері жүзеге асқан маңызды территориялардың бірі көне Хорезм даласы еді. X ғасырда оғыздар тобына жататын түркімендер мемлекетте жетекші этникалық рөлді атқарып, бірнеше жүзжылдықтар бойы Хорезмде негізгі түркі халқына айналады [56]. Демек Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» туындысына сәйкес хорезмдік этносаяси өңірде түркі-мұсылман ұлыстары өмір сүрді.

Аталмыш ортағасырлық заманда ортаазиялық көптеген шағын және ірі орталықтар аймақтың мәдени, экономикалық, саяси және әлеуметтік тұрғыдан дамуына айрықша ықпал етті, сонымен қатар, бұл өлкені мекендеген халықтардың ортақ тарихын қалыптастырды. Көшпелі және отырықшы

мәдениеттің тоғысында орналасқан, яғни Ұлы Дала мен Орта Азияны біріктірген Хорезм өркениеті болды. Хорезм екі мәдениеттің ерекшеліктері мен оған тән тарихи уақиғалардың куәгеріне айналды. Су ресурстарының молдығы, топырақтың жоғары құнарлылығы және қоңыржай климат ежелгі дәуірден бастап халықтардың шоғырлануына қолайлы жағдай жасады. Бұндай табиғи артықшылықтарды тиімді пайдалану нәтижесінде аумақ өркениеттің маңызды орталықтарының біріне айналып, күрделі әлеуметтік-экономикалық құрылымдар қалыптасты. Оазистік аймақта қалалық мәдениет дамып, қолөнер өндірісі жетілдіріліп, сауда байланыстары кеңінен өрістеді.

Хорезм Мәуереннаһрдың экономикалық жүйесінде стратегиялық маңызға ие болды, себебі оның аумағы арқылы Ұлы Жібек жолының солтүстік тармақтарының бірі өтіп, халықаралық транзиттік сауда байланыстарын қамтамасыз етті. Сонымен қатар, хорезмдік сәулет өнеріне келетін болсақ, Орта Азия мәдени-тарихи мұрасының ажырамас бөлігі ретінде ерекшеленіп, аймақтың архитектуралық дамуына айтарлықтай ықпал етті. Хорезм сәулетшілерінің құрылыс саласы мен бейнелеу өнеріне қосқан үлесі зор болды, олардың озық тәсілдері кейінгі дәуірлерде де сақталып, сәулет өнерінің эволюциясына серпін берді [130].

Археологиялық зерттеулердің нәтижелері Хорезм өркениетінің тек сауда және ауыл шаруашылығымен шектелмей, ғылыми қызметтің бірқатар салаларында да айтарлықтай жетістіктерге жеткенін көрсетеді. Бұл аймақтың оқымыстылары астрономия мен математиканы терең меңгеріп, ғылыми зерттеулерінде заманауи құралдар мен әдістерді қолданған. Мысалы, бұрыштық өлшеу құрылғыларының ойлап табылуы және олардың зерттеу жұмыстарына тиімді түрде енгізілуі Хорезмдік ғалымдардың практикалық ойлау қабілеті мен инженерлік дағдыларын дәлелдейді.

Ежелгі Хорезмде астрономия мен жаратылыстану ғылымдары ерекше деңгейде дамыған. Астрономиялық бақылаулар, аспан денелерін өлшеу, жыл мезгілдерін анықтау және күнтізбе жасау жұмыстарында Хорезмдік ғалымдардың жетістіктері көрініс тапқан. Сондай-ақ, математикалық есептеулер мен геометриялық әдістердің дамуы Хорезмдегі білім беру жүйесінің жоғары деңгейін, сондай-ақ ғылыми ой-өрістің қалыптасуына ықпал еткенін көрсетеді.

Хорезмдік ғылыми дәстүрлердің ерекшелігі – олар практикалық қажеттіліктермен тығыз байланыста болған. Астрономия мен математика тек теориялық зерттеулерде ғана емес, сонымен қатар ауыл шаруашылығын жоспарлау, суару жүйелерін ұйымдастыру және сауда жолдарын есептеу сияқты қолданбалы салаларда да пайдаланылды. Осылайша, Хорезм өркениеті мәдени, экономикалық және ғылыми дамудың интеграцияланған үлгісі ретінде ерекше орын алады, бұл аймақтың ортағасырлық Орталық Азиядағы маңызды ғылыми орталық екенін дәлелдейді.

Ежелгі Хорезмдегі қоныстану аумақтары салыстырмалы түрде шектеулі болып, еңі бірнеше шақырымды құрайтын территорияларда шоғырланған. Бұл аймақтар Амудария өзенінің төменгі ағысына жақын орналасып, ауыл

шаруашылығының дамуына және қалалардың қалыптасуына қолайлы жағдай туғызған. Сол кездегі ирригациялық жүйелер жоғары деңгейдегі инженерлік өнердің айқын көрінісі болды. Олар күрделі құрылыс әдістерімен жасалып, өзен суларының тиімді таралуын қамтамасыз етіп, жазық алқаптарды толық игеру үшін қолданылған.

Амударияның төменгі ағысында жасалған суландыру жүйесінің жалпы ауданы шамамен 1,3 миллион гектарды құрады. Бұл қазіргі Хорезм облысының суармалы жерлерінен төрт есе көп, яғни ежелгі кезеңде аймақ тұрғындарының ауыл шаруашылығын дамытуға деген жоғары ұйымдастырушылық қабілетін, инженерлік дағдыларын және еңбек ресурстарын тиімді пайдаланғанын көрсетеді. Ирригациялық жүйелердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету ауқымды еңбек күштерін, техникалық білімді және жергілікті қауымдастықтардың үйлесімді қызметін қажет етті.

Ирригация жүйесі аймақ экономикасының негізгі құрылымдық элементі ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және мемлекеттік басқару механизмдерінің негізін де қалыптастырды. Қауымдастықтар, билік өкілдері мен шаруалар бұл жүйенің тұрақтылығын сақтау үшін белсенді түрде ат салысты. Осындай ұйымдастыру Хорезмдегі экономикалық өндірісті, әлеуметтік тәртіпті және суарудың тиімділігін үйлестірді. Нәтижесінде, ирригациялық жүйелер Хорезм экономикасының тұрақтылығын қамтамасыз етіп, халықтың әл-ауқаты мен ауыл шаруашылығының дамуына тікелей ықпал етті.

Ежелгі Хорезмдегі ауыл шаруашылығы негізінен дәнді дақылдарды, атап айтқанда тары, арпа және бидай сияқты өнімдерді өсіруге бағытталған. Бұл дақылдар тек жергілікті тұрғындардың негізгі азық-түлігін қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар сауда-саттық және салық жинау үшін маңызды экономикалық ресурсқа айналған. Сонымен қатар, Хорезмде көгалдандыру, бау-бақша және жүзім шаруашылығы кеңінен дамып, аймақтың аграрлық құрылымында ерекше орын алған. Жүзім өсіру арнайы мамандандырылған шаруашылықтарда шоғырланып, жинақталған өнімнің едәуір бөлігі шарап өндіру мен саудаға бағытталған. Бұл өндіріс аймақтың экономикалық және мәдени дамуына тікелей ықпал етіп, ауыл шаруашылығы мен сауда арасындағы байланысты күшейтті. Мал шаруашылығы да Хорезмдегі ауыл шаруашылығының ажырамас бөлігіне айналған. Ірі қара малдың саны артқан сайын оның экономикалық және әлеуметтік маңызы да өскен. Мал шаруашылығы тек азық-түлікті қамтамасыз етіп қана қоймай, ауылдық қауымдастықтардың қаржылық тұрақтылығын қолдауда, сауда-саттыққа және ертедегі ритуалды рәсімдерге қатысында маңызды рөл атқарған.

Ежелгі Хорезмде металлургия қолөнер өндірісінің негізгі бағыттарының бірі болып саналды. Темірді құю, өңдеу және әртүрлі ұсақ металл бұйымдарын жасау кеңінен дамыды. Металл бұйымдары тұрмыстық, ауыл шаруашылық және соғыс қажеттіліктеріне арналды. Темір құралдар мен қылыштардан бастап, әшекей бұйымдар мен құрал-саймандарға дейінгі өнімдердің сапасы мен әртүрлілігі аймақтық өндірістің жоғары деңгейін көрсетті. Сонымен қатар,

керамика өндірісі де айтарлықтай өркендеп, кейбір елді мекендерде қыш шеберханаларының айқын іздері анықталды. Керамикалық бұйымдардың ішінде тұрмыстық ыдыстардан бөлек, терракотадан жасалған мүсіндер өндірілді. Бұл мүсіндер діни, мәдени және тұрмыстық қажеттіліктерге пайдаланылды. Далалық аймақтардағы керамика орталықтары көшпелі халықтардың талаптарына сәйкес арнайы өнімдер шығаруға бейімделген. Ғылыми зерттеулер сүйек өңдеу шеберханаларының болғанын да растайды. Сүйек пен мүйізден күрделі құрылымды құралдар, соның ішінде садақтар, түйреуіштер, ине және басқа тұрмыстық заттар жасалған. Бұл материалдарды өңдеудегі шеберлік аймақтың техникалық мүмкіндіктерінің жоғары деңгейін көрсетеді. Жеңіл өнеркәсіп саласында мақта және жүн маталарын тоқу кең таралып, өңдеу технологиялары жетілдірілген. Бұл өнімдер жергілікті тұрғындардың қажеттіліктерін ғана қамтамасыз етіп қана қоймай, сауда-саттыққа да бағытталған. Сонымен қатар, шыны бұйымдарын жасау дамығанымен, негізінен сәндік мақсаттағы заттар, мысалы, белдік әшекейлері, моншақтар мен жүзіктерді өндірумен шектелген.

Ежелгі Хорезмде мыс және күміс монеталарының айналымда болуы елдегі тауар-ақша қатынастарының жоғары дамығанын айғақтайды. Монеталық жүйенің қалыптасуында Парфия және Иран мыс ақшаларының номиналдары үлгі ретінде пайдаланылған. Бұл көрсеткіш Хорезмдегі сауда-саттық пен экономикалық қатынастардың халықаралық деңгейде өркендегенін дәлелдейді. Сонымен қатар, күміс монеталардың соғылуы аймақ тұрғындарының сауда жүйесін әртараптандыруға және Ұлы Жібек жолы бойындағы халықаралық сауда қатынастарына белсенді қатысуға мүмкіндік берген. Хорезмдегі монеталардың дизайны, атап айтқанда, Грек-Бактрия билеушісі Евкратидтердің тетрадрамаларының үлгісін қайталауы, аймақ тұрғындарының сыртқы өркениеттермен байланысын көрсетеді. Араб жаулап алу дәуіріндегі тарихи дереккөздер Хорезмді «мың қорған мекені» ретінде сипаттайды. Бұл тұжырым қазіргі археологиялық зерттеулермен толық расталады. Хорезм аумағынан көптеген ерте қоныстар, күшті бекіністер, патша сарайлары және қорғандық кешендер анықталды. Ең маңызды археологиялық ескерткіштердің қатарында Топырақ-Қала, Жанбас-Қала, Қой-Қырылған-Қала, Қызыл-Қала және Аяз-Қала бар. Мұндағы «қала» термині көбінесе бекініс ұғымын білдіреді, яғни қорғандық және әкімшілік функцияларды бір мезгілде атқарған кешендерді көрсетеді. Бұл бекіністердің құрылыс ерекшеліктері мен ауқымы таңқалдырады: олар дәстүрлі материалдардан салынса да, сәулеттік күрделілігі, дуалдар жүйесі, мұнаралар мен кіреберістердің стратегиялық орналасуы арқылы қорғандық тиімділікті қамтамасыз еткен. Мыңдаған бекініс құрылыстары сусыз және жартылай шөлейт даланың кеңістігінде таралып, ежелгі Хорезм өркениетінің әлеуметтік ұйымдасу деңгейін, әскери және экономикалық әлеуетін айқын көрсетеді. Осындай қорған-қалалар жүйесі және монеталық айналым халықтың экономикалық белсенділігін, сауда-саттықты, сондай-ақ орталықтандырылған басқару мен әскери қорғаныс құрылымдарының тиімділігін қамтамасыз еткен. Нәтижесінде, Хорезм тек

сауда мен ауыл шаруашылығымен шектелмей, сонымен қатар әскери, әкімшілік және мәдени жағынан да ортағасырлық Орталық Азиядағы маңызды орталыққа айналды.

Хорезмнің мәдени өрлеуі, әлемдік деңгейдегі ғылыми орталықтардың дамуы және сол заманның көрнекті ғалымдары мен интеллектуалдарының қалыптасуы – аймақтың ғасырлар бойғы тарихи-мәдени дамуының айқын көрінісі. IX ғасырдың соңынан бастап Хорезм адамзатқа бірқатар көрнекті ғалымдар мен ойшылдарды сыйлады. Атап айтқанда, 783 жылы ортағасырлық ислам ғылымының ірі өкілдерінің бірі Мұхаммед әл-Хорезми дүниеге келді. Ол 845 жылға дейін өмір сүріп, математикалық, астрономиялық және географиялық зерттеулерде үлкен үлес қосты. IX ғасырдың алғашқы жартысында әл-Хорезми халифаттың шығыс аймағын басқарған Мамун билеушінің сарайында қызмет етті. Кейіннен Мамун халифа тағына отырады және Бағдатқа қоныс аударып, әл-Хорезмді өзімен бірге шақырады. Бағдатта әл-Хорезми жетекшілік еткен «Даналық үйі» (Байт әл-Хикма) – орта ғасырлардағы ең ірі ғылыми орталықтардың бірі болып саналды. Бұл академияда математикалық есептеулер, астрономиялық бақылаулар, географиялық картографиялық жұмыстар, философиялық және жаратылыстану ғылымдары дамыды. Хорезмдік ғалымның жетекшілігімен орталық ислам әлемінде ғылыми ізденістердің қарқынды дамуына жол ашып, білім мен мәдениет орталықтарының қалыптасуына ықпал етті.

Әл-Хорезми ғылыми мұрасы тек ислам әлемінде ғана емес, кейінгі ғасырларда Еуропа ғылымының дамуына да әсер етті. Оның еңбектері математикалық алгоритмдер мен алгебралық есептеулердің негізін қалағаны, сондай-ақ астрономия мен география саласында жеткен жетістіктері Хорезмнің интеллектуалдық және мәдени әлеуетінің айқын дәлелі болды.

Осылайша, IX-X ғасырлар аралығында Хорезм даласы ғылым-білім, мәдениет және өнер салаларында қарқынды даму кезеңін бастан өткерді. Бұл уақытта аймақ тек ішкі өркениеттік жетістіктерімен ғана емес, еларалық экономикалық және мәдени байланыстарымен де ерекшеленді. Хорезм Орталық Азия мемлекеттерінің Шығыс Еуропа, Төменгі Еділ өңірі және Хорасан елдерімен транзиттік сауда жүйесінде стратегиялық маңызды актор болды. Сауда қатынастарының кеңеюі оның экономикасының тұрақталуына ықпал жасап, қалалардың және қолөнер өндірісінің өркендеуіне серпін берді. X ғасырдың әйгілі араб географы әл-Мақдиси Хорезм қалалары жайында еңбектерінде былай деп жазады: «Хорезм – құнарлы қала, азық-түлігі мол...», ал Кит қаласына байланысты: «Хорезмнің бас қаласы... үлкен байлыққа ие...» [69].

Әбу Райхан әл-Бируни (973-1048) – Хорезмнің белгілі ғалымы, ортағасырлық ғылымға үлкен үлес қосқан. XI ғасырда оның математика мен астрономия бағыттарындағы ғылыми жетістіктері ерекше танылып, аты Еуропада да белгілі болды. 1004 жылы әл-Бируни Гурганж қаласындағы Хорезмшах Мамунның сарайында ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысты және 1017 жылға дейін осы орталықта қызмет жасайды. Бұл уақыт Хорезмдегі ғылым мен өнердің гүлдену дәуіріне тұспа-тұс келді. Оның белсенділігімен

Бағдаттағы «Даналық үйіне» ұқсас Мамун академиясы құрылды. Бұл академия Хорезмнің ғылыми орталығы ретінде сол заманның озық ойлы ғалымдары мен шығармашылық зиялы қауымын біріктірді. Мәселен, атақты философ және дәрігер Ибн Сина (Авиценна), математик Ибн Ирак, астроном Әбу Сал Мажихий, логик Әбу Мансұр әс-Салибий, және де белгілі ақындар мен ойшылдар кірді.

IX-X ғасырлардан бастап Хорезмде сәулет өнері мен қолөнер айтарлықтай дамып, көркемдік дәстүрлерге жаңа мазмұн енгізді. Сол дәуірдегі сәулет ескерткіштерінің көпшілігі бүгінгі күнге дейін сақталмағанымен, тарихи жазбалар мен араб географтарының еңбектері Хорезмнің мәдени дамуын айқын көрсетеді. Хорезм астанасы Кит қаласында орталық базарлардың жанында ірі мешіттің орналасқаны белгілі. Мешіттің маңында Хорезмшах Мамунның сарайы бой көтерген. Сарай мен мешіт тек діни және әкімшілік мақсаттар үшін ғана емес, сондай-ақ өнер мен сәулеттің көркем үлгісі ретінде салынған. Әл-Мақдисидің жазбасында Үргеніштегі бұл сарайдың қақпаларының сәнділігі ерекше атап көрсетіледі: «Хаджадж қақпаларында әл-Мамун салған сарай бар. Сарайдың қақпалары бар, бүкіл Хорасанда олардан асқан сұлулық жоқ» деп сипатталған. Бұл мәліметтер сарай мен қақпалардың сәндік ерекшеліктері, күрделі ою-өрнектері мен декорациялық элементтері кеңінен қолданылғанын дәлелдейді. Тарихшылардың пікірінше, сол дәуірдегі ғимараттардың интерьерін әрлеуде ағаш бағаналар, ою-өрнектер және керамикалық плиткалар кеңінен қолданылған. Сонымен қатар, қолөнер саласында металдан және күйдірілген саздан жасалған сәндік бұйымдар, керамика, зергерлік бұйымдар мен ағаштан ойылған декоративтік элементтер өндірілген. Бұл шығармашылық тәжірибелер Хорезмді IX-X ғасырларда Аймақтық мәдени және эстетикалық орталыққа айналдырды, сонымен қатар сәулет өнері мен қолданбалы өнердің дамуына тың серпін берді.

Мәліметтерге сүйенсек, қазіргі Ишан-қала жұма мешітінің бағана залына орналастырылған ең ежелгі бағандар X ғасырда салынған Кият мешітінен алынғаны анықталған. Бұл бағандар тарихи тұрғыдан маңызды, себебі олар сол кезеңдегі сәулет өнерінің ерекшеліктерін және құрылыс технологиясын сақтап қалған. Мешіттің кейбір сәулеттік элементтері кейінірек Амудария суларының тасқындары нәтижесінде су астында қалып, қайта пайдаланылған. Бұл қайта өңдеу дәстүрі ортағасырлық ислам сәулетінде кең таралған практика болып, ескі құрылыс элементтерін жаңа діни ғимараттарға енгізуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, мұсылмандық дәстүрлердің орнығуы салдарынан бейнелеу өнерінің кейбір ескі түрлері біртіндеп жоғала бастады. Бұрынғы діни наным-сенімдермен байланысты оссуарийлер, қабырға кескіндемелері, мүсіндік және декоративтік элементтер қолданыстан ығыстырылып, сакралды (қасиетті) өнердің шеңберінен алшақтай бастады. Бұл процесс, өз кезегінде, ислам мәдениеті мен діни эстетиканың қалыптасуына ықпал етіп, көркем шығармашылықты жаңа философиялық және діни тұрғыдан бейімдеуге жол ашты.

*Қорытынды:* Бұл бөлімде Түркістан, Хорезм және Мәуереннаһр аймақтарының тарихи-географиялық зерттеу мәселелері жан-жақты қарастырылды. Ортағасырлық араб, парсы және қытай жазба деректері негізінде XII-XV ғасырлар аралығында қалыптасқан ақпараттық база зерттеліп, өңірлерге қатысты мәліметтердің жүйелі түрде қайталанып кездесетіндігі анықталды. Дереккөздерде қалаларды сипаттау барысында қолданылған «қала», «үлкен ауыл» сияқты терминдер олардың географиялық орналасуы, аумақтық көлемі, тұрғындарының саны және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін сипаттауда маңызды құрал ретінде қызмет еткен.

Аймақтар арасындағы қашықтықтар «фарсах» өлшем бірлігі арқылы көрсетілген, бұл топонимикалық мәліметтерді дәлірек бағалауға және ортағасырлық көліктік және сауда байланыстарының құрылымын түсінуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, араб тіліндегі жазба деректерде авторлар «фәдаил» әдісін жиі қолданған, ол белгілі бір аймақтардың стратегиялық, экономикалық және мәдени артықшылықтарын айқындауға, сондай-ақ олардың тарихи және мәдени құндылықтарын нақты көрсетуге бағытталған.

Дегенмен, қазіргі кезеңде кейбір ортағасырлық қалалардың нақты географиялық орналасуын анықтау және оларды белгілі археологиялық ескерткіштермен сәйкестендіруде бірқатар әдістемелік қиындықтар туындайды. Бұл қиындықтар, ең алдымен, ортағасырлық дереккөздердің өз дәуірінің жазба стиліне, жанрлық ерекшеліктеріне және сипаттамалық тәсілдеріне сәйкес құрылуына байланысты. Ортағасырлық авторлар көбінесе сипаттамалық, нарративтік және бағалаушы сипаттағы жазу тәсілдерін қолданған, сондықтан олардың мәліметтерін заманауи географиялық және археологиялық зерттеулермен тікелей салыстыру кейде күрделі болып отыр.

Осыған қарамастан, жазба деректерді жан-жақты талдау және олардың тарихи-нарративтік ерекшеліктерін ескеру оларды ғылыми тұрғыда сенімді ақпарат көзі ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Мұндай зерттеу тәсілі ортағасырлық Түркістан, Хорезм және Мәуереннаһр аймақтарының саяси, экономикалық және мәдени дамуын тереңірек түсінуге, сондай-ақ олардың тарихи динамикасын қайта жаңғыртуға және жаңа контексте бағалауға елеулі үлес қосады.

Сонымен қатар, тарихи-географиялық зерттеулерде араб, парсы және қытай деректерін салыстырмалы талдау қолданылған жағдайда, ортағасырлық қалалардың, сауда жолдарының, ирригациялық жүйелердің, сондай-ақ мәдени және әлеуметтік құрылымдардың жан-жақты көрінісі ашылады. Мұндай салыстырмалы талдау зерттеушілерге тек жеке деректерді жинауға ғана емес, сонымен қатар оларды кең тарихи және географиялық контекстке орналастыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл ортағасырлық қоғамның урбанизация динамикасын, экономикалық және әлеуметтік байланыстарды, сондай-ақ халықтың рухани және мәдени өмірінің ерекшеліктерін жан-жақты бағалауға жол ашады.

Осы әдістеме арқылы зерттеушілер ортағасырлық қалалардың орналасуы мен даму деңгейін, сауда жолдарының бағыты мен олардың экономикалық

маңызын, ирригациялық жүйелердің құрылымы мен ауыл шаруашылығына әсерін жүйелі түрде талдай алады. Сонымен қатар, мәдени және әлеуметтік құрылымдардың өзара байланысы, діни және этникалық факторлардың рөлі, сондай-ақ қоғамдағы билік пен экономикалық қатынастардың өзара әрекеті де нақты көрініс табады.

Бұл тәсілдің ғылыми маңыздылығы тек тарихи деректерді толықтырумен шектелмейді. Ол қазіргі замандағы археологиялық зерттеулер мен картографиялық реконструкциялардың негізін құрайтын сенімді дерекқор қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұндай салыстырмалы талдау арқылы бұрынғы қоғамдардың кеңістіктік құрылымын, урбанизация процесінің кезеңдік өзгерістерін, сондай-ақ халықтың экономикалық және рухани өміріндегі трансформацияларды зерттеуге мүмкіндік туындайды. Нәтижесінде, араб, парсы және қытай деректері негізінде жүргізілген тарихи-географиялық зерттеулер ортағасырлық Азияның кешенді бейнесін қалыптастырады, сол арқылы қазіргі ғылыми зерттеулерге жаңа аналитикалық перспектива береді.

## **2.2 Әбул-Фида еңбегіндегі Азия қалалары, теңіздер мен мұхиттардың тарихи географиясы**

Әбул-Фида шығармасы әртүрлі сипаттағы екі бөліктен тұрады. Бірінші бөлігі – Жер, экватор, жер беті, жердің көлемі мен жеті климат, бес ұлы теңіз туралы жалпы ақпаратты қамтитын кең кіріспе. Одан кейін теңіз, көл, өзен, таулардың сипаттамасы берілген, еңбектің жоспары көрсетілген. Еңбектің екінші бөлігінің көлемі үлкен, 28 бөлімнен тұрады. Олар әл-иклим әл-хакикийге, яғни «нағыз климатқа» астрономиялық ұғым ретінде қарама-қарсы «климат» -әл-иклим сиг-урфийу («жай климат») деп аталатын географиялық аймақтарды сипаттауға арналған. Жер аймақтары Әбул-Фида кітабында келесі ретпен сипатталған: Арабия, Мысыр, Магреб, Судан, Андалусия, Жерорта теңізі мен Атлант мұхитындағы аралдар, солтүстік жерлер (Шығыс Еуропаның сипаттамасын қамтитын франктар мен түркілер жерлері), Сирия, әл-Жазира (Месопотамия), Ирак, Хузистан, Фарс, Кирман, Сижистан, Синд (Пенджаб), Үндістан, Қытай, Шығыс теңіз аралдары, Рум (Кіші Азия), Армения (Арран және Әзірбайжанмен), Парсы Ирак, Дейлем (және Гилан), Табаристан (Мазандаранмен), Хорасан, Забулистан (және Гур), Тохаристан, Хорезм, Мәуереннахр. 28 бөлімнің әрқайсысы екіге бөлінеді: сипаттамалық және кестелік. Сипаттамада белгілі бір аймақтың шекаралары, саяси құрылымы, халықтың этникалық құрамы, әдет-ғұрыптары мен наным-сенімдері, бас қалалар туралы мәліметтер бар; бағдар боларлық мәліметтер де берілген. Сонымен қатар, Әбул-Фида әртүрлі аймақтардың қалалары туралы ақпаратты әл-Хорезми мен әл-Баттани кестелеріне ұқсас кесте түрінде жинақтады. Әбул-Фиданың өзі кестелік жүйесін XI ғасырдың аяғы мен XII ғасырдың басындағы араб дәрігерінен алғандығын айтады, Яхия ибн Жазли өзінің «Тәнді ретке келтіру» («Такуим әл-абдан») атты астрономиялық кестелерді үлгі ретінде қабылдап, кесте түрінде түрлі ауру туралы мәліметтерді жүйелеген болатын. Шығыс Еуропа елдері мен халықтары «франктар, түріктер елін және

басқаларды қамтитын жердің солтүстік бөлігі туралы оқиға» деп аталатын бөлімде суреттелген. Сонымен бірге, қарастырылып отырған аймақ туралы ауқымды деректер қамтылған туынды туралы жалпы географиялық кіріспеде Шығыс Еуропаны шайып жатқан теңіздер және оның аумағы арқылы ағып жатқан өзендер туралы мәтіндерден тұрады [132].

Азияға қатысты бөлімдерде Еуразияның шығыс және орталық аймақтары, сондай-ақ теңіздік жолдар ерекше назарға алынады. Мысалы, Қытайдың Цюаньчжоу қаласының координаттары дәл көрсетіліп, оның сауда орталығы ретіндегі рөлі атап өтіледі, бұл моңғол дәуірінің әсерінен туындаған шығыс сауда жолдары туралы білімді бейнелейді.

Азия қалаларының тарихи географиясы Әбул-Фида еңбегінде жүйелі түрде қарастырылады. Онда қалалардың урбанистік ерекшеліктері – бақшалар, минералдар, қорғандар, жамағат мешіттері және ғылыми даму деңгейі – ерекше талданады. Орталық Азияның Хорезм және Трансоксиана аймақтарына арналған сипаттамаларда жеті қалалар мен ауылдар тізімі берілген, олардың ішінде Ургенч (Юз), Гургандж және басқа сауда-құрылыс орталықтары кездеседі. Бұл қалалардың сипаттамалары моңғол басып алуларынан кейінгі геосаяси жағдайды көрсетеді және исламдық урбанизмнің дамуын айқындайды.

Азияның батыс бөлігіндегі қалалар, мысалы, Анатолия мен Кавказдағы Синоп (Синуб), Самсун және Трабзон (Атрабзун), Черное теңіздің шығыс жағалауында орналасқан деп сипатталады, олардың координаттары дәл көрсетіледі. Бұл қалалардың теңіздік саудадағы рөлі және фортификациялық құрылымдары ерекше атап өтіледі, бұл Орта Азия мен Жерорта теңізі арасындағы байланыстарды көрсетеді.

Теңіздер мен мұхиттардың сипаттамасы «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегінде бес үлкен теңіз арқылы ұсынылады: Қоршаған мұхит (әл-Баһр әл-Муһит), Қытай теңізі (Баһр әс-Син), Жерорта теңізі (Баһр әр-Рум), Қара теңіз (Баһр Ниташ) және Хазар теңізі (Баһр әл-Хазар). Қара теңіздің шығыс жағалауы (Анатолия мен Кавказ) мен қалалары (Синоп, Самсун, Трабзон, Судак, Ақжакерман) және Дон мен Дунай өзендерінің аузы егжей-тегжейлі сипатталған. Автор теңіз ағындарының навигацияға әсерін, мысалы, Қырымнан Жерорта теңізіне жылдам қозғалысты ескереді, бұл сауда кемелерінің жолдарын талдауға мүмкіндік береді. Хазар теңізі (Каспий) Орталық Азияның ішкі су жолдары ретінде сипатталады, ал Қытай теңізі Азияның теңіздік шекарасын анықтайды.

Әбул-Фида еңбектері ортағасырлық араб географиясының маңызды үлгісі ғана емес, сонымен қатар сол дәуірдің ғалам туралы түсініктерін айқындайтын дереккөз екендігі белгілі. Ол классикалық білімді исламдық космографиямен біріктіріп, эмпирикалық дәлдікке ұмтылады және моңғол империясының кеңеюіне байланысты геосаяси өзгерістерді бейнелейді. Автордың координаталық жүйесі кейінгі еуропалық географтарға, соның ішінде Гийом Постельге әсер етіп, жаһандық картографияның дамуына үлес қосты. Осы тұрғыдан «Тақуим әл-Бұлдан» Азияның тарихи географиясын зерттеудің негізгі

көзі болып қала береді, ол арқылы ортағасырлық ислам әлемінің кеңістік туралы концепцияларын терең түсінуге болады.

Жерорта теңізі – Атлант мұхитымен байланысқан, алайда, географиялық және экологиялық тұрғыдан жеке су айдыны ретінде қарастырылатын теңіздік аумақ. Бұл су алабы толықтай құрлықтармен қоршалған: оның солтүстігінде Еуропа мен Анадолы түбегі, оңтүстігінде Солтүстік Африка, ал шығыс жағында Левант аймағы орналасқан. Геоморфологиялық тұрғыдан алғанда, Жерорта теңізі Атлант мұхитының жалғасы деп қарастырылғанымен, оның экологиялық және тарихи ерекшеліктері оны дербес теңіздік жүйе екендігін айқындайды.

Жерорта теңізі ерте дәуірлерден бастап саудагерлер мен саяхатшылар үшін маңызды транзиттік территория болды, онда экономикалық және мәдени байланыстардың дамуы қарқынды еді. Бұл теңіз халықтар мен өркениеттер арасындағы сауда, мәдени алмасу және экономикалық өзара әрекеттестіктің негізгі артерияларының бірі ретінде қызмет жасады. Жерорта теңізі бассейнінің тарихи маңыздылығы аймақтық өркениеттердің қалыптасуы мен дамуында, сондай-ақ заманауи қоғамдардың мәдени және әлеуметтік эволюциясын түсінуде айрықша рөл атқарды.

Бұл теңіз орналасқан аймақ ғасырлар бойы әртүрлі қауымдастықтар үшін маңызды экономикалық, саяси және әлеуметтік белсенділік орталығы ретінде қызмет атқарды. Сауда, отарлау және әскери қақтығыстар үшін стратегиялық маңызды болумен қатар, Жерорта теңізі маңы азық-түлік көздерін, әсіресе балық аулау және теңіз өнімдерін жинау сияқты ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік берді. Климаттық жағдайлар, геологиялық құрылым және теңізге қолжетімділік факторы осы өлкедегі мәдениеттердің тарихи дамуына айтарлықтай ықпал етті. Бұл өркениеттердің эволюциясы мен өзара қарым-қатынасы белгілі бір деңгейде бір-бірімен байланысты болды, нәтижесінде Жерорта теңізі бассейні өз дәуіріндегі ең ірі мәдени, экономикалық және ғылыми алмасу орталықтарының бірі ретінде қалыптасты.

Қазіргі уақытта Жерорта теңізі Атлант мұхитымен Гибралтар бұғазы арқылы батыс бағытта байланысады, ал шығысында Дарданелл және Босфор бұғаздары арқылы Мармара мен Қара теңіздерімен шектеседі. Географиялық тұрғыдан алғанда, Мармара теңізі мен Дарданелл бұғазы жиі Жерорта теңізінің құрамдас бөлігіндей қарастырылады, ал Қара теңіз ресми оған жатқызылмайды. Оңтүстік-шығысында орналасқан ұзындығы 163 шақырым жасанды Суэц каналы Жерорта теңізін Қызыл теңізбен байланыстырып, Еуропа мен Азия арасындағы маңызды су жолы ретінде қызмет етеді. Жерорта теңізінің архипелагтық жүйесі географиялық бірнеше негізгі топқа бөлінеді: 1) Шығысында орналасқан ірі аралдарға Кипр, Крит, Евбея, Родос, Лесбос, Хиос, Кефалония, Корфу, Лимнос, Самос, Наксос және Андрос жатады. 2) Орталық Жерорта теңізінде Сицилия, Црес, Крк, Брак, Хвар, Паг, Корчула және Мальта аралдары. 3) Батысында Сардиния, Корсика және Балеар архипелагының құрамына кіретін Ибица, Майорка және Менорка аралдары маңызды географиялық бірліктер ретінде ерекшеленеді. Бұл аралдық жерлер Жерорта теңізі бассейнінің экономикалық, мәдени және тарихи дамуына айтарлықтай

үлес қосып, аймақтық теңіз саудасы мен өркениетаралық байланыстардың қалыптасуында рөл атқарған.

«Тақуим әл-Бұлдан» еңбегінде Жерорта теңізі аралдары мен Атлант мұхиты аймағы тарихи-географиялық тұрғыдан ерекше маңызға ие өңірлер ретінде қарастырылған. Бұл аймақтар ортағасырлық өркениеттердің тоғысқан және өзара әрекеттескен территориясы ретінде сипатталады. Әбул-Фида аталған кеңістікті тек географиялық орналасуымен шектемей, сонымен қатар мәдениетаралық және саяси байланыстардың тарихи мәнін көрсететін алаң ретінде талдайды. Ол зерттеулерінде осы аралдар мен теңіз аймақтарының кейінірек қазіргі заманғы мемлекеттердің қалыптасуы мен дамуына ықпал еткенін атап көрсетеді. Аймақтық дамудың әлеуметтік-экономикалық және мәдени алғышарттарын сипаттау барысында ғалым әрбір аймақтың табиғи ресурстарын, климаттық ерекшеліктерін, сауда жолдары мен тұрғындарының шаруашылық белсенділігін ғылыми тұрғыда талдайды.

Андалусия аймағын сипаттап болғаннан кейін, Әбул-Фида Жерорта теңізіндегі аралдар жүйесіне және Атлант мұхитындағы аралдарға көшу арқылы өз зерттеуін кеңейтеді. Осы бөлімде ғалым ең алдымен Атлант мұхитының аралдарына тоқталады, олардың ішінде ерекше тарихи және стратегиялық маңызға ие Канар аралдары сипатталады. Әбул-Фида бұл аралдардың географиялық орналасуын егжей-тегжейлі баяндай отырып, олардың теңіз түбінде терең орналасқанын және олардың саны бірнешеуі екенін нақтылайды. Сонымен қатар, аралдардың жағадан шамамен 12 деңгейлік қашықтықта орналасқаны туралы мәлімет берілген, бұл ортағасырлық теңіз саяхаты мен сауда қатынастарының ерекшелігін түсінуге мүмкіндік береді.

Ғалымның мәліметтерінде аталған аралдардың стратегиялық және экономикалық маңыздылығы да көрсетіледі. Олар сауда жолдарының бойында орналасқандықтан, Атлант мұхиты мен Жерорта теңізіндегі аралдар ортағасырлық сауда, мәдени алмасу және саяси ықпалдың аймақтық хабтары ретінде қызмет еткен. Әбул-Фиданың зерттеулері аралдар мен теңіз аймақтарының тек географиялық сипаттамасын емес, олардың мәдени-экономикалық, саяси және стратегиялық рөлін де жан-жақты ашуға мүмкіндік береді.

Ежелгі дереккөздерге сілтеме жасап, Әбул-Фида Птолемейдің [70] зерттеулерін негізге алады, онда бұл аралдардың ұзындығы мен географиялық өлшемдері анықталғаны баяндалады. Кейбір мәліметтерде бұл аралдар теңіз түбіне батып кеткен деген болжамдар кездеседі, бірақ олар жайында нақты мәліметтер сақталмағандығы айтылады. Ибн Саидтың [71] деректеріне сәйкес, Сағадат аралдары Канар архипелагының жағалауына жақын маңда орналасқан және географиялық орналасуына қарай бірінші, екінші және үшінші аймақтар болып бөлінеді. Аралдардың жалпы саны 25-ке жетеді.

Атлант мұхитынан оқшау орналасқан аса маңызды аралдардың бірі – Британ аралдары. Аталмыш архипелаг Ла-Манш бұғазы аймағында жайғасқан және географиялық орналасуы бойынша Андалусияның оңтүстік жағалауына жақын. Табиғи су көздерінің жоқтығына байланысты аралдарда ауыл

шаруашылығы негізінен жауын-шашын суына тәуелді болды. Британ аралдарының құрамына 11 негізгі бірлігі енеді, олардың ішіндегі ең ірісі және танымалы – Ұлыбритания. Бұл аралдың әкімшілік және мәдени орталығы Лондон қаласы екенін білеміз, ол елдің саяси және экономикалық өмірінде маңызды рөл атқарады. Географиялық көрсеткіштері бойынша аралдың ұзындығы оңтүстіктен солтүстікке қарай шамамен 430 шақырымды, ал енінің ең ұзын бөлігі 200 шақырымды құрайды. Минералдық байлықтар тұрғысынан алғанда, бұл территория алтын, күміс, мыс және қорғасын кен орындарымен ерекшеленеді. Алайда, қатал климаттық жағдайлардың әсерінен хром элементтерінің қоры мұнда табылмаған.

Бұл өңірдің тұрғындары пайдалы қазбаларды Францияға жеткізіп, оларды алкоголь ішімдіктеріне айырбастап отырған. Осының нәтижесінде Франция билеушілері алтын мен күміске молынан ие болып, экономикалық-қаржылық тұрғыдан нығая түсті. Сонымен қатар, француз шеберлері осы бағалы металдарды жақсы сапада өңдеумен танымал болды. Бұдан бөлек, Францияның өнеркәсіптік саласында қызыл түсті матаның өндірісі ерекше деңгейде болды. Матаны жібектей жұмсақ құрылымды қой жүнінен дайындады. Өндіріс барысында өнімнің сапасын арттыру үшін жаңбыр суы, күн сәулесі және шаң арнайы әдістер арқылы қолданылып, матаның айрықша жылтырлығы қамтамасыз етілген. Анкатар аймағы француздар үшін стратегиялық мәні бар патшалық ретінде қарастырылды. Бұл жер үлкен территорияны алып жатуымен ғана емес, сонымен қатар пайдалы қазбалардың мол қорымен және жоғары дамыған өнеркәсіп саласымен де маңызды болды.

Ибн Саидтың еңбектеріне сәйкес, жетінші климаттық аймақтан өткеннен кейін, батыс жаққа қарай қозғалғанда, адамдар қоныстанған алғашқы елді мекендердің бірі – «Британия» аралы. Бұл арал мұхит теңізінде және оның айналасындағы сулар аймағы да Британия теңізі деген атаумен танылады. Британия географиялық тұрғыдан Бардель теңізімен қоршалып жатыр, және оған жетудің басты жолы Андалусия арқылы өтеді. Бұл өткел солтүстік-шығыс бағытындағы жол, аралға маңызды кіреберіс қақпа ретінде қарастырылады. Аралдың ұзындығы солтүстік бағыттан есептегенде 18 күндік жолға жуық, ал жалпы ауданы шамамен 11 күндік жолға тең келеді. Әкімшілік басқару құрылымы тұрғысынан, Британия аралына билік етуге арнайы патша тағайындалады.

Англия мен Британияның солтүстік бөлігінде орналасқан Ирландия аралы географиялық жағынан маңызды стратегиялық аймақ. Ортағасырлық жазба деректерге сәйкес, оның ұзындығы шамамен 12 күндік жолға, ал ені төрт күндік жол қашықтығына тең. Ирландияның территориясы табиғи ресурстарға бай, атап айтқанда мыс және қорғасын кен орындары айтарлықтай мол мөлшерде кездеседі. Бұл пайдалы қазбалар жергілікті экономика мен сауда қатынастары үшін маңызды болып, өндірілген металл өнімдер негізінен шетел нарықтарына экспортталған.

Тарихи деректер көрсеткендей, Ирландия тұрғындарының алғашқы діни сенімі күнге табынуға негізделген. Алайда көршілес мемлекеттердің мәдени

және діни ықпалы нәтижесінде, арал халқы христиан дінін қабылдаған. Бұл діни трансформация әлеуметтік құрылымның өзгеруіне, мәдениетаралық байланыстардың қалыптасуына және сауда мен білім орталықтарының дамуына ықпал етті.

Ирландияға жақын орналасқан маңызды аралдардың бірі – Санафир аралы. Оның шығыстан батысқа дейінгі ұзындығы шамамен жеті күндік жолға, ал ені төрт күндік жол қашықтығына тең. Санафир мен оның солтүстігіндегі аймақтарда ауыл шаруашылығы, атап айтқанда жұмыртқа өндірісі, кеңінен дамыған. Жұмыртқа өндірісі жергілікті экономика үшін маңызды салалардың бірі болып, өнімнің бір бөлігі Мысырға экспортталды, бұл халықаралық сауда арқылы қазына қорының мың динарға дейін өсуіне мүмкіндік берді.

Табиғи ортаның ерекшеліктері жергілікті фаунаға айтарлықтай әсер етті. Аймақта ақ аюлар мекендеп, негізінен теңіздегі балықтармен қоректенген. Сондай-ақ, олар адамдар қалдырған азық-түліктермен де қоректенгені анықталған. Ауа-райы суық әрі аязды болғандықтан, бұл өңірде құстардың кейбір түрлері тіршілік етпеген немесе қыс мезгілінде басқа жерлерге қоныс аударған.

Ирландия және Санафир аралдарының табиғи ресурстарға бай болуы, ауыл шаруашылығы мен саудаға ыңғайлы орналасуы олардың экономикалық және стратегиялық маңыздылығын арттырды. Сонымен қатар, бұл аралдарда христиан діні мен жергілікті мәдени дәстүрлердің араласуы ортағасырлық мәдениетаралық байланыстардың ерекше үлгісін көрсетеді.

Ортағасырлық кезеңде Рим, Флоренция, Венеция, Генуя, Севилья және Лиссабон сияқты қалалар белсенді экономикалық, мәдени және сауда орталықтары ретінде дамыды. Бұл қалалар тек жергілікті халық үшін ғана емес, сондай-ақ халықаралық сауда қатынастары үшін де маңызды тораптар болды. Олар Константинополь, Александрия, Тунис сияқты стратегиялық маңызды порттармен және орталықтармен байланыс орнатып, көпестер мен саудагерлер арасындағы тауар айналымын қамтамасыз етті. Сауда жолдары тек азық-түлік пен шикізат тасымалдаумен шектелмей, сонымен бірге мәдени және технологиялық ақпараттың таралуына ықпал етті.

Географиялық орналасуымен ерекшеленетін аралдар да осы кезеңде маңызды рөл атқарды. Мысалы, Солтүстік мұхит аймағында Тула аралы орналасқан. Бұл арал стратегиялық тұрғыдан маңызды болып, сауда қатынастары мен теңіздік навигация үшін ыңғайлы жер болды. Сонымен қатар, Гибралтар бұғазында орналасқан Тариф қаласы, Андалусияға тиесілі шағын, бірақ экономикалық және әскери тұрғыдан маңызды порт ретінде танылды. Тариф қаласы теңізде өтетін сауда жолдарын бақылауға мүмкіндік беріп, арал мен материк арасындағы сауда қатынастарын реттеуге қызмет етті.

Осы қалалар мен порттардың дамуы ортағасырлық Еуропаның экономикалық және мәдени картасын қалыптастырып, әртүрлі өңірлердің өзара байланысын нығайтты. Сауда желілерінің кеңеюі тек тауар алмасуға емес, сонымен қатар мәдениет, ғылым және технологияның таралуына жағдай жасады. Сонымен қатар, стратегиялық орналасқан аралдар мен порттар арқылы

халықаралық сауда мен дипломатиялық қатынастар дами түсті, бұл ортағасырлық Еуропаның экономикалық интеграциясына және мәдени-әлеуметтік дамуына маңызды үлес қосты.

Жерорта теңізінің аралдарының ішінде Пантеллерия ерекшеленеді. Арал Африка құрлығына қарама-қарсы, яғни Туниске жақын маңда орналасқан. Географиялық тұрғыдан алғанда, Пантеллерия мен Сицилия аралының ортасында теңіз ағысы бар, ол төртінші географиялық аймақтың шекаралық бөлігі бойында өтеді. Аралдың табиғи өсімдіктер жамылғысы ішінде «мантик» ағашы кездеседі, ол жергілікті флора түрлерінің бірі болып саналады. Сонымен қатар, бұл жерде інжір жемісі молынан өсіріліп, ауыл шаруашылығында маңызды өнімге айналды. Бұдан өзге, Пантеллерия аралы жүн өндірісімен де танымал еді, өнім жергілікті және халықаралық саудаға шығарылған.

Жерорта теңізіндегі маңызды аралдардың бірі «Каусоро» деп аталды. Сонымен қатар, теңіз аймағында Мармара аралы орналасты, ол Константинополь шығанағының жанында. Бұл арал мәрмәр тастарымен танылды, ал негізгі өндіріс орындары Константинопольден шамамен 200 шақырым қашықтықта болды. Оған жақын орналасқан тағы бір арал – «Мастик». Мастиктің тұрғындары негізінен Константинополь шығанағына жақын ауылдарда қоныстанған. Ибн Саидтің деректері бойынша, бұл арал Константинопольден 250 шақырым жерде тұрақтаған, Византия билеушілерінің иелігіне қарасты. Арал мастика ағашының көптігімен ерекшеленеді, ол пісте ағашына тұқымдас. Көктем мезгілінде арнайы әдістермен ағаштың қабығы тілінеді және ішінен аққан сұйықтық жиналады. Сұйықтық жерге тамбай, ағаштың бетінде қатқан жағдайда, ол жоғары сапалы және құнды өнім ретінде бағаланады.

Мастик аралы Константинопольдің оңтүстігінде, Арменияның батысында және Еуропаның шығыс бөлігінде. Ибн Саидтің мәлімдеуінше, аралдың солтүстіктен оңтүстікке дейінгі ұзындығы 60 шақырымды алып жатыр. Оның шығыс жағында Нақринант аралы жайғасты, екі аралдың арақашықтығы шамамен 30 шақырым. Жерорта теңізіндегі тағы бір ірі арал – «Корсика», ол Италиядағы Генуя коммунасына қарама-қарсы жерде орналасқан. Оның солтүстіктен оңтүстікке қарай созылып жатқан ағыс арналары бар. Ортаңғы бөлігі кең болса, Генуяға қараған тұсы тарлау келеді. Корсика аралы Сардиниядан 12 шақырым қашықтық жерде.

Сонымен қатар, әл-Муштарик [72] атты еңбекте «Косройанна» аралы туралы айтылған. Бұл атау грек тіліндегі «Йанна» сөзінен бастау алады. Косройанна өз дәуірінде ірі қала есептеліп, таулы аймақтарға жақын орналасты. Аталған еңбекте Мазар атты аймақ жайлы ақпарат кездеседі. Бұл мекен Сицилия аралына тиесілі, оның мәдени және діни тарихында маңызды орын алған. Бұл жерден танымал мұсылман ғалымы, «Муатта»<sup>2</sup> кітабының авторы Имам Малик [73] шыққан. Сондай-ақ, атақты әл-Мазарий де осы жерде дүниеге келген.

---

<sup>2</sup>Муатта' (араб.:<sup>1</sup> имам Мәлик бин Анастың шарифатқа қатысты топтастырылған хадистер – (жинағы

«Кодис» деп аталатын арал – шағын аралдардың бірі, оның көлемі шамамен 12 шақырымды құрайды. Бұл арал Қоср әл-Мажазбен жалғасты және мұхит суына құятын Ишбилиях өзеніне қарама-қарсы орналасты. Географиялық ерекшеліктеріне сай, бұл арал теңіз жағалауына жақын, әрі оның құрлыққа қарасты бөлігінде көне ғимараттардың қалдықтары сақталған. Сонымен қатар, мұнда көпір тұрғызылған, ал теңіздің тұзды сулары арнайы су қоймасына қарай бағытталып құйылады. Аралдың табиғи сипаттамаларының бірі – жүзім бақтарының молдығы. Бақшаларда жүзімнің бірнеше түрі өсіріліп, ауыл шаруашылығы мен шарап өндіру саласында маңызды орын алған. Ибн Саидтың мағлұматтары бойынша, аралдың ауқымы Мароккодағы Танжир қаласымен шамалас, ал географиялық орналасуы Гибралтар бұғазының іргесінде орын тепкен.

«Йабисаһ» аралы Ибн Саидтың мәлімдеуінше, «Майюрко (Майорка)» және «Маннурко (Менорка)» аралдарының батысында орналасқан және оған тиесілі қала да бар. Дегенмен, аралдың қалалық көлемінің нақты ұзындығы мен ені туралы ақпарат келтірілмеген. Географиялық көрсеткіштерге сүйенсек, Йабисаһ аралының батыстан шығысқа дейінгі қашықтығы шамамен 31 шақырымды, ал батыс бөлігінің территориясы 20 шақырымды құрайды. Арал мен Андалусиядағы Валенсия аймағын бір-бірінен ағыс арнасы бөліп жатыр. Идриси келтірген дәлелдерге сәйкес, Даниядан Йабиса аралына дейінгі арақашықтық шығыс бағытта 90 шақырымды құрайды, ал Йабисадан Майорка аралының шығысына дейінгі ұзындық шамамен 100 шақырымға тең. Йабисаһ стратегиялық маңызды орынға ие болған, себебі ол Жерорта теңізінің сауда жолдары бойында орналасып, Андалусия, Балеар аралдары және Солтүстік Еуропа арасындағы байланыстарға ықпал жасады.

«Майюрко (Майорка)» аралы – ислам билігі ықпалында болған соңғы аралдардың бірі. Бұл территорияда адамдар қоныстанған қала болғанымен, оның нақты ұзындығы мен ені туралы ешқандай мәліметтер сақталмаған. Бірақ, аралдың оңтүстіктен солтүстікке дейінгі ұзындығы шамамен 40 шақырымды құрағаны белгілі. Майорка Маннурко (Менорка) аралының батыс жағында орналасқан және ол жерде тоғыз шақырымға созылатын көл болды. Қаланың сыртында бірнеше қамалдар бой көтеріп, ал қаланың өзі бұл қамалдардың солтүстігінде орналасқан. Бұл аймақты ылғандыратын ағын сулар қаланың ішімен өтеді. Сондай-ақ, аралда патша сарайы да орнатылған. Ибн Любанаһ қаланы былай деп сипаттайды: «Қала көгершіндерге толы, олар айналып ұшып жүреді, тауыстың ашық қауырсындары сияқты киімге оранған өте көркем. Ішіндегі сулары ағып жатқан шарапқа ұқсайды, ал ауланың жері судың бетіндегі толқындар секілді қозғалады» [74, 4 б.]. Бұл сипаттамалар Майорканың сол дәуірдегі архитектуралық, табиғи және эстетикалық көркін бейнелейді. Қала өзінің су арналары, қамалдары және сарайымен ерекшеленіп, сол замандағы ислам мәдениетінің орталықтарының бірі болған.

«Маннурко (Менорка)» аралы Гибралтар бұғазының төңірегінде орналасқан және құнарлы жерлерімен әрі қалаларымен танымал. Алайда, оның нақты ұзындығы мен еніне қатысты нақты мәлімет қалмаған. Кейбір деректерге

сүйенсек, аралдың солтүстіктен оңтүстікке дейінгі ұзындығы орта есеппен 50 шақырым, ал басқа да деректерде 70 шақырым деп те көрсетілген. Бұл арал Майорканың шығыс бөлігінде орналасқан және екеуінің арақашықтығы 50 шақырымды алады. Маннурқо аралы көлемі жағынан аса үлкен емес, ені де айтарлықтай кең емес, шағын арал ретінде сипатталады. Оның құнарлы топырағы ауыл шаруашылығы үшін қолайлы мекенге айналдырған.

«Сурдания (Сардиния)» аралы, Ибн Саидтың жазбаларына сүйенсек, жоғарыда айтылған аралдардың шығыс жағында орналасқан. Аралға тиесілі қалалар да бар, бірақ, оның нақты ұзындығы мен ені туралы өлшемдері берілмеген. Аралдың батыс бөлігі маржан тастарын өндіретін аймақ ретінде танымал. Ғудуа құрлығына қарсы бетте орналасқан бұл жерде маржаннан жасалған құнды моншақтарды сақтайтын арнайы орындар болған. Бұндай сақтау орындары Костинияның шығысында орналасқан. Сардиния Биза елді мекендеріне қарама-қарсы орналасқан және оның аумағында бірнеше қамалдар бекітілген. Бұл дала табиғи ресурстарға бай, әсіресе күміс және маржан тастарының кен орындары аралдың негізгі минералдық байлықтары ретінде талданылады.

«Жирбах» аралы – ұзындығы шамамен бір деңгейлі шағын аралдардың бірі. Габес қаласының шығысында орналасқан және арал мен құрлық арасында қайықпен оңай жүзіп өтуге болатын шағын су өткелі болды. Географиялық тұрғыдан алғанда, арал Габестен шығысқа қарай бір деңгей ұзындыққа созылып жатыр. Жирбах зәйтүн, мейіз және алма тауарлары сияқты ауыл шаруашылығы өнімдерімен танымал. Бұған қоса, аймақ жоғары сапалы тоқыма және киім өндірісімен де әйгілі. Аралдың оңтүстігінде Сицилия жайғасты. Теңіз ағысы Жирбах аралынан асқан соң, бағытын солтүстікке бұрып, құрлыққа беттеп жалғасады, арғы бұрысы Триполи қаласына дейін жетеді. Идриси Жирбах аралының батыстан шығысқа дейінгі өлшемі 60 шақырымды, ал шығыс жағынан басталатын енінің көлемі 15 шақырымды құрайтынын мәлімдейді. Аралдың этникалық құрамына келсек, бербер (варвар) тайпалары мекендеген. Арал тұрғындарының арасында қара нәсілді адамдардың саны басымырақ болған.

«Сицилия» аралы – Жерорта теңізіндегі ең ірі аралдардың бірі. Оның батыс жағы мен Тунис арасы шамамен 60 шақырымды құрайтын теңіз ағысы бар. Жалпы алғанда, Сицилия аралы 500 шақырымдық аумақты алып жатыр. Аралдың солтүстік-батысында, Палермо коммунасына жақын жерде бірнеше тау бұлақтары бар, олардың ішіндегі ең кішісі Ғурбал деп аталады. Сицилияның картадағы пішіні екі шеті үшкір үшбұрышқа ұқсайды. Бірінші бұрышы оңтүстікте, бұл аймақта шағын ағын су бар, ол шамамен алты шақырымда ағады. Екінші бұрышы солтүстікте, Африкадағы Триполи қаласына қарама-қарсы жерде. Үшінші бұрышы батыста, бұл тұста жанартау атқылау көзі орналасқан. Жанартау Сицилияның батыс бөлігінде, аталған батыс аймақтың сол жақ іргесінде. Аралдың солтүстігінде Колабрия (қазіргі Калабрия) қалалары бар, олар материктік Италияға жақын. Аралдың ішінде бірнеше маңызды қалалар бар, атап айтқанда, Палермо, Торонис, Мазир,

Асридженто (қазіргі Аграженто), Массина (қазіргі Мессина) және Косрйана кенттері. Сицилия аралы Жерорта теңізінің маңызды экономикалық, мәдени және геостратегиялық орталығы ретінде танылған. Оның Тунис пен Италия арасында орналасуы, жанартаулық белсенділігі, сонымен бірге ауыл шаруашылығы мен сауда байланыстары тарихи маңыздылығын арттырған.

«Массина» немесе «Масиинаа» деп аталатын қала Сицилия аралының сол жағында орналасқан. Қала жүзімнің молдығымен және шарап өндірісімен танымал. Сицилияда жиі болатын жер сілкіністері көптеген ғимараттардың бұзылуына себепші болды, әрі аймақта 200-ден астам қамалдар салынды. Масиинаның көлемі бойынша, 17 күндік жолды және ұзындығы бес күндік жолды алды. Сицилия аралындағы ең үлкен әрі елордасы болған қала — Палермо. Екі қала да мұсылмандардың билігіне бағынышты болған және кейінірек христиандардың қол астына өткен. Идрисидің хабарлауынша, Массина қаласы 500 шақырым жер көлемін алып жатыр.

«Шамис» аралы тарихи деректерге сәйкес Византиялық арал ретінде бейнеленеді. Бұған қарасты аралдардың жалпы саны шамамен 300-ге жуық. Бірқатар саяхатшылардың мәліметтеріне сүйенсек, аралдар Крит эмираты мен Шимал аймағының аралығынан табылады. Географиялық-тарихи тұрғыдан алғанда, Шамис аралы және оған тиесілі басқа да аралдар Жерорта теңізінің шығыс бөлігінде, Византия билігінің ықпалында болған маңызды стратегиялық аймақтардың қатарына кіреді.

Ибн Саид «Лямрия» – Византия империясының ең үлкен аралы екенін айтады. Оның жалпы аумағы шамамен 700 шақырым, Крит аралына жақын орналасқан, алайда, олардың арасында құрлықтық жер бар. Арал 60 шақырым ұзындықты қамтиды, ал оның орта тұсында Лямрия қаласы орналасты. Ибн Саидтың мәліметтері арал географиялық еңбектерде «Сент-Лауренсия» атауымен белгілі деп жеткізеді.

«Акритиш (Крит)» аралы – тарихи тұрғыдан маңызды әрі Жерорта теңізінің ең танылған аралдарының бірі. Ғалымдардың еңбектеріне сүйенсек, арал кең алқапқа жайылды және батыстан шығысқа қарай созылды. Крит аралының ұзындығы 350 шақырым деп айтылғанымен, кейбір деректер бойынша бұл көрсеткіш аралдың жалпы аумағына емес, батыс пен шығыс арақашықтығына қатысты болуы мүмкін. Аралда оған тиесілі қалалары бар, дегенмен, олардың ені мен нақты ұзындығы туралы өлшемдік ақпарат сақталмаған. Крит аралы сауда және ауыл шаруашылығы орталығы ретінде белгілі еді. Криттен Александрияға ірімшік, бал және басқа да тағам өнімдері экспортқа шықты. Идриси еңбегінде Крит аралының жалпы аумағы 350 шақырым деп баяндалған. Ал парсы деректерінде бұл аумақ 15 күндік жолға тең деп бейнеленеді. Крит Византия империясының ықпалды аймақтарының біріне жатты.

«Накробант» Лямрия архипелагының солтүстік-батыс жағында орналасқан ірі аралдардың бірі саналады. Геоморфологиялық ерекшеліктерін келсек, арал батыстан шығысқа қарай шамамен 150 шақырым ұзындыққа созылып, сәл солтүстікке қарай бағытталған, ал ені шамамен 20 шақырымға

тең. Накробант Мاستик аралының батыс бөлігінде орналасып, жалпы құрылымы бойынша аймақтың маңызды географиялық нысандарының бірі қатарына жатады.

«Родос (Рудос)» аралы мұсылман әлеміне Муғауия дәуірінде белгілі болды. Географиялық өлшемдері бойынша арал оңтүстіктен солтүстікке қарай шамамен 50 шақырымға жайылады, ал оның ені шамамен 25 шақырымды алып жатыр. Картадағы координаттарына сәйкес, Родос аралы Крит аралының оңтүстігінде және оның ортасынан су ағысы өтеді. Әкімшілік сипаттамаларына келсек, аралдың кейбір аймақтары Францияға тиесілі, ал тағы бір бөлігі Ыстамбұл билігінің қарамағында. Сонымен қатар, Родос – Кубрус (қазіргі Кипр) аралының оңтүстік жағына жақын және батысындағы Крит пен Мастик аралдарының арасында орналасқан маңызды стратегиялық нысан.

«Кубрус» аралы батыстан шығысқа қарай шамамен 200 шақырымды алады және Шам елінің жағалауына жақын орналасқан. Жалпы аралдың көлемі орта есеппен 200 шақырымды құрайды, бірақ тарихи деректерде бұдан өзгеше әртүрлі мәліметтер кездеседі. Мәселен, Идриси шығармаларында аралдың толық ауданы 250 шақырым деп айтылған. Кубрус аралы географиялық орналасуы бойынша Армения қалалары мен Курк құрлығының теңізбен шектесетін тұсына жақын, осы екі аймақтың арасындағы су ағыстарының бөлігіне кіреді. Стратегиялық маңыздылығы жоғары Кубрус көне заманнан бері әртүрлі өркениеттер үшін маңызды сауда және теңіз өткелі қызметін атқарған.

Атлант мұхиты – Жер бетінің орта есеппен бестен бір бөлігін алып жатқан үлкен көлемді су айдыны. Бұл мұхит географиялық тұрғыдан шығысында Еуропа мен Африка континенттерін, ал батысында Солтүстік және Оңтүстік Американы бір-бірінен бөліп тұр. Ол Жер шарындағы ең жас мұхиттардың қатарында, мұхиттың қалыптасуы мен эволюциясы литосфералық плиталардың қозғалысына негізделген дрейфтік және рафттық теориялар арқылы әлеуметтік ғылымдарда түсіндіріледі. Атлант мұхитқа қарайтын бөліктерінің бірі – Жерорта теңізі. Бұл теңіз өзінің ерекше географиялық орнына байланысты бірден үш құрлықтың – Еуропа, Азия және Африканың жағалауларын шаяды. Ол дүниежүзілік мұхит жүйесіндегі бірегей су аймағы және көне заманнан бері адамзат өркениетінің орталықтарының бірі ретінде танылды. Тарихи тұрғыдан, Жерорта теңізі мыңдаған жылдар бойы адамзат дамуына себепкер болды. Бұл аймақта көне өркениеттер гүлденді, оның ішінде Мысыр, Парсы, Финикия, Ассирия, Грек және Рим империялары. Теңіз арқылы сауда жолдары қалыптасып, мәдениет пен діндер таралды, халықтардың көші-қоны қарқынды жүрді. Экономикалық мәні де болды – теңіз жағалауында құрылған мемлекеттердің тұрғындары балық шаруашылығымен, теңіз көлігімен және туризммен айналысып, осы су аймағынан тікелей немесе жанама түрде табыс құралы ретінде пайдаға жаратты.

Жерорта теңізі – бірқатар халықтар, тілдер мен діндер шоғырланған өркениеттік тоғысу өңірі. Тарихи оның солтүстік жағалаулары көп жағдайда христиан дінінің ықпалында болып, мәдени, саяси және экономикалық плюрализм ортасы ретінде қалыптасты. Аймақта алуан түрлі тілдер, әдет-

ғұрыптар, ақша бірліктері мен басқару жүйелері қатар өмір сүрді, олар ғасырлар бойы өзара байланыса отырып, бір-біріне ықпал жасады. Атлант мұхитының аралдары бір-біріне жақын шоғырланған бір территория ретінде емес, алшақ-алшақ шашырай орналасты. Бұл мұхиттағы ең ірі архипелагтардың қатарында Батыс Индия бар, олардың географиялық орны Солтүстік Американың оңтүстік-шығысында, Орталық Американың шығысында және Оңтүстік Американың солтүстігінде. Бұл аймақ Кариб теңізімен ұштасып, тарихи тұрғыдан маңызды теңіз жолдары мен сауда бағыттарының орталығына айналды.

Мұхиттың солтүстік және оңтүстік шекаралары төңірегіндегі полярлық аралдар Солтүстік Мұзды мұхит пен Оңтүстік мұхит арасында таралған. Атлант мұхитындағы басқа да аралдар тобы Еуропаның оңтүстік-батысынан бастау алып, Батыс Африка арқылы экваторды кесіп өтеді, одан әрі Оңтүстік Атлантиканың ашық суларына дейін созылады. Бұл аралдар материктер арасындағы табиғи өткелдер мен бекеттер қызметін атқарып, тарихта теңіз саяхатшылары, зерттеушілер және саудагерлер үшін шешуші рөл атқарды.

Әбул-Фиданың Жерорта теңізі мен Атлант мұхиты туралы мәліметтері ислам өркениетінің кеңістіктік дүниетанымын нақты көрсетеді. Оның карталары мен сипаттамалары арқылы Жерорта теңізінің жағалауындағы қалалар, порттар және сауда жолдары егжей-тегжейлі бейнеленген, бұл сол дәуірде ислам әлемінің тек ішкі, жергілікті байланыстарымен ғана емес, сонымен қатар халықаралық сауда мен дипломатиялық қатынастар арқылы кеңістіктік өзара әрекеттестікке қаншалықты мән бергенін көрсетеді. Атлант мұхиты шеткі аймақтарының және Гибралтар бұғазы арқылы Еуропа мен Солтүстік Африка арасындағы навигациялық маршруттар мен сауда байланыстарының сипатталуы Азия мен Еуропа арасындағы экономикалық, мәдени және саяси байланыстардың кешенді құрылымын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Бұл деректер ислам өркениетінің кеңістіктік ой-санасының көпөлшемділігін ашып көрсетеді: тек құрлықтық масштабта емес, теңіздік және мұхиттық кеңістіктерді де қамтитын ғаламдық перспективаны бейнелейді. Сонымен қатар, Әбул-Фида ортағасырлық араб географтарының әлемді ғылыми, эмпирикалық дәлдікке сүйене отырып сипаттағанын, әрі сауда жолдары, порттар мен стратегиялық нүктелер арқылы Азия мен Еуропаны байланыстыратын кең геосаяси және экономикалық жүйені түсінуге мүмкіндік бергенін дәлелдейді.

*Қорытынды:* Әбул-Фиданың ғылыми еңбектері негізінде ортағасырлық кезеңдегі Атлант мұхиты мен Жерорта теңізі төңірегіндегі аралдардың тарихи географиясы, елді мекендердің орналасу картасы, географиялық координаттары және табиғи-ландшафттық ерекшеліктері айқындалады. Бұл деректер тек географиялық сипаттау ғана емес, сонымен қатар әрбір аймақтың экономикалық, саяси және мәдени дамуына табиғи-географиялық факторлардың әсерін талдауға мүмкіндік береді.

Жерорта теңізі аймағы тарихи тұрғыдан өркениеттердің тоғысу нүктесі болып, Мысыр, Финикия, Грекия, Рим, Византия және Араб мемлекеттері сияқты ірі өркениеттердің қалыптасуы мен дамуына шешуші рөл атқарды. Әбул-Фиданың сипаттамалары арқылы осы аймақтағы аралдар мен порт қалаларының теңіз саудасы мен әскери-стратегиялық маңызы анық көрінеді. Ол Жерорта теңізінің әрбір аймағын географиялық, экономикалық және стратегиялық тұрғыдан талдай отырып, ислам әлемінің кеңістіктік дүниетанымын, теңіздік және құрлықтық байланыстардың үйлесімділігін көрсетеді.

Сонымен қатар, Атлант мұхиты аймағы исламдық картографияда елеулі орын алады. Әбул-Фида мұнда орналасқан аралдар мен жағалауларды сипаттай отырып, теңіз саяхаттары, жаңа территориялардың ашылуы және теңіз саудасының дамуы кезеңіндегі аймақтық және халықаралық байланыстардың құрылымын ашады. Бұл мәліметтер Азия мен Еуропа арасындағы сауда, мәдени және саяси байланыстарды түсінуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан Атлант мұхитының аралдары мен порттары ислам өркениетінің жаһандық кеңістіктегі көзқарасын, кеңістіктік ұйымдастырылуын және әлемдік сауда жүйесіндегі стратегиялық маңызын көрсетеді.

Қазіргі тарихи география ғылымында табиғи-географиялық факторлардың мемлекеттердің саяси, әлеуметтік және экономикалық дамуына әсері зерттелуде. Осы бағытта Әбул-Фиданың еңбектері Жерорта теңізі мен Атлант мұхиты аймағындағы өркениеттерді, олардың өзара байланысын және кеңістіктік дамуын түсіну үшін маңызды ғылыми дереккөзі екендігі белгілі. Ол тек тарихи картографияны ғана емес, ортағасырлық ислам әлемінің кеңістіктік ой-санасы мен халықаралық байланыстарды бағалау жүйесін де дәл бейнелейді.

## 3 XII-XIV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ АЗИЯНЫҢ ТАРИХИ ГЕОГРАФИЯСЫ ТУРАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

### 3.1 Әбул-Фидаға дейін өмір сүрген ғалымдардың Азия тарихы туралы зерттеулері

Әбул-Фидаға дейін өмір сүріп, Азия географиясын зерттеуде ерекше еңбек еткен бірқатар ғалымдарға және олардың ғылыми шығармаларына тоқталсақ, оларды шартты түрде бірнеше кезеңдер бөліп қарастырамыз:

1) *Б.з. VII ғасырға дейінгі ежелгі антикалық географтар кезеңі.*

*Гекатей Милетский* (шамамен б.з.д. 550-490 ж.ж.) – көне грек заманының тарихшысы және географы, Иониядағы тұңғыш прозашылардың бірі. Басты географиялық туындысы «*Дүние жүзіне саяхат (немесе «География»)*» [63] болды, онда ол Еуропа, Азия және Африка құрлықтарын сипаттап, халықтарға, елді мекендерге, өзендерге және табиғаттың көрікті жерлеріне тоқталады. Еңбектегі жерлердің суреттелуі топографиялық әдіспен жүзеге асырылды, елдер мен қалалар тәртіппен бірінен соң бірі ілесті. Шығарманың маңызды бөлігі Анаксимандр үлгісіне негізделді, алайда нақтыланып кеңейтілген әлем картасы ұсынылды. Еңбектің осы күнге дейін жеткен кейбір үзінділерінде қызық этнографиялық мәліметтер кездеседі, мәселен, Африкадағы пигмейлерді суреттеу, оның пікірінше, олар бастарына мүйіздерді байлап, тырналардан қорғану үшін сылдырмақтарды пайдаланған. Жазбаларда Мысыр жайлы деректер, ондағы қолтырауындар, гиппопотамдар және феникс туралы мәліметтерді кейінірек Геродот және Әбул-Фида да пайдаланған. «Географиясының» 300-ден астам фрагменттері қазірге дейін жеткен, көпшілігі Византиялық Стефанның «Этника» [64] жинағында сақталған. Гекатей географиялық еңбектен бөлек «Шежірелер» жазды, онда текті әулеттердің шығу тегі жайында мифологиялық және тарихи деректерді жүйеледі.

Гекатей ежелгі тарихнама саласына, әсіресе Геродотқа айтарлықтай ықпал етті. Ғалымның картасы мен топографиялық әдісі география білімдерін жүйелі зерттеуге бастама болды. Стефан сияқты византиялық авторлар және кейінірек Әбул-Фида өздерінің зерттеулерін құрастыру кезінде оның деректеріне сүйенді. Оның ғылыми үлесі туралы қазіргі тарихшылар әртүрлі пікірлер айтады, мысалы, И.Е.Суриков, егер Гекатейдің жазбалары толықтай сақталғанда, Геродот емес, оны нағыз «тарихтың атасы» болар еді деп есептейді.

Милетский «Дүние жүзіне саяхат» еңбегінде Азияны сипаттауға айтарлықтай көңіл бөледі. Оның көзқарасы бойынша Азия ойкуменаның<sup>3</sup> негізгі үш бөлігінің бірі болды (яғни Еуропа және Ливияны, Африканы қосқанда) және Эгей теңізінен шығысқа қарай гректерге белгілі шекараларға дейін созылды. Оның дәлелдері өзінің саяхаттарына, сондай-ақ Анаксимандр картасы сияқты ертеректе жазылған дереккөздерге негізделді, ол ақпаратты жаңартып, кеңейтті. Гекатей Азияны Кіші Азия, Парсы, Үндістан, Вавилон және Египетті қамтитын территория деп есептеп қарастырды. Жұмыста Азияны

<sup>3</sup>Ежелгі грек тілінде адамдар игерген жер бетін атау үшін пайдаланылған термин.

сипаттауда топографиялық әдіске сүйеніп, елдерді, қалаларды, халықтарды және табиғат нысандарын тізіп, қысқаша этнографиялық және тарихи жазбалармен сүйемелдеген. Кіші Азияға ерекше тоқталады, жағалаудағы грек қалаларын, жергілікті тұрғындарды (Ликий, Кариан, Фригид) және табиғи ерекшеліктерін суреттейді.

Сонымен қатар, грек-парсы соғыстары контексті арқылы талдаған Парсы жеріне назар аударады. Иелік еткен территориялардың көлемін, бақылау жүйесі мен мәдениетін, сауда жолдарын қарастырады. Гекатей Египетке келгенде эмпирикалық фактілерге және жергілікті абыздардың мәліметтеріне сүйенеді. Ніл өзені және жыл сайынғы тасқыны мен оның ауыл шаруашылығы саласына тигізетін әсері туралы баяндайды. Бұған қоса Мысыр храмдарын, пирамидаларды және жергілікті салт-дәстүрлерді, перғауындарды әңгімелейді. Үндістанға келгенде, оның мағлұматы шектеулі болды немесе, мүмкін, теңізшілердің уақиғаларынан жинақталған еді. Ғалым Азияның этнографиялық географиясына тоқталып қарастырғанда халықтардың әдет-ғұрыптары мен тұрмыс-тіршілігін, діни наным-сенімдері мен әскери күштерін айқындайды.

*Геродоттың* (б.з.б. 484-425 ж.ж.) «*Тарих*» [65] атты еңбегі – ежелгі әлемнің саяси, әскери, географиялық және этнографиялық қырлары жайлы зерттеулерді қамтитын алғашқы жүйелі тарихи материалдардың бірі. Шығарма екі бөлімге жіктелген: оның біріншісі Парсы империясының құрылуына, Вавилон, Ассирия, Египет, Скифия мен Ливияны сипаттауға арналған; екінші бөлікте б.з.д. 479 жылы Сестоста гректердің жеңісімен аяқталған грек-парсы әскери қақтығыстары айтылған. Зерттеудің орталық тақырыбы – әлемдік тарихтың іргелі/негізгі процесі ретінде эллиндер мен берберлердің қарама-қайшылығын қарастыру. Геродот әдістеме ретінде салыстырмалы талдауды қолданады, оқиғалардың бірнеше нұсқасын ұсынады, алайда оның сыни көзқарасы көп жағдайда субъективті болып келеді. Кейбір жағдайларда ауызша деректерге сүйенгендіктен, қателіктерге жол береді. Еңбекте Парсы елінің мемлекеттік құрылымы, жаулап алу жорықтары, салық жүйесі мен мәдениеті жайында толық мәлімет берілген.

Геродот Месопотамия, Парсы, Үндістан және Кіші Азияға деп жіктеп Азия құрлығын зерттейді. Вавилонды ерекше суару жүйесі, бекініс қамалдары бар және экономикалық өркендеуге қол жеткізген өркениеттің орталығы деп бағалайды. Парсы елі оның әкімшілік құрылымы, патшалық басқарудың рөлі және діни дәстүрлер аясында қарастырылған. Үндістанды тарихи бейнелеу табиғи ресурстар, алтын мен климаттық ерекшеліктерін қамтиды, алайда оның жергілікті халықтар туралы хикаялары қауесеттер мен сыбыс әңгімелерге сүйенеді және аңыз/мифологиялық элементтерден құралған. Географ Кіші Азияда Лидия патшалығына тарихи зерттеу жасайды, тұрғылықты бұқараның мәдени және этникалық қырларын ашады. Геродот иониялық<sup>4</sup> тарихнама дәстүрін толықтырып, бұл мектептің жетістіктерін жүйелеген.

---

<sup>4</sup>Қазіргі Түркия территориясында, ежелгі Грекияға қарасты Иония аймағында қалыптасқан алғашқы тарихи жазбалар мектебі.

Страбонның (б.з.д. 64 – 23 ж.) – «География» еңбегі [66] 17 кітаптан тұратын іргелі еңбектер қатарынан, ол эллиндік дәуірдегі ежелгі география ғылымының ең толық экспозициясы деуге болады. Шығарма ежелгі гректер мен римдіктердің Жер туралы жинақтаған білімдерін жүйелейді, сонымен қатар ежелгі дүние туралы маңызды ақпарат береді. Еңбектің негізгі мақсаты – Эратосфен заманынан бері жинақталған деректерді ескере отырып, қолданыстағы әлем картасын түзету болды. Страбон қайшылықтарды анықтап, сенімділігін бағалады, дереккөздерге сыни талдау жасады, бірақ оның әдісі негізінен сипаттамалық еді, күрделі теориялық гипотезаларды құрастырмады, фактілерді айтумен ғана шектеледі. Математикалық географияға сүйенген Птолемейден айырмашылығы, ғалым физикалық, саяси және этнографиялық аспектілерге көбірек назар аударады. Страбонның тұжырымдары Эратосфен, Полибий, Посидоний жұмыстарына, сондай-ақ Помпей мен Август жорықтарының авторлары Юлий Цезарьдың тарихи жазбаларына негізделеді. Ғалым шығармашылығында Гомерді талдау маңызды орын алады, оны ұлы ақын ғана емес, сонымен бірге географиялық білімнің құнды көзі деп есептейді.

Страбон өзінің «География» еңбегінде Жер шарының құрылымы мен географиялық ерекшеліктерін жүйелі түрде сипаттап, оны төрт сегментке бөлінген деп тұжырымдайды. Оның ойынша, бұл сегменттердің тек біреуі гректер мен римдіктерге белгілі болды, ал қалғандары шет елдерге жататын «белгісіз» аймақтар болып есептелді. Страбон Жерді мұхит шайып жатқан алып арал ретінде елестетеді және ыстық аймақтарда адам өмір сүре алмайды деп қате қорытындыға келеді. Дегенмен ол ойкуменаны, яғни адам мекендейтін жерлерді, климаттық белдеулерге бөлу арқылы табиғат пен адам қоғамының байланысын түсінуге ұмтылды.

Автор Жердің шамамен өлшемін стадия бірлігімен береді, бұл ежелгі замандағы өлшеу жүйесінің маңызды көрсеткіші болып саналды. Страбон өз туындысында әртүрлі терминдер қолданады: «география» (geōgraphia) – Жердің физикалық сипаттамасы мен климатын талдау, «жердің сипаттамасы» (chōrographia) – нақты территориялардың сипаттамасы, «жерді сипаттау» (periodos gēs) – саяхат пен аймақтық сипаттамаларды жүйелеу. Бұл тәсіл Жер бедері мен климаттық ерекшеліктерді физикалық тұрғыдан талдауға мүмкіндік берді, ал «орография» терминін қолдануы саяси география мен этнографиялық зерттеулерді біріктіруге бағытталды.

Страбонның еңбектері орта ғасырлық және Қайта өрлеу дәуіріндегі географиялық зерттеулер үшін негізгі дереккөзге айналды. Оның кейбір қателіктері мен субъективизм элементтері болғанына қарамастан, «География» шығармасы ежелгі заман туралы мәліметтердің ерекше маңызды дерегі болып, көне географияны жүйелі зерттеуге мүмкіндік береді. Автордың Жерді сипаттау тәсілдері кейінгі географтар мен саяхатшылардың ғылыми ой-өрісін қалыптастырып, зерттеу әдістемесіне ықпал етті.

Страбон Азияға сипаттама беруге біраз көңіл бөледі, құрлықты ежелгі дүниенің ең ірі және бай материгі ретінде көрсетті. Оның пікірінше, Азия өркениет деңгейі, табиғи ресурстары, экономикалық дамуы тұрғысынан

Еуропадан жоғары болды. Табиғат ерекшеліктерін, өзендерін, тау жоталарын, климаттық белдеулерін және сауда бағыттарын жан-жақты сипаттап, аймақты мекендеген халықтарға да көңіл бөледі. Страбон Азияны бірнеше аумақтарға бөлді. Ол қазіргі Түркия территориясын жататын Кіші Азияны қарастырып, Кападокия, Понт, Битиния, Лидия, Кария және Киликияға ерекше тоқталады. XI-XII кітаптарында Орта Азия мен Кавказды, сондай-ақ Парфияны, Бактрияны, Мидияны, Арменияны, Гирканияны және скифтердің жерлерін баяндайды. Ғалымның пайымдауынша, аталмыш мекендер өркениетті әлем мен бербер халықтары арасындағы шекаралас жер болған. XV кітапта Мегасфен мен Неарх туындыларына сүйене отырып, Үндістан жайында мағлұмат беріп, Ганг өзенін, климаттық ерекшеліктерін, өсімдіктер дүниесін, фаунасын және әлеуметтік жүйесін сипаттайды. Дегенмен, Үндістанның көлемі туралы тұжырымдары дұрыс болмады, ауқымы мен шекарасын асыра көрсеткен. Персия мен Месопотамияны сипаттағанда, ежелгі өркениеттердің қалыптасуында ең маңызды өзен ретінде Тигр мен Евфратты атайды. Вавилонның байлығын, оған тиесілі сәулет өнерінің ерекшеліктерін, әйгілі Вавилон бақтарын бейнелеп, Рим және Парфия империялары үшін аймақтың маңыздылығын бағалайды. XVI кітапта ол Араб түбегінің тұңғыш сипаттамасын берді, Египетте және Үндістанда хош иісті заттарды экспорттау мен белсенді саудаға қатысты Оңтүстік Арабияның экономикалық маңыздылығы айтылады. Ганг, Инд, Тигр және Евфрат сияқты ірі өзендерді сипаттайды, ол жерлердегі ауыл шаруашылығы мен сауда жолдарын көрсетеді. Гималай тауын тек жалпылап атап өтіп, тау жотасының көлемі туралы нақты деректер бермейді. Эратосфеннің ақпаратына қайшы, экваторлық белдеу өмір сүруге жарамсыз деген қате пайым жасап, Азияның климаттық белдеулерін сызбалар түрінде жіктеді. Қытайды Таяу Шығыспен және Жерорта теңізімен байланыстыратын Ұлы Жібек жолын және басқа да маңызды сауда жолдарын суреттейді.

Мәліметтердің көптігіне қарамастан, Страбонның зерттеулерінде біршама қателер де кездеседі. Үнді мұхиты жабық және Атлант мұхитына қосылмаған дейді, алайда кейінірек бұл теорияны саяхатшылар жоққа шығарды. Қытай туралы білімі де шектеулі еді, оны маңызсыз аймақ ретінде қарастырып, оған тиісті мән бермейді. Бұған қоса, Үндістанның көлемін әсірелеп, оны үлкенірек етіп көрсетті. Бұған қарамастан, Страбонның «Географиясы» ежелгі дәуірдегі Азия географиясы бойынша маңызды дереккөздердің қатарына жатқызылады.

*Клавдий Птолемейдің* (шамамен б.з. 100-170 ж.ж.) *«География бойынша нұсқаулық»* [67] кітабы – орта есеппен 150 жылдары құрастырылған антикалық картографияның іргелі зерттеуі және географиялық пункттердің координаттары мен жүйеленген тізімін анықтайды. Ол Марин Тирский мен Ганнон сияқты алдыңғы буын ғалымдарының жазбаларына негізделді және карта жасау үшін нұсқаулық болды. Зерттеу сегіз кітапты құрайды: 1-ші кітап әдістемеге, географиялық координаталарды анықтауға, география мен хорографияның<sup>5</sup>

---

<sup>5</sup> Хорография (ежелгі грек тілінен аударғанда χῆρος – «жер» және γράφω — «Мен сипаттаймын») – елді мекендердің ерекше белгілерін талдауда сипаттау әдістерін қолданатын

айырмашылығына, сондай-ақ ендік пен бойлық түсініктеріне арналған; 2-3-ші кітаптар Испания, Галлия, Германия, Италия, Балқан және Сармат жерлерін біріктіретін Еуропаны мазмұндайды; 4-ші кітап Африкаға, атап айтқанда Ливия, Мавритания, Египет және Эфиопияға сипаттама жасайды; 5-7-ші кітаптар Азияны қамтиды, яғни Кавказдағы Албанияны, Арабияны, Арменияны, Кападокияны, Киликияны, Сирияны, Үндістанды және Қытайды анықтайды. Ал соңғы 8-ші кітап қосымша болып табылады, ол негізгі географиялық нысандардың координаттары туралы қосалқы ақпарат береді.

Птолемейдің Азияны сипаттауы сол дәуірдегі географиялық білімді негізге алады және аймақтар, қалалар, өзендер мен халықтар туралы жүйелі мәліметтер құрастырады. Батыс Азияны, ол жердегі Месопотамияны, Парсы елін, Сирияны және Арабия түбегін зерделеп, Вавилон, Суза, Персеполис және Александрия Арахосиясын кешенді суреттейді. Орталық Азияда Самарқан мен Герат тәрізді басты орталықтардың координаттарын анықтап, Соғдиана, Бактрия және Маргиананы атайды. Үндістан өзендері, Ганг, Инд және Палиботра (Паталипутра) сияқты ірі қалалары аясында қарастырылған. Птолемей алғаш рет антикалық картографияға Қытай деп танылатын Сирика аймағын енгізеді, оны Орталық Азия арқылы өтетін сауда жолдарымен байланыстырушы, алыста орналасқан өркениет деп суреттейді.

Еңбектің түпнұсқасы антикалық дәуірде жоғалған, оның мәтіні тек ортағасырлық көшірмелерде сақталған. XIII ғасырда византиялық монах Максим Плануд картасыз мәтінді табады, ал XV ғасырда неміс картографы Николас Германус кескіндерді трапециялық пішінде бейімдеу арқылы оларды қалпына келтіреді. 1477 жылы Болоньяда тұңғыш рет баспадан жарық көреді, ол Еуропада Ұлы географиялық ашылулар дәуіріне дейін географиялық білімнің негізгі көзіне айналды. Бұның айғағы – Христофор Колумб экспедицияларды жоспарлағанда Птолемей карталарын пайдаланғаны. Ғалымның қолжазбаларының ғылыми маңыздылығына қарамастан ортағасырларда көшірме жасаған адамдардың координаталарды дұрыс жазбауынан туындаған қателер бар. Ең маңызды көшірмелер болып Urbinas (Ватикан), Fabrician (Копенгаген) және Seragliens (Стамбул) саналады.

## 2) *Ерте ислам географтары (VII-X ғ.ғ.).*

*Мұхаммед ибн Мұса әл-Хорезми* (шамамен 783-850 ж.ж.) IX ғасырда өмір сүрген көрнекті ғалым, Хорезм территориясында болжам бойынша Хиуа қаласында дүниеге келген. Мәуераннаһрдың ірі ғұламаларынан білім алып, үнді және грек ғылымдарының мұрасын меңгереді. 819 ж. бастап Бағдатта қызмет етеді, халифа әл-Мамунның қарамағында «Даналық үйіне (Байт әл-Хикма)» басшы болады, аударма және ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысады. Ол астрономиялық өлшеулер жасауға ат салысады, осылайша Жердің шеңберін анықтайды және экспедицияларды басқарады. 830 ж. жаңа математикалық

---

географияның бағыты. Клавдий Птолемей өзінің «География бойынша нұсқаулық» еңбегінің кіріспе тарауында хорографияны нақты математикалық әдістерге негізделген географиядан айырмашылығы, жалпылауға ұмтылатын ғылымнан гөрі әрбір детальға назар аударатын өнер ретінде қарастырды» [80].

ілімнің негізін қалап, алгебра жайлы тұңғыш трактат жазды. Сонымен қатар Халифа әл-Васиқ тұсында хазарларға жорыққа қатысқан.

География саласында ғалым «*Жер суреті кітабын (Китаб сурат әл-ард)*» [81] жазып, Птолемей координаталарын түзетеді, елді мекендердің сипаттамасын нақтылай түседі және әлемнің дәлірек картасын жасады. Кітапта 2402 қаланы суреттеп, ендік пен бойлық түсініктерін енгізді, жер бетіне қатысты деректерді жүйеледі. Византияға, Хазарияға, Ауғанстанға ғылыми сапарлар ұйымдастырып, жер меридианының градустық ұзындығын есептеген, бұл Жердің ауданын нақтылауға мүмкіндік берді. Әл-Хорезмидің зерттеуінде түріктер мен тоғыз-оғыздар мекендеген екі Скифия жайлы ақпарат бар. «Жер сурет кітабында» ерекше көңіл Азияға бөлінген, Таяу Шығыстан Қытайға дейін созылып жатқан кең құрлық деп сипаттайды. Ол Птолемейдің жіберген қателерін түзете келе, Персия, Хорасан, Соғдиана, Бактрия, Тохаристан және Үндістан сияқты негізгі аумақтардың орындары мен координаттарын дәлдейді. Каспий теңізін ішкі теңіз деп атап, жан-жақты суреттейді, бұл алдыңғы дереккөздермен салыстырғанда маңызды нақтылау болды. Автор хазарлар мен аландарды анықтай отырып, кавказ халықтары туралы мәліметтерді де қамтыды.

Еңбекте Үндістан ерекше орын алады, себебі әл-Хорезми үнділік математика мен астрономия саласындағы дереккөздерді пайдаланған. Ганг пен Индті сияқты ірі өзендерді сипаттайды, Палиботра (Паталипутра) сияқты үлкен шаһарлардың координаттарын береді және экономикалық және мәдени сипаттама жасайды. Үндістанның мұсылман дүниесімен теңіз жолдары мен сауда қатынастары туралы Синд пен Малабар жағалауларын суреттеу барысында сілтемелер жасап дәлелдейді. Ол алғаш рет араб-ислам географиясына Қытайдың (Сирика) сипатын енгізіп, оның Үндістан мен Орталық Азияға байланысын нақтылады.

Клавдий Птолемей мен әл-Хорезмидің еңбектерінде Азия географиясы туралы мәліметтері қайталанатын, өйткені екеуі бірдей аймақтарды зерттеген. Алайда, әдістемесі мен дәлдік деңгейі әртүрлі. Птолемей өз жұмысын көне дереккөздерге, әсіресе Тир Маринінің шығармаларына сүйенеді және ол Азияны шамамен Үндістан мен «Сирика» (Қытай) арасында ғана зерттеп, ал оның шығыс шекараларын белгісіздікте қалдырады және зерттеуде әлемнің геоцентрлік моделін пайдаланды. Птолемей қалалар мен аудандардың координаттар желісін қамтыды, бірақ елеулі қателер жібереді. Сонымен қатар Каспий теңізін Солтүстік мұхиттың шығанағы есептеп қате бейнелейді. Скифияны еуропалық және азиялық деп бөледі, бірақ халықтарына байланысты нақты ақпарат бермейді.

Әл-Хорезми, бұған керісінше, араб-мұсылман картографиялық жүйесін қолданып, Птолемейдің жасаған қателерді түзеген. Ғылыми экспедициялар мен астрономиялық бақылаулардың арқасында дәлірек координаттарды енгізді, Каспий теңізінің ауданын түзетіп, бірінші рет ішкі теңіз деп дұрыс анықтайды. Птолемейден тағы бір айырмашылығы Әл-Хорезми Орталық Азияны кешенді сипаттап, Мәуереннаһр, Соғдиана, Бактрия, Тохаристан сияқты қоныстарға

назар аударады. Ол Птолемейде аяқталмай қалған Жібек жолының бағыттары мен ислам дүниесінің Қытаймен сауда байланыстары жайлы да дәлірек материал ұсынады. Осылайша, Птолемей ескірген мәліметтерді пайдаланып, Азияны ертеректегі ғылым тұрғысынан көрсетсе, әл-Хорезми жаңа өлшемдер мен далалық зерттеулерге сүйенген, құрлық туралы географиялық ұғымдарды түзетіп, толықтырулар енгізеді.

*Әбу-Л-Қасым Ұбайдаллаһ Ибн Хордадбехтің (820-912 ж.ж.) «Жолдар мен елдер туралы кітабы (Китаб әл-масалик уа-л-мамалик)» [82] – IX ғ. жазылған араб географиялық трактаттарының ең ертесі. Жибалда пошта меңгерушісі қызметінде болған кезде автор еңбекті екі басылымда жазды: алғашқысы шамамен 846/847 жылы аяқталды, екіншісі болса 885/886 жылда толықтырулар енгізіліп жазылады. Алайда, бірқатар зерттеушілер тек бір ғана соңғы нұсқасы бар деп есептейді. Бүгінге жеткен мәтін үш қолжазба күйінде сақталған және шығарманың қысқартылған нұсқасы ретінде сипатталады. Туынды бастапқыда Аббасидтер әулетінің мүшесіне, мүмкін мұрагерге арналды және Птолемейдің географиялық еңбегінің аудармасы қамтылып, автордың пікірлерімен толықтырылды.*

Кітаптың негізгі мазмұны әртүрлі елдердің әкімшілік аймақтарын, жолдарын, сауда бағыттарын, негізгі тұрақтары арасындағы қашықтықтарды және салық сомаларын сипаттаудан құралған. Ғалым әлемді жіктеуде бөлудің классикалық антикалық жүйесін қолданған, яғни Аруфи (Еуропа), Лубия (Ливия), Атиуфия (Эфиопия) және Аскутия (Скифия) деп төртке бөледі. Кітаптың географиялық желісі Испаниядан бастап Қытай мен Үндістанға дейін жерді қамтиды, бірақ Халифатқа келгенде оның аумақтары мен олардың көршілес мемлекеттермен байланысына ерекше көңіл бөледі. Бұдан бөлек әскери күштер, Византия, сондай-ақ араб әдебиетіндегі түрлі қызықты уақиғалар, таңғаларлық халықтар мен табиғат құбылыстары баяндалған. Жұмыста Шығыс Еуропа маңызды орын алады. Қара теңізді Хазар теңізі, ал Каспий теңізін Джуржан теңізі деген атаулар береді. Сондай-ақ Гог пен Магог халықтарын қоршаған қамалдарға арабтардың жорығы туралы хабарлайды. Мүмкін сапар Бағдаттан басталып, Кавказ арқылы өтіп, Хазария жерінен Ұлы Қытай қорғанына жеткен. Ибн Хордадбех араб географиясында славяндар мен орыстар жайлы бірінші рет айтады.

«Жолдар мен елдер туралы кітабы» Азияның сипаттамасында құрлықтың әкімшілік құрылымы, сауда жолдары және этнографиялық ерекшеліктері тұрғысынан қарастырады. Персия сипатталып, оның өңірлерге бөлінуі, стратегиялық бағыттары мен негізгі сауда орталықтары айқындалады. Ибн Хордадбех Хорасанның Нишапур, Балх, Мерв және Самарқан сияқты ірі қалаларын талдай келе, халықаралық саудадағы рөлін атайды. Жазбаларда түркі халықтары, көшпелі тайпалар, олардың қоныс аудару жолдары суреттеледі, Каспий маңы аймағы мен Орталық Азия жайында құнды деректер береді. Сондай-ақ түргеш, қарлұқ, оғыз сияқты тайпалар, олардың әскери ұйымдасуы мен ислам әлемімен байланысы туралы айтылады. Қытаймен шекаралас

территорияны халифатпен белсенді сауда қарым-қатынас құрған қуатты мемлекет деп бағалайды.

Ибн Хордадбех Үндістан мен Жібек жолына ерекше тоқталады. Араб сауда орталықтарын Үндістан қалаларымен байланыстыратын негізгі бағыттарды, мәселен, Оман мен Парсы шығанағы арқылы өтетін жолды айтады. Үнді жерінің дәмдеуіштер, асыл тастар, маталар және сирек ағаштар сынды тауарларымен белгілі болғанын және ислам саудасында маңызды орын алғанын көрсетеді. Қытайға баратын сауда жолдарына келсек, алғаш рет оның Орталық Азия арқылы өтетінін жеткізеді. Кітапта ірі керуен тараптарын басқарған Қашғар мен Хотан сияқты қалалар айқындалады.

Ибн Хордадбехтің еңбегі кең танымалдылыққа ие болды. Ибн әл-Фақиһ пен Құдама ибн Жағфар сияқты X ғасырдағы кейінгі ғалым географтардың барлығы дерлік ғалымның зерттеулеріне сілтеме жасаған. Шығарманың қысқалығына орай кейбір авторлар тарапынан сындар да айтылды, алайда кітапта жазылған деректердің дәлдігі жоғары, әсіресе сауда жолдарын, салық жүйесін, Орталық Азияның этнографиясын, Үндістан және Қытаймен сауда қатынастарының құрылымын суреттеуі тұрғысынан құнды дереккөз екені айғақ.

Араб тарихшысы Әбу әл-Аббас Ахмед әл-Якуби (IX ғ.), араб тарихындағы прагматикалық бағыттың алғашқы өкілдерінің бірі, 891 ж. «*Елдер туралы кітап (Китаб әл-Бұлдан)*» [71] атты тарихи-географиялық еңбегін жазған. Ол ислам географиялық әдебиетінің ең алғашқы үлгілерінің бірі бола тұра, сол заманда танылып үлгерген әлемнің ірі өңірлерінің әкімшілік, этнографиялық және сауда ерекшеліктерін жүйелі зерттеген. Шығарма бірнеше аймақтарды қамтитын төрт тараудан тұрады. Ең маңыздысы деп Орталық Азия, Орта және Таяу Шығыс, оның ішінде қазіргі Иран мен Ауғанстан аудандары жайлы тарихи, географиялық, этнографиялық және саяси деректерді қамтитын бірінші бөлімді айтамыз. Орта Азиядағы қарлұқтар, қимақтар, оғыздар сияқты тайпаларға, атап айтқанда олардың қоғамдық құрылысы, әскери ұйымы, тұрмыс-тіршілігі қарастырылады. Автор мұсылман билеушілері басқаратын керуен жолдарындағы ірі қалалар – Испиджаб, Шаш (Ташкент), Фараб (Отырар) және Тараздың халықаралық сауда жүйесіндегі экономикалық рөлі мен орнын талдап, сауда мен бекіністерді қорғаудың маңызды орталықтары деп баға береді. Әдебиеттің басқа бөлімдері ислам дүниесінің түрлі аймақтарына, оның ішінде Египет, Сирия, Солтүстік Африка және Андалусияның саяси басқару, салық жүйесі, діни орталықтар және халықтың этникалық құрамына арналған. Әл-Якубидің «Китаб әл-Бұлдан» еңбегі өзінен кейін әл-Истахри, Ибн Хаукал және Әбул-Фида сияқты бірқатар зерттеушілердің жұмыстарына ықпал еткен.

Әбу Исхақ әл-Истахридін (X ғ.) 930-933 ж.ж. «*Жолдар мен елдер туралы кітап (Китаб әл-масалик уа-л-мамалик)*» [84] атты тарихи-географиялық еңбекті жазған, алайда оның түпнұсқасы сақталмаған, бүгінге тек шамамен 950 ж. жасалған көшірмелері ғана жеткен. Әдебиеттің негізі 21 картаны және мұсылман әлемінің саяси-географиялық құрылымына берілген жүйелі

түсіндірмені құрайды. Мемлекеттер мен аудандардың шекаралары, қалалардың есімдері, олардың өзара қашықтығы, сауда және әскери жолдар анықталған. Басты назар Арабия, Парсы шығанағы, Мағриб, Мысыр, Сирия, Ирак, Үндістан, Иран, Хазар (Каспий) теңізі, Армения, Әзірбайжан, Хорасан және Мәуераннаһр территорияларына аударылады.

Орталық Азияның (қазіргі Қазақстан территориясы) қарлұқтар, оғыздар, кимақтар сияқты түркі халықтары туралы мәліметтердің құндылығы айрықша, сондай-ақ хазар және қырғыз халықтары аталады. Ғалымның хабарлауынша, Испиджаб – Түркістан мен Жетісудың ең ірі аймағы, ол сауда және стратегиялық тұрғыдан маңызды болды. Сондай-ақ Тараз, Атлах, Шелти, Кедер, Сауран және Фараб сияқты қалалар экономика, орналасқан жері, жол қатынасы контекстінде сипатталған.

Әл-Истахридтің кітабы Балх география мектебінің дәстүрін жалғастырды, кейінірек Әбул-Фидадан бөлек Ибн Хаукал сияқты ислам географтарының зерттеулеріне негіз болды.

Әбу-Л-Хасан Әли Әл-Масуди (шамамен 896-956 ж.ж.) – араб тарихшысы, географы әрі саяхатшысы. Ол тарихи-географиялық бақылауларды ауқымды энциклопедиялық еңбектерге біріктіру арқылы «Араб Геродоты» атанды. Зерттеулер ислам дүниесі, Орталық Азия, Шығыс Еуропа және Таяу Шығыс елдерінің тарихы, мәдениеті, діні мен географиясының маңызды дереккөздеріне айналды. Әл-Масудидің Бағдатта дүниеге келгені және Мұхаммед пайғамбардың сахабасы Абдулла ибн Масудтың отбасынан тарайтыны белгілі, алайда, өмірбаяны туралы нақты ақпарат сақталмаған. Ғалым Аббаси халифатында, Үндістанда, Кавказда, Каспий теңізі аймақтарында, Сирияда, Арабстанда және Мысырда саяхаттаған. Бірқатар зерттеушілердің пікірінше, Қытайда, Занзибарда, Шри-Ланкада және Мадагаскарда да сапарларда барған болуы мүмкін.

Әл-Масудидің кемі 20 туынды жазғаны анық, оның жетеуі тарих пен география мәселелерін қамтиды. Негізгі шығармалары қатарына 30 томдық жоғалып кеткен еңбек *«Заман тарихы/хабарлары (Ахбар әз-заман)»* [85], бірінші кітапқа қосымша болған *«Орталық кітап (Китаб әл-аусат)»*, *«Алтын шаю және асыл тастар кен орны (Муруж әз-зәхаб уә мәдин әл-жауаһир)»* [86] немесе *«Алтын шалғындар»* деп те белгілі. Өмірімен қоштасар уақытқа жақын кезде бұрынғы еңбектеріне түсіндірімелер мен түзетулер жазып, соңғы *«Өсиет және қайта қарау кітабы (Китаб ат-танбих уә әл-шираф)»* [87] атты туындысын аяқтады.

Басты еңбегі саналатын *«Алтын шаю және асыл тастар кен орны»* 132 бөлімді құрап, тарих, география, этнография және дінтану салаларының түрлі аспектілерін қамтиды. Бірінші бөлім дүниенің жаратылысын әңгімелеуден басталады, содан соң Көне өсиет тарихын қарастырады, одан кейін Үндістанның, Грецияның және Римнің саяси және әлеуметтік жүйелерін сараптайды, Птолемейдің географиялық көзқарастарын, климат белдеулерін, күнтізбелік жүйелерді және негізгі діндерді саралайды. Әл-Масуди тек ислам дәстүрлерін ғана емес, индуизм, зороастризм, иудаизм және христиан

бағыттарын да зерттейді, осыған байланысты бұл туынды – салыстырмалы дінтану үшін маңызды дереккөз. Ол шығармашылығында халықтарды және олардың әлеуметтік-экономикалық қырларын сипаттау тәсілін негізгі зерттеу желісі ретінде қолданады.

Ал екінші бөлімде әл-Масуди мұсылман дүниесіндегі әулеттерге тоқталады, Мұхаммед пайғамбардың және халифтердің өмірбаяндарын, сол дәуірдегі ең маңызды әскери және саяси уақиғаларды суреттейді. Алайда, бұл бөлім – көбінесе, алдыңғы зерттеулердің компиляциясы мен жинағы, оның ішінде әл-Табаридің еңбектері бар және күлкілі әңгімелер мен аңыздарға толы. Сондықтан маңыздылығы бірінші бөлімге қарағанда біршама төмен.

Тарихшы Парсы, Орталық Азия, Үндістан және Қытайды жан-жақты қарастырып, Азияның орталық және шығыс бөліктеріне көбірек көңіл бөлді. Саудагерлерден, саяхатшылардан және жергілікті шежірешілерден жинақталған деректерді қолданады, бұл Азияның жүйелі араб кескіндемелерін алғашқылардың бірі болып жасауға мүмкіндік береді.

Әл-Масуди Орталық Азияны көптеген халықтар мекендейді деп хабарлайды, олардың ішінде қарлұқ, оғыз, қимақ мен ұйғыр этникалық топтарын ерекшелейді. Түркі тайпаларының сауда мен аймақтағы әскери ахуалға ықпалын, әсіресе Халифатпен және Қытаймен байланыстарын мазмұндайды. Аймақтың негізгі сауда және мәдени орталықтары ретінде Испиджаб, Тараз, Фараб және Балх қалалары аталады. Жазбаларда Каспий төңірегі де кездеседі, бұл хабарламалар Хазариямен байланысты. Автордың ақпаратына сәйкес Хазария Орталық Азиядан Еуропаға баратын жолдарды бақылаған және халықаралық саудада маңызды актор болды. Зерттеуші Үндістан – халқы көп әрі бай мемлекет дейді және дәмдеуіштер, асыл тастар және сирек металдар саудасымен белгілі болған. Қасиетті жерлері мен философиялық дәстүрлерін зерделей келе, индуизм мен буддизмге тоқталады және діни плюрализм орын алған жер екенін айтады. Ал Қытайға келгенде оның мәдениеті жоғары, дамыған, қуатты ел деп тұжырым жасайды. Үкімет құрылымы жақсы дамыған, халқы тығыз орналасқан, әскері қуатты, әкімшілік жүйесі тұрғысынан дүниедегі ең жақсы ұйымдасқан мемлекеттердің бірі деген теңеулер жасайды. Қытай жібек, фарфор және қағаз өндірісі салаларында жетістіктерге жетіп, ислам әлемімен сауда-саттық байланыстарын орнатқан.

*Әбу-л-Қасым Мұхаммед Ибн Хаукал (Х ғ.)* – араб географы, саяхатшысы және елшісі, әл-Балхи және әл-Истахри дәстүрлерін дамытқан араб географиясының «классикалық мектебінің» өкілі. Хаукал 30 жылдан астам сапарларда болған, саяхаттаған елдердің қатарында Ирак, Иран, Солтүстік Африка, Испания, Сицилия, Үндістан (мүмкін), Орталық Азия мен Кавказ аймағы бар. Негізгі еңбектері – *«Жер суреті кітабы (Китаб сурат әл-ард)»* [88], *«Жолдар мен елдер кітабы (Китаб әл-масалик уә-л-мамалик)»* [89]. Оның жинақтары – әл-Истахри кітабының кеңейтілген нұсқасы, сондай-ақ Х ғ. ислам дүниесінің саяси және экономикалық географиясы жайындағы ең құнды дереккөзі. Ибн Хаукал сауда және дипломатиялық қызметтерде белсенділікпен танылды, Хамданидтер, Фатимидтер, Омейядтар, Буйидтер және Саманидтер

әулеттерімен байланыста болуы арқылы бірқатар аймақтардағы саяси және экономикалық ахуал туралы мағлұматтар жинақтады.

Ғалым өзінің саяхатын 943 ж. Мағриб, Андалусия, Мысыр, Кавказ, Иран, Хорасан, Трансоксиана, Сицилия және (мүмкін) Үндістаннан бастаған. 968-969 ж.ж. хазар босқындарын кездестіріп, Хазар қағанатының Ресейден жеңілгені жайлы хабар алады. Саяхат барысында әл-Истахримен жеке танысады және оның жазбаларын өңдеуге рұқсат алады. Нәтижесінде толықтырулар жасайды, әсіресе Батыс Ислам (Солтүстік Африка, Испания, Сицилия), Месопотамия және Орталық Азия туралы деректері бойынша.

«Жер суреті кітабы» 20 тарауға бөлінеді, әрқайсысында аймақ сызбалары бар. Мұсылман әлемі мен көршілес халықтардың тарихы мен этнографиясы үшін маңызды дереккөз, басты назар экономика, сауда, әкімшілік құрылым мен тұрғындарға аударылады. Ибн Хаукал туындысында Орта Азияны, Иранды, Үндістанды, Қытайды сипаттау ерекше орын алады. Оның деректері жеке бақылауларына, саудагерлер, саяхатшылар мен жергілікті әкімшілік есептеріне негізделген. Ал Орталық Азияны сипаттағанда қарлұқ, оғыз, қимақ, қырғыз, тоғыз-оғыз және хазар тайпаларын бір тілде сөйлейтін халықтар, алайда саяси құрылым, отырықшылық деңгейі және шаруашылық қызметі тұрғысынан ерекшеленетінін айтады. Бұған қоса Испиджаб, Тараз, Сауран, Сюткент, Фараб, Қардар қалаларын, Сырдария, Жетісу, Каспий және Арал теңіздері төңірегіндегі аймақтарды мазмұндайды.

Таразда отырықшы және көшпелі халықтар қоныстанған, олар – мұсылмандар мен түркілер, белсенді тауар айналымын жүзеге асырады. Фараб болса маңызды мәдени және экономикалық орталық деп, ал Испиджаб маңызды сауда торабында орналасқан және Түркістан мен Жетісудың ең ірі аймағы деп бағаланады. Тараздың аржағында ірі ауданды алып жатқан және негізгі сауда жолдарын бақылайтын қарлұқтардың иеліктері басталады дейді. Ибн Хаукал климаты мен табиғи жағдайы дала мен шөлейтті ландшафттарды, бай жайылымдарды, өзендер мен тау жоталарын құрайды деп сипаттайды. Сонымен қатар түркі тайпаларының әскери қуаты, олардың мал шаруашылығы мен маусымдық көші-қонға тәуелділігі айтылады.

Каспий маңы, Хазария және Еділ бойы бөлімінде Хазар қағанаты орналасты. Хазария рустар шапқыншылығынан кейін құлаған, осы себепті мұсылман елдеріне хазар босқындары ағылған. Ал Еділ Болгариясын сауда мен ислам уәкілдігінің маңызды орталығы деп сипаттайды. Еуропа мен Азияны байланыстырған негізгі су жолы Еділ мен Сырдария өзендері болған.

Ибн Хаукал Иран жерлерін экономика, әкімшілік құрылым және сауда тұрғысынан кешенді баяндайды. Нишапур, Мерв, Бұқара, Самарқан қалаларына тоқталып, олардың дамыған саудасы мен мәдени өмірін дәйектейді. Саманидтердің рөлі ерекше аталады және оларды мұсылман әлеміндегі ұйымдасу жағынан ең жоғарғы деңгейдегі ел және бай әулеттердің бірі деген баға береді. Сондай-ақ Хорасан мен оған іргелес өңірлер арқылы өтетін сауда жолдары күллі ислам мемлекеттері үшін экономикалық мәнділігін көрсетеді.

Үндістанды сипаттау аясында байлығы, сауда жолдары, мәдени дәстүрлері қамтылады. Дәлірек айтқанда, дәмдеуіштер, металдар, асыл тастар саудасы, күрделі әлеуметтік құрылым мен касталық жүйе, индуизм мен буддизм, мұсылмандармен қарым-қатынас мәселелері. Үнді елінің сәулет және қала құрылысы экономикалық және мәдени дамуы контекстінде қарастырылады. Оның жаһандық саудадағы рөлі мен араб-мұсылман әлемімен тығыз байланысын дәлелдейді.

Қытайды қуатты, дамыған мемлекетке жатқызып, салық жүйесі және күшті әскери құрылымы бар екенін хабарлайды. Сонымен бірге жібек, фарфор, қағаз өндірісі, қалалардың дамуы және мұсылмандармен сауда-саттық, әскер мен әкімшілік басқару туралы деректерді ұсынады. Қытайлықтар ислам әлемімен белсенді сауда жасаған және Азия экономикасында шешуші рөл атқарған.

*Шамс әд-Дин Әбу Абдаллах Мұхаммед әл-Муқаддаси* (946-1000 ж.ж.), араб ғалымы және саяхатшысы, шамамен 985 ж. *«Ахсан әт-тақасим фи мағрифат әл-ақалим (Аймақтар жөнінде мағлұмат беретін таңдаулы тарау)»* [78] тарихи-географиялық трактатты жазады. Жалпы Әл-Муқаддаси Палестинада 942-946 ж.ж. аралығында дүниеге келген және 991 жылдан кешіктірмей қайтыс болған. Ол өз дәуірінің ең белсенді саяхатшысы бола тұра, Таяу Шығысты, Иракты, Иранды, Орталық Азияны зерттесе де, Мағриб пен Мұсылман Испания туралы хабары жоқ еді. Ғалым сапарларында ұстаз, саудагер, заңгер (фақиһ) және білім іздеуші қызметтерінде болып, аймақтардың саяси жүйесі, экономикасы, мәдениеті мен діндері жайында деректер жинаған.

Оның трактаты екі бөлімнен тұрады: 1) «иклимдер»<sup>6</sup> деп аталатын климаттық белдеулерге бөліп, Жердің жалпы сипаттамасын береді. Жер бетін 14 климаттық аймаққа бөледі: жетеуі араб территориялары (Араб, Ирак, Акур, Шам, Миср, Мағриб), ал қалған жетеуі арабқа тиесілі емес (Машрик, Дейлам, Рихаб – Әзірбайжан және Армения, Жибал, Хузестан, Фарс және Керман, Синд). 2) жекелеген аймақтарды жан-жақты бейнелеуге арналған, яғни олардың табиғи жағдайлары, әкімшілік жүйесі, сауда мүмкіндіктері, діни ағымдары мен қоғамдық тәжірибелері. Әдебиеттің тілін түсіну қиындыққа соқтырады, себебі рифмалық прозамен жазылған, ескертпелер тәрізді жазбалармен ықшамдалған. Трактат жеке бақылаулар, куәгерлердің әңгімелері, ресми құжаттар мен кітапхана материалдарына негізделген. Қолжазбада автордың саяси көзқарастары кездеседі: Саманидтер, Фатимидтер мен Шииттер туралы жақсы пікір білдіреді.

Әл-Муқаддаси Азия хақында Орталық Азия, Иран, Ауғанстан және Үндістанды зерделеп, Саманилер мен олардың экономикалық дамуына ерекше тоқталады. Бұқара, Самарқан, Нишапур кенттерін жоғары бағалап, Мәуераннаһр мен өзге ислам елдері арасындағы сауда жолдарын анықтап, ғылым мен мәдениеттің гүлденгенін жеткізеді. Иранда Жибал, Фарс және Хузестан аймақтарының исламдық сауда жүйесіндегі маңыздылығын көрсетеді.

---

<sup>6</sup> Арабша «ел, өлке, жердің бір бөлігі, мемлекет» деген мағыналарды білдіреді. Ал парсы тілінде «климат» деп аударылады.

Үндістан болса күрделі әлеуметтік және діни құрылымы бар байлық пен қолөнер елі ретінде суреттелген. Үнділер арасында исламның таралуы және мұсылмандардың индустармен және буддистермен қарым-қатынасы туралы мәліметтер айтылған.

3) *Ортағасырлық географтар (XI-XIII ғ.ғ.).*

«Үндістан (Китаб әл-Хинд)» [79] – Әбу Рейхан Мұхаммед ибн Ахмед әл-Бирунидің (973-1048 ж.ж.) 1030 ж. аяқтаған іргелі ғылыми еңбегі. Еңбек – Үндістанның географиясы, тарихы, философиялық концепциялары, қасталық жүйесі, діни сенімдері (индуизм, буддизм, жайнизм), ғылымы мен мәдениеті туралы энциклопедиялық зерттеу. Зерттеу әдістемесі далалық бақылаулардан, үнді дереккөздерін талдаудан, математикалық және астрономиялық есептеулерден құралады. Кітапта үнді идеялары грек және ислам дәстүрлерімен салыстырылған, бұған қоса астрономиялық үлгілерді, күнтізбелерді, әдет-ғұрыптарды, қасталық шектеулер мен шаралар жүйесін талданады. Әдебиет объективті зерттеу ретінде құрылымдалған, Үнді мәтіндерінің аудармаларын, мұсылман және антикалық көзқарастармен салыстыруды және олардың ережелерін сыни сараптауды қамтиды. Әл-Бируни зерттеуде біржақтылыққа жол бермей, ғылыми дәлдікке ұмтылады, бұл оның туындысын араб-мұсылман ілімінде бірегей етеді.

Әбу Абдулла Мұхаммед әл-Идриси (1100-1165 ж.ж.) – араб географы және картографы, «Роджер кітабы»<sup>7</sup> деп те танылған «*Аймақтарды кезіп жүрген шаршағандарға арналған ойын-сауық (Нузхат әл-муштақ фи-хтирак әл-афак)*» [80] географиялық еңбегінің авторы. 1154 ж. аяқталған бұл туынды – география мен картография бойынша ортағасырлық ең маңызды деген дереккөздердің бірі. Кіріспеде әл-Идриси зерттеудің негізін антикалық және ерте араб географтарының, оның ішінде Птолемей, Оросий, Ибн Хордадбех, әл-Якуби, әл-Масуди, Ибн Хаукал және басқалардың мәліметтері, сондай-ақ патшаның әртүрлі елдер жайында мәліметтер жинау үшін жіберген саяхатшылардың деректері құрайды. Негізгі мазмұны Батыс Африкадан Қытайға, Скандинавиядан Үнді мұхитына дейінгі арабтарға белгілі жерлердің сипаттамасын қамтиды. Жерді жеті климаттық аймаққа бөледі, әрқайсысы 10 бойлық секторға жіктеліп, 70 географиялық бөліктер жүйесінен құралған. Әр бөлімнің 2500-ге жуық географиялық нысанды қамтитын аймақтық картасы болды, мәтіні 6000-нан астам атаулар көрсетті.

Әл-Идриси Азия аймақтарын, атап айтқанда Таяу Шығыс, Орталық Азия, Парсы, Үндістан, Қытай және көршілес аумақтарды толықтай суреттейді. Оның жазбаларында Парсы шығанағы және оның Үнді мұхитымен сауда қарым-қатынасы, Иранның Исфахан, Рей және Нишапур сияқты сауда және қолөнер орталықтары ретіндегі ірі қалалары туралы мәліметтер кездеседі. Хорасан өлкесін сипаттап, шаруашылығы мен әкімшілік құрылымына назар аударды,

---

<sup>7</sup>Кітап Сицилияның нормандық билеушісі король Роджер II-нің бұйрығымен жазылған. Әл-Идриси Палермодағы сарайында өмір сүреді, ал Роджер II оған әлемнің картасын және сол уақытта белгілі болған барлық жерлердің сипаттамасын жасауды тапсырады. Демек, бұл атау кітаптың II Роджердің қамқорлығымен жазылғанының белгісі.

сондай-ақ Мәуераннахрды, оның ішінде Самарқан мен Бұқараны Ұлы Жібек жолының негізгі нүктелері деп хабарлайды. Үндістан дамыған сауда-саттық жүйесі, ірі қалалары және маталар, дәмдеуіштер мен асыл тастар өндірісі бар бай өңір ретінде айтылған. Әл-Идриси Үндістанның касталық жүйесін, индуизм храмдарын, жергілікті дәстүрлер мен өмір салтын мазмұндайды. Қытай келгенде оның экономикасы, сауда байланыстары, қолөнер өндірісі, әсіресе фарфор мен жібек өнері дамыған ұлы өркениет деп тұжырымдайды.

Әл-Идрисидің еңбектері географияның дамуында маңызды рөл атқарғанымен, араб ғылымы оған сирек сілтеме жасады және XII-XIII ғ. латын авторларына ешқандай әсері болмады. Еуропада «Роджер кітабы» XVI ғ. араб, латын және француз тілдерінде басылған кезде танымал болды. Ғалым орта ғасырдағы соңғы ұлы араб картографы болып саналады, бірақ оның жұмысы араб картографиясының құлдырауымен байланыстырылады, себебі оның зерттеулері ендік пен бойлық туралы түсініктерді жоғалтты.

*Шихабуддин Әбу Абдулла Якут ибн Абдулла әл-Хамауи* (1178/1180-1229 ж.ж.) – мұсылман әлемінің ғалымы, жазушы, филолог, тарихшы және географ. Алайда, шыққан тегі кішіазиялық грек еді, бала кезінде тұтқынға түсіп, Бағдатқа сатылған, ислами тәрбие мен білім алған. Қожайыны, көпес Асқар ибн Ибрахим әл-Хамауи оған сауда-саттықты үйреткен, шаруашылық жүргізуді сеніп тапсырып отырған, соның арқасында Якут Таяу Шығыс, Мысыр, Арабия, Сирия және Парсы шығанағы елдеріне саяхаттаған. 1199 ж. бостандыққа қол жеткізіп, кітап саудасымен, кітап көшіру жұмыстарымен айналысады, ал 1213 жылдан бастап жаңа сапарларға аттанады, бұл жолы ғылыми деректер жинақтауды мақсат етеді. Географ Тебриз, Дамаск, Алеппо, Мосул қалаларын аралайды, одан кейін Мервке келіп, үш жыл бойы оның ірі кітапханаларында жұмыс істейді, осылайша келешек кітаптарына материалдар жинайды. Орталық Азияға моңғол шапқыншылығы себебімен әл-Хамауи қашуға мәжбүр болады. 1222 ж. Алеппоға қоныстанып, моңғол жаулап алуына дейінгі араб дүниесінің географиялық білімін жинақтаған *«Елдер сөздігі (Му'джем әл-Бұлдан)»* [81] атты негізгі еңбегін аяқтайды. Бұл жерде ол 1229 ж. дүниеден өткенге дейін шығармаларын өңдеуді жалғастырды.

«Му'джем әл-Бұлдан» – 16 000-ға жуық мақаладан тұратын орта ғасырдағы ең ірі араб географиялық кітабы. Еңбекте аймақтар, қалалар, елді мекендер, өзендер, таулар, шөлдер, сондай-ақ әртүрлі жерлердің мәдени, тарихи және экономикалық ерекшеліктері туралы деректер жинақталған. Туындыда ерте араб географтарының, оның ішінде әл-Масуди, әл-Истахри, әл-Муқаддаси және Ибн Хаукалдың еңбектеріне сілтеме жасалған, бірақ олар ұсынған тұжырымдарды айтарлықтай толықтырады. Әл-Хамауи сапарлар барысында жинаған өз бақылауларын да енгізді. Зерттеуші «Му'джем әл-Бұлданда» Азия құрлығы бойынша Орталық Азияға, Хорасанға, Иранға, Мавераннахрға және Үндістанға ерекше көңіл бөлді. Ірі қалаларға Самарқан, Бұқара, Термез, Балх, Нишапур, Исфахан және Мервті жатқызып, олардың экономикалық маңызын, сауда қатынастары мен мәдени ықпалын зерттейді. Түркі халықтарын, дәлірек айтқанда қарлұқтарды, қимақтарды, оғыздарды,

қыпшақтар мен қырғыздарды бейнелейді. Әскери шеберлігін, көшпелі өмір салтын және мұсылман мемлекеттерімен байланыстарын жеткізеді. Орта Азияның өзендері мен көлдерінің атаулары Әмудария, Сырдария, Арал және Каспий теңіздері аталады. «Иран мен Хорасан» тарауында автор бұл өлкенің экономикалық және саяси ахуалын, сондай-ақ Самани, Ғазнауи және Хорезмшах әулеттерінің ықпалын мазмұндайды. Ол Иранды Үндістан және Қытаймен байланыстырған басты сауда тараптарын сипаттап, Парсы шығанағының халықаралық саудадағы маңыздылығын көрсетеді. Ал Үндістанды суреттеуде мұсылман және үнді дереккөздерін де қолданады. Қаста жүйесін, индуизм храмдарын, Дели мен Каннаудж сияқты ірі қалалардың ерекшеліктерін зерделейді.

*Гильом де Рубрук* (шамамен 1220-1293 ж.ж.) – фламанд саяхатшысы, христиан миссионері және елшісі, 1253-1255 ж.ж. француз королі Людовик ІХ-ның жарлығымен моңғолдарға ұзақ сапарға шығады. XIII ғ. Орталық және Шығыс Азияның географиясы мен этнографиясы бойынша құнды дереккөздердің бірі – «*Шығыс елдеріне саяхат*» [82] кітабының авторы болды. Рубрук қиын сапарды жүзеге асырған, яғни Палестинадан Қырымға жетіп, ол жерден Еділге өтіп, Хан Батудың ордасына дейін барады, бұдан кейін Ұлы хан Мөңкеге жіберіліп, 1253 ж. желтоқсанда Моңғол империясының астанасы Қарақорымға келеді. Саяхатшы 1254 жылдың ортасына дейін Мөңке ханның сарайын мекендеп, Моңғол мемлекетінің өмірі мен құрылымын іштен байқаудың бірегей мүмкіндігіне қол жеткізеді [83]. Сонымен қатар Солтүстік Қара теңіз аймағын, Орталық Азияны, Жетісу мен Шығыс Түркістан даласын басып өткен.

Рубруктың мәтіндерінде Азияның бірқатар аймақтары, халықтары, діни көзқарастары, сауда байланыстары мен табиғи ортасы жүйелі түрде сипатталған. Өзен ағысының бағытын талдай келе, Орта Азия таулы қыраттарының бар екендігіне ғылыми түсініктеме берген алғашқы еуропалық болды. Бұған қоса, керуен жолдарының құрылымына, тұз саудасына, моңғолдардың саяси ұйымдасуы мен Қарақорымдағы діни төзімділікке сипаттама береді. Ортаазиялық қалалар, қырғыздар, қимақтар, урианхайлар (тувалар), манчжурлар және басқа этникалық топтар мен тайпалар туралы құнды деректер қалдырған. Рубрук Батыс әдебиетінде бірінші болып тибеттік «Ом мани падме хум»<sup>8</sup> мантрасын атап, Қытайды (Катхай) жібек елінің антикалық атауы Серестің мұрагері ретінде анықтайды. Рубрук бұл өлкенің географиясын Моңғолияға барар жолда орналасқан Еділ (Этилия), Жайық, Сырдария, Талас, Балқаш көлі, Алакөл, Алатау және т.б. баяндау арқылы зерттейді. Азов және Орта Еділ өңірінде дамыған тұз саудасын байқайды. Қарақорымда әртүрлі діни мекемелердің, яғни христиандық (несториандық) шіркеулердің, мешіттер мен будда храмдарының қатар қызмет етуі оны таң

---

<sup>8</sup>Махаяна буддизміндегі ең танымал мантралар қатарына жатады, әсіресе тибеттік буддизмге тән, алты буынды бодхисаттваның жанашырлық Авалокитешвара мантрасы саналады. Бұл мантраның мағыналары көп. Сөзбе-сөз аудармасы: «О, лотос гүлінде жарқыраған інжу!» [96].

қалдырды. Ол, сонымен қатар, Қытай, Корея, Жапония және Шығыс Азияның теңіз шекаралары туралы мәліметтер жинағын қалдырған.

Рубруктың уәкілдігі саяси тұрғыдан сәтті болмаса да (Мөңке хан француз королінен бағынуды талап етеді), оның қолжазбасы XIII ғ. Азияның географиясы, этнографиясы және дінтануы бойынша құнды дереккөз екені айғақ. Қазіргі еуропалық ғылым оның зерттеуін сол замандағы Моңғол империясына саяхат жасаудың ең объективті және дәл сипаттамаларының бірі ретінде мойындайды.

*Қорытынды:* Антикалық дәуірде Азия туралы географиялық білім философиялық және космографиялық идеялар негізінде қалыптасты. Ол эмпирикалық бақылауларға, мифологиялық аңыздарға және теориялық құрылымдарға сүйенді. Бұл кезеңде ойкуменаның негізгі концепциясы жасалып, дүниенің қоныстанған жартысы – Азия шығыс бөлігі ретінде қарастырылды. Құрлықты сипаттау белдік және ендік принциптері, сондай-ақ жаһандық дөңгелек мұхит тұжырымдамасына негізделді. Азия географиясы көбінесе Бергі және Оңтүстік Азия, Иран мен Үндістан аймақтарын қамтыды, ал ақпарат негізінен әскери жорықтар мен отарлық сапарлардың нәтижесінде пайда болды. Кеңістікті картографиялық бейнелеу және координаталық өлшемдер енгізуге ұмтылыс болғанымен, Орталық және Шығыс Азия туралы мәліметтер шектеулі әрі аңыздық сипатта сақталды, себебі байланыс жолдары шектеулі болды және сенімді дереккөздер аз болды.

Ерте ислам дәуірінде Азия географиясы қолданбалы сипатқа ие болды, ол халифаттағы мемлекеттік басқару, әкімшілік, салық салу және сауда жүйелерімен тығыз байланысты болды. Географиялық білімнің негізгі көздері – тәжірибелік бақылаулар, саудагерлердің хабарламалары, әкімшілердің есептері және антикалық авторлардың деректері болды. Азия аймағы әкімшілік бірліктерге, сауда жолдарына және климаттық белдеулерге бөлінетін күрделі кеңістік ретінде қабылданды. Жолдар, қашықтық, елді мекендер, этникалық құрылымдар мен сауда орталықтары туралы мәліметтер жүйеленіп жазылды. Сонымен қатар, ислам географиялық ойында ғаламды, оның ішінде Азияны сипаттау үшін «жеті климат» ұғымы енгізілді, бұл аймақтарды климаттық және әлеуметтік ерекшеліктеріне қарай жіктеуге мүмкіндік берді.

Ортағасырлық кезеңде мұсылмандық және батыс еуропалық ғылыми дәстүрлердің ықпалымен Азия туралы географиялық түсініктер кеңейе түсті. Ислам географиясында математикалық жүйелеу, топографиялық дәлдік және аймақтық сипаттау тәсілдері күшейді. Антикалық мұрамен байланыс арқылы картография дамып, Азияның кеңістіктік құрылымын тереңірек түсінуге жағдай жасалды. Сонымен қатар, зерттеушілердің назарында Орталық Азия, Шығыс Түркістан, Сібір, Қытай және Үндістан болды. Бұған қоса, Моңғолия мен Қытайға саяхат жасаған еуропалық зерттеушілердің бақылаулары Шығыс Азияның мәдениеті, діни төзімділік, сауда және саяси құрылымдары туралы географиялық ілімді айтарлықтай кеңейтті.

Осылайша, антикалық және ортағасырлық кезеңдердегі географиялық зерттеулер Азияның кеңістіктік, саяси, экономикалық және мәдени құрылымын

жүйелі түрде сипаттауға мүмкіндік берді, бұл заманауи тарихи-географиялық зерттеулер үшін маңызды дереккөз болып саналады.

### **3.2 Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегіндегі Азия тарихи географиясының ерекшеліктері**

Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» туындысы – XIV ғасырдағы араб географиялық әдебиетінің бірегей үлгісі, оған бұрынғы ислам географиясының жетістіктері де, тарих-география ғылымының дамуына қосқан автордың жеке үлесі де енген. Еңбекті тек ислам әлемінде жинақталған білімдер компиляциясы ретінде ғана емес, сонымен бірге географиялық деректерді, әсіресе Азия континентіне қатысты, жүйелеу мен нақтылау жолындағы тәуелсіз әрекеті ретінде қарастырған жөн.

Әбул-Фиданың жұмысы оған дейінгі антикалық дәуірден бастап X-XIII ғасырлардағы ислам авторларының еңбектерінен айырмашылығы – құрылымдық қатаңдығымен және эмпирикалық зерттеу мен суреттеуге назар аударуы. «Тақуим әл-Бұлданның» құрылымы Птолемей мен ислам географтары әзірлеген Жердің климаттық бөлінуі туралы деректерге негізделген, алайда Әбул-Фиданың толықтырулары арқасында жұмыста сапалы жаңа мазмұн пайда болады.

Егер антикалық географияда (мысалы, Птолемейде) қалалардың координаттары көбінесе сызбалық есептеулермен берілсе, Әбул-Фида мұсылман астрономдары мен саяхатшылары жинақтаған мәліметтерді синтездеу арқылы нақтыланған көрсеткіштермен жұмыс істейді. Мәселен, ол Бағдад және Самарқан сияқты қалалардың координаталарын көрсетеді, бұл қазіргі ғылым тарихшыларының ортағасырлық дереккөздерге негізделген есептерімен сәйкес келеді. Оның әдісінің ерекшелігі – географиялық орындарды кешенді айқындау, яғни сауда бағыттарын, этникалық құрылымды және территорияның саяси тиістілігін сипаттау. Мәселен, Әбул-Фида Мәуераннаһрды суреттегенде оның климаттық белдеуін атай келе, сауда қатынастарында Шығыс пен Батыс арасында транзиттік қызмет жасайды деп хабарлайды және осы орайда, қалалар арасындағы қашықтық пен керуен бағыттарын белгілейді. Климаттарды есептеуде астрономиялық мәліметтерді (күннің шығуы және бату бұрыштары, күн ұзақтығы) пайдалану автордың география мен астрономияны біріктіргенін растайды және бұл ислам картографиясын жетілдірді. Бұл әдістерді әл-Бируни мен әл-Хорезми сияқты авторлардың еңбектерінен мұра қылған, бірақ «Тақуим әл-Бұлданда» олар қатаң топографиялық анықтамалық кітап ретінде жүйеленді. Осылайша, Әбул-Фида нарративті географиядан талдамалы-кестелік тәсіліне көшу жолында маңызды қадам жасайды.

Азияның тарихи географиясы тұрғысынан алғанда Шығыс елдері – Хорасан, Мәуераннаһр, Тибет, Қытай, Үндістан және Оңтүстік Азия аймақтарының сипаттамасы ең құнды. Әбул-Фида жазбалары мен бұрынғы дереккөздерді (Ибн Хордадбех, Ибн Хаукал және әл-Масуди сияқты) салыстыру арабтардың ғылыми дәстүрінде азиялық кеңістік туралы

көзқарастары мен ойларының қалай өзгергенін анықтауға мүмкіндік береді. Егер ертедегі дереккөздер негізінен жолдар мен коммерциялық байланыстарды сипаттауға сүйенсе, Әбул-Фида тарихи ретроспективаны<sup>9</sup> пайдалана отырып, білімді жүйелеуге деген нақты ұмтылысты көрсетеді.

Әбул-Фида өзіне дейінгілерден айырмашылығы өз дәуіріндегі географиялық шындықты түсіндіру құралы ретінде тарихи ақпаратты белсенді пайдаланады. Бұл Шығыстың саяси бытыраңқылығын, аймақтың этникалық картасының өзгеруін және моңғол жаулап алуларының ықпалын сипаттауда байқалады. Оның көзқарасына сәйкес, география ғылымы саяси тарихтан ажырағысыз, бұл «Тақуим әл-Бұлдан» картографияның, тарихи хроника мен этнографияның бірегей синтезіне айналдырады. Ал шығарманың аймақтық құрылымы автордың Батыс Азия мен Кавказдан Тибет пен Шығыс Үндістанға дейінгі кеңістікті барынша қамтуға деген ұмтылысын көрсетеді. Әрбір аймаққа қатысты тарихи преамбула, әкімшілік бөліністердің бейнесі, ірі қалалар мен сауда орталықтары жайлы деректер бар.

Бұл еңбекті исламдық шығыстың бұрынғы авторларының еңбектерімен салыстырғанда суреттеу әдістемесінің айқын прогрессін байқауға болады – мифологиялық сюжеттер мен халық аңыздарын қайталаудан алшақтау және ғылыми тілдің жоғарылауы/жетілуі. «Тақуим әл-Бұлдан» соңғы орта ғасырлардағы ислам географиялық ой-пікірінің дамуының шарықтауын аңғартады. Оның маңыздылығы тек мазмұндық толықтыруында ғана емес, сонымен қатар материалды құрылымдау тәсілінде, тарихи-мәдени факторларды сыни талдау мен салыстыруды қолдануда жатыр. Шығарма классикалық араб географиясы мен ғаламды неғұрлым ғылыми және жүйелі парадигмада түсіну кезеңі арасында байланыс қызметін атқарады.

Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегі немесе оның Азияның тарихи географиясын зерттеудегі рөлі туралы отандық не шетелдік ғалымдардың еңбектерінде орталық тақырып, яғни зерттеу нысаны кездеспейді. Алайда, бірқатар жұмыстарда «Тақуим әл-Бұлдандағы» ақпараттар қолданылып, сілтемелер жасалғанын және оның кейбір тарихи-географиялық мәселелердегі маңыздылығы айтылғанын білеміз. Соларға тоқталатын болсақ.

Ахмед Ренима, Хабиб Тилиуин және Ричард Дж. Эстес «Исламның алтын ғасыры: Ислам өркениетінің салтанат құру тарихы (The Islamic Golden Age: A story of the triumph of the Islamic civilization)» [98] атты мақалада исламның алтын ғасыр кезеңіндегі мұсылман ғалымдарының ғылым мен мәдениетке қосқан үлесін талдайды. Фатимидтер әулеті туралы бөлімде «Тақуим әл-Бұлданға» сілтеме жасайды, алайда, оған ешқандай талдау жасалмаған.

Элизабет Лэмбурн «Оңтүстік Азиядағы жылқы мәдениеттерінің байланысқан тарихына (Towards a Connected History of Equine Cultures in South Asia)» [99] тақырыбындағы мақаласында Әбул-Фиданың еңбегі трансаймақтық жылқы саудасына қатысты тарихи-географиялық деректер контекстінде айтылады. Географиялық трактатқа сілтеме оңтүстік Үндістанның Мабар аймағына жылқы жеткізу фактісінің эмпирикалық дәлелі ретінде

---

<sup>9</sup> Өткенді шолу [97].

пайдаланылады [99, 13 б.]. Осы тұрғыда автор Әбул-Фиданың еңбегін сауда және логистикалық жолдарды, сондай-ақ XIII-XIV ғасырлардағы мұсылман әлеміндегі географиялық білімдерді көрсететін қосалқы дереккөз ретінде түсіндіреді. Алайда, еңбектің құрылымы, оның әдістемелік негізі мен исламдық географиялық дәстүр аясындағы маңыздылығы талданбайды. Әбул-Фидаға сілтеме жасау Таяу Шығыс пен Оңтүстік Азия арасындағы тұрақты жылқы саудасының бар екенін дәлелдейтін иллюстрациялық элемент ретінде қолданылған. Әбул-Фиданың географиялық еңбегі, осылайша, талдау нысаны ретінде емес, ислам және үнді әлемінің өзара қарым-қатынасын баяндауды толықтыратын тарихи дәлел ретінде қарастырылады.

Самер Әл-Науаисаның «Физикалық географиялық ерекшеліктердің Әл-Дахилия өңіріндегі туристік орындарға әсері (Физикалық географиялық ерекшеліктердің Әл-Дахилия провинциясындағы туристік орындарға әсері)» [100] зерттеуі Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегінің исламдық географияның ғылыми дәстүрін дамытудағы маңыздылығын және оның кеңістіктік ақпаратты жүйелеу тұрғысынан жаңашылдық көзқарасын көрсетеді. Әбул-Фиданың шығармасы өзінен бұрынғылар – антикалық және ерте ислам авторларының еңбектерімен салыстырғанда кеңістік туралы түсініктер эволюциясының сапалы жаңа кезеңін айғақтайды. Жұмыстың құрылымы қазіргі заманғы географиялық ақпараттық жүйе тұжырымдамасына жақын бірегей форматты қалыптастыра отырып, сипаттамалық география мен астрономиялық картография элементтерін біріктіреді.

Ғалымның пікірінше, «Тақуим әл-Бұлданның» негізгі ерекшелігі – аймақтардың географиялық сипаттамасы «джадуалдарға»<sup>10</sup> негізделеді, онда елді мекендердің координаттары, арасындағы қашықтық, климаттық белдеулердің белгілері, сауда маңыздылығы, халықтың діни көзқарасы және тарихи-саяси жағдайлар қамтылады. Осылайша, мәтін эмпирикалық сенімділік пен классификациялық қатаңдықтың жоғары дәрежесіне жеткен. Жұмыстың құрылымдық өзегі Птолемейден алынған, бірақ исламдық ғылыми дәстүр аясында бейімделіп, дамыған климаттық аймақтарға бөлу әдісіне негізделген. Бұл деректердің топографиялық және астрономиялық дәлдігінен ғана емес, сонымен қатар Азия елдерінің әкімшілік құрылымынан этноконфессиялық құрамға дейінгі көп деңгейлі ерекшеліктерін қамтуға деген ұмтылыстан көрінеді.

Әл-Науаисаның зерттеуінде Әбул-Фиданың жұмысын қазіргі заманғы географиялық деректер қоры тұрғысынан қалай түсіндіруге болатынына ерекше көңіл бөлінеді. Координаталарды жүйелі түрде жазу, мағлұматтарды кесте түрінде беру және Птолемей, әл-Масуди мен әл-Истахри сияқты беделді дереккөздерге сілтеме жасау «Тақуим әл-Бұлданды» кеңістіктік деректер қорының ертедегі баламасы етеді. Сонымен қатар, Әбул-Фида туындыны жазу барысында бір мезгілде ақпаратты құрастырушы, талдаушы және өңдеуші рөлдерінде болады, бұл оның әдістемесі ғылыми сынға және географиялық үлгілеу тәжірибесіне жақын болғанын айғақтайды. Автор саудагерлердің,

---

<sup>10</sup> Кестелер.

саяхатшылардың және шенеуніктердің бақылаулары негізінде координаттарды іріктеу және ақпаратты нақтылау механизмдерін енгізе отырып, дәстүрлі сипаттама мен «картографиялық» білімнің арасын ажыратады.

Ертедегі ислам географтарымен салыстырғанда Әбул-Фиданың қалыптасқан мәліметтерді жеткізіп қана қоймай, оны сыни тұрғыдан қарастырғанын көрсетеді. Мысалы, «Тақуим әл-Бұлданға» енгізілген Орталық Азия қалалары (Хорезм, Мәуераннаһр) туралы ақпарат жаңа өлшемдер мен тереңірек далалық білімді ескере отырып түзетілген ендіктер мен бойлықтардың мәндерін қамтиды. Осылайша, Әбул-Фиданың шығармашылығы білімнің әртүрлі формаларын – тарихи-этнографиялық, астрономиялық және саяси-әкімшілік түрлерін біріктіріп, ғылыми рефлексияның жоғары деңгейін көрсетеді деп тұжырымдалады.

«Қара теңіз немесе Трапезунд теңізі: Орта ғасырлардағы Парсылардың Қара теңіз туралы біліміндегі Трапезунд портының мәні (Black Sea or Sea of Trebizond: Significance of Trebizond Port in Persians' Knowledge of Black Sea in the Middle Ages)» [101] мақаласының авторлары Ахмад Фазлинежад, Абдул Расул Хайрандиш пен Фараджолла Ахмади «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегінің Қара теңіз және Азия географиясы бойынша тарихи дереккөзі ретіндегі маңыздылығын көрсетеді.

Әбул-Фида еңбегінде Қара теңізге қатысты бірқатар балама топонимдерді тіркейді: «Бахр әл-Асуад» (Қара теңіз), «Бахр Бонтус» (Понти теңізі<sup>11</sup>), «Бахр әл-Крым» (Қырым теңізі), сонымен қатар «Бахр Трабзун» (Трапезунд теңізі). Бұл атаулар мұсылмандық картографиялық және топонимикалық тәжірибелерде қатарлас дәстүрлердің бар екендігін көрсетеді. Сонымен қатар, атаулардың көптігі автордың байқампаздығының жоғары деңгейін және географиялық нысандарды түсінудегі аймақтық айырмашылықтарды ескеруін көрсетеді. Трапезундты (қазіргі Трабзонды) тартымды және навигациялық бағдар орталығы ретінде белгілейді, бұл порттың халықаралық саудадағы экономикалық және мәдени маңыздылығын және оның Ислам әлемі мен Византияның трансевразиялық бағыттарының бөлігі екенін көрсетеді. Сондай-ақ, Әбул-Фида климаттық белдеулерге бөлу аясында Трапезундтың оңтүстігіндегі «Алсен» тау жотасын көрсетіп, оны аймақтың тілдік және этномәдени әртүрлілігінің шекарасы ретінде анықтайды. Талдаудың бұл тәсілі кейінгі орта ғасырлардағы исламдық ғылыми дәстүрге тән физикалық-географиялық сипаттамалар мен мәдени география арасындағы байланысты көрсетеді.

Бұдан «Тақуим әл-Бұлданның» авторы бұрынғы географиялық білімнің компиляторы ретінде ғана емес, сонымен қатар аймақтардың саяси, сауда және мәдени мәніне сүйене отырып, топонимикалық суретті өз бақылауларымен толықтырған зерттеуші деп те бағаланады.

Т.Р. Шайхисламовтың «Мысыр мен Таяу Шығыстың қоғамдық-саяси өміріндегі Бахри әулетінің мәмлүктері (XIII-XIV ғ.ғ.) (Мамлюки династии Бахри в социально-политической жизни Египта и Ближнего Востока (XIII –

---

<sup>11</sup>Ежелгі Тетис мұхитының ескірген атауы, оның қалдығы Қара теңіз.

XIV века))» [102] диссертациясында Әбул-Фидаға тек қосалқы ақпарат үшін сілтеме жасалды. Крест жорықтары кезеңіндегі оқиғаларды және латын Батысымен мәмлүктердің қақтығысын реконструкциялау үшін араб ортағасырлық тарихнамасының дереккөздерін пайдалана отырып, Ибн Уасил, Ибн Абд аз-Захир, Ибн Тағрибердилермен қатар Әбул-Фида есімін атайды. Алайда оның негізгі географиялық еңбегі «Тақуим әл-Бұлданға» география ғылымы немесе салыстырмалы тәсіл тұрғысынан ешқандай мазмұнды талдау жүргізілмейді. Бұл зерттеу аясында Әбул-Фида географ ретінде емес, шежіреші, дәуір куәгері ретінде берілген. Бұл ислам әлемінің ғылыми мектептері мен картографиялық жүйелерін талдауға емес, ең алдымен саяси және әскери тарихқа бағытталған жұмыстың жалпы әдістемесін көрсетеді.

Салах Займече «Мұсылман географиясына шолу (A Review of Muslim Geography)» [103, 7 б.] еңбегінде Әбул-Фиданың географиялық зерттеу тәсіліне келесі сипаттама береді: «Тақуим әл-Бұлданды» еуропалық зерттеушілер ғылыми қолданысқа ерте енгізген. XVII ғасырда шығармаға қызығушылық артып, үзінді және толық аудармалар түрінде жарық көрді. Мысал ретінде XVII ғасырдың ортасында жасалған Иоганн Шикардтың толық, бірақ өңделмеген аудармасын және Лондонда Дж. Гравиустың Хорезм мен Трансоксанияны сипаттаудан үзінділерді жариялауын келтіруге келтіреді. Займече еуропалық ғылымда еңбектің таралуын келесі кезеңдерге бөледі: 1) Лейденде Рейскенің 1746 ж. латын тіліндегі аудармасы және 1770-1771 жылдар екі рет басылады, 2) жекелеген бөлімдердің жарияланымдары: Египет туралы Ф.Д. Михаэлис, Сахараның оңтүстігіндегі елдер туралы Эйххорн, Магриб туралы Солветтив еңбектері, 3) Рейно мен де Сланнның (Reinaud and de Slane) іргелі басылымы – араб мәтіні және ішінара француз аудармасы, 4) 1883 жылғы соңғы ғылыми басылым – Сильвестр Гайардтың өңделген француз аудармасы.

А.А. Порсиннің «Рукн әд-Дин Бейбарыс әл-Мансұридің «Зубдат әл-Фикра» еңбегіндегі XIII ғ. соңы – XIV ғ. басы аралығындағы Алтын Орда тарихы (История Золотой Орды конца XIII – начала XIV веков в труде Рукн ад-Дина Бейбарса ал-Мансури «Зубдат ал-Фикра»)» [104] зерттеуінде Әбул-Фида Алтын Орда тарихына қатысты оқиғалар туралы ақпарат беретін дереккөздердің бірі ретінде қарастырылады. Атап айтқанда, «Зубдат әл-Фикрада» Әбул-Фиданың мәліметтері кездеседі, олар басқа дереккөздерде, мысалы, ан-Нувайридің еңбектерінде жоқ тереңірек деректерді қамтиды. Автор бұл мәліметтердің қысқалығына қарамастан, осы кезеңнің саяси тарихын қайта құру үшін үлкен маңызы бар екенін айтады.

Порсиннің пікірінше, Әбул-Фида Бейбарыс сияқты басқа авторлармен қатар бір (ортақ) дереккөздерді пайдалануы мүмкін. Сонымен қатар, Порсин «Зубдат әл-Фикрада» берілген кейбір сюжеттік желілердің Ибн Халдуннан табылған материалдармен белгілі дәрежеде сәйкес келетінін айғақтайды, бұл Алтын Орда оқиғалары туралы мәліметтерді жазуда ортақ ақпараттық көздің болғанын болжауға мүмкіндік береді.

Жұмыста Әбул-Фида зерттеулерінің басқа ғалымдардың еңбектерінен айырмашылығы, ең алдымен, оның мазмұндау әдіснамалық ерекшеліктерінде

екені көрсетілген. Мысалы, Рашид ад-Диннің немесе ан-Нувайридің шығармаларының ауқымдырақ болғанына қарамастан, Әбул-Фиданың айырмашылығы «Зубдат әл-Фикрада» хабарламалардың қысқартылған түрін қолданады, бұл оның жаңа материалды жасаушы ретінде емес, араб-мұсылман тарихнамасында бұрыннан бар тарихи ақпаратты өңдеуші және жүйелеуші ретіндегі қызметін көрсетеді.

Осылайша, Әбул-Фиданың ғылыми үлесі Алтын Орда туралы тарихи нарративтің негізгі элементтерін сақтау мен жеткізуде жатыр, бұл сол кезеңдегі саяси процестердің жалпы көрінісін толықтыруға және нақтылауға мүмкіндік береді. Басқа авторлардың еңбектерімен салыстырсақ, Рашид ад-Дин, әл-Нувайри сияқты парсы және араб шежірешілері оқиғаларды неғұрлым толығырақ баяндауға ұмтылса, Әбул-Фида деректерді жинау мен жүйелеудегі әдіснамалық көзқарасына сәйкес ықшамдалған формаларды қолдануды жөн көреді.

К. Лехтің [105] мақаласында Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегі Ирактың әкімшілік географиясын құрастыру тұрғысынан қарастырылады. Автордың пайымдауынша, бұл аймаққа арналған тарау сипаттамалық құрылымнан тұрады және территориялық бөлініске жүйелі ғылыми көзқарасты ұсынбайды. «А'мал» (әкімшілік бөліністер) сияқты терминдер жекелеген елді мекендерді (мысалы, Бадарайя, Мадарайя, Хит, Даскара) сипаттауда қолданылады, алайда, олардың қолданысы кездейсоқ және нақты әкімшілік бірлікті білдірмейді. Әл-Умари мен Мустауфи сияқты XIV ғасырдағы басқа географтардың еңбектерінен айырмашылығы, Әбул-Фиданың мәтінінде салық жүйесі туралы жете ақпарат берілмеген және аймақтық бірліктердің толық сипаттамасы жоқ. Бұл тарихи география контекстінде «Тақуим әл-Бұлданның» аналитикалық мүмкіндіктерін шектейді және оның, бірінші кезекте, сипаттамалық дереккөзі екенін айғақтайды.

А.А. Янковскаяның «Малай-Индонезия аймағы бойынша ортағасырлық араб дереккөздеріндегі тарихи-этнографиялық желілер (Историко-этнографические сюжеты в средневековых арабских источниках по малайско-индонезийскому региону) [106] атты зерттеуінде Әбул-Фиданың мұрасына шолу жасайды, автордың тұжырымы бойынша, оның географиялық деректері компиляцияға негізделді. Ол «Тақуим әл-Бұлдан» кітабында Оңтүстік-Шығыс Азия өлкесін зерттеуге түпнұсқалық қоспаған, тек өзге жұмыстардың материалдарына сүйенген. Оның Малай архипелагы мен Үндіқытайды сипаттауы түпнұсқа дереккөздермен салыстырғанда екінші орында және жеке дара құндылығы жоқ деп тұжырымдалады. Осылайша, аталмыш зерттеуде Әбул-Фида басқа авторлар ғылыми қорға енгізген ақпаратты қайталаған және мәліметтерді жалпылау дәстүрінің өкілі ретінде қарастырылады.

С.Р. Ахмадуллиннің «Мұрад Замзидің «Талфик әл-хабары» башқұрт тарихының дереккөзі ретінде («Талфик ал-ахбар... (Свод сведений...)» Мурада Рамзи как источник по истории башкир)» [107] атты ғылыми жұмысында Мұрад Рамзи сілтеме жасаған беделді мұсылман ғұламаларымен берге Әбул-Фиданың есімі аталады. Ол Рамзидің Йакут әл-Хамауи, әл-Казуини, әл-Бируни,

эл-Масуди және басқалармен қатар қолданған географиялық білім көздерінің бірі ретінде қарастырылады. Зерттеуде Әбул-Фида еңбегіндегі мәліметтерді Рамзи башқұрттар мен көршілес халықтардың географиялық орналасқан жерін анықтау үшін пайдаланғаны айтылады. Сондай-ақ мұндай беделді дереккөздерді ауыз әдебиетіндегі және шежіредегі ақпаратпен салыстыру үшін қарастырған.

Ислам географиялық ойының тарихи эволюциясы контекстінде Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» әдебиеті сипаттамалық дәстүрден жер кеңістігін жүйелі және астрономиялық суреттеуге сапалы транзитін көрсетеді. Еңбек ислам әлемінде де, Еуропада да жоғары бағаланды, бұл оның латын тіліне ерте аударылуымен және ғылыми ортада таралуымен расталады. Әбул-Фида Птолемей мен әл-Бируни сияқты авторлардың дәстүрлерін жалғастырады, алайда, сонымен бірге, зерттеу әдістемесінің айтарлықтай дамуын көрсетеді. Оның жұмысы эллиндік географиялық жүйеден алған тәсіл – жер бетін климаттық аймақтарға бөлуге негізделген, бірақ Әбул-Фида бұны дәлірек сандық деректермен толықтырады: географиялық координаттар, ендіктер мен бойлықтардың астрономиялық есептеулері, қалалар арасындағы қашықтық пен олардың экономикалық, діни және саяси қырлары.

Әбул-Фида еңбегінің Ибн Хордадбех, әл-Масуди немесе әл-Истахри сияқты өзінен бұрынғы зерттеушілердің ғылыми шығармашылығынан маңызды айырмашылығы оның дереккөздерге сыни көзқарасында. Ол географиялық сипаттамаларды жаңартып қана қоймайды, сонымен қатар кейінгі өлшемдерге, жеке бақылауларына, саяхатшылар мен саудагерлерден алған мәліметтерге сүйене отырып нақтылайды. Бұл «Тақуим әл-Бұлдан» тарихи-географиялық талдауын эмпирикалық бақылауларды біріктірген синтетикалық шығарма ретінде сипаттауға мүмкіндік береді. Әбул-Фиданың Жердің шар тәріздес тұжырымын мойындауының ерекше маңызы бар, бұл XIII-XIV ғасырлардағы исламдық ғылыми парадигма аясында география мен астрономияның тығыз байланысын көрсетеді. Бұл оның жұмысын әлемнің құрылымы туралы догматикалық идеяларға негізделген бұрынғы сипаттамалардан ерекшелендіреді.

Диссертацияның «Әбул-Фидаға дейін өмір сүрген ғалымдардың Азия географиясы туралы зерттеулері» бөлімінде анықталған үш дәуір (яғни кезеңдерге жіктеу жүйесін қайта қолданамыз) аясындағы ғалымдардың ғылыми-зерттеу ерекшеліктерімен Әбул-Фида академиялық шығармашылығын салыстыратын болсақ:

*Б.з. VII ғасырға дейінгі ежелгі антикалық географтар кезеңі.*

Страбон «География» еңбегінде аймақтардың саяси құрылымына, этнографиясына және мәдени ерекшеліктеріне тоқталып, сипаттау-тарихи әдістемені пайдаланды. Ол антикалық ғылыми дүниетанымға сәйкес Азияны ойкумена шеңберінде қарастырады және оның мәліметтері, ең алдымен, эллиндік дәуірдегі саяхатшылар мен авторлардың есептеріне негізделген. Алайда, Страбонға нақты картографиялық құрылым жетіспейді, мәселен, координаттарды пайдаланбайды және кеңістікті астрономиялық принциптерге

сәйкес жүйелемейді. Ал Әбул-Фида, керісінше, бойлық пен ендік амалдарын қолданады, кеңістікті климаттық белдеулерге бөледі және географиялық орындарды анықтау үшін астрономиялық әдістерді жүзеге асырады, бұл оның жұмысының ғылымилығын арттырады.

Аға-Плиний «Табиғат тарихы» туындысында табиғат, география, этнография және биология, оның ішінде азиялық аймақтарды сипаттайтын көптеген материалдар жинақтады. Дегенмен, оның көзқарасы/тәсілі энциклопедиялық және замануи түсініктегідей ғылыми болмады, себебі дереккөздерге салыстырмалы талдау жүргізбеді және жиі аңызға айналған ақпаратты баяндайды. Ал Әбул-Фида рационалды-сыни дәстүр форматында жұмыс істейді, қайта тексеру арқылы қатаңырақ ғылыми критерийлер негізінде деректерді іріктейді. Оның географиялық трактаты Плинийде жоқ расталған эмпирикалық мәліметтерге ұмтылысты көрсетеді.

Клавдий Птолемейдің «География» кітабы кейінгі ислам географиясына түбегейлі әсер етті. Птолемей координаталық тор мен климаттық белдеулерді пайдалана отырып, дүниежүзілік картаның математикалық үлгісін ұсынды. Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлданы» бұл дәстүрді жалғастырады, бірақ бірқатар айырмашылықтары кездеседі. Біріншіден, Әбул-Фида жинақталған астрономиялық бақылаулар мен мұсылман географиялық қорына сүйене отырып, координаттарды нақтылайды. Екіншіден, географиялық сипаттамаларға тарихи-этнографиялық талдау элементтерін қосады, яғни шаруашылық қызметін, саяси құрылымын, халықтың діни құрамын және экономикалық байланыстарын суреттейді. Осылайша, Әбул-Фида Птолемейдің схематизмінен әрірек дамиды, формалды үлгіні мазмұнды ақпаратпен толықтырады.

Миландық Паулинустың саяхат маршруттарына арналған жазбалары көбінесе жүйелеусіз және ғылыми өңдеусіз жеке әсерлер мен ауызша ақпараттардың жинақтары болып талданылады. Бұл субъективті тәжірибеге басымдық беретін маршруттік географияның типтік мысалы. «Тақуим әл-Бұлданда», керісінше, саяхаттар мен сауда жолдары әртүрлі дереккөздердің географиялық логикасы, арақашықтық пен кеңістік байланыстары тұрғысынан талданады.

Ежелгі антикалық географтардан айырмашылығы, Әбул-Фида Птолемейдің астрономиялық дәлдігін, Страбонның тарихи-мәдени кеңдігін және Плиний энциклопедизмін біріктіреді және бұл дәстүрлерді ғылыми жүйелеудің жоғары деңгейінде қайта өңдейді. Оның ғылыми шығармашылығы эмпирикалық деректерді аналитикалық талдау және дереккөздерді сыни қайта өңдеу арқылы исламдық географиялық ойдың жетілдірді.

*Ерте ислам географтары (VII-X з.з.).*

Әл-Хорезми Птолемейдің географиялық ақпаратын бейімдеп, қайта өңдеп, алғашқы рет елді мекендердің координаттарын ұсынады. Алайда, Орталық және Шығыс Азия туралы жалпылама мәліметтер ғана берді, көбінесе грек деректеріне сүйенді және эмпирикалық дәлдігімен ерекшеленбеді. «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегінде Әбул-Фида астрономиялық бақылауларға және

XIII-XIV ғасырлардағы мұсылман саудасы мен әкімшілік сипаттамаларына сүйеніп, Азия қалалары мен аймақтарының (мысалы, Хорасан, Мәуереннаһр, Үндістан) дәлірек координаттарын анықтап, бұл деректерді қайта түсіндіреді.

Әл-Истахри Азияны ислам әлемінің басты қалаларын байланыстыратын маршруттар призмасы арқылы сипаттады, бірақ координаттардың нақты жүйесін құрастырмайды. Оның сипаттамасы негізінен жол логистикасына қатысты және саяхатшылардың тәжірибелік қолданысына бағытталған. Әбул-Фида болса, материалдарды климаттық белдеулерге сәйкес құрылымдап, Азияның әрбір аймағына (мысалы, Түркістан, Үндістан, Қытай) тек географиялық орналасуын ғана емес, оның экономикалық рөлін, саяси үлгісі мен мәдени ерекшеліктерін де бейнелейді. Географиялық картаға түсірудің негізі ретінде әл-Истахри еңбектерінде жасалмаған сандық деректерді – бойлық пен ендікті пайдаланады.

Әл-Масуди тарихи-мәдени хикаялар контекстінде азиялық аймақтарды сипаттап, жиі аңыздарды, мифологиялық әңгімелер мен ауызша дәстүрлерді мысалға келтіреді. Оның Үндістан, Қытай сияқты аймақтар және түркі әлемінің шекаралары туралы деректері ғылыми тұрғыдан қызықты, бірақ ақпарат құрылымдалмаған. Әбул-Фида нарративті үлгіден шығуға талпынады. Мысалы, ол Хорасанды тарихи өлке ретінде ғана емес, белгілі бір қалалар саны, олардың қашықтығы, табиғи ерекшеліктері мен халықаралық саудадағы қызметі бар кеңістік ретінде сипаттайды.

Әл-Муқаддаси Птолемейдің климаттық моделін қолданады, мұсылман әлемін белдемдерге бөліп, көбінесе мәдени және діни айырмашылықтарға көңіл бөледі. Оның Иранды, Иракты немесе Орталық Азияны сипаттауында субъективті бағалаулар басым (мысалы, «тақуалар қаласы», «сауда астанасы»). Әбул-Фида климаттық модельді жалғастырады, бірақ шамадан тыс субъективтілікті жояды. Азиялық аумақтарды сипаттау кезінде ол ақпаратты белгілі критерийлер бойынша жүйелейді: орналасқан жері, координаттары, көршілес өңірлері, топографиялық ерекшеліктері, халықтың тығыздығы және т.б.

#### *Ортағасырлық географтар (XI-XIII ғ.ғ.).*

Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегі өзінен бұрынғы және замандастарының зерттеулерінен айырмашылығы – айқын құрылым, сандық бағдарлар (географиялық координаталар, климаттық белдеулер), қатаң жіктеу және Азия туралы географиялық мәліметтерге жүйелі көзқарас. Әл-Бирунидің («Үндістан кітабы») еңбегінен айырмашылығы – онда географиялық сипаттама этнографиялық, философиялық және діни талдаумен ұштасса, Әбул-Фида мәдени интерпретацияға көңіл бөлмейді. Оның мақсаты – елдердің, қалалардың және жолдардың орналасуы жайлы нақты мәлімет беру. Әл-Бируни салыстырмалы мәдениеттанушылық білімге басымдық жасайды, ал Әбул-Фида объектілердің координаттық дәлдігі мен кеңістіктік логикасын алға қояды.

Әл-Идрисидің ғылыми мұрасынан айырмашылығы – ол саяхатшылардың әңгімелер желісіне айтарлықтай сүйеніп, географиялық білімді эмпирикалық жолмен қалыптастырса, Әбул-Фида өзіне дейін қалыптасқан дәстүрді ықшам

әрі стандартталған формаға енгізеді. Оның хабарламаларында баяндау элементтері аз, ол тым көлемді мазмұндаудан гөрі ғылыми жүйелілікке ден қояды. Идрисидегі әлемнің макет-картасының орнына Әбул-Фида координаттар кестесі мен климаттық белдеулердің қысқа сипаттамаларын ұсынады.

Одо де Дейльдің XIII ғасырдағы моңғол жерлерін сипаттауы папалық елшілік кезінде жасалған бақылауларға, Гильом де Рубруктың жазбалары этнографиялық және діни эмпирикалық зерттеулерге сүйенсе, Әбул-Фида өз саяхаттарына емес, кабинеттік компиляцияға сүйенеді. Ол дереккөздерді тексерістен өткізіп, астрономиялық және геодезиялық өлшемдерді қолданады. Нысандардың физикалық орналасуымен қатар, олардың саяси-әкімшілік мәртебесіне, экономикалық маңыздылығына және сауда байланыстарына да назар аударады. Осыған байланысты оның еңбегі тек физикалық география ғана емес, Азияның тарихи географиясы бойынша да құнды дереккөзі есептеледі.

Жоғарыда аталған авторлардан ерекшелігі – Әбул-Фида географиялық сипаттамаларын астрономиялық координаттар – ендік пен бойлық арқылы нақтылайды. Ол географияны астрономия және математикамен жүйелі түрде байланыстырып, Птолемей негізін қалаған, бірақ ислам географиясы тұрғысынан қайта пайымдалған ғылыми дәстүрге жақындай түседі.

*Қорытынды:* Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегі Азияның тарихи географиясын зерттеуде аса маңызды дереккөзі ретінде бағаланады. Бұл шығарма антикалық дәуір мен ерте ислам географтарының дәстүрінен айтарлықтай ерекшеленеді, себебі ол географиялық материалды жүйелеудің сапалық тұрғыдан жаңа деңгейін көрсетеді. Ерте ислам авторлары мен антикалық ғалымдардың сипаттамалық баяндау тәсілінен айырмашылығы – Әбул-Фида туындысында кеңістікті суреттеудегі рационалды-классификаторлық көзқарас айқын көрінеді. Ол елді мекендердің орналасуын, саяси-әкімшілік құрылымын, тұрғындарының діни құрамын, экономикалық белсенділігін және сауда жолдарымен байланысын жан-жақты сипаттай отырып, географиялық материалды толық әрі жүйелі ұсынады.

Шығарманың құрылымы Жерді климаттарға бөлуге негізделген, бұл тәсіл Птолемей әдістемесінің ықпалында қалыптасқан. Алайда «Тақуим әл-Бұлданда» елді мекендердің координаттарын дәл белгілеу, олардың әкімшілік мәртебесін анықтау және аумақтық ерекшеліктерін сипаттау арқылы бұл әдістеме жаңа деңгейге көтерілген. Әбул-Фида өзіне дейінгі авторлардың мәліметтерін компиляциялай отырып қана қоймай, кейде оларды жаңа ақпараттар негізінде түзетіп немесе нақтылап отырған. Ол үшін саяхатшылар, саудагерлер және әкімшілік тұлғалардың деректерін кеңінен пайдаланған.

Сонымен қатар, туындыда эмпирикалық талдау, астрономиялық өлшемдер және тарихи-географиялық жүйелеу элементтері біріктірілген, бұл оны анықтамалық-энциклопедиялық сипаттағы еңбекке айналдырады. «Тақуим әл-Бұлдан» ислам географиясының дамуындағы маңызды кезеңді білдіреді: ол натуралистік және сипаттамалық үлгілерден географиялық шындықты жүйеленген білім призмасы арқылы қарастыруға көшу үрдісін көрсетеді. Осы

еңбектің арқасында аймақтардың географиялық, саяси, экономикалық және мәдени құрылымдарын кешенді түрде зерттеу мүмкіндігі пайда болып, ортағасырлық Азияның кеңістіктік бейнесі айқындалады.

Осы тұрғыда, «Тақуим әл-Бұлдан» тек географиялық сипаттама ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық және мәдени жағдайларды сараптайтын, аймақтық дамудың тарихи контекстін ғылыми тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік беретін маңызды дереккөзі ретінде қарастырылуы керек. Оның деректері қазіргі тарихи-географиялық зерттеулер үшін негізгі сенімді ақпарат көзі және исламдық ғылыми дәстүрдің кемелденген кезеңін көрсетеді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Әбул-Фиданың шығармашылық мұрасы, атап айтқанда «Әл-Мұхтасар фи тарихи-л-башар» және «Тақуим әл-Бұлдан» атты еңбектері, тарихи шежіре, географиялық сипаттама, теологиялық, саяси-әкімшілік тәжірибе және ағартушылық қызмет элементтерін біріктіретін бірегей пәнаралық білім қорын құрайды. Бұл дереккөздер кешені XIII–XIV ғасырлардағы ислам әлемінің зияткерлік және ғылыми дәстүрінің реконструкциясын жасау үшін аса құнды. Дегенмен, отандық ғылымда бұл жазба ескерткішінің маңыздылығы әлі де жеткілікті деңгейде зерттелмеген, сондықтан бұл зерттеулерді Азияның тарихи географиясы бойынша дереккөздер ретінде жүйелі әрі кешенді талдаудың қажеттілігі туындайды.

Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегі – ортағасырлық исламдық ғылыми ойдың бірегей ескерткіші. Ол пәнаралық әдіснамасы мен ақпаратты ұсынуда нарративті және кестелік формаларды пайдаланатын бірегей құрылымының арқасында Азияның тарихи географиясы бойынша толыққанды дереккөз қызметін атқарады. Зерттеу аясында аталған шығарманың тек географиялық атлас қана емес, XIV ғасырдағы кеңістіктік білімнің энциклопедиясы екені анықталды. Ол жүйелілігімен, қамту ауқымымен және эмпирикалық деректерге бағытталуымен ерекшеленеді. Жүргізілген зерттеу көрсеткендей, жекелеген фактілік дәлсіздіктерге қарамастан, «Тақуим әл-Бұлдан» Ибн Хордадбех, әл-Масуди немесе әл-Истахри сияқты ислам әлемінің алдыңғы авторларының еңбектерінен деректерді стандарттау деңгейі, географиялық нақтылығы және ғылыми әмбебаптығы жағынан айтарлықтай жоғары.

XII–XV ғасырлардағы араб географиялық дәстүрінің қайнар көздері, оның ішінде Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегі Түркістан, Хорезм және Мәуераннаһр сияқты аймақтарға қатысты тарихи-географиялық тұрғыдан құнды ақпарат береді. Мәтіндік формулаларды, метрикалық белгілерді (мысалы, «фарсах») талдау және «фадаил» стилін қолдану аумақтардың ортағасырлық кезеңдегі кеңістіктік ұйымдасу ерекшеліктері мен мәдени-саяси маңызын анықтауға мүмкіндік береді. Дереккөздердің жанрлық ерекшеліктері мен стилистикасына байланысты қиындықтарға қарамастан, мәтіндерді археологиялық және топонимикалық деректермен салыстыра отырып жан-жақты зерттеу аталған аймақтардың тарихи-географиялық келбетін шынайы реконструкциясын қамтамасыз етеді, сонымен қатар, жоғалып кеткен немесе атауы өзгертілген елді мекендердің орнын анықтауға көмектеседі.

Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегінде ұсынған Атлант мұхиты мен Жерорта теңізі аралдарының географиялық сипаттамасы – тарихи география бойынша маңызды дереккөз. Бұл сипаттама қоныстар мен табиғи ландшафттарды анықтауға ғана емес, сонымен қатар географиялық факторлардың аймақтардың саяси-экономикалық және мәдени дамуына әсерін бақылауға мүмкіндік береді. Аралдық өңірлердің сипаттамаларын тарихи-географиялық үдерістер контекстінде талдау Әбул-Фиданың мұрасының ғылыми

құндылығын айқындайды. Ол ортағасырлық кезеңдегі теңіз төңірегіндегі өркениеттердің өзара байланыстарын қалпына келтіру мен аралдардың сауда және әскери маршруттарды қалыптастырудағы стратегиялық рөлін бағалау үшін маңызды болмақ.

Антикалық дәуірде Азия туралы географиялық түсініктер мен көзқарастар эмпирикалық бақылауларға, мифологиялық нарративтерге және теориялық құрылымдарға негізделген философиялық және космографиялық тұжырымдамалар шеңберінде қалыптасты. Бұл кезеңдегі негізгі идеялардың бірі – ойкумена тұжырымдамасы болды, осы ұғымға сәйкес Азия адамзат қоныстанған әлемнің шығыс бөлігі ретінде қарастырылды. Географиялық сипаттама аймақтық және ендік өлшемдер бойынша бөлу принциптеріне, сонымен қатар, құрлықтарды қоршап жатқан Дүниежүзілік мұхит туралы көзқарасқа сүйенді. Солтүстік және Оңтүстік Азия, Иран мен Үндістан сияқты өңірлердің сипаттары көбінесе әскери жорықтар мен отарлық экспедициялар нәтижесінде алынған мәліметтерге негізделді. Картографиялық кескіндер жасауға және координаттарды өлшеуге жасалған талпыныстарға қарамастан, Орталық және Шығыс Азия туралы деректер үзінді түрде және көбінесе аңыз хикаялар күйінде болды. Бұл қарым-қатынасы жолдарының шектеулі болғандығымен және расталған дереккөздер мен дәлелдердің болмауымен түсіндіріледі.

Исламның таралуымен бірге географиялық зерттеулер қолданбалы түріне өзгере бастады, бұл Халифат шеңберіндегі басқару, әкімшілік және салық салу қажеттіліктерімен тікелей байланыста дамыды. Географиялық деректердің негізгі көздеріне көпестердің хабарламалары, шенеуніктердің есептері және антикалық авторлардың бейімделген мағлұматтары айналды. Азия географиясы әкімшілік бірліктердің, сауда жолдарының және климаттық белдеулердің жиынтығы ретінде қабылданды. Жолдар мен елді мекендер арасындағы қашықтықтар, халықтың этникалық құрамы, қоныстану құрылымы мен экономикалық орталықтар сипаттамасына айрықша мән берілді. Исламдық географиялық ойдың елеулі жетістігі – ғалам туралы білімді, оның ішінде азиялық құрлықты жүйелеуге мүмкіндік берген «жеті климат» теориясының қалыптасуы болды.

Ортағасырлық дәуірде Азияның географиялық бейнесі мұсылмандық және батысеуропалық ғылыми дәстүрлердің өзара ықпалы нәтижесінде айтарлықтай кеңейді. Бұл кезеңдегі ислам географиясының ерекшеліктеріне математикалық жүйелілік, топографиялық сипаттамалардың жоғары дәлдігі және аймақтық талдау әдістемесінің дамуы кіреді. Картографияның дамуы мен антикалық мұраға сүйену Азия территориясындағы кеңістіктік құрылымын тереңірек түсінуге жол ашты. Дәстүрлі мұсылман Шығысымен қатар зерттеушілердің ғылыми қызығушылық аясына Орта Азия, Шығыс Түркістан, Сібір, Қытай мен Үндістан сияқты бірқатар өлкелер енді. Сонымен қатар, Моңғолия мен Қытайда сапарларда болған батысеуропалық саяхатшылардың жеке бақылаулары Шығыс Азиядағы мәдениет, діни төзімділік, сауда және саяси институттар туралы түсініктерді толықтырды.

Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегін Азияның тарихи географиясы бойынша негізгі дереккөздердің бірі деуге болады және кейінгі ортағасырлық исламдық дәстүр аясындағы географиялық білімнің ғылыми жүйеленуінің жоғары деңгейін көрсетеді. Антикалық авторлар мен ерте ислам географтарына тән сипаттамалық және жиі эклектикалық мазмұндаудан айырмашылығы, Әбул-Фиданың тәсілі ұтымды жіктелуімен және материалдардың құрылымдық тұрғыдан реттелуімен көзге түседі.

«Тақуим әл-Бұлдан» композициясының негізі Птолемей дәстүріне тән Жерді климаттық аймақтарға бөлуге жүгінеді, алайда Әбул-Фида бұл әдіснаманы жаңа дәлдік деңгейіне жеткізеді. Автордың назарында географиялық координаттарды белгілеу, елді мекендердің әкімшілік үлгілері, тұрғын халықтың этноконфессиялық құрамы, шаруашылық қызмет ерекшеліктері және олардың сауда коммуникациясындағы рөлі болды. Осылайша, өзінен бұрынғы авторлардан өзгешелігі, Әбул-Фида тек ретроспективті дереккөздерді ғана емес, тікелей бақылаулар мен саяхатшылардың, саудагерлер мен шенеуніктердің куәліктерін де қолданады.

Еңбекте эмпирикалық зерттеулер, астрономиялық дәлдік және логикалық-географиялық жүйелеу элементтері үйлесім тауып, оны тек анықтамалық құрал ғана емес, сонымен қатар энциклопедиялық сипаттағы, жан-жақты ғылыми мәні бар туындыға айналдырады. «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегі исламдық географиялық ойдың дамуы мен кемелдену сатысын айқын көрсетеді. Бұл еңбекті сипаттамалық әдістерден талдамалы-картографиялық кеңістік үлгілеуіне өту үрдісінің нақты мысалы ретінде қарастыру жөн. Яғни, Әбул-Фида өз туындысында дәстүрлі географиялық мәтіндердің сипаттамалық тәсілдерін ұтымды логикалық жүйе, координаталық және климаттық ақпараттар арқылы кеңейтіп, оларды аналитикалық сипатқа келтірген. Осы тұрғыдан, еңбекті ислам географиясының натуралистік және баяндау формаларын рационалданған, математикалық негізделген тәсілдерге трансформациялау кезеңінің маңызды кезеңі деп қарастыруға болады.

Зерттеу барысында анықталғандай, «Тақуим әл-Бұлдан» тек географиялық деректерді жинақтау және сипаттау үшін ғана емес, сонымен қатар олардың құрылымдық жүйеленуін, өзара байланысын және кеңістіктік ұйымдасуын көрсету үшін де арнайы жасалған. Еңбектегі кестелік және сипаттамалық форматтардың үйлесімі, мәліметтердің жүйелі түрде берілуі, сондай-ақ әрбір аумаққа қатысты егжей-тегжейлі сипаттамалар оның энциклопедиялық мәнін күшейтеді. Сонымен қатар, Әбул-Фида өз туындысында тек бұрынғы дереккөздерге ғана сүйенбей, тікелей бақылауларға, саяхатшылар мен саудагерлердің хабарламаларына, мемлекеттік және діни қызметтегі тәжірибесіне негізделген мәліметтерді қосқан. Бұл өз кезегінде еңбектің аймақтық және трансөңірлік үдерістерді талдаудағы сенімділігін арттырады.

Диссертациялық зерттеу нәтижесінде «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегінің негізгі ерекшеліктері ғылыми тұрғыдан дәлелденді. Біріншіден, туындыдағы кеңістік туралы ақпараттар жүйелі түрде топтастырылған және әрбір аймақтың

географиялық, климаттық, саяси-әкімшілік, экономикалық және этнографиялық ерекшеліктерін толық қамтиды. Екіншіден, еңбектегі мәліметтерді ұсыну тәсілі – сипаттамалық мәтіндер мен кестелік ақпаратты үйлестіру – деректердің стандартталуын қамтамасыз етеді және оларды әртүрлі ғылыми талдауларда қолдануға мүмкіндік береді. Үшіншіден, шығарманың аналитикалық бағыты мен логикалық құрылымы XIII-XIV ғасырларда исламдық географиялық ойдың жоғары деңгейде жүйеленгенін көрсетеді, бұл еңбекті сол кезеңнің ғылыми қорлары арасында ерекше орынға шығарады.

Аталған ерекшеліктер туындыны тек исламдық географиялық ойдың маңызды ескерткіші ретінде ғана емес, сонымен қатар XIII-XIV ғасырлардағы Азияның тарихи географиясы бойынша сенімді дереккөз ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегі Орталық Азияның саяси-әкімшілік құрылымы, этномәдени келбеті, экономикалық байланыстары, сауда жолдары және коммуникациялық жүйесі туралы толыққанды ақпарат береді. Сонымен қатар, еңбектегі кеңістіктік және климаттық талдаулар – ортағасырлық Азияның табиғи және әлеуметтік-экономикалық жағдайларын, халықтың қоныстану үлгілерін, сондай-ақ саяси-әкімшілік бірліктердің құрылымын зерттеуде маңызды негіз.

Ең алдымен, жүргізілген зерттеу отандық ғылымдағы елеулі ғылыми қорды толықтырады, себебі Әбул-Фида тұлғасы мен оның географиялық мұрасы Қазақстан академиялық кеңістігінде бұрын кешенді талдаудың нысаны болмаған. Осы тұрғыдан, аталған диссертациялық жұмыс бұрын тек шетелдік тарихнамада ғана қолжетімді болған құнды деректер корпусын ғылыми айналымға енгізіп отыр.

Талдау барысында «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегіне шетелдік зерттеулерде ақпараттың шектеулі болуына қарамастан, бұл шығарма эмпирикалық бақылаулар, астрономиялық өлшеулер және жүйелі картографиялық жіктеудің бірегей синтезі екенін анықтады. Бұрынғы географиялық дәстүрлерден ерекшелігі – кеңістік туралы сипаттамалық үлгіден аналитикалық-климаттық жүйеге өтуінде. Осы тұрғыдан, «Тақуим әл-Бұлдан» соңғы ортағасырлық ислам географиясының шыңы ретінде бағаланады, себебі ол антикалық мұраны, әкімшілік тәжірибені және ғылыми деректерді үйлестіре отырып, жоғары деңгейде жүйеленген.

Сонымен қатар, автордың маңызды мемлекеттік және діни қызметтерді атқарған тұлға болуы тек теориялық емес, сонымен қатар тікелей әкімшілік және саяси тәжірибеге негізделген деректерді жинақтауға мүмкіндік берді. Бұл оның еңбегінің шынайылығын арттырып, аймақтық және трансөңірлік үдерістерді бағалауда қолданбалы маңыздылығын айқындайды.

Мәтіндік талдау нәтижесінде «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегінде Хорезм, Түркістан, Мәуераннаһр және іргелес аймақтарды қоса алғанда, Орталық Азияның тарихи-географиялық ерекшеліктері туралы маңызды мәліметтер қамтылғаны анықталды. Сонымен қатар, Үндістан, Қытай және Таяу Шығыс сияқты аймақтармен байланыстарға ерекше көңіл бөлінгені байқалады. Осы тұрғыдан қарағанда, бұл шығарма ортағасырлық Азияның саяси-әкімшілік

құрылымы, этномәдени келбеті, экономикалық және сауда байланыстарын қалпына келтіру үшін сенімді әрі кешенді дереккөз қызметін атқарады.

Дереккөздің құрылымы – кестелік және сипаттамалық форматтардың үйлесуі – Әбул-Фиданың мәліметтерді жүйелеу, стандарттау және көрнекі түрде ұсыну деңгейінің жоғары екенін көрсетеді. Бұл ерекшелік еңбекті тек нарративті сипаттамалық дәстүрден айырмашылықтандырып, оны анықтамалық-энциклопедиялық географиялық әдебиетке өтудің аралық кезеңі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Еңбек мазмұнының құрылымдық үйлесімі және ақпаратты ұсынудың бірегей тәсілі дереккөздің аналитикалық құндылығын арттырады және оны тарихи, географиялық, этнографиялық зерттеулер үшін маңызды құралға айналдырады.

Осылайша, салыстырмалы талдау мен деректанулық зерттеулер нәтижесінде Әбул-Фиданың еңбегі тарихи-географиялық мұраның көрнекті үлгісі ретінде бағаланды. Оның ғылыми құндылығы тек тарихи деректерді жинақтаумен шектелмей, ортағасырлық Азияның саяси ойы, әкімшілік тәжірибесі және этнографиялық бейнесін зерттеуге пәнаралық әлеует ұсынады. Бұл еңбектің кешенді зерттелуі тарих, география, этнография және исламдық мәдениет салаларындағы болашақ зерттеулер үшін маңызды ғылыми база қалыптастырады.

## ПАЙДАЛАНЫЛГАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Стрелецкий В.Н. Историческая география и регионалистика: пути и перспективы взаимодействия // Псковский регионологический журнал. - 2007. - № 5. - С. 3-13.
2. Дементьев В.С. К вопросу о становлении и перспективах развития исторической географии // Псковский регионологический журнал. - 2015. - № 23. - С. 59-71.
- 3 Ниязи А.Ш. Основоположник исторической географии Средней Азии. К 150-летию академика В.В. Бартольда // Россия и мусульманский мир. - 2019. - № 3. - С. 65-72.
- 4 Вампилова Л.Б., Дементьев В.С., Манаков А.Г. Метод временных срезов в исторической географии населения. Монография. - Санкт-Петербург: ЛГУ им. А. С. Пушкина, 2016. - 204 с.
- 5 Манаков А.Г. Метод временных срезов в исторической этнической и конфессиональной географии // Вестник Псковского государственного университета. Серия «Естественные и физико-математические науки». - 2015. - № 6. - С. 50-60.
- 6 Максаковский В.П. Историческая география мира: Учебное пособие для вузов. - Москва: Экопрос, 1997. - 584 с.
- 7 Вампилова Л.Б., Соколова А.А. Основные этапы формирования физико-географического направления исторической географии // Псковский регионологический журнал. - 2020. - № 2 (42). - С. 71-86.
- 8 Bayartan Mehmet. Tarihi Coğrafya // [https://ansiklopedi.tubitak.gov.tr/ansiklopedi/tarihi\\_cografya](https://ansiklopedi.tubitak.gov.tr/ansiklopedi/tarihi_cografya) (алынған күні: 15.08.2025).
- 9 Eskikurt Adnan. Tarihi Coğrafya Çalışmalarının Metodolojisi Konusunda Genel bir Değerlendirme // Marmara Coğrafya Dergisi. İstanbul, 2005. - Ocak. - Sayı. 11. - Sf. 39-64.
- 10 Gümüşçü Osman. Tarihi Coğrafya ve Kültürel Miras // Erdem. - 2018. - Aralık. - Sayı. 75. - Sf. 99-120.
- 11 Gümüşçü Osman. Türkiye’de Tarihi Coğrafya Literatürü // Türkiye Araştırmaları Literatür Dergisi. - 2019. - Cilt. 17. - Sayı. 33. - Sf. 105-156.
- 12 Kutluay Tutar Filiz, Aydın Ramazan. İpek Yolu Ekonomisinde Din, Dil, Kültür-Sanat Faktörü // Journal of Social, Humanities and Administrative Sciences. - 2019. Vol. 5. - Issue. 13. - P. 51-62.
- 13 Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. 1. Извлечения из арабских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенom / Подготовка к новому изданию, введение, дополнения и комментарии: Б.Е. Кумекова, А.К. Муминова. - Алматы: Дайк-Пресс, 2005. - 711 с.
- 14 Abu al-Fida. Kitab al-mukhtasar fi akhbar al bashar. - Beirut: Dar al-Fikr, 1956. - V. 1-2. - 478 с.
- 15 Abu al-Fida. Taqwim al-Buldan / Ed. by J.T. Reinaud and W. MacGuckin de Slane. - Travel Guide through the Old World. - Beirut: Dar Sader, 2010. - 548 с.

- 16 Shaykh Al-Islam ibn Taymiyyah. Majmoo Al-Fatawa. в 20 т. – URL: <https://rehbarbookstore.com/product/arabic-majmoo-al-fatawa-by-shaykh-al-islam-ibn-taymiyyah-20v/> (алынған күні: 15.08.2025).
- 17 Ismail ibn Umar Ibn Kathir. Tafsir al-Quran al-Azim. - Riyadh: Maktabat al-Rushd Nashiru, 2011.
- 18 Ahmad Ibn Hajar al-Asqalani. Forty Hadiths From Forty Companions Through Forty Shuyukh. - London: Turath Publishing, 2023. - 181 с.
- 19 Tafsir Jamal al-Din al-Qasmi li Mukhtasar Tarikh al-Bashar. - Beirut: Dar al-Kutub al-Ilmiyah, 2008. - 1000 с.
- 20 Al-Muhalla fi Sharh al-Muhalla li Ibn Hazm: в 10 т. - Beirut: Dar al-Kutub al-Ilmiyah, 2002.
- 21 Al-Ihkam fi Usul al-Ahkam: в 4 т. - Beirut: Dar al-Kutub al-Ilmiyah, 2002.
- 22 Al-Asrar al-Marfua fi Ahadith al-Mawfua. – Beirut: Dar al-Marifa, 1980.
- 23 Haddad M.M. The Life and Works of Abul-Fida. – Riyadh: Darussalam, 2010.
- 24 Haddad M.M. A Critical Study of Abul-Fida’s History of Nations // International Journal of Middle East Studies. - 1993. - Vol. 25, No. 2. - С. 269-283.
- 25 Le Guen B. Abu al-Fida: Sa vie, son œuvre. - Paris: Vrin, 1996. - 344 с.
- 26 Ibrahim M.K. Abul-Fida’ al-Mawdudi and the Metaphysics of Divine Unity. - Chicago: Kazi Publications, 1988. - 183 с.
- 27 Hodgson M.G.S. The Venture of Islam: Conscience and History in a World Civilization: в 3 т. - Chicago: University of Chicago Press, 1974.
- 28 Robinson C.F. Islamic Historiography. - Cambridge: Cambridge University Press, 2003. - 237 с.
- 29 Crone P. Medieval Islamic Political Thought. - Edinburgh: Edinburgh University Press, 2004. - 462 с.
- 30 Kennedy H. The Prophet and the Age of the Caliphates: The Islamic Near East from the 6th to the 11th Century. - London: Routledge, 2004. - 440 с.
- 31 Grunebaum G.R.V. Classical Islam: A History, 600 A.D. to 1258 A.D. - New Brunswick: Aldine Transaction, 2005. - 243 с.
- 32 Rahman F. Islam. - Chicago: University of Chicago Press, 1979. - 278 с.
- 33 Madelung W. The Succession to Muhammad: A Study of the Early Caliphate. - Cambridge: Cambridge University Press, 1997. - 432 с.
- 34 Peters R. Jihad in Classical and Modern Islam: A Reader. - Princeton: Princeton University Press, 2017. - 204 с.
- 35 Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. 1. Извлечения из арабских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем. Переработанное и дополненное издание / Подготовка к новому изданию, введение, дополнения и комментарии Б.Е. Кумекова и А.К. Муминова. - Алматы: Дайк-Пресс, 2005. - 711 с.
- 36 Ибн Са’ид ал-Магриби. Книга распространения земли. – URL: <https://www.vostlit.info/Texts/rus15/Magribi/text2.phtml?id=842> (алынған күні: 15.08.2025).

- 37 Ibn Taghrī Birdī, Jamāl al-Dīn Yūsuf. *Al-Nujūm al-Zāhira fī Mulūk Miṣr wa-al-Qāhira*. - Cairo: al-Mu'assasa al-Miṣriyya al-'Āmma lil-Ta'līf wa-al-Ṭibā'a wa-al-Nashr, 1963.
- 38 Reinaud M. *Geographie d'Aboulfeda*: в 2 т. - Paris, 1848.
- 39 Коновалова И.Г. *Восточная Европа в Арабской географии XII-XIV вв.*: дис. д-ра ист. наук. - М., 2004. - 628 с.
- 40 Ramusio G.B. *Delle Navigazioni et Viaggi*: в 3 т. - Venice: Appresso i Giunti, 1613.
- 41 Карамзин Н.М. *История государства Российского*: в 12 т. - М.: Наука, 1989. - Т. 1. - 634 с.
- 42 Greaves J. *Chorasmiae et Mawaralnahrae: hoc est regionum extra fluvium Oxum descriptio*. - London, 1650. - 64 с.
- 43 John Greaves. – URL: <https://www.astrolabe-melun.fr/author/view/id/134655> (алынған күні: 15.08.2025).
- 44 Reiskii I. *Abulfedae Annales Muslemici: Arabice et Latine*: в 5 т. - Hafnia: Thiele, 1789.
- 45 Карамзин Н.М. *История государства Российского*: в 12 т. - М., 1989. - Т. 1 (опубл. в 1817 г.). - С. 204-205, 208.
- 46 Халидов А.Б. *Арабские рукописи и арабская рукописная традиция*. - М.: Наука, 1985. - 314 с.
- 47 Abū al-Fidā', Ismā'īl ibn Muḥammad ibn 'Umar. *Taqwīm al-Buldān*. - Hama, 732 h. (1331).
- 48 Biruni. *Kitab al-qanun al-Masudi*. - Beirut: Dar al Tahryr Lil Tibe wa al Nasher, 1965.
- 49 «Китаб ал-ансаб» Абу Сада Абдалкарима ибн Мухаммада ас-Самани как источник по истории и истории культуры Средней Азии / Под ред. П.Г. Булгакова. - Ташкент: Фан, 1993.
- 50 Абу-л-Фида: Упорядочение стран. - URL: [https://rushrono.ru/istochniki\\_vos\\_034.html](https://rushrono.ru/istochniki_vos_034.html) (алынған күні: 15.08.2025).
- 51 Yaḥyá ibn Īsá Ibn Jazlah. *Taqwim al-Abdan fi Tadbir al-Insān*. - Damascus: Rawdat al-Sham Press, 1914. - 100 с.
- 52 Трикоз Е.Н. *История кодификации права. Вып. 1: Клинописные своды законов: «Кодекс Ур-Наммы»: учеб.-метод. пособие*. - М.: Рос. ун-т дружбы народов, 2013. - С. 73-85, 85-111.
- 53 *The Code of Hammurabi* / Transl. by L.W. King. - URL: <https://avalon.law.yale.edu/ancient/hamframe.asp> (алынған күні: 15.08.2025).
- 54 Крачковский И.Ю. *Арабская географическая литература // Избранные сочинения*. - М., 1957. - 390 с.
- 55 Ismā'īl bin 'Alī bin Maḥmūd bin Muḥammad bin 'Umar bin Shāhanshāh bin Ayyūb bin Shādī bin Marwān // Wikipedia [Электронды ресурс]. - URL: <https://en.m.wikipedia.org/wiki/Abulfeda> (алынған күні: 01.07.2025).
- 56 Al-Maydani. *Al-Lubab fī Sharh al-Kitab*. - Beirut: Dar al Kitab al Arabi, 2017. - 714 с.

- 57 Жүзбаева Ұ.Д. Әбул-Фиданың «Тақуим әл-бұлдан» еңбегі - Мәуереннаһр мен Түркістанның тарихи географиясының дереккөзі // Журнал. - 2020. - № 11 (188). - С. 10-14.
- 58 Камолиддин Ш. Абу Сад Абд ал-Карим ас-Самани и его труд «Китаб ал-ансаб»: Важный источник по истории и истории культуры Средней Азии. - Saarbrücken: LAP LAMBERT Academic Publishing, 2018. - 396 с.
- 59 Арабские географы и путешественники IX-XII вв. / Вступ. ст., пер. с араб., коммент., тексты и факсимиле Б.Е. Кумекова, Р.Б. Кумекова; отв. ред. А.К. Муминов // История Казахстана в арабских источниках. Арабские географы и путешественники IX-XII вв. - Алматы: Дайк-Пресс, 2010. - Т. 2. - 328 с.
- 60 Тынышпаев М.Т. Краснореченские развалины и город Баласагын // История казахского народа. - Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993. - 224 с.
- 61 Маткаримов Х. Хорезм - древняя цивилизация тысячи крепостей // The Newman In Foreign Policy. - 2016. - № 34 (78). - С. 6-8.
- 62 Толстов С.П. Древний Хорезм: Опыт историко-археологического исследования. - Москва, 1948. - 352 с.
- 63 Muhammad Ibn Hawqal. Kitab surat al-Ard (Bibliotheca geographorum Arabicorum) / Ed. by M.J. De Goeje. - Leiden, 2014. - 428 с.
- 64 Yaqut 'Abd Allah Ibn Al-Ḥamawī. Kitab Al-Mushtarik Waḍ'an Wa-Al-Muqtarib Ṣuq'an. - Berlin: Nabu Press, 2010. - 544 с.
- 65 Крачковский И.Ю. Избранные сочинения: в 6 т. Т. 4: Арабская географическая литература. - Москва, 1957. - 965 с.
- 66 Тенишев Э.Р. Гуннов язык // Языки мира: Тюркские языки. - Москва, 1997. - С. 52-53.
- 67 Абу Рейхан Бируни. Избранные произведения. - Ташкент, 1957. - 312 с.
- 68 Дурдыев М.Б. Центральной Азии. - Ашхабад, 1993. - 40 с.
- 69 Al-Muqaddasi. Best Divisions for Knowledge of the Regions: Ahsan al-Taqasim fi Marifat al-Aqalim (Great Books of Islamic Civilization) / Transl. by Basil Anthony Collins. - Reading, 2000. - 498 с.
- 70 Птолемей К. Руководство по географии / Пер. К.С. Апт. - Москва: Директ-Медиа, 2008. - 133 с.
- 71 Ibn Sa'id. Kitab al-Mughrib fi Hula al-Maghrib / Ed. by Knut L. Tallqvist. - Beirut: Dar Sader, 1899. - 180 с.
- 72 Yaqut 'Abd Allah Ibn Al-Ḥamawī. Kitab Al-Mushtarik Waḍ'an Wa-Al-Muqtarib Ṣuq'an. - Berlin: Nabu Press, 2010. - 544 с.
- 73 Malik ibn Anas. Al-Muwatta of Imam Malik / Ed. by Abdalhaqq Bewley; transl. by Aisha Bewley. - Bradford: Diwan Press, 2015. - 1164 с.
- 74 Батырхан Б.Ш., Жүзбаева Ұ.Д. «Тақуим әл-Бұлдан» дереккөзіндегі Жерорта теңізі аралдары және Атлант мұхитының тарихи географиясы // «Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. - 2020. - № 1(22).
- 75 Hecataeus Of Miletus. Hecataei Milesii Fragmenta: Scylacis Caryandensis Periplus (Classic Reprint). - London: Forgotten Books, 2018. - 338 с.
- 76 Stephanus of Byzantium. Stephani Byzantii Ethnicorum quae supersunt. - Berlin: G. Reimeri, 1849. - 817 с.

- 77 Геродот. История / Пер. и прим. Г.А. Стратановского; статья В.Г. Боруховича. (Серия «Памятники исторической мысли»). - Л.: Наука, 1972. - 600 с.
- 78 Страбон. География / Пер. с др.-греч. Г.А. Стратановского; под ред. О.О. Крюгера; общ. ред. С.Л. Утченко. – 2-е изд., репр. - М.: Ладомир, 1994. - 944 с.
- 79 Ptolemy C. Geography of Claudius Ptolemy / Transl. by Stevenson E.L. – New York: Cosimo Classics, 2011. - 286 с.
- 80 Хорография [Электрондық ресурс]. - URL:<https://ru.wikipedia.org/wiki/Хорография> (алынған күні: 15.08.2025).
- 81 Muḥammad Ibn Mūsā al-Ḥwarizmī. Das Kitāb ṣūrat al-arḍ des Abū Ġa‘far Muḥammad ibn Mūsā al-Ḥuwārizm. - Baghdad: Maktabat al-Muthanna, 1963. - 194 с.
- 82 Ибн Хордадбех. Книга путей и стран / Пер. с араб., коммент., исслед., указ. и карты Н. Велихановой; АН АзССР, Институт востоковедения. - Баку: ЭЛМ, 1986. - 428 с.
- 83 Ahmad Ibn Abi Yaqub. Kitab al-Buldan / Ed. by Abrahamus Wilhelmus Theodorus Juynboll. - Leiden, 2022. - 162 с.
- 84 Истахрий. Китаб ал-масалик вал-мамалик. - Ташкент, 2019. - 480 с.
- 85 Haywood J.A. Al-Mas‘ūdī. - URL:<https://www.britannica.com/biography/al-Masudi#ref144990> (алынған күні: 15.08.2025).
- 86 Masudi. The Meadows of Gold and Mines of Gems. - Cairo: Gorgeous Egyptian Press, 1927. - 578 с.
- 87 Al-Masudi. Kitab At-Tanbih Wa’L-Ischraf. - Lugduni, 1894. - 558 с.
- 88 Kramers J.H. Ibn Ḥawqal’s Kitāb Ṣūrat Al-Arḍ: Opus Geographicum / Abu Al-Kasim Ibn Haukal Al-Nasibi. - Leiden: Brill, 2014. - 574 с.
- 89 Ibrahim Ibn Mu Hammad I S Takhri. Kitab Masalik Wa-mamalik Tasnif ibn Hawqal = The Oriental Geography of Ebn Haukal, an Arabian Traveller of the Tenth Century. - Farmington Hills: Gale Ecco, Print Editions, 2018. - 374 с.
- 90 Al-Muqaddasi. The Best Divisions for Knowledge of the Regions: Translation of Ahsan Al-Taqasim Fi Ma'Rifat Al-Aqalim / Transl. by Collins B.A. - Reading: Ithaca Press, 2001. - 498 с.
- 91 Qeyamuddin A. India by Al-Biruni / Transl. by Sachau E.C. - New Delhi: National Book Trust, 2018. - 338 с.
- 92 Al-Idrisi. Al-Idrisi’s Norman Kingdom in the South: The Book of Roger in Translation (Foundations) / Transl. by Jacka K., Kzzo A.F., Matt King M., Abdelkarim Sh. - Leeds: Arc Humanities Press, 2024. - 174 с.
- 93 Yāqūt ibn ‘Abd Allāh al-Ḥamawī. Kitāb Mu‘jam al-buldān / ta’līf Shihāb al-Dīn Abī ‘Abd Allāh Yāqūt ibn ‘Abd Allah al-Ḥamawī al-Rūmī al-Baghdādī. - S.l.: Generic, 2018. - 604 с.
- 94 Rubruck W. The Journey of William of Rubruck to the Eastern Parts of the World / Ill. by Struik A.; transl. by Rockhill W.W. - Scotts Valley: CreateSpace Independent Publishing Platform, 2012. - 148 с.
- 95 Rubruck W. The Journal of William de Rubruck: Account of the Mongols. - Munich: BookRix, 2014. - 125 с.

- 96 Ом мани падме хум [Электрондық ресурс]. - URL: [https://ru.wikipedia.org/wiki/Ом мани падме хум](https://ru.wikipedia.org/wiki/Ом_мани_падме_хум) (алынған күні: 19.09.2025).
- 97 Ретроспектива [Электрондық ресурс]. - URL: <https://sozdik.kz/ru/dictionary/translate/ru/kk/ретроспектива/> (алынған күні: 15.08.2025).
- 98 Renima A., Tiliouine H., Estes R.J. The Islamic Golden Age: A Story of the Triumph of the Islamic Civilization // The State of Social Progress of Islamic Societies. - Cham: Springer, 2016. - С. 25-52.
- 99 Lambourn E. Towards a Connected History of Equine Cultures in South Asia // The Medieval Globe. - 2016. - Vol. 2. - № 1. - С. 57-100.
- 100 Al-Nawaisa S. The Impact of Physical Geographical Features on the Touristic Attractions in Al Dakhiliy Governorate // Journal of the Faculty of Arts. - 2021. - Vol. 81. - Iss. 2.
- 101 Fazlinejad A., Kheirandish A.R., Ahmadi F. Black Sea or Sea of Trebizond: Significance of Trebizond Port in Persians' Knowledge of Black Sea in the Middle Ages // The Quarterly Journal of Iranian Islamic Period History. - 2021. - Vol. 13. - Iss. 33. - С. 155-172.
- 102 Шайхисламов Р.Т. Мамлюки династии Бахри в социально-политической жизни Египта и Ближнего Востока (XIII – XIV века): выпускная квалификационная работа по направлению: 41.04.03 «Востоковедение и африканистика». - Санкт-Петербург, 2017. - 130 с.
- 103 Zaimeche S. A Review of Muslim Geography / Ed. by Al-Hassani S. - Manchester: FSTC Limited, 2002, 2003. - 13 с.
- 104 Порсин А.А. История Золотой Орды конца XIII – начала XIV веков в труде Рукн ад-Дина Бейбарса ал-Мансури «Зубдат ал-фикра». - Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2018. - 276 с.
- 105 Lech K. Al-‘UmaTi’s Darstellung der mongolischen Reiche in seinem Werk Masālik al-absār fi mamālik al-amsār. - Wiesbaden: Otto Harrassowitz, 1968. - 618 с.
- 106 Янковская А.А. Историко-этнографические сюжеты в средневековых арабских источниках по малайско-индонезийскому региону: дис. ... канд. ист. наук. - Санкт-Петербург: Музей антропологии и этнографии им. Петра Великого (Кунсткамера) РАН, 2016. - 234 с.
- 107 Ахмадуллин С.З. «Талфик ал-ахбар... (Свод сведений...)» Мурада Рамзи как источник по истории башкир: дис. ... канд. ист. наук. - Москва: Институт востоковедения РАН, 2018. - 250 с.
- 108 Жұбатова Б.Н., Аубакирова Қ.Қ. Түркі-қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштердің (XIII-XV ғ.) зерттелу мәселелері // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. - 2015. - № 2 (72). - С. 131-134.
- 109 Abi al-Fidaa. Taqwim Al-Buldan. Travel Guide through the Old World. - Beirut: Dar Sader, 2010.
- 110 Abril J. Culture: An Alternative Variable to Race in Criminology // Dialogues in Humanities and Social Sciences. - 2025. - Vol. 3, № 1. - С. 47-62.

- 111 Adel G., Elmi M., Taromi-Rad H. Historical Sources of the Islamic World. Selected Entries from Encyclopaedia of the World of Islam. - Kuala Lumpur: Islamic Book Trust, 2018.
- 112 Bauden F., Dekkiche M. Mamluk Cairo, a Crossroads for Embassies: Studies on Diplomacy and Diplomatics. - Leiden: Brill, 2019.
- 113 Bekmuradov S. The Importance of Islam in the Legitimacy of Chigatoy Ulusi Administration // Oriental Renaissance: Innovative, Educational, Natural and Social Sciences. - 2021. - Vol. 1, № 5. - C. 708-720.
- 114 Härke H., Arzhantseva I. Interfaces and Crossroads, Contexts and Communications: Early Medieval Towns in the Syr-Darya Delta (Kazakhstan) // Journal of Urban Archaeology. - 2021. - Vol. 3, № 1. - C. 51-63.
- 115 Kokozov T., Vokhidov A., Ruzinov B. Cradle of Great Thinkers Aksikent or Scientists of Fergana. - Tashkent: Navruz, 2020.
- 116 Konovalova I. Eastern Europe in the Geographical Work of Abu Al-Fida: Personal Experience and the Burden of Tradition // Quaestio Rossica. - 2022. - Vol. 10. - № 3. - C. 1043-1056.
- 117 Kumekov B., Kumekova R. Arab Geographers and Travellers of the 9th-12th Centuries. - Almaty: Dike-Press, 2010.
- 118 Matyaqubov T. The Importance of Castles in the Socio-Economic Relations of Khorezm in the Period of Affrights // Colloquium-Journal. - 2020. - Vol. 13. - № 65. - C. 105-108.
- 119 Mercier E. Meridians of Reference and Mathematical Geography in the Medieval Muslim West (9–16 Centuries) // e-Perimetron. - 2020. - Vol. 15. - № 2. - C. 98-113.
- 120 Nasab Z. Hafez Abru's Geography and Taqvim al-Buldan. Abu al-Fida Writing: Comparative Study. - New York: Times Books, 2014.
- 121 Rakhimov N. Syrdarya: The River Route in the Silk Road Communication System // Historian (Muarrih). - 2022. - Vol. 2. - № 30. - C. 126-134.
- 122 Reinaud J., MacGuckin de Slane W. Geography of Aboulfeda: Arabic Text. - Paris: Imprimerie Royale, 1840.
- 123 Renima A., Tiliouine H., Estes R. The Islamic Golden Age: A Story of the Triumph of the Islamic Civilization. - Cham: Springer, 2016.
- 124 Saidov A. Relations of the Mongols with Maverannahr // Historian (Muarrih). - 2021. - Vol. 3. - № 27. - C. 15-21.
- 125 Salman A., Mohammed S. Public State Services for Merchants in the Islamic East in the Book Taqwim al-Buldan by Abu al-Fida // Journal of Ecohumanism. - 2023. - Vol. 3. - № 8. - C. 10732-10740.
- 126 Salman A., Mohammed S. Public State Services for Merchants in the Islamic East in the Book Masalik al-Ibsar fi Mamlik al-Amsar by Ibn Fadl Allah al-Amri, who Died 749 AH/1349 AD // Journal of Ecohumanism. - 2025. - Vol. 3. - № 8. - C. 10732.
- 127 Van Steenberghe J., Vermeulen U. Egypt and Syria in the Fatimid, Ayyubid and Mamluk Eras. - Leuven: Peeters, 2005.
- 128 Zaimche S. Introduction to Muslim Geography. - Manchester: FSTC Limited, 2001.

- 129 Zhuzbayeva U., Batyrkhan B. Historical Geography of the Khorezm Region in the Work of Abu al-Fida Taqwim al-Buldan// Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. - 2020. - Vol. 5. - № 387. - С. 312-318.
- 130 Zhuzbayeva U., Zhanakova N., Noyanov E., Sailan B., Arynov Zh. Taqwim al-Buldan by Abu al-Fida as a Source on Medieval Geography of Khwarazm and Transoxiana // Journal of Al-Tamaddun. - 2025. - Vol. 20. - №. 1. - P. 201-212.

## ҚОСЫМШАЛАР

### 1-қосыма. Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегіндегі Араб түбегі аймақтары

Атаулар жайлы анықтамалар	1-ші шартты белдеу, Араб түбегі						Дереккөздер	Атаулары	Сандар қағары
	Шартты белдеу	Табиғи белдеу	Ендік		Бойлық				
			Ми нут	градус	Минут	градус			
Фатхалы мим, шәддалы каф фатхамен, соңында һа әрпі	Тиһамаға жатады әрі Хижаз дан деп айтылады	Екіншінің алғашқысы	م ك لا	كا	نح	سر	Атуал, Қонун, Ибн Саьид, Кушиар	Макка (Мекке)	1
Фатхалы мим, қалғаны белгілі. Оған Йасриб деп, астыңғы жағынан екі нүкте, сукунді үш нүкте, ро касрәлі. Оған Тоииба деп те та әрпі фатхамен айтылады	Хижаз дан әрі Нәждтен деп айтылады	Екіншінің ортасын а жақын				سه	Атуал, Қонун, Ибн Саьид, Расм	Әл-Мәдина	2
Фатхалы һәмза, астыңғы жағынан екі нүкте, ләм әрпі мен һа бар.	Араб түбегі аймағынан	Үшінші ден				نه	Атуал, Қонун, Ибн Саьид	Әйлә	3
Фатхалы мим, сукунді дәл, астыңғы жағынан фатха, соңында нун әрпі	Хижаз аймағынан	Үшіншінің алғашқысы				نه	Атуал, Қонун, Ибн Саьид, Расм	Мәдйән	4
Үстіңгі жағынан қос нүктелі фатхалы та, астыңғы жағынан сукунді, мим мен әлиф бар.	Шамамен Шам шөлді жері	Екіншінің соңы				س	Атуал, Қонун	Тәйма	5
Үстіңгі жағынан қос нүктелі фатхалы та, дамалы ба, сукунді уоу және кейін каф бар	Шамамен Шам шөлді жері	Үшінші ден					Атуал, Қонун	Табук	6

Ха касрамен, жим сукунді, соңында ро нүктесіз.	Хижаз дан	Үшінші ден	ل	كح	ل	س	Атуал,	Әл-Хижар	7
Любaб кiтабында екі нүктелi фатхалы та, сукундідәл, даммалы мим және соңы ро нүктесіз.	Шам шөлді жерлер iнен	Төртiнш iден		لہ		سب	Атуал, Расм	Тәдмур	8
Астыңғы жағынан екі нүктелi фатха, сукунді нун, даммалы ба, соңы айн әрпi.	Шамам ен Хижаз дың Тихама сынан	Екіншiд ен		كو		سد	Ибн Саьид	Әл-Йанбуь	9
Фатхалы хо, сукунді әрiп астыңғы жағынан екі нүктелi, фатхалы ба, нүктесiз ро	Хижаз аймағы нан	Екіншiд ен	كك	كه	ك	سه	Атуал, Қонун, Ибн Саьид, Расм	Хайбар	10
Фатхалы мим, һа сукунді, жим және мим бар.	Шамам ен Йемен нiң Тихама сынан	Екіншiн iң соңы		و		سد	Атуал,	Әл-Мәһжәм	11
За фатхалы, касрәлi ба бiр нүктелi, сукунді екі нүктелi және кейiн дәл	Йемен нiң Тихама сынан	Үшіншi ден	ل	د	ك	سد	Атуал, Қонун, Ибн Саьид	Зәбид	12

Атаулар жайлы анықтамалар	26-ші шартты белдеу, Мәуереннаһр елдері						Хабар жеткізушілердің есімі	Есімдері	Сандар қағары
	Шартты белдеу	Табиғи белдеу	Ендік		Бойлық				
минут			градус	минут	градус				
«Әл-Любаб» кiтабындағыдай айтылуы: бә дамма мен, хо фатхамен, әлиф пен ра фатхамен	Мәуереннаһр	Бесiншi					Қонун Атуал Рәсм	Бұхара	1

Асты екі нүктелі йай фатхамен, нун сукун мен, ғайн кәсрамен, йай сукунмен, кәф фатхамен, соңында тә әріпі	Түркістаннан	Алтыншы					Атуал, Қанун	Янғикәнт	2
Любабта кітабында айтылуы: джим фатхамен, нун сукун мен, соңында дәл әрпі.	Түркістаннан	Алтыншы					Атуал, Қанун	Джанд	3
Любабта То әрпі фатхамен, уау, әлиф содаң соң екінші уау кәсрамен, йай сукунмен және соңында син әріпі.	Бұхара қаласынан қабырға ішкі жағы	Бесінші					Атуал, Қанун	Тоуауис	4
Бә фатхамен, йай сукунмен, кәф фатхамен, нун сукунмен, соңында дәл әріпі	Бұхара қаласынан. Негізінде қираған	Бесіншінің алғашқысы					Қанун Атуал	Байканд	5
Любаб бойынша кәф фатхамен, ра сукун мен, мим кәсрамен, йай сукунмен сосын нун	Бұқара қаласынан	Бесінші					Атуал, Қанун	Кәрминияһ	6
Любабта Дәл фатха мен, бә даммамен, уау сукунмен, йай сукунмен, соңында һә әріпі.	Бұхара қаласынан	Бесінші					Атуал, Қанун	Дабусийяһ	7
Любабта Нун фатха мен, хо сукунмен, шин фатхамен, соңында бә әріпі.	Түркістаннан	Алтыншы					Атуал, Қанун	Нахшаб сондай-ақ, ол Нәсәф /деп айтыл/	8
Муштаракта кәф фатхамен, содан соң шин тәшдидпен.	Бұқара қаласынан қабырға ішкі жағы	Бесінші					Атуал, Қанун	Кашш	9

һәмза кәсрамен, шин сукунмен, тә кәсрамен, йай сукунмен, хо фатхамен, соңында нун әріпі.	Бұқара қаласын ан. Негізінде қираған	Бесіншінің алғашқысы					Атуал, Қанун	Иштихан	10
--	--------------------------------------	----------------------	--	--	--	--	--------------	---------	----

**2-қосыша. Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегіндегі Хорасан өлкелері**

Атаулар жайлы анықтамалар	22-ші шартты белдеу, яғни Хорасан						Дереккөздер	Есімдері	Сандар қағары
	Шартты белдеу	Табиғи белдеу	Ендік		Бойлық				
			ми нут	градус	Ми нут	градус			
Любабта фә дамталы, ра фатхалы, кейін әлиф пен уау, артында һәмзамен айтылады	Хорасанның Хорезммен шекарасында	Бесінші					Канун, Атуал	Фурава	1
Любабта та мен бәнің фатхалы, радан кейін әлиф пен нун	Тус қалаларынан, Канунда орталығы деп көрсетілген	Төртінші					Канун, Атуал	Табаран	2
Любабта кәсралы әлиф, сукунді син, фатхалы фә мен ра, әлифтен кейін кәсралы йә, ал соңында нун	Хорасанда	Төртінші					Канун, Атуал	Әсфарайен	3
Любабта дамталы ха, сукунді син, фатхалы ра, сукунді уау, кәсралы жим, соңында ра мен дәл	Бәйһақта	Төртінші					Канун, Атуал	Хосроу жерд	4

Любабта фатхалы та мен бә, кейін син	Канунда Кухестан да делінген	Үшінші					Канун, Атвал	Табасейн	5
Любабта нун фатхалы, йә сукунді, фатхалы син, сукунді әлиф, даммалы бә мен уау, соңында ра	Хорасан базаларының бірі	Төртінші					Ибн Саидтың Атуалы	Нәйсәбур (қазіргі күнімізде Нишаур деп те аталады)	6
Мүштәрақта нун мен син фатхалы, соңында әлиф мақсура	Хорасанның щөл жақ шекарасында	Төртінші					Атуал, Ибн Саидтың Кануны	Ниса	7
Мүштәрақта даммалы та, сукунді уау, ал соңында син әрпі	Нәйсәбур қалаларының бірі делінеді	Төртінші					Атуалы (Сурет)	Тус	8
Һәмза мен зә, кейін әлиф, зәл мен уау фатхалы, артынан әлиф пен ра	Хорасанд ағы Жуэйн провинциясының орталығы	Төртінші					Канун, Атуал	Азацуар	9
Лубабта нун фатхалы, уау сукунді, қаф фатхалы, кейін әлиф пен нун	Хорасанның Хорезммен шекарасында	Төртінші					Атвал	Нокан	10
Лубабта қаф фатхалы, кейін әлиф пен кәсралы йә, соңында нун	Кухстанда, Хорасан	Төртіншінің шет аймағында					Атвал, Ибн Саидтың Кануны	Кайен	11
Лубабта екі зәнің ортасында уау сукунді, соңында нун	Кухстанда	Төртінші					Атвал, Канун	Зузан	12

Лубабта ха фатхалы, уау мен син сукунді, соңында тә. Хуст деп те аталады	Балхта	Төртінш і					Атвал	Хост	13
Лубабта ха фатхалы, ра сукунді, кәсралы жим мен сукунді ра, соңында дәл	Гератта	Төртінш і					Атвал	Хар Герд	14
Лубабта бә даммалы, уаудан кейін сукунді зә, фатхалы жим, соңында нун	Хорасанд а	Төртінш і					Атуал	Бузган	15
Лубабта син мен ра фатхалы, ха сукунді, соңында син сукунді	Хорасанд а	Төртінш і					Канун, Атуал	Сарахс	16
Любабта бә даммалы, уау сукунді, шин фатхалы, нун сукунді, соңында жим	Хорасанд а	Төртінш і					Атуал	Бушэнд ж (Фушэн дж немесе Бушинк деп те аталады )	17
Любабта һә мен ра фатхалы, әлифтен кейін соңында һә	Хорасанд а	Төртінш і					Ибн Саидтың Атуалы	Һурат (Герат)	18
Любабта бә фатхалы, кейін әлиф, фатхалы зәл, кәсралы ғайн, кейін йә, соңында син	Хорасанд а	Төртінш і					Атуал	Бадгус	19
Любабта мим фатхалы, сукунді әлиф, кәсралы ләм, сукунді йә, соңында нун	Гератқа қарасты	Төртінш і					Атвал	Малин	20

Белгілісі бәнің фатхалы, ғайнның сукунді екені, кейін шин, уау, ал соңында ра әрпі	Хорасан провинциясы, орталығы Кун	Төртінші					Канун, А твал	Бағшур	21
Любабта әлиф кәсралы, син сукунді, фә кәсралы, зә фатхалы, кейін әлифтен кейін ра әрпі	Хорасанда	Төртінші					Канун, А твал	Эсфезар	22
Мүштәрақта фатхалы мим, сукунді ра, соңында уау Любабта уау фатхалы, кейін әлиф, ләм, даммалы ра, сукунді уау, зәл	Хорасанда	Төртінші					Атвал, Канун (сурет)	Мервер руд	23
Мүштәрақта мим фатхалы, ра сукунді, соңында уау	Хорасанда	Төртінші					Атвал, Канун (сурет)	Мерв аш-Шахид жан (Мерв)	24
Фатхалы кәф, даммалы ра, уау, соңында ха	Гератқа қарасты Хорасандық қала	Төртінші					Атуал	Карух	25
Любабта екі дәл фатхалы, ортасында сукунді нун, әлиф, екінші әлиф пен нун	Мервке қарасты қала	Төртінші					Канун, Атуал	Дандана қан	26
Любабта фатхалы шин, сукунді ра, фатхалы мим, кейін қаф, соңында әлиф пен нун	Хорасанда	Төртінші					Атуал	Шармақан (Жармақан)	27
Любабта фатхалы қаф, кәсралы ра, сукунді йә, фатхалы нун, йә мен нун	Мервке тиесілі	Төртінші					Атуал,	Қаринай н	28

Мүштәрақта фатхалы та, әлиф, ләм, қаф, кейін әлиф пен нун Любабта ләмнің сукунді екені айтылған	Хорасанд а	Төртінш і					Атуал, Қанун	Талеган (Хораса ндық Талеган )	29
Любабта зә фатхалы, мим шәддәлі	Хорасанд а	Төртінш і					Атвал, Қанун	Зам	30
Любабта фә фатхалы, әлиф сукунді, ра кәсралы, йә, екінші әлиф те сукунді, соңында бә	Джозжан қаласынд а	Төртінш і					Қанун, Атуал	Фаряб	31
Любабта фатхалы бә, сукунді ләм, соңында ха	Хорасанд ыққамал	Төртінш і					Атуал, Қанун	Балх	32
Һә, ләм, әлиф, уау, ра, дәл. Осылай жазылғанын көрдім	Хотлда	Төртінш і					Атуал, Қанун	Халовар д	33
Любабта шин фатхалы, әлиф сукунді, ра фатхалы, син сукунді, тә фатхалы, артында әлиф, кейін нун	Хорасан шекарсын да	Төртінш і					Атуал	Шахр стан	34
Йакуттың мүштәрагінде һәмза фатхалы, нун сукунді, кейін дәл мен ра, соңында әлиф пен нун	Хорасанд а	Төртінш і					Қанун, Атуал	Андрәб	35

**3-қосыша. Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан»  
еңбегіндегі Қытай өңірі**

Атаулар жайлы анықтамалар	15-ші шартты белдеу, яғни Қытай						Дереккөздер	Атаулары	Сандар
	Шартты белдеу	Табиғи белдеу	Ендік		Бойлық				
			минут	градус	минут	градус			
	Қытайдан өзенге дейін	Бірінші					Қанун, Атуал	Ханку	1
	Қытайдан өзенге дейін	Бірінші					Атуал, Қанун	Ханчжу	2
Йәй әрпі фатхалы, нун әрпі сукунді, жим әрпі даммалы, соңы уау	Патшаның қонысы	Екінші					Атвал, Қанун	Янчжу, Патшаларының қонысы	3
Сенімді саяхатшылардан бұл қаланың Зәйтүн атауы бар екені жеткізілген (Ал Шинчжу сөзінде шин кәсралы, нун сукунді, жим доммалы, ақырында уау әрпі)	Порттардан Қытайға дейін	Бірінші					Ибн Саид	Зәйтүн (Шинчжу)	4
Жуан ха, нун, син әріптері мен соңында әлиф (Ханкуда фатхалы ха, сукунді әлиф, даммалы қаф, соңында уау әрпі)	Қытайдан өзенге дейін	Үшінші					Ибн Әби әл-Букул	Хунаса (Ханку)	5

Син әрпі, йа,ләм, ал соңында йа әрпі. Кітаптарда осылай жазылғанына куә болдық	Қытайдың шығыстағы ең қиыр нүктесі	Бірінші белдеуден оңтүстікке қарай шығыңқы					Қанун	Әс-сили	6
Жим, мим, кәф, уау және тә әріптері. Осылай жазылғанын көрген болатынбыз	Шығыстағы ең шеткі елді аймақ	Бірінші белдеуден оңтүстікке қарай шығыңқы					Атуал	Жамкут	7
Жуан ха әрпі фатхалы, алиф сукунді, жим әрпі, соңында уау	Қытайдың солтүстігінде	Бесінші де					Атуал	Хочжу	8
Син әрпі фатхалы, уау сукунді, кафтен кейін дамалы жим, ал соңында уау	Қытайдың солтүстігінде	Бесінші де					Атуал	Саукжу	9